سوڭى تۇرك قاعاندى قۇرىلۋى جايلى «تۇنيقۇق قۇلىپتاسىندا»: «داناتۇنيقۇق مەن ءوزىم تابعاش ەلىندە تارىپە الدىم، ول كەزدە تۇركى حالقى تابعاشقا قارايتىن ەدى. تۇركى حالقى حانى بولماي تۇرىپ، تابعاشتان ءبولىندى، حاندى (حاننى سايلادى). (كەيىن) حاننى قويپ (تاستاپ)، تابعاشقا قايتا باغىندى. ءتاڭىرى بىلاي دەگەنەدى: حان بەردىم، ءبىراق حانڭدى تاستاپ، تابعاشقا قايتا باغىندىڭ. باغىنغانىڭ ءۇشىن ءتاڭىر: ءول! — دەدى. تۇركى حالقى ءولدى، القىندى، جوق بولدى. تۇركى سىر حالقى جەرىندە (مەملەكەتتەن) بوي قالمادى. بۇتا، تاستار اراسىندا قالغانى جىنالىپ جەتى ءجۇز بولدى. ەكى بولەگى اتتى، ءبىر بولەگى جايلاۋەدى. جەتى ءجۇز كىسىنى باستاۋشۇلىعى شاد ەدى، ول ءبىزدىڭ جاساقتى جىنا دەدى، جىناغان مەن دانا تۇنيقۇق دەيم. ونى قاعان سايلالۋعا قىسايىن با؟ دەدىم، ويلاندىم. ەگەر ارقى بۇقا، سەمىز بۇقا جىراقتا سۇزىسە، قايسىسى سەمىز بۇقا، قايسىسى ارقى بۇقا پارىقتاۋعا بولمايدى، مەن مەنە سولاي ويلاندىم. سودان كەيىن ءتاڭىرى اقىل — بىلىم بەرگەنى ءۇشىن مەن ءوزىم — اق ونى (قۇتلىقتى) قاعان قويدىم (سايلادىم) دەلىنەدى .

ال «جاڭا تاڭناما. تۈرك شەجرەسىندە»: «تاڭ گاۋزوك زامانى يوڭچۇننىڭ عاشقى جىلى (682-جىلى) قۇتلىق تاغى كوتەرىلس جاسادى»... «اشنا قۇتلىق پەن اشنا تەگتۇنيقۇق بىتىراپ كەتكەن قاۋمنىڭ باسنى قۇراپ شۇعاي تاۋنا بەكىندى جانە قارا قۇم قالاسىن باسپ الدى. بەس مىڭ ادام توپتاپ، توغىز ارستىڭ مالىن بارىمتالاپ، بىرتە-بىرتە كۈشەيگەن سوڭ ئوزىن قاعان، ئىنسى بوگشوردى شاد، تاغى ئىرى ئىنسى تۈسبەكتى يابىغى دەپ جارىلادى. ول كەزدە تاغىرقۇت باسقاقتىن باغىنغان ۇلىستاردىڭ تەكتەۋشىسى اشنا تەگتۇنيقۇقتى زۇرغان ۋاڭ لىبىن قاماۋعا العان ەدى. قۇتلىق بىرگە دەن سۇغاناقتىق جاساپ كىرگەندە، تۇنيقۇق ئوز رۇما قايتىپ كۇنامدى جۇسام دەپ تىلەندى، تىلەگى ورنىدالغان سوڭ، ول قۇتلىققا ئوتىپ كەتتى دە، وعان اقسلىشى بولدى. قۇتلىق ونى ايا تارقان ەتپ، قارۋلى كۈشتەرىن ونىڭ قولىنا بەردى» دەلىنەدى .

«بىلگە قاعان قۇلىپتاسىندا»: «... تۈركتىڭ كۇللى قارا حالقى: نەلدى حالقى ەدىم، ەلمەندى قايدا؟! كىمگە ەل قۇرعىزامىن؟! — قاعاندى حالقى ەدىم، قاعانم قايدا؟! قاي قاعانغا ئىسمىدى، كۈشىمدى بەرەمىن — دەسپىتى. سولاي دەپ تابعاش قاعانغا جاۋ بولپىتى. جاۋ بولپ، قولدارىنان تۇك كەلمەي، جانە باغىنىپتى... سول كەزدە ۇستىدە تۈرك تاڭرىسى، (استىدا) تۈركتىڭ كىەلى جەر-سۋى: — تۈرك حالقى جوق بولماسىن، حالقى بولسىن — دەپتى اكەم قاعان ون جەتەردى باستاپ دالاعا شىعپ كەتپىتى، (ولار) دالادا جورىتىپ جۇر دەگەندە ستىسىمەن، قالاداعىلار تاۋعا شىعپىتى، تاۋداعىلار ەگىسكە تۇسپىتى. جىنالىپ جەتپىسەر بولپىتى. تاڭرى كۈش — قۇت بەرگەنى ۇشنى اكەم قاعاننىڭ جاساقتارى بورىدەيەدى، جاۋلارى قويداي ەدى. شىعسىقا دا، باتىسقا دا جورىق جاساپتى، بارلىغى جىيىلىپ جەتى جۇزەر بولپىتى. جەتى جۇزەر بولغاننان كەيىن، ەلسرەگەن، قاعانسىراغان حالقتى، كۇڭ بولغان، قۇل بولغان حالقتى، تۈرك زاڭىن كەرەك قىلماغان حالقتى، اكەم قاعان اتا-بابا زاڭىنا قايتا ورتىپتى، تارىيەلەپتى . تولسى، تاردۇش (خالقىن سوندا) جىيىپتى، (ولارغا) يابىغى، شاد اتاغىن بەرىپتى» دەلىنەدى .

سوڭغى تۇرىك قاعاندىغى قۇرىلغاندا قاعاندىقتىڭ جاعدايى اسا ناسار ەدى، «وڭىندا تابعاش حالقى جاۋەدى، سولىندا باز قاعان، توغىز وعىز جاۋەدى، قىرغىز، قۇرىقان، وتىز تاتار، قىتان، تاتابى ءبارى دە جاۋەدى» ، قۇتلىق «قىرىق جەتى رەت جورىققا اتتانىپ، جىيرما رەت ايقاسادى. ءتاڭغى جارىلقاعانى ءۇشىنەلى باردى ەلسىرەتەدى، قاعانى باردى قاعانسىراتادى، جاۋىن بويسىندىرادى، تىزەلىنى شوكتىرەدى، باستىنى جۇگىندىرەدى»، قۇتلىق «وسلايشا ەل قۇرىپ، زاڭ ورناتىپ بارىپ دۇنيەدەن وتەدى.» («كۈلتەگىن قۇلىپتاسى»)

قۇتلىقتىڭ سوڭغى تۇرىك قاعاندىغىن قۇرۇ بارىسىنداغى سان رەتكى جورىقتارى شىندە، 686-جىلى وعىزدارعا جاساعان جورىغى اسا زور ماڭىزعا يە. بۇل جورىقتا ول وعىزداردى تالقانداپ، اتا مەكەنى وتۇكەن تاۋىن وزىنە قاراتادى، قاعاندىقتىڭ بىرگەسىن وتۇكەن تاۋىنا قۇرادى. وسىدان باستاپ وتۇكەن تاۋى سوڭغى تۇرىكتەردىڭ كىيەلى مەكەنىنە اينالادى. بۇلۇلى جورىقتىڭ ءمان-جايى «تۇنىقۇق قۇلىپتاسىندا» بىلايشا بايانىدالادى: «قاعانىم (قۇتلىق) مەن دانا تۇنىقۇق وتىنگەن ءوتىنىشتى ەستىپ، ءوز كوڭىلىڭ بويىنشا جاساقتى باستاپ بەر دەدى. مەنجاساقتاردى كوكوڭنەن وتكىزىپ وتۇكەن تاۋىنا قاراپ باستادىم، وعىزدار توغلا وزەنى جاقتان كەلدى. ولاردىڭ جاساعى ءۇش مىڭ ەكەن، ءبىز ەكى مىڭ ەدىك، سوعىستىق ءتاڭغى جارىلقادى، ءبىز جەڭدىك.... وسىدان كەيىن وعىزداردىڭ ءبارى كەلدى (باعىندى). تۇرىك حالقىن، تۇرىك قاعانىن وتۇكەن تاۋىنا كەلتىرگەنىمدى (قونىستاندىرغانىمدى) ، مەن دانا تۇنىقۇقتىڭ دا وتۇكەن تاۋىندا تۇرىپ جاتقانىمدى ەستىپ، وڭتۇستىكتەگى حالقتار، باتىستاغى، سولتۇستىكتەگى حالقتار كەلدى (باعىندى) .»

قۇتلىق 691-جىلى اۋىرۋدان قايتىس بولادى، ول قايتىس بولغاندا ارتىندا قالعان ۇلى جاس بولادى دا، ورنىنا ءنىسى بوگىشور تاققا وتىرادى. بوگىشور تاققا وتىرعان سوڭ نامىن قاپاعان قاعان دەپ جارىيالايدى. ونىڭ بار ءومىرى اتتىڭ جالىندا، ايقاستىڭ ورتاسىندا وتەدى، اقتىق دەمى شايقاستا ۇزىلەدى. ول وڭتۇستىكتە تاڭ پاتىشالىعىمەن بىردە تاتۇلاسىپ، مىرالاسسا، بىردە كۈرەڭ قاپاق بولسىپ، سۇراپىل جورىقتارعا اتتانىپ وتىرادى. تاڭ پاتىشالىغىنىڭ ايەل پاتىشاسى ۇ زىتيان ونىڭ قىتان

بۇلىگىن تىنىشتاندىرۇ بارىسىنداى ەڭبەگى ۇشىنەلتەرس تاي ەتاڭىرقۇت نامىن سىيلايدى. ەتپىتى تاڭ اۋلەتى لى چىڭچىدىڭ قىزىن التىنىتاۋلىق خانىشا دەگەن ناممەن وعان ۇزاتۇعا كەلىسىم بەرەدى. الايدا، بوگىشور شەگارانى جالعاستى شاۋىپ، بۇلاپ-تالاۋىن توقتاتپاعاندىقتان، ايەل پاتىشا ۇزىتىان جارىلىق ەتۇسىرىپ بوگىشوردىڭ باسىن كەسكەندەرگە خان لاۋازىمى بەرەتىنىن جارىيالايدى. بوگىشور 709-جىلى ەنسىيە وزەنىنىڭ جوعارى اعىسىنداى قىرعىزارعا جازا جورىق جاسايدى. 710-جىلى تۇركەشتەرگە جازا جورىق جاسايدى، قىيرعا اتتانىپ ورتا ازىياداى سوعدىلاردى باعىندىرادى. 711-، 714-، 715-جىلدار التاي تاۋىنداى قارلۇق جانە توعىز وعىز بۇلىگىن تىنىشتاندىرادى. 713-جىلى بەسبالىقتاى باسىمىلدارعا جازا جورىق جاسايدى. 716-جىلى بايىرقىلارعا جازا جورىق جاسايدى، سول جورىقتان قايتىپ كەلە جاتقان جولدا بايىرقىلاردىڭ جاسىرىنعان قالىدىق كۇشىنەۋشىراپ، جاۋ قولىنان مەرت بولادى.

تاققا بوگىشوردىڭ ۇلى كىشى قاعان بەكۋ وتىرۇعا ەتپىس ەدى. ەبىراق، تاققا وتىرا المايدى. بوگىشوردىڭ كوزى تىرىسىندە باستالغان تاق مۇراگەرىنە بولغان كۇرەس، بوگىشور قايتىس بولغاننان كەيىن ەتپىتى دە اسقىنا تۇسەدى. بۇنى الدىن الا بولجاغان بوگىشور، ەبىر جاعىنان، سوناۋ 700-جىلدىڭ وزىندە-اق ۇز ەنىسى تۇسبەكتى سول شادا، قۇتلىقتىڭ ۇلى بوكەنى وڭ شادا ەتپ تاعاينىداپ، ولاردىڭ ارىرىنە ەكى تۇمەننەن قول باستاتادى. ۇز ۇلى بەكۋدى نەل قاعان (كىشى قاعان) كوتەرىپ، ەكى شاتتىڭ ۇستىنەن قاراتادى ەرى شومەكەنگە قاراستى ون وقتىڭ ەتورت تۇمەن اسكەرىنە قولباسشى ەتەدى، باتىسقا برگە كەڭەيتكەت قاعان دەگەن نام بەرەدى، ەسويتىپ برگەسىن بەكەمدەپ، مۇراگەرىن سايلايدى. ەندى ەبىر جاقتان قۇتلىق اۋلەتىنەن شىققان كۇلتەگىن مەن بىلگەنى جانە بىلگەنىڭ قاينى اتاسى تۇنىقۇقتى وردادان شەتتەتە باستايدى.

بوگىشور اۋلەتى مەن قۇتلىق اۋلەتى اراسىنداى بىلىك كۇرەسى بارىسىندا كۇلتەگىن جەڭىسكە جەتەدى. ول 716-جىلى بوگىشوردىڭ ۇلى نەل قاعاندى، ونىڭ نىلەرىن جانە جاساقتارىن تۇگەل قىرىپ سالىپ، ۇز اعاسى موگۇلىياندى تاققا وتىرعىزادى. ول بىلگە قاعان دەپ اتالادى.

تۇنيقۇق بوگشور، موگۇلياندار قاعان بولغان تۇستا دا قارۋلى كۇشتەردى باسقارادى، ەلى ۇشن، ەلنىڭ گەمەندىكى ۇشن وشپەسەڭبەك سىڭرەدى. «تۇنيقۇق قۇلىپتاسىندا» ونىڭ ۇمىرى، ەل باستاعان ەرلىكى، داۋىرىنەن وزغان اقل-پاراساتى، شتىرماننان جول تاپقان دانالىعى، ايلاسى، كورەگەندىكى، ارمان-مۇراتى، جانكەشتى جورىقتارى باياندالادى. ول 727-جىلى قايتىس بولادى. اراعا بىرنەشە جىل سالپ 732-جىلى كۇلتەگىن دە قايتىس بولادى. كوپ وتپەي، 734-جىلى موگۇليانعاۋز ۇزىرى قاستاندىق جاساپ، ۇ سالادى دا ول دا قايتىس بولدى.

موگۇليان قايتىس بولغاننان كەيىن، ونىڭ ۇلى ۇنان تاققا وترادى. ۇنان قاعان بىلىك باسنا كەلىپ بىر جىلدىن كەيىن اۋىرۋدان قايتىس بولادى دا، ورنىنا ۇنىسى تەڭلى قاعان تاققا وترادى. بۇل كەزدە تەڭلى قاعان جاس بولادى دا، شەشەسەل بىلىگىنە ارالاسادى، ۇسويتىپ ۇلىستاردىڭ نارازدىعىنا قالادى. تەڭلىنىڭ كوكەسى شىعىس پەن باتىستاعى قارۋلى كۇشتەردى بولپ باسقارپ، وڭ شاد، سول شاد اتالادى، سايلاۋىت قوسىنىڭ ۇبارى ەكى شادنىڭ قاراۋىندا بولادى. تەڭلى قاعان مەن شەشەسى وڭ شادنى شىرعامەن ۇلتىرىپ، ونىڭ قولىندا قارۋلى كۇشتەردى تارتىپ الادى. سول شاد سەزىكتەنىپ، تەڭلى قاعانعا شابۋىل جاسايدى دا، ونى ولتىرەدى. وسىدىن كەيىن، سوڭعى تۇرىك قاعاندىڭ شىكى قايشىلىعى بارغان سايىن اسقىنىپ، الاساپىراندى جاعداي ورنایدى. بىلىك باسنا قۇتلىقىباغى قاعان (741-جىل)، وزمىش قاعان (742-جىل)، بەكبى قاعاندار (744-جىل) بىرىنەن سوڭ ۇبىرى وترادى. ۇبىراق بۇلاردىڭ بارلىعى دا كۇيرەۋگە بەت العان سوڭعى تۇرىك قاعاندىن قايتا وڭاي المايدى. 744-جىلى ۇيىرلار، قارلىقتار، باسىمىلدار كوتەرىلىس جاسايدى دا، ۇيىر قۇتلىق بويلانى قۇتلىق بىلگە كۇل قاعان دەگەن نامەن تاققا وترىزادى. ۇسويتىپ، سوڭعى تۇرىك قاعاندى جويىلادى. موڭغۇل ۇستىرتىۋىرلاردىڭ بىلەۋىنە وتەدى. سوڭعى تۇرىك قاعاندىڭ قاعاندار شەجىرەسىن مىنا كەستەدەن كورۋگە بولادى:

تاققا وتسرغان جىلى	حانزۇشا تاڭبالانۇي	هسىمى	حانزۇشا تاڭبالانۇي	قاعاندار	رەتى
- 682 - 691 جىلدار	阿史那骨 咄祿	اشىنا قۇتلىق	颉跌利施 可汗	ەلتەرس قاعان	1
- 691 - 716 جىلدار	阿史那默 啜	اشىنا بوگشور	迁善可汗	قاپاعان قاعان	2
- 716 - 734 جىلدار	阿史那染 干	اشىنا موگۇليان	毗伽可汗	بىلگە قاعان	3
734 - جىل	؟	؟	伊然可汗	ئەنان قاعان	4
- 734 - 741 جىلدار	؟	؟	登利可汗	تەڭلى قاعان	5
- 741 - 742 جىلدار	阿史那骨 咄	اشىنا قۇتلىق	骨咄叶护 可汗	قۇتلىق يابىقى قاعان	6
- 742 - 744 جىلدار	؟	؟	乌苏米施 可汗	ئوزمىش قاعان	7
- 744 - 745 جىلدار	؟	؟	白眉可汗	بەكى قاعان	8

پايالانلىغان ادەبىيەتتەر:

1. گىڭ شىمىن «ەجەلگى تۇركى تىلىنەگى قۇلىپتاستار»، پەكىن،
ورتالىق ۇلتتار ۇنيۋەرسىتەتنىڭ باسپاسى، 2005 - جىل.

2. Шинجيڭ قوزامدىق علمدار اكادهمياسى «جوڭگو تاريحنامالارينداى قازاققا قاتىستى دەرەكتەر» (2-كىتاپ)، پەكىن، ۇلتتار باسپاسى، 2003-جىل.
3. ق. ساترقوجا «بايرىعى تۇرىك جازۋىنىڭ گەنەزىسى» استانانا، «ارس» باسپاسى، 2007-جىل.
4. شۋە زوڭجىڭ «تۇرىكتەرگە قاتىستى سىرەك كەزدەسەتىن تاريحي ماتەريالدار توپتامى» ۇرىمى، شىنجياڭ حالق باسپاسى، 2005-جىل.
5. «قازاق مادەنيەتى» (ەڭسكلوپىديالىق انقتامالىق) الماتى، «ارۋنا» باسپاسى، 2005-جىل.

АЛАШТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТҮЛҒАСЫ **Мырза Наурызбайұлы**

Д. ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ проректоры.
Астана қаласы.

Алаш тарихында айтулы бір оқиға бар. Ол – 1924 жылы маусымда Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі (*түпнұсқа атауы*). Бұл – ХХ ғасырдың бас ширегіндегі ағартушылық, дүниетанымдық, ғылыми бағдары жөнінен ең маңызды жиын болатын. Сол сиезге қатысқандар кейін, 30-жылдары түгел дерлік нақак репрессияланды, атылды. Арасында жалғыз адам тірі қалды. Ол – Мырза Наурызбайұлы.

20-жылдары Шығыстағы ең ірі саяси мәселенің бірі – «Орта Азия мен Қазақстанды межелее» болғаны мәлім. Осы тарихи шараға Бұхара кеңестік халық республикасы тарапынан қатысқан бірден-бір қазақ қайраткері – Мырза Наурызбайұлы (*Ишанов А.И. Бухарская народная советская республика. Ташкент: «Узбекистан» баспасы, 1969, 369-б.*).

Осы тұлғаның тағдыр-талайын білу үшін алғаш «Алаш қозғалысы Қазақ елі аумағынан тысқары жерлерде қалай жүрді?» деген сұраққа жауап іздеген орынды.

Бүгінгі ғылым тіліндегі «репатриант», «ирредент» ұғымдарын ХХ ғасыр басына аударсақ, тарих пен тағдыр бедерінде қазақ этносының әлеуеті біреулер ойлағандай тым әлсіз емес екенін аңғарамыз. Ол кезде Омбы, Орынбор, Астрахан, Самар, Сарытау, Селебі, Түмен, Қорған, Алтай, Байөлке, Ташкент т.б. қазағы өзін ешқашан атамекеннен бөлек

сезінбеді. Оны айтасыз, түрлі тағдырмен өзбек яки сарт арасына жайлау мен қыстау салып орныққан Бұхара, Хорезм қазақтары «бөтен жұрттамын» деп есептемеді.

Бұхара, Хиуа, Хорезм, Қоқан, Самарқан, Ферғана, Әндіжан, Марғұлан т.б. шаһарлар Алаштың этникалық һәм эпикалық жадында түрлі оқиғалармен сақталып қалған. Қазақ мекендеген Түркістан аймағынан немесе сонымен шектес өңірден шығып, түркі және ұлт бірлігіне қызмет еткен Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұл, Сұлтанбек Қожанұлы, Жалау Мыңбайұлы, Сейітқали Меңдешұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Әзімхан Кенесарин, Серәлі Лапин, Нәзір Төрөкқұл, Серікбай Ақайұлы, Дінше Әділұлы, Санжар Аспандиярұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Телжан Шонанұлы т.б. тұлғалардың елеулі ізденісі, айрықша ұстанымы, дара қайраткерлігі, маңызды шығармашылығы ұмытылмақ емес.

Осы есімдер қатарына енетін бірегей тұлға – Мырза Наурызбайұлы.

Бұл тұлға туралы жалпы халық аз біледі. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, М.Наурызбайұлының қайраткерлігі тарихи Түркістан республикасынан бөлек Бұхара республикасында өткен. Ол сол кездегі атаумен айтқанда, Бұхара халық кеңес республикасы (1920-1925) Нәзірлер шорасында (Министрлер кеңесінде) жауапты қызмет атқарды. Туысы Жүніс Нұрымбетұлының 1983 жылы хатталған естелігінде «М.Наурызбайұлы Бұхара республикасын басқарған Файзолла Ходжаевтың орынбасары болды» делінген. Шымкент аймақтық мемлекеттік архивінде 1929 жылы қатталған «Мырза Наурызбаевтың жеке ісі» атты құжаттан мына деректерді оқимыз: «Ол - 1921-1922 жылдары Бұхарада іс жүргізуші, 1922-1924 жылдары Орталық Қазақ бөлімінің меңгерушісі және Бұхара Орталық атқару комитеті Төралқасының мүшесі, 1924-1925 жылдары осында Жұмысшы жер-орман ұйымдастыру бюросының төрағасы» (*ШАМА, 40-қор, 5-тізім, 994-іс, 7-парақ*). Бұл құжаттың маңызы – оның Бүкілресейлік коммунистік партиясы Сырдария аймақтық тергеушісінің («партследователь») қолынан өткендігі. М.Наурызбайұлы туралы іске «құпия» деп белгі соғылған.

Сондықтан ол мемлекеттік құрылым жойылғаннан кейін осының басы-қасында болған қайраткерлердің де аты-жөні ұмытыла бастады.

Екіншіден, Бұхара халық республикасы Министрлер кеңесі төрағасы Файзолла Ходжаев Н.Бухарин, А.Рыковтармен бірге Германия, Жапония, Польша, АҚШ «шпионы» ретінде ұсталып,

атылғаннан кейін аталған Орталық Азия республикасын еске алу түгіл, сол кездегі жалпы саяси үдерісті ұмытуға тура келді.

Үшіншіден, ақылы бар адамды былай қойғанда, хайуан екеш хайуанда «өзін өзі сақтау», «тіршілік үшін күрес» деген сезім-инстинкт болады. Қызыл террор немесе кеңестік саяси қуғын-сүргін жылдары біраз қайраткер «пәледен машайық қашыпты» жолымен жүрді. Олар: эмиграцияға кеткен Мұстафа Шоқай, Ыбырайым Жайнақұлы, Сібір елді-мекендері арасында жүріп тірі қалған Сәдуақас Ғылмани, Ахмет Жанталин, Алматы НКВД түрмесінде екі жылдай отырып босап шыққан Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков, осы тақылеттес – Базарбай Мәметов, түрлі жағдайда жер аударылып, 37-нің қырғынына ілінбей қалған Дәулетше Күсепқалиұлы, Мұстафа Бұралқиев, Садық Аманжолов т.б. Әрине, бұлардың көбісі анду мен бақылауда жүрді, тіпті Ыбырайым мен Мұстафа кейін шетелде өлтірілді. Дей тұрғанымен, қанқасап мезеттен аман қалуы – белгілі дәрежеде олардың күресі, амалы деу дұрыс. Осы қатарға Қырғызстанға кетіп, бой тасалаған Мырза Наурызбайұлын да қосқан орынды.

Енді кейіпкеріміздің ресми және бейресми ғұмырбаянына тоқталайық.

Мырза өз қолымен 1953 жылы 1 қаңтарда жазған өмірбаянында «1900 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданы № 13 ауылында тудым» деп көрсетеді. Және осы жазбасында «ағайын-туысымның ешқайсысы репрессияланбаған» дейді. Бұл деректердің астарында «қайраткер Қызылқұмда туса, сонау Бұхарада неге жүр?», «ешбір ағайыным саяси қуғынға түспеді деп, кімді сақтандырып тұр?» сұрақтар қылтияды. Оған үзілді-кесілді жауап беру де мүмкін емес. Аталған жерде өмірге келді дегеннің өзінде, отаршылдық дүмпуімен «ел үшін, дін үшін» руымен, аталығымен көшіп-қонған, бас сауғалаған қазақ ауылдары жолын іштей сезінуге болады. Қалың Алаш ішінде М.Наурызбайұлы түп-тұқиянының тарам тағдыры да ғылыми бір жүйеге түскен емес. Шәкәрім қажы шежіресінде бабаларының Сыр бойына бару сыры мен Әмударияға қарай ойысуы меңзеледі. Қайсыбір ауызша әңгімелерде «ол жаққа Тобықты ауылдары Кенесарыұлы Сыздық төренің бастауымен жылжыған» болып шығады.

Мырза ғұмырбаянында Самарқан түзем гимназиясында оқығаны жазылған. Әрине, бұған дейін ол мұсылманша мектеп-медреседе оқыған болуы тиіс. Өйткені ол шақта оқуға талпынған бар шәкірт осы жолдан өтеді. Оның үстіне бұл мектеп-медреселер жаңару яғни жәдитшіл бағытында еді. Исмайыл Гаспыралының бірнеше рет Түркістан өңіріне келіп, баспасөзде жиі Орталық Азия жайын көтеруінің мәні осында болатын.

Енді тағы бір сұрақ туады: «Мырза Наурызбайұлы қалайша 20-жылдары Бұхара республикасының үкімет төрағасының орынбасары деңгейіне көтерілген?». Орысша-мұсылманша сауатты болғаны үшін ғана ма? Бұлай десек, ол кезеңде Мырзадай азаматтар аз емес еді. Әлде мұның басқа да сыры бар ма?.. Біздіңше, ол өлкеде рухани жаңғыруларды бастаған жас бұхаралықтар («младобухарцы») яғни жәдитшілдер қатарында болып, танылған. Олар осындай табанды пікірімен Ташкентті, Самарқанды, т.б. қалаларды дүр сілкіндіргені тарихтан мәлім.

Аталған ұйымға кірген азаматтардың біразы (Ұсман Ходжаев, Абдурауф Фитрат) Түркияда оқыған. Бұл шақта ол елде саяси жаңғыруларды бастан кешті. Тарихтан белгілі факт: 1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін Бұхара қайраткерлері «Жас бұхаралықтар» атты комитет құрды. Оның құрамында Мырза Мұхиддин Мансұров (төраға), А.Фитрат (хатшы), Ұсман Ходжаев (қазынашы), Абду Вахид Бұрханов, Мұса Санджанов, Ата Ходжаев, Ахмеджан Абдул Саидов, Файзулла Ходжаев, Хамид Хаджа т.б. болды. Осы оқиғалардың барысында Бұхара халқы арасында қазақтан шыққан жас қайраткер Мырза Наурызбайұлы жүрді. Әрине, бастапқыда елеулі саяси қызмет атқармаған шығар. Бірақ жаңаруға бағытталған қоғамда бір қауым қазақ ұлты көзін жауып, құлағын бітеп отырмасы ақиқат еді. Біздіңше, бастапқыда оқыған Мырза «қазақтың өкілі», «қазақ қауымының қалаулысы» ретінде көрініп, сөзі, ойы, ұсынысы, пікірі, батылдығы, қағидаты, талабы билік тарапынан қабылданды.

Бұхара кеңестік халық республикасы 1920 жылы 14 қыркүйекте жарияланған. Осы жерде большевиктік Ресейдің қилы-қилы қулығының ұшығы шығады. Мысалы, ол Маңғыт руынан шыққан Бұхараның соңғы әмірі Сейіт Әлімханды (атасы – Мұзафар, бабасы – Насрулла) «Сен басмашыларға болыспа, біз әмірлігіңнің тәуелсіздігін танимыз» деп, 1920 жылға дейін алдаусыратып отырды. Мұның мәні – Түркістанды толық жусатып, әскери күшті мықтап, тұтқиылдан тап беру еді. М.В. Фрунзе бастаған басқыншы қызыл армия 9 мың адамды мұздай қаруландырып, 230 пулемет, 40 зеңбірек, 5 бронды пойыз, 11 ұшақ күшімен «тәуелсіз әмірлікті» жермен-жексен етті. Әмір Ауғанстанға қашып, бас сауғалады.

Биліктен басы айналған бұл әмір жас қайраткерлерін тыңдаса, уақыттың сұранымын түсінсе, тарих дөңгелегі басқаша айналар ме еді, кім білсін?.. Жас бұхаралықтар да қызыл әскердің әріде жатқан басқыншы ойын қалай түсінбеді? Төрт-бес жыл қуыршақ республика қылды да, таратты емес пе?..

Осы орайда Алаш тұлғасы Хайретдин Болғанбайдың мына сөзі ойымызда жаңғырады: «Сорлы Түркістан! Сен кеше «Бостандық болды, теңдік күні туды» деп қашанғы жоғалтқан еркіндігіңе талпындың ғой... Жок, босқа алданғасын! Шеттен келген бұл бумен үлкен теңдік тірілмейді. Сен ол теңдікті шын өксіп, анық сағынған болсаң, өзгеріс буы өзіңнен шықсын. Сырттан – Русиядан, Еуропадан келген өзгеріс буы саған әл болмайды».

Қызыл әскердің Бұхараға келуі, өздерінше айтсақ, «Бұхараны бағындыруы» өңірдің қоғамдық-саяси дамуын күрт өзгертті. Большевизмге қарсы Орталық Азиядағы бас көтеру (ғылыми әдебиеттерде «басмашылық» делінеді) үдерісін жүйелендіруге ауыр соққы берілді.

Міне, осы тұста Мырза Наурызбайұлы өмірбаянының тағы да «ақтаңдағы» көрініс береді. Мынандай сұрақ туады: 1) Қайраткер неге «басмашыға қарсы тұрдым» деп бір ауыз жазбаған? (Ол кезде бұл өңірде саяси қызметте болғандар бағытын анық көрсетуі тиіс еді); 2) Ресми ғұмырбаянында қайраткер не себепті Бұхарадағы жоғары лауазымды саяси қызметін «ұмыт қалдырады»?; 3) Кеңестік «жылымықтан» кейін қайраткер неліктен өлкені межелеу («размежевание») шарасына қатысқанын және осы мәселемен М.И.Калинин қабылдауында болғанын айта отырып, неге өте күрделі текетірестен шөкімдей де мәлімет бермейді?

Бұл сұрақтарға Мырзаның жауап бермеуі немесе оны саналы түрде айналып өтуі – қайраткердің осы оқиғалардың жуан ортасында жүргенін дәлелдейді.

Бір ғана долбар айтайық. Мәселен, сіз бір елдің ресми басшыларының бірісіз. Еліңізде табиғи түрде бір қозғалыс пайда болды (бағытына қарамай). Енді осы қозғалыстағылар ресми басшылықпен жолықпай ма, құрығанда ұсыныстарын алға тартпай ма, тіпті шарт-ультиматум қоймай ма?

Осы тұрғыдан келгенде, М.Наурызбайұлы және басқа да Бұхара халық республикасының басшылары большевизмді қабылдамағандармен ресми-бейресми талай кездесті деп есептейміз. Біз мұны айтамыз, башқұрттың эмиграцияға кеткен қайраткері Зәки Уәлиди Тоғанның жазуынша, Түркістан кеңестік республикасы басшыларының бірі Тұрар Рысқұл өзі басмашылармен келіссөз жүргізген (*З.У. Тоған «Хатираларынан»*). Алаш басшыларының Бұхара басмашыларына адамдар жіберуі (ішінде М.Әуезов, Х.Болғанбай, Д.Әділұлы бар), сөйтіп «дінге сүйенген екі өзбек партиясы, социалистік емес жәдиттер партиясы, «Ерік» социалистік партиясы және қазақтың

Алаш Орда партиясы 7 баптан тұратын платформаға біріктік» деуі – тарихи факт. 1921 жылы ақпан айында өткен шара (*бұл да сонда*).

Айтқандайын, осы естелікте әйгілі османлы тұлғасы Әнуар пашаның 1921 жылдың ортасында Бұхараға келгені, көмекшісі қазақ ұлтынан болғаны, сондай-ақ басмашылар арасында Ақмоладан барған кәсіби офицер (Мәскеуде оқыған делінеді) Қалқаман атты азаматтың жүргені жазылады...

Біздіңше, Мырза Наурызбайұлы осы оқиғалардың бәрінен хабардар еді. Тіпті жоғарыда аты аталған азаматтар қиырдағы қазақ басшысына жолықпады дегенге адам сене ме?

Мына ресми дерекке көңіл аударыңыздаршы: «Жергілікті коммунистер О. Полатхожаев (Бұхара орталық атком төрағасы), А. Арипов (әскери нәзірі), Ә. Риза (милиция бастығы) секілді өкімет өкілдері басмашылар жағына шығып кетті...» (*Уикипедия мәліметі*).

Басмашы дегенде, олардың көшбасшылары: Орталық Бұхарадағы Сәлім паша, Шығыс Бұхарадағы Ибрагим-бек, Батыс Бұхарадағы Абдул Қаһар – бәрі де өз деңгейінде елге сыйлы, намысты қайраткерлер болатын. Әрине, саяси көзқарасы жөнінен оларды «демократ емес еді» десек те, амалсыз қару ұстап, ел мен жерін қорғағанын жоққа шығару мүмкін емес. Елдің қорғаныс министрі мен ішкі істер басшысы құзыреттерінен бас тартып, көпшілік жағына шықса, ол шеп «қарақшы», «басбұзар», «жауыз», «қанішер» болуы мүмкін бе?..

«Кейін өз қолымен жазған ғұмырбаянында қайраткер неге Бұхарадағы жоғары лауазымды саяси қызметін ұмытты?» дегенге келсек, мұны көрсету - өз-өзін ұстап берумен бір есеп еді. Оны «ескі жараны тырналау» деуден гөрі «кеңес өкіметі қабылдамаған шындықты еске алмау, саналы түрде ұмыту» деген дұрыс.

Ал, «Орта Азия мен Қазақстанды межеллеу» - кеңестік большевизмнің «зор жеңісі». М.Шоқай мен Т.Рысқұлдың түрлі форматта көтерген «тұтас Түркістан» идеясына ленинизмді жалғастырған И.В.Сталин осылай нүкте қойды. Сырттай қарағанда әр ұлтқа өз алдына республика берген секілді, іштей патшалық саясаттан да асып түсетін астарлы жұмыстар атқарылды. М.Наурызбайұлының «Калининді іздеуі» - нағашысын іздеу емес, әрі «тал қармау», әрі сол кездің шындығына қайта бір үнілгісі келген адами ниеті болатын. Сонымен, ХХ ғасыр басындағы Түркістан өлкесі мен Бұхара халық республикасындағы Мырза Наурызбайұлының қоғамдық-саяси қызметін былайша тұжырымдаймыз:

Біріншіден, М.Наурызбайұлы жәдитше оқып, орысша сапалы орта білім алған көзі ашық азамат ретінде Бұхарадағы қазақ ұлтының жоқтаушысы бола білді.

Екіншіден, заманында озық ойлы «Жас бұқаралықтар» ұйымы жұмысына қатысып, саяси-танымдық деңгейін көтерді, Орталық Азиядағы түркі жастары қоғамдық серпілісінің ішінде жүрді.

Үшіншіден, еңбегімен, танымалдығымен Бұхара халық республикасы үкіметі басшыларының бірі деңгейіне көтеріліп, өз тұсындағы мемлекеттік шаралардың қақ ортасынан табылды.

Төртіншіден, М.Наурызбайұлы – РКП (б) Орталық комитетінің қолдауымен және Бұхара коммунистік партиясы Орталық комитетінің 1924 жылы 10 сәуірдегі шешімімен әйгілі «Орта Азия мен Қазақстанды межеллеу» тарихи шарасына осы республикадан қатысқан 5 басшының бірі (*Ф.Ходжаев, К.Атабаев, К.Пулатов, А.Мұхетдинов, М.Наурызбаев*).

Бесіншіден, Орталық Азияда большевизмге қарсы тұру қозғалысы кезінде салиқалы, байыпты көзқарас ұстанды.

Алтыншыдан, демократиялық негізде өмірге келген Алаш автономиясы мен Түркістан автономиясы (1917 жылғы) идеяларына адал болып, Орталық Азия қайраткерлері мен қазақ қайраткерлерінің арасындағы өңірлік даму мен ықпалдастыққа байланысты келіссөздерге шамасы келгенше атсалысты.

Біз «алтыншы тұжырымдамаға» кеңірек тоқтала кеткіміз келеді. М.Наурызбайұлының Алаш рухты Қазақстан тұлғаларымен жақын қарым-қатынасын дәлелдейтін бірнеше дерек бар.

Біріншісі – Қазақстан мен одан тысқары жерлердегі қазақ жұртына кең тарайтын ресми өлкелік партия комитетінің үні «Еңбекшіл қазақ» газетінде 1924 жылы жарияланған Бұхарадағы алаш жұртының хәлі туралы мақалалары. Олар: «Бұхара қазақтары» (№ 183), «Бұхара қазақтарының хәлі» (207), «Бұхара қазақтарының хәлі һәм алдағы істің пыланы» (№224), «Тағы да Бұхара қазақтары туралы» (№ 236). Сонымен бірге осы басылымдағы «Рахым» атымен жарық көрген «Бұхара қазақтарының хәлі» (№ 196), «Орта Азияны ұлт республикаларына айыру һәм екі мемлекетті қосып алу мәселесі» (№ 231) атты материалдарда да М.Наурызбайұлы мәліметтері пайдаланылған деп санаймыз.

Екіншісі – 1924 жылы 12-17 маусым аралығында Орынборда өткен тұңғыш Білімпаздары сиезіне Бұхара мен Хорезм қазақтары атынан қатысып, сөз сөйлеуі, ұсыныс беруі, жиын қаулысын жүйелеуге атсалысуы.

Тұңғыш Білімпаздар сиезі – педагогика, психология, филология (лингвистика, әдебиеттану), фольклористика, мәдениеттану, тарихтану сынды отандық гуманитарлық ғылымдардың бастауында тұрған, осы салаларға ізашар болған жиын.

Сиез Орынборда ағарту қызметкерлері ұйымының үйінде өтеді. Оны Қазақстан Халық ағарту комиссары Нұғыман Зәлиұлы ашады. Қайраткер М.Жолдыбайұлы топқа (*сиезді «топ» деген*) келген кісілерді таныстырады. Олар: 1) Мәскеудегі Күншығыс баспасөз тарататын кіндік ұйымнан – Ә.Бөкейхан мен Н.Төрекұлұлы; 2) Бұхарадағы қазақтар атынан – **М.Наурызбайұлы**; 3) Түркістаннан – Х.Досмұхамедұлы, И.Арабайұлы; 4) Қазақстанның аймақтық партия комитетінен – А.Кенжеұлы; 5) Жалпыресейлік кәсіпшілер кеңестер ұйымының қазақ аймағы бөлімінен – М.Саматаұлы; 6) Орынбордағы қазақ институтынан (КИНО) – М.Мырзаұлы; 7) Қазақстан халық ағарту комиссариатынан – А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Н.Ералыұлы, Н.Зәлиұлы, М.Жолдыбайұлы; 8) Қостанай губернелік оқу бөлімінен – Е.Алдоңғарұлы; 9) Семей губернелік оқу бөлімінен – М.Тұрғанбайұлы; 10) Орал губернелік оқу бөлімінен – Н.Шағиұлы; 11) Бөкей губернелік оқу бөлімінен – Р.Ағыбайұлы; 12) Қазақ аймағын зерттеп, ғылым жиятын қауымнан – М.Дулатұлы; 13) Орынбордағы газет-журнал басқармаларынан – Р.Сүгірұлы.

Топбасылыққа 5 кісі сайланады: Ә.Бөкейхан, Н.Зәлиұлы, А.Кенжеұлы, **М.Наурызбайұлы**, И.Арабайұлы.

Тарихи сиезді құттықтап, ниет-тілектерін білдіріп сөйлегендердің қатары да едәуір болады. Ішінде туысқан түркі қайраткерлері де болады. Солардың қатарында Бұхара халық республикасы атынан құттықтаған М.Наурызбайұлы жаны шырқырап, сарт өлкесіне таман тұратын қазақтардың этнос ретінде құрып бара жатқанын айтады. «Қазір Бұхара өлкесінде жарты миллион қазақ бар. Оларды бұл уақытқа дейін сарттар езіп келді. Жарты миллион қазақ сарттармен араласып отыр. Солар өздерінің қазақ екенін жасырады. Бүкіл Бұхара, Хорезм бойынша кеңес қызметіне 2-ақ қазақ алынып отыр» деп, мысал ретінде әрі қарай сөзін таза өзбек тілінде жалғастырып, сиез уәкілдерінің «жағасын ұстатады».

Жиын барысында емлеге, әліпбиге, пән сөздеріне (терминология), ел әдебиетін жинап, жүйелеуге, оқулықтар әзірлеп бастыртуға, аудармаға т.б. қатысты қадау-қадау ойлар, пікірлер ортаға салынып, орайымен қаулылар қабылданады.

Қайраткер Мырза Наурызбайұлы көтерген және шешуге атсалысқан шеттегі қазақтарды ағарту жайы да аса ыждағатпен

талқыланады. Қайраткер ұсынысымен «Қазақстан республикасынан тыс жүрген қазақтарды ағарту, ана тілінде оқыту шараларын белгілеу» делінген бап енді.

Жиында «Қазақстан мен Түркістаннан сыртқары қазақ халқын ағарту туралы» деген тақырыпта Міржақып Дулатұлы баяндама жасады. Қайраткер сөзінен соң шығып сөйлеген шешендердің лебізін жинақтай отырып бұл күнгі мәжіліс төрағасы А.Байтұрсынұлы Қазақстан облыстық ортақшыл комитеті мен халық ағарту комиссариатына өтініш ету үшін уәкілдерге мынандай *(М.Наурызбайұлының сұранымына сәйкес)* ұсыныстар жасайды: «1. Бұхара, Хиуа қазақтарына қазақ оқытушыларын, өсиетшілерін жіберу. 2. Қазақстанда ашылған мектептерден олардың шәкірттеріне стипендия ашып, орын арнап қою».

Осы екі ұсынысты уәкілдер толық қабылдағаннан кейін, М.Наурызбайұлы: «Арнаулы комиссия құрылуға тиіс», - деп ой айтады. Мұны Х.Досмұхамедұлы қолдайды. Нәтижесінде үшінші ұсыныс мақұлданады. Онда. «Бұхара, Хиуа қазақтарын аралап, хал-жайын, тілін, ағарту жұмысын жөнге салатын бір комиссия жасалсын. Комиссияға кіретіндер: Қазақстан халық ағарту комиссариатынан – біреу, Бұхара қазақтарынан – біреу, Хиуа қазақтарынан – біреу» делініп жазылады. Комиссия жұмысы төңірегіндегі ақпар мен есепті Қазақстан халық ағарту комиссариатына беруге міндеттелді.

Жиын бітерде мінберге Түркістаннан келген уәкіл И.Арабайұлы көтеріліп, сиезді межелеген жұмысын мақсатына жеткізуімен құттықтады. Енді қаулыларды орындауда елшіл әрбір азамат күш-жігер жұмсайтынына сенім білдірді. Осы жиын шешімдері кейін ұлт ғылымының іргетасы болып қалды.

Білімпаздар сиезіне қатысты М.Наурызбайұлының тарихи қызметін былайша бағалаймыз:

Біріншіден, Мырзаның санаулы ғана адамдардың ішінде қазақтың тұңғыш ғылым жиынына шақырылуы оның қайраткерлік қана емес, зиялылық (парасат иесі, өлкесіне абыройлы азамат) беделін көрсетеді.

Екіншіден, сиездегі қайраткердің баяндамасы, жарыссөзге шығуы, ұсыныс беруі оның біліктілігін, жауапкершілігін, батылдығын айқындайды.

Үшіншіден, тарихи сиездің барысындағы, алды-артындағы оқиғалар М.Наурызбайұлының көрнекті Алаш зиялыларымен тығыз байланыста болғанын аңғартады.

Осы ретте республикалық басты газет – «Еңбекшіл қазақта» (1925 жылдан «еңбекші» атын алды) жарияланған мақалалары қайраткердің ұлт тағдырына байланысты ойының ерекшелігін айқындай түседі.

Айталық, Бұхара қазағының тарихи жолы туралы былай дейді: «Бұл қазақтар мұнан 143 жыл бұрын келіп орныққан. Бірақ Қызылжар, Есіл дария жағынан көшіп келгенін, түбінің қазақ екенін аздап біледі. Бұлардың көбі найман, қаңлы, тама, қыпшақ болады». Әлгі межені есептеп жіберсек, 1781 жыл шығады.

Жоғарыда жалпы Бұхара халқы құрамының бүгінгі ресми деректерде жүрген «қазақсыз» кейпін келтірдік. Бұған байланысты Мырза: «Бұхара республикасының қарамағында 375 мың қазақ бар. Бірақ айтуға ғана болмаса, іс жүзінде барлық Бұхар топырағында жасаған 3 миллион халықтың 8-ден бірі болып сыбағалы еншісін ала алмаған халық» деп жазады.

Мәселені шешу үшін М.Наурызбайұлы Бұхарада қазақ облысын ашып, оған Қазақстан мен Түркістаннан ұлт мамандарын шақырып, білім жүйесі мен билік жүйесін елдік мүддеге сай құрып, дамытуды ұсынады. Осы арқылы Орталық Азиядағы межелеудің қиындығы мен күрделілігін меңзейді. Қайраткердің мақалаларында «өзбек болып кеткендерді қазақ қылу» деген бүгінгі оқырманды селт еткізетін ой айтылады. Бұл – 90 жыл бұрынғы шындық...

Мырза бас газет жүзінде жариялаған бір материалында Ауғанстан шекарасына таман отырған қазақтарды большевиктерден қашқан Бұхара әмірі «әскерге бір жегіп» қинағанын, ал кейін «қызылдар» сол үшін олардың бар мал-мүлкін тартып алып қаңғыртқанын жазады.

Баспасөз мақалаларынан шығатын қорытынды: а) қайраткер большевиктік өкіметтің әлеуметтік және ұлттық теңдік ұранымен жүргізіп отырған саясатының кереғар жайын көрсеткен; ә) жаңа саяси биліктің жергілікті жерлердегі бұрмалаушылықтарын сипаттаған; б) Ресей отыршылдығы мен әлемдік империализмнің құрбаны болған Бұхараның қилы тағдырын баяндаған; в) қиырдағы қазақ этносының тіршілік үшін күресі, үлкен саясаттың диірменіне түсуі әуезеленеді; г) бүгінгі тілмен айтқанда, диаспораны саяси және рухани басқару, дамыту мәселелері қарастырылады.

Тұтастай алғанда, М.Наурызбайұлының 20-жылдары БАҚ-та жарық көрген материалдары – қайраткер өмір сүрген кезеңнің айнасы, күрделі уақыттағы ұлт тағдырының жылнамасы дей аламыз.

«Орманды қорғайтын арыстанды орман да қорғайды» деген сөз бар. Бұхара республикасының вице-премьері бұл мемлекет жойылғаннан соң, 1924-1926 жылдары Орынбордағы жұмысшы

факультетін (рабфак) бітіреді. Сірә, ол - Алаш зиялылары дәріс оқыған Қазақ халыққа білім беру институтының (КИНО) құрылымы. Бұдан соң Қазақстанға келіп, Арыс аудандық жер бөлімін басқарады. Ресми ғұмырнамасында «1929-1932 жылы Орталық Азия мақта-ирригация институтында оқып, 4-курста түберкүлез болып шығып қалдым. 1932-1935 жылдары Түркістанда агроном, жер бөлімі, 1935 жылы Жер халкомының шешімімен Қырғызстанның Жалалабадына агроном-жоспарлаушысы басшысы қызметін атқардым. 1943-1949 жылдары Қырғыз КСР Мемлекеттік бақылау саласында жауапты қызметтер істедім. 1949-1953 жылдары КСРО Мемлекеттік бақылау органы Қырғызстан тобында «II дәрежелі мемлекеттік бақылаушы» болдым...» деп жазады. Шымкент мұрағатынан табылған материалдарда «М.Наурызбайұлының 1929-1930 жылдары Мойынқұм және Түлкібас аудандық атқару комитетін басқарып, аяғында партиядан шығарылып, қызметтен алынғаны» көрсетілген. Партиядан шығару ісінде «Бұхарада 1,5 жыл түрмеде отырғаны, қазақ пен қырғыз жайылымдарын үйлестіретін Жайлау комитеті төрағасының орынбасары болып жүріп қарауындағы мәселеге таптық тұрғыдан қарай алмағаны» қылаң береді. Осының өзінде ілгеріде айтқан «өмірбаян құпиясының» (большевизмге қарсы Орталық Азия бас көтеруімен, Алаш қозғалысымен мүдделес болғаны) астары аңғарылады.

Айталық, 1929 жылы Қазақстаннан Өзбекстанға кету себебін – сол уақытта елде Алаш зиялыларының тұтқындала бастауымен түсіндіруге болады. Ал, 1937 жылы Қырғызстанға кетуін – 1934-1935 жылы айдаудан келіп, шамасына қарай әр жерде жұмыс істей бастаған ұлт тұлғаларының қайта ұсталып, қатаң репрессиялануымен (атылуымен) сәйкестендіре аламыз.

Кейде өте тосын салыстырулар жасауға болады: қайраткер Мырза Наурызбайұлының тағдыры - күштеп жойылған Бұхара халық республикасының тағдырына немесе сұраусыз қалып, кісәпірліктің шеңгеліне ілінген сол өңірдегі қазақ ұлтының тағдырына ұқсайды...

Бұған қарап өткен күннен белгі бар екенін де, белгі жоқ екенін де ұғынасыз.

М.Наурызбайұлы 1953 жылы Оңтүстік Қазақстанға келіп, екі жылдай сол кездегі Киров ауданының Фрунзе кеңшарының директоры болған. Бұл – тәубаға келген кеңестік «жылымықтың» бастапқы шағы еді. Одан соң Ленин аудандық тұтыну кооперациясының басшылығында қызмет еткен. 1963 жылы зейнет демалысына шығып, Шардара қаласына келіп қоныс тепкен. Адам қартайған сайын топыраққа жақындайды (1978 жылы сол жерде қайтқан). Бір кезде

Бұхараны мекен еткен Мырзаның ағайындарынан аман қалғандар немесе олардың ұрпағы кейін ашылған аудандар – Шардара мен Жетісайға жиналғанын шамалауға болады.

Соңғы жылдары М.Наурызбайұлы ғұмырбаянын зерттеу ісінде елімізге белгілі тұлға, генерал Ержан Исақұловтың Халықаралық Түркі академиясымен бірлесіп қолға алған жобасын жақсылыққа балаймыз. Ол Білімпаздар сиезінің түпнұсқа жинағын (стенографиялық есеп) мамандарға ұсынып пысықтатып, факсимесімен және қосымша тарихи құжаттармен қоса әзірлеп шықты. Шымкент аймақтық мемлекет мұрағатынан, Қырғызстан мемлекеттік мұрағатынан, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатынан біршама тың деректер тапты.

Біз Орталық Азияның Қазақстаннан тыс аймағынан шыққан Мырза Наурызбайұлы ғұмырбаяны арқылы тар жол, тайғақ кешуден өткен ұлт тағдырының беймәлім парақтарын нұсқадық. Оны терең зерттеу, зерделеу – тәуелсіздік талабы.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫН БҮГІНГІ ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ ЕНГІЗУ

Р. С. ИМАХАНБЕТ,

филолог. ғыл. кандидаты,

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ доценті.

А.Байтұрсынұлы мұражайының

директоры. Алматы қаласы.

Құрметті конференция қонақтары!

Құрметті конференция ұйымдастырушылары мен игі шараға қатысушы мектеп мұғалімдері!

Құрметті ЖОО-ның оқытушы-профессорлар құрамы, егемен еліміздің ертеңі – студенттер мен магистранттар!

Университет және осы мекемеге қарасты Қазақ тіл білімі кафедрасы, сондай-ақ Астана қаласының №48 мектеп-лицейі тарапынан өткізіліп отырған «*Ұлттық тарих және Алаш тағдылымы*» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция баршамызға құтты әрі қайырлы болсын! Бұл игі шараның жаһандану кезеңінде «Мәңгілік ел» идеясын негіз еткен дербес еліміз үшін де, тәуелсіздігіміздің ертеңі – үкілегенжас ұрпақ үшін де маңызы зор деп білеміз.

Шын мәнінде, Тәуелсіз Қазақстанның мәдениеті, білім мен ғылымын жаңғыртуда (модернизациялау) ұлттық ерекшеліктерге басымдық беру – бүгінгі ел тұтқасын ұстаған азамат пен азаматшалардың перзенттік парызы. Осы «модернизациялау» деген ұғымға тоқталып өтелікші. Біріншіден, бұл пәнсөздің (термин) ауқымы өте кең, оны халықаралық пәнсөз ретінде французша «moderne» – заманауи, жаңашыл; италиянша «modernismo» – заманауи ағым десе, сайып келгенде латынша «modernus» – заманауи, жаңа»» деген мәнге ие, бүгінгі біздің ана тілімізге орыс тілі арқылы кірген жаңа ұғым, жаңа сөз. Осы сөздің негізгі түбірі – «mode» стиль деген мағынада, ал «стиль» сөзінің түбін қазсаңыз «stilus» – латын мен көне грек тіліне тән, яғни, «қола қалам». Қарапайым қазақша тілмен айтсақ, «жазу құралы, жазу мәнері» дегенді білдіретіні баршаға аян. Десе де, қазақтың бабалардан жеткен бай тілінің пәнсөздерді баламалауда бағы жанбай тұрғаны... өкінішті-ақ.

«Модернизация»-ның орыс тіліндегі аңдатуы: *«М. – исторический процесс перехода от традиционного аграрного общества к современному индустриальному обществу»*, яғни дәстүрлі аграрлы (қазақы) қоғамнан заманауи индустралды қоғамға көшудегі тарихи үдеріс екен. Жалпы, осы қос ұғымды әлеуметтік қоғамға енгізгендердің сөзіне сүйенсек, модерн мен модернизмнің ара-жігі жер мен көктей, әрине бұл өз алдына бөлек тақырып. Қос ұғымның аясында пайда болған «модернизацияның» астары «дәстүрлі болмысымыздан жеріп, заманауи кейіпке ену» болып шығады екен. Мұндай жаңашылдықта саны аз қазақ жұрты үлкен сақтық танытқаны абзал. Өйткені, ХХ-ғасыр басындағы индустрияландыруда қазақтың неден ұтып, неден ұтылғанына – кешегі тарихи ақтаңдақтар куә! Мінекей, Алаш Арыстарының мұрасын 70 жылға жуық маңсұқтағанның салдарынан, 1980 жылдың соңына қарай ресми ақталғандарына қарамастан, әлі күнге ұлттық санамызға қажетті деңгейде орнықтыра алмай келеміз. Қазақ зиялыларының ұлт игілігіне жасаған асыл мұралары тек науқанды жиындар мен ат төбеліндей алаштанушы-ғалымдардың зерттеу нысаны ғана болып жүр. Неге?!

Әсіресе, тілдік және тілдік емес оқу орындарында оқытылатын практикалық, кәсіби және кәсіби бағдарлы қазақ тілі бойынша бүгінгі заманауи модульдік оқыту технологиясына ХХ ғасыр басындағы ғалым-лингвистеріміздің тілдік мұрасын енгізу кезек күттірмейтін мәселелер екені айқын байқалуда. Себебі, үш тұғырлы тіл

саясатында, қазақ тілі тағы да сұраныста болмай, тасада қалып тұр. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болса да, адами қарым-қатынаста іс қағаздарын жүргізу, сөйлеу тіліне айналмай, аударма тілінде қалуы – кім кімді де ойландыруы керек... Ұлт ұстазы, қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым-реформатор Ахмет Байтұрсынұлының бес бағыт бойынша қарастырылуға тиісті көтерілген мәселелердің қай-қайсы да өзекті екені мәлім әрі осы тақырыптар негізінде қордаланған сауалдардың түйін-кілті осы шара аясында шешімін табады деген үміттеміз.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған «Қазақ тілі» пәнін оқытып-үйрету – білім беру жүйесі бекіткен төрт саты бойынша жүзеге асырылып келеді [1]. Атап айтсақ, балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, түрлі мекемелердегі қазақ тілі үйірмелері. Аталған сатылар арасында өзара байланыс, жалғастыра оқыту үрдісі болмағандықтан, тіл үйретуде орасан кемшіліктерге ұрынып, межеленген мерзімде күтілген нәтижелерге қол жеткізе алмай отырмыз. Соңғы уақыттары ЖОО-да (тілдік емес) қазақ тілін меңгертудің «*деңгейлеп оқыту кешені*» дайындалғанымен, бұл жүйе де қажетті қызметін орындай алмауда. Оған себеп – практикалық қазақ тілін үйретуге бөлінген 3 немесе 6 кредиттік жүктеме сыйымдылығына кешенді оқытудағы сағат санының сәйкессіздігі, әрі мемлекеттік тілге деген талаптың қажетті дәрежеде қойылмауы. Сондықтан деңгейлеп оқытудың да «бас-аяғы белгісіз» ғұмыры шолақ болып шыға келді. Сонымен қатар, тіл үйретуші әдіскерлер мен пән оқытушыларының өзара ынтамақтасып, бірлесе жұмыс істемеуі де тіл үйретуде кері әсерін тигізуде. Өйткені, Қазақ тілін оқытудың *негізгі жүйесі* әлі күнге нақтыланбағандықтан, бірі – *шет тілі* ретінде (екінші тіл), ал бірі – *мамандық тілі* ретінде, енді бірі – *деңгейлеп оқыту* жүйесін ұстанып, бір-бірінің жұмысын жоққа шығаруда. Ең бастысы, қазақ тілінің – *мемлекеттік тіл*, яғни, *іс қағаздарын жүргізу тілі* деген таным қалыптаспағандықтан, тіл үйретушілер ұстанымы әр қилы болып, «*аққу, шортан һәм шаянның*» күйін кешіп отырғаны ащы да болса ақиқат. Мұның барлығы сайып келгенде, қазақ тілін оқыту әдістемесінің дұрыс жолға қойылмауынан болған олқылықтар екені де даусыз.

Ақиқатында, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы саласында ұлт тілін «пән» ретінде үкілеп, оны оқытуды ғылыми жүйеде қалыптастыруды негіздеушілердің көшбасында – **Ахмет Байтұрсынұлы** тұр. Жалпы, тіл үйретуде Алаш зиялыларының:

Құдайберген Жұбанов, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Қошке Кемеңгерұлы т.т. қазақ тілін дамыту, оқытып-үйретудегі көрсеткен негізгі ұстанымдары әлі күнге басты назарға алынбай, тек қазақ тілін оқыту, меңгерту тақырыбындағы бүгінгі тәуелсіздік кезеңдегі ғалымдар мен әдіскерлердің өзіндік ой-пікірлерін дамытудағы зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Бұл ғылыми тұрғыдан алғанда қисынды, әрі дұрыс. Дегенмен, мұны өмір тәжірибесінде де «сынақ» ретінде қолдана білсек, ол нәтижелі болар еді.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «*Оқу құралы*», «*Тіл – құрал*», «*Методика мәселелері*», «*Баяншы*», «*Тіл – жұмсар*», «*Қай әдіс жақсы*» т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған үлгіде толығынан пайдалануға әбден болады. Ағартушы-ғалым қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксис салаларын бүтін бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын жасады. Әлбетте, бұл күні әбден қалыптасқан қазақ тіл білімінің ғылымы аз ғана уақытта қаланған жоқ. Ол талай жылғы, талай майталмандардың көз майы жегілген жұмыстардың нәтижелері арқылы жинақталды. Ғалымның өзі айтқандай, тілдің әуелі грамматикалық ілімін қалыптастырудан, сонан соң грамматикалық құрылымын зерттеп-зерделеуден басталған. Мұны замандастары «*Ақаң түрлеген ана тілі*», «*Ақаң салған әдебиеттегі асыл сөз*» деп әспеттесе, бүгінгі ғалымдар қазақ тіл біліміндегі «*Байтұрсынұлы бастаулары*» деп жүр [2].

XX-ғасыр басында ғалым түрлеген әліпбидің ұлтты сауаттандырудағы рөлі қандай? Енді осы мәселе төңірегіндегі пайымтанымдарға үңілсек. Тура сол тұстағы қазақ оқымыстыларының алдына қойған ұлы міндеттердің бірі – ол бұдан әрі «*Қазақ халқы рухани келбеті, өзіндік бағыт-бағдары бар ел бола ма, жоқ «баяғы жартас бір жартас» деп, бодан қалпында өзінің ұлттық сипатынан айырылып, болмысын жоғалта ма?»* деген өзекті мәселе тұрған еді. Осы мақсатта қыруар іс атқарған реформатор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының Қазақ әліпбиін түзіп-түрлеудегі жетістіктерін үзеңгілес замандасы, лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов жоғары бағалаған. Және ол кешегі Кеңес үкіметі кезіндегі «аласапыран» тұста да Қазақ әліпбиін (Байтұрсынұлы емлесін), төл тілін таптатпаған. Қ.Қуанұлы кеңес тұсында ЖОО-да оқыған дәрістерінде Байтұрсынұлы оқулықтарының 1-ші сыныптан жоғары дәрежелі мектептерге (ВУЗ-ға) дейін бәріне де «жарап» жүр. «Тіл –

құралымен» оқытуға тыйым салынса да мұғалімдердің оның (А.Байтұрсынұлы) кітаптарын Құрандай қолтықтап, керегін Ахметтен іздейтінін жазды. Қазақ ұлттық ғылымының жетістіктерін Кеңестік идеология бірде ақтап, бірде даттап, сәуегейлік танытып, алаштықтардың артында қалған мұраларын үнсіз сіңіріп, талдап-тануда «ала-құлалық» көрсетіп жүргенде, сол жүйедегі жеке басқа табыну саясатынан тайсалмастан сөйлеген Қ.Жұбанов «қара тізімге» ілінген қазақ зиялыларының мұраларына араша түскен.

Ал, Қазақ әліпбиінің жобасы талқыға түскен тұста Қ.Жұбанов қазақ әрпінің негізгі арқауын араб жазуымен байланыстыра отырып, қарастырады. Мәселен, *«...с 1912 г., когда впервые была выработана эта система и произошла реформа арабского алфавита, по 1930 г., когда арабский алфавит правительственным декретом был изъят, т.е., в течение 18 лет казахские слова писались по этой системе, причем никаких недостатков (...) Надо заметить, что отказ от этой системы принятием латинского алфавита произошел (...) по нажиму ученого совета ВЦКНА, а не по инициативе Казахстана»* деген сөзі қазақтың өз жерінде, өз Отанында отырып әліппе таңдауда еркі болмағанына ашынған ызасын көрсетсе керек [3]. Түркітанушы ғалым Қ.Жұбанов қазақ әліпбиінің қалыптасуын тереңдеп танытуда Ахмет Байтұрсынұлына дейін де түрлі әліпбидің қолданыста болғанын, Ыбырай Алтынсарин түзген әліпбидегі кейбір «кемшіліктерді» Ахметтің түзегенін, сөйтіп ескі әліпбиді қазақы танымға бейімдей отырып, «қосар дыбыстарды жаңадан енгізді» деп, қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен даму сатысына сүзгі сараптаулар жасайды. Жаңа әліпбидегі сонылықты құптап, қабылдайды. Мәселен: *«...возражение не выдерживают критики, потому что всякие культурное и иное достижение, оставленное нам (...) это наше законное наследие (...). Отказываться от подобного наследия так же глупо (...) мы не откажемся ни от чего, что составляет лучшее творениях предыдущей истории, если оно в наших руках может быть полезно для нас»* деген айшығынан, әрбір еңбекті «заңды мұра» деп танығанын, ұрпақ тәрбиесіндегі қажетті құрал санағанын көреміз [4, 35-б.].

Енді Ахмет Байтұрсынұлы жүйелеген қазақ тіліндегі атау-ұғымдардың дәлдігі мен даралығына үңілсек. Қазақ даласында мектептің негізін салушы Ы.Алтынсарин орыс тіліндегі «Имя существительное» дегенді «Нәрселердің атауы»десе [5, 227-б.], А.Байтұрсынұлы «Зат есім» деп атайды [6, 160-б.]. Ал «Имя

прилагательное», «Имя числительное» деген сөз таптарына Ыбырай «Зат-мақұлықтың қасиеттерінің аттары», «Есеп аттары» деп баламаласа [5, Б. 238, 243], Ахмет «Сын есім», «Сан есім» деген атау-ұғым берді [6, 162-б.]. «Местоимение» деген терминді алғашқы ағартушы «Ақыры өзгерілмейтін сөздер» деп аударса [5, 248-б.], кейінгі әдіскер «Үстеу», «Демеу» дейді [6, Б. 165-166]. Бүгінде бұлар қазақ тілінде қалыптасып кеткен атау-ұғымдарды білдіретін пәнсөздер. Осылайша қисын-ережелер қалыптасып, алдыңғы буын өкілдері жіберген кемшіліктер кейінгі ұрпақтың түзеп-түрлеуі арқылы қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының заңдылықтары дамып жүйеленіп отырған.

Орыстың тіл зерттеуші ғалымдары төте жазудағы қазақ әліпбиін 1924, 1931 жылдары «*Байтурсуновская графика*», «*Байтурсуновский алфавит*» деп атап, түркі елдері арасындағы «*ғылыми жүйеленген ірі жетістік*» екенін мойындаған. Мәселен, 1931 жылы Мәскеудің «Литературная энциклопедия» жинағына ғалым реформалаған әліпби «Казахский (Байтурсуновский) алфавит» енгізілген [7, 23-б.]. Ал біздің бүгінгі жетілген қазақ тіліндегі 40 (жуан, жіңішке белгіні есептеу шарт емес) әріптің түп негізі – Ахаң емлесі негізінде қайта жасалғанын ескере бермейміз...

А.Байтұрсынұлының «*Оқу құралы. Қазақша алифба*» оқулығы 1912 жылы Орынборда жарық көрген. Автор «*Балалар, бұл жол басы даналыққа*» деп басталатын «Тарту» атты ғибратын оқулықтың беташары ретінде ұсынады. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына Құран сөзі: «*Би-исми-иллаһи-рахмани-рахим*» шырағдандай орналастырылған. Әрі қарай қазақ әріптері рет-ретімен беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төменгі жағына оқытушыға нұсқаулығы қатар ұсынылады. Сонымен бірге, соңына қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне ылайықталған қысқа мәтіндер: Туысқан-туған атаулары; Тұрмысқа қажетті киім, үй саймандары; Ыдыс-аяқ, мал мен хайуандар атаулары және ас-тағамдары; Дене мүшелері т.б. қамтылады. Оқу құралының 2-ші кітабы жалғасты оқулық ретінде толықтырылып, 1913 жылы шықса, «*Әліппе – астары*» әліппеге жетекші құрал ретінде 1924 жылы жазылған. Оқулықтардың бала сауаттандырудағы қажеттілікті өтеудегі зор қызметіне, оның 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2 рет), 1923, 1925 жылдары жиі басылым көруі айғақ.

Ағартушының «Тіл – құрал» оқулығы негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Әдіскер ұстаз оқулықты не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, 1-ші жылы оқытылатын бөлім тілдің негізі болғандықтан, оқытушылар алғашқы жылы балаларға харіпті нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші оқулықта әріптер, буындар, әріп туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: Түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар, қолданылуға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықтың тақырыбы қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып, кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылды.

1995 жылы Абат Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты ғылыми зерттеу еңбегінде ағартушы әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық салыстырмалы талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік оқулықтарының бүгінгі қазақ тілін оқыту ісінің негізі әрі сабақтастығын, тарихи тұлға мұрасының өміршеңдігін жазды [8].

Әдіскер ұстаздың «Байанышы» әдістемелік құралы мектеп мұғалімдері үшін жазған нұсқаулығы. Кітап 1920 жылы жарық көрген. Ағартушы ұстаз өзінің 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйеніп, сол тұстағы заман талабы жаңа оқу жолымен (усул сотие) қалай оқыту керектігіне: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазылу белгілері», «Дыбыспен жаттығу» деген аңдатпалық мағлұмат береді. Мұнан басқа «Тіл – жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құрал жазған. 1-ші кітап 46 бет (1928), екіншісі 90 бет (1929). Нұсқаулықтың кіріспе орнына берілген «Дәйектемесінде» құралдың қажеттілігі туралы, бұрынғы құралдардан айырмашылығы жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылғанын айтады. Бұл кітаптың басты мақсаты – баланы сауатты сөйлеуге, оқуға, жазуға, жаңа емлені қиындықсыз

қабылдауға дағдыландыру. Яғни, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту, үйрету. Бұл кітаптың 1-бөлімінде көбінесе, әріптер мен әріп таңбаларын түрлі орында жұмсалатын сөз бен сөйлем белгілерін жаза білуге үйрету болса, 2-бөлімінде осы өткендердің ауқымын кеңейте отырып, пысықтау мен бақылау жұмыстарын қатар атқару қарастырылған.

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің пән ретінде ғылыми жүйеде негіздеген ғалым-реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғибратын мансұқтап, жетілген тілге бөгде тілдің заңдылығын жөн-жосықсыз жапсырып, шалажансар тосын жаңалық ашуды доғаруға міндеттіміз. Қазіргі қазақ тілін оқытудағы қолданынып жүрген оқулықтардың басым көпшілігі «іргетассыз үйлер» сықылды. *Үйренуші* былай тұрсын, *үйретушінің* өзі *түсіндірме сөздіксіз* түсінбейтін мәтіндерден құралған. Хакім Абай айтқандай: «...*Бас басына би болған өңшең қиқым*» дегендейін, айналдырған 2-3 жылда оқытушы «оқулық авторы» болып шығуда. Шындығында, сапасы сын көтермейтін 90 оқулықсымақтан гөрі, білім министрлігінің арнайы тапсырысы бойынша тәжірибелі әдіскер-оқытушылар тарапынан жазылған 9 оқулық маңызды болмақ. Ал, министрлік нағыз қазақ тілінің нағыз әдіскер-ғалымдарынан қалған *нағыз ұлттық мұраларды* – жаңашыл оқыту жүйесіндегі заманауи технологияларда қайта жаңғыртуды қолға алса, «сөз бұйдаға салынған қазақ тілін» бүгінгі *орыстілді дәрісхана* тыңдармандарына ғана емес, барша қазақстандықтарға оқытып-үйретуде оң әрі оңтайлы нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. 22 қыркүйек 1989 жыл.
2. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары // Тілтаным №2, 2001., Б. 3-13.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы // Политехникалық мектеп №7-8., 1933., 35-б.
4. Қ.Жұбановтың жеке папкісі. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 81-қор, 3-тізбе, 68-ісі 103-105 п/п.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.-288 б., Б. 227-248.
6. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. – Орынбор, 1912.-40 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 160-166.

7. Поливанов Е. Новая казак-киргизская (Байтурсиновская) орфография // Бюллетень Среднеазиатского государственного университета. Вып.7. – Ташкент, 1924., С.35-43; Казакский (Байтурсинов) алфавит // Литературная энциклопедия. – Москва, 1931., С. 23.

8. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. – Орал, 1998.-132 б.

Резюме

В данной статье рекомендуется в ВУЗах и специализированных школах обучить профессиональному казахскому языку на основе наследия Алаша.

А также анализируются недочеты уровневоего обучения казахскому языку в русскоязычной аудитории и предлагаются пути предложения данных проблем.

Summary

This article is recommended in the universities and vocational schools to train professional Kazakh language by Alash heritage.

At the same time the shortcomings of Kazakh language teaching level in the Russian-speaking audience are analyzed and ways to solve these problems are suggested.

МЕКТЕПТЕГІ АХМЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

З. Ж. САДЫҚОВА,

*№48 мектеп-лицей директоры.
Астана қаласы.*

Құрметті әріптестер, осы конференцияға жиналған қауым! Қай заманда болсын бала тәрбиесі қазақ халқының аса жоғары назар аударған құндылықтарының бірі. Әлем елдері қым-қиғаш араласқан қазіргі қоғам үшін ол бұрынғыдан да күрделене түсті десек, артық айтқандық болмайды. Өйткені, бұрын көз көріп, құлақ естімеген жаңалықтар өмірге келіп, оның пайдасы мен зиянын айыру мәселесіне келгенде іркіліп қалатын тұстарымыз бар екені жасырын емес. Қай нәрсенің болсын екі жағы барын білеміз. Абай тілімен айтқанда, жасөспірімдер бойындағы «жақсы менен жаманды айыру» қабілетін ояту, әсіресе, білім мекемелерінің алдында тұрған биік міндет болып табылады. Сондықтан, қазіргідей күрделі техника мен

технологиялар ғасырында өмір сүріп жатқандықтан, қай мәселеде де сабырлылық пен сауаттылыққа арқа сүйегеніміз абзал.

Жер шарындағы барша адамзат баласы бір-бірімен тығыз ақпарат алмасып отырғандықтан, жаңалық та, жаңа идеялар да көп, алайда олар біздің ұлттық табиғатымыз бен мемлекеттік стратегияларымызға қаншалықты сәйкес келетіні тереңірек ойлануды талап етеді. Биыл міне қазақ хандығының 550 жылдығын тойлап отырмыз, бірақ бұл «қазақ» деген біртұтас этнос атауының тарих сахнасына шығуын ғана белгілейді. Арғы жағында да мыңдаған жылдық тарихымыз бен өмірлік дәстүрлі тәжірибеміз бар. Тұрмыс-тіршілігіміз бен дүниетанымымызға лайық сары алтындай сомдалған мәдениетіміз, әдет-ғұрыптарымыз, өзіндік өмірлік ұстанымдарымыз бар. Тағдыр-талайымыз талай-талай талқыға түскен сәттерде туған дәстүр біздің жебеуші періштеміз болып, қол созғанын көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымыз білсе керек. Демек, бізге өзгенің жылтырағы алданыш бола аламауы тиіс, өз құндылықтарымызды бағалап, Елбасы алдымызға қойған «Мәңгілік ел» идеясының аясына топтасуымыз абзал.

Жаһандану қарқын алған қазіргі тұста «Біз нені басшылыққа аламыз, талаптарына немен жауап береміз?» – дейтін сұрақтардың күнде әр қырынан бой көрсетулерін, әсіресе, біз – мектеп ұстаздары қауымы күнде көз алдымыздан өткеріп отырмыз. Сондықтан, әлі болмаған болашаққа қадам басарда, өткеннің үлгісімен «жеті рет өлшеп бір рет кесу» қағидасын басшылыққа аламасқа амалымыз жоқ. Жоғарыда атап өткеніміздей, бабалардан қалған сара жол қай қиырдан салса да, біз көздеген үдеден шығарары анық. Олардың негізгі ұйытқы-мәйегі қайда? дегенде ұлт зиялыларының артында қалған мұраларды ойға аламыз. Білім мазмұны сол асыл мұраларға суарылса, алдағы болашақ та айқын болмақ.

Ұлы жаһангер атанған Әмір-Темір өзінің артындағы ұрпағына қалдырған аманатында: «Белгілі бір жүйеге құрылмаса, мемлекеттің күні қараң», – деген екен. Осы ой ұжым басқарушы әрбір азаматтың көкейінде үнемі труы тиіс деп ойлаймыз. Осы өсетті басшылыққа алып, біз өзіміз басқарып отырған №48 мектептің жетілдіруді талап ететін тұстарын орнына қойғаннан кейін, негізгі идеясын айқындауға назар аударған болатынбыз. Ойымызға әу бастан-ақ, ұлы ұстаз – Ахмет Байтұрсынұлы оралды. Содан бері Ахаңның туған жерімен, Алматыдағы мұражайымен байланыс орнатып, біршама жұмыстардың жобасын жасадық. Бірнеше жылдан бері Л.Н.Гумилев

атындағы Еуазия ұлттық университетінің ұжымымен бірлесіп, мектеп оқушыларының ғылыми жобалар бойынша жұмыс істеулеріне жағдайлар жасалды. Былтырдан бері «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» конференциясын бірлесіп өткізуді қолға алдық. Қазірге қолымыздың жеткені – оқушыларымыздың көз алдында А.Байтұрсынұлының ұлы ұстаз, ұлтты жаңа биікке көтеруші қайраткер, елі үшін жанын қиған патриот ретіндегі бейнесі ұмытылмастай болып сомдала бастады – бала санасында өмірге деген дұрыс көзқарастың қалыптасуына алғашқы баспалдақ осы болса дейміз.

Ахмет Байтұрсынұлы бізге қай жағынан үлгі бола алады? Ең *бірінші* – ол ұлы әдіскер. Бала оқытудың тамаша жүйесін жасаған ғалым. Елдік істердің басын оқудан бастайды: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі... Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі» [1, 5 б.] – деп, қазақ қоғамының сол тұстағы мұқтажын дәл тауып көрсетті. Ол не жазса да, халықтық сипат береді. «Оқу құралы», «Тіл құралы», «Әліпби», «Жаңа әліппе» секілді оқу құралдарының бәрінде ел болудың қамын көздеді. Сөйтіп, қазақты болашаққа бастайтын негізгі әрі айнымайтын жолды көрсетті. Және де, қалай оқытудың жодарын көрсетті. Ол «Оқу құралы» атты еңбегінің «дәйектемесінде» былай деп жазды: «Оқу кітабының ішінде класта оқып, бір сағатта бітіруге ұзын соғатын мақалалар да кірді. Ондай мақалаларды бөліп-бөліп оқытуға болады; қала берді үйде оқытуға болады. Ұзын мақалалар кіргізілгенде мектептегі шәкірттер түгіл, үйдегі ата-аналар да есте болды». Қазіргі білім беру әдістемесінің бастауы әрі негізгі арқауы осы еңбектен көрінеді. Осындағы әрбір ой әрі қарапайым, әрі ұлылығымен ерекшеленеді. Бізге оны тереңдей тану – міндет.

Екінші – А.Байтұрсынұлы тілдік танымы терең ғалым болатын. Бұл жөнінде ғалым Р.Сыздық «Маман лингвист еместігіне қарамастан, А.Байтұрсынұлы тілдің, оның ішінде қазақ тілінің табиғатын, құрылымдық категорияларын дұрыс аңғарған», – деп тіл туралы ойларын жан-жақты талдап көрсетеді [2, 24 б.]. Оның дайындаған еңбектерінде тілдің табиғаты, яғни фонетикалық, грамматикалық жүйесі тамаша талданды. Ол біздің мамандарымыздың ғылыми ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын бірден-бір еңбек. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттануына алып келген жаңа терминдері әрі табиғи, әрі мағынасы түсінікті. Жас

мамандардың терминтаным бағытындағы ізденістеріне үлкен жолбасшы. Ғылымның алғашқы баспалдағы да, кемелденген тұсы да Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен табылады. Ғылым іздеген жастар ұлы ұстаздың еңбегінен сусындаса ешқашан қателеспейді деп ойлаймыз.

Үшінші – жалпы уақыт талабынан туындап отырған үш тұғырлы тіл саясаты мемлекеттік тілдің еркіндігіне ықпал етіп тұрғанда, мектеп оқушыларымен қатар бәріміз үшін де тіл мәдениетін меңгеру қазір аса маңызды мәселелердің бірі. Мәдениетті, көркем тілмен сөйлеу ой көркемдігіне жетелейді. Егер біздің оқушыларымыз бен мұғалімдеріміз көркем сөйлеу өнерін терең меңгерсе, айналасындағы жұртты да өзіне еліктіріп, сонысымен үлгі болар еді. Онда заман өзгерістері тудырып отырған көптеген мәселелер өзінің оң шешімін табар еді. Бұл жөнінде А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейінгі сөзге талғау кіреді: айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болады. Олай болғаны – Абай асыл сөздің нұсқаларын айқындап көрсеткенінің үстіне, аз да болса, асыл сөз сипаттарын айтып жұртты хабардар қылды. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушыларының жоғарыда айтылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айтылып, мағлұмат берілген» [1т. 31 б.]. Біз осындай тағылымдарды назарға ала отырып, ұжымда А.Байтұрсынұлын тану арқылы сөзтану дағдысын қалаптастыру жоспарын алдымызға қойып отырмыз.

Бұрынғылардың ізімен байырғы дәстүрімізді жалғастырып келе жатқан халқымызда аманатқа адал болу серті бар. Бабадан қалған сара жол барша қазақ баласы арқалаған аманат болса, соның ішінде әр салада тұлғалардың ізін басып, ісін жалғастырушылардың әрқайсысына жеке міндеттер жүктеледі. Ыбырай мен Абайдан басталып, Ахаңдар жалғастырған ағарту ісін еншілеп отырған мектеп ұжымының мойнындағы міндеттер де жеңіл емес. Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, А.Байтұрсынұлын ұлттың тілі мен әдебиетін зерттеуге құлшындырған да, «ұлт ұстазы» дәрежесіне көтерген де – ұлтқа деген сүйіспеншілік. Жарғақ құлағын жастыққа тигізбей тынымсыз іздендірген де, ақыры «халық жауы» атандырған да – сол сүйіспеншілік. Елдің амандығына өз басының амандығын айырбастаған ұлы тұлғаның аяғына жетпеген (мүмкін ақыры жоқ мәңгілікке арналған болар) әрбір ісі бізден, заманымызға лайық жалғасын талап етеді. Міне осы аманатты ұжымның әр мүшесінің

санасында тірілтіп, ұландарымыздың жадына сіңіре алсақ, алдыға қойған міндеттеріміз атқарылған болар еді.

Биылғы жылы мектебізімідің жанынан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының филиалы ашылған. Қазірге дейін оның негізгі мақсат міндеттері айқындалып, алдағы жоспарлары әзірленді. Енді бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асырсақ деген ойдамыз. Ілгеріде атап өткеніміздей, А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы сөздер мен сөз қолданыстардың әрқайсысына қатысты ғылыми ойларды меңгеруі үшін мектеп оқушыларының түсінігіне лайықталған дәрістер мен сөзді дұрыс сөйлеудің жүйесін үйрететін сабақтар ұйымдастырсақ дейміз.

Ахаңның артында қалған әр сөзі қымбат. Сол байырғы сөздердің мағынасында ұлттық мәдениет құндылықтары мен мінез-құлқымыздың белгілері сақталып қалғанында күмән жоқ. Тіліміздің төл табиғатын түсіну үшін де байырғы қолданыстарға жүгінуімізге тура келеді. Сондықтан, кафедра ұжымымен бірлесе отырып, А.Байтұрсынұлы тілінің жиілік сөздігін жасу да біз үшін үлкен мерей болар еді. Сөздік қорындағы сөздерді санауға, олардың қанша рет қайталанатынын, байырғы сөздерді қолдану мен жаңа сөз жасауға қосқан үлесін анықтауға, ғалым-ұстаздар жетекшілік етсе, біздің алғыр оқушыларымыздың өз білім дәрежелеріне сай көмек көрсетуге мүмкіндіктері жетеді деп ойлаймыз.

Сөз басында айтылған әуелгі ойымызға оралар болсақ, мектебіміздің негізгі басшылыққа алар идеясы А.Байтұрсынұлының адамгершілік, отаншылдық, білім беру үлгісі болса дейміз. Бұл жұмыстардың жандануы мен әрі қарай даңғыл жол тауып жүріп кетуі, әрине, ғалымдар қауымы сіздердің көмектеріңізбен жүзеге асады. Біз, осыған атсалысамын деген әр ғалыммен, әр жанашырмен бірлесе жұмыс істеуге дайынбыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 2т. – Алматы: «Алаш», 2004. – 480 бет.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. –3т. Тіл құралы. – Алматы: «Алаш», 2005. – 352 бет.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 1т. – Алматы: «Алаш», 2003. – 408 бет.

ЛИНГВИСТИКА МӘТІНІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Т.М.ӘБДІКӘРІМ,

педагог. ғыл. докторы, профессор

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ.

Астана қаласы.

Лингвистикада мәтін сыртқы тұлғасы мен ішкі мазмұны жағынан ерекше біріккен тұтас күрделі құрылым ретінде қарастырылатыны мәлім. Мәтін мазмұн мен форма, құрылымдық және семантикалық сипаттамалар бірлігінде қарастырылатындықтан, оның композициялық, мазмұндық және тілдік ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туындайды. Мәтінге тұтастық, типологиялы, стилистикалық ерекшеліктер, абзац, күрделі тұтастықтарға бөліну, сөйлемдер, лексикалық-грамматикалық құрылымдар, мәтінішілік байланыстар, мәтіндегі сөйлемдердің тема-ремалық мүшеленуі сияқты қасиеттер тән.

Мәтін лингвистикасының пәні оның ерекше лингвистикалық категория ретіндегі ішкі ұйымдасуының заңдылықтары мен принциптері болып табылады. Мұның себебі мәтіннің ақпарат жеткізу мен алудың құралы ретіндегі іс жүзіндегі коммуникативтік бірлік болып танылуында.

Осыған байланысты, мәтінді зерттеудегі күрделі мәселелердің бірі – оның категориясы. Мәтін категорияларын білу – мәтін құрылымының ерекшеліктерін, тілдік бірліктерін ұйымдастыру ерекшеліктерін атқаруға көмегін тигізеді.

Көптеген ғалымдар мәтін категорияларын семантикалық және грамматикалық деп ажыратады. Семантикалық категориялар мәтіннің ішкі жағын, грамматикалық категориялар мәтіннің сыртқы формасының ұйымдасуын білдіреді. Мәтін категорияларының ажыратылуы семантикалық, құрылымдық, прагматикалық-функционалдық белгілерді негізге алады.

Ғалым И.Р.Гальперин мәтін категорияларын зерттеп, келесідей категорияларды ажыратады: ақпараттылық, когезия (мәтінішілік байланыстар), прессуппозиция, проспекция, ретроспекция, контунуум, моральдылық, интеграция, аяқталғандық және т.б. Аталған категориялар бірін-бірімен тығыз байланысты. Ғалым (И.Р.Гальперин) мәтіндердің бұл категорияларын екі топқа бөліп көрсетеді:

1. Семантикалық (ақпараттық, прессуппозиция, прагматика).
2. Құрылымдық (интеграция, проспекция, ретроспекция т.б.).

Мәтінді құру процесін зерттеуде «прессуппозиция» түсінігінің ерекшеліктерін танып білу маңызды. Прессуппозиция сөйлеудің басын, аяғын, бөліктерін толық түсінуге көмектеседі. Прессуппозиция деп мәтіннің мазмұндық жағынан компоненттерін түсінуге болады. Ол ақпарат жеткізуді ғана мақсат етпейді, сонымен бірге сөйлемдердің грамматикалық жағынан дұрыстығын, қатысымдық әрекеттің табысты болуын көрсетеді. Бұл мәселемен ғалым В.А.Звегинцев көп шұғылданып зерттеген. Ғалым прессуппозиция деп шарттардың жиынтығын түсінуге болады дейді.

Сонымен прессуппозиция деп сөйлеудің басын, соңын түсіну үшін айтылған толық ойларды, сөйлеушінің (жазушының) болжамдарын, пайымдауларын айтуға болады.

Мәтін сонымен қатар тұтастық, толықтық, қисындық (байланыстылық), реттілік, аяқталғандық сияқты ерекшеліктерімен сипатталады. Мәтінді туғызу барысында автор қарым-қатынасқа қатысушы серіктесінің мәтінді түсінуін ескереді. Автордың көзқарасы тұрғысынан мәтінге тұтастық, мағыналық жағынан аяқталғандық тән. Мұндай тұтастық формальды грамматикалық және лексикалық құралдармен қамтамасыз етілген тілдік туындының құрылымдық мағыналық ұйымдасуында, мәтін бөліктерінің бірігуінде, семантикалық-тақырыптық байланыстарда көрінеді. Мәтін өзінің мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйе ретінде қатысымдық тұлғаға жатады.

Егер суреттеудің негізінде сол заттың тұтас бейнесі қалыптасса, онда ол нақты болғаны. Мұндай бейненің тұтастығы негізгі заттың басқа заттармен тікелей және жанама қатынастар жүйесінің ашылу деңгейіне байланысты. Деңгей қажеттігінің туындауына мәтіннің сыртқы формасын құрайтын мазмұндық және тілдік құралдар деңгейінде іске асатын ойдың толық ашылуы (жеткізілуі) себеп. Мазмұндық деңгейдегі толықтық негізгі заттың басқа заттармен тікелей қатынастарының саны жағынан байқалады. Бұл қатынастар мәтінді суреттеу аспектілерінің рөлін атқарады және оларды тақырыпша деп атауға болады. Сонымен қатар микротақырыпша мен субподтема рөлін атқаратын заттардың жанама қатынастарының сандық деңгейінде байқалады. Тақырыпша суреттеудің толықтығынан, ал субподтемалар оның тереңдігін қамтамасыз етеді.

Мәтіннің тағы бір ерекшелігі – оның реттілігі. Ойдың толық жеткізіліп мәтінге айналуы коммуникативтік міндетті іске асырушы

құралдардың бірі болып табылатын нақты реттілік арқылы іске асады. Мәтінде білдірілуге тиіс мазмұн ойдағымен бірдей бола алмайды. Мұндай мазмұн ойлау құрылымы бола тұрып, ойлау шапшаңдығын және т.б. қамтамасыз етуге бағытталған заңдылықтар негізінде ұйымдасады. Мазмұн тұтас бейнелер түрінде беріледі. Мәтін мазмұны тілдік бірліктердің реттілігі түрінде ғана көріне алады. Сондықтан тілдік құралдар арқылы жеткізілетін ойлау мазмұны (мазмұндық ойлау) тізбектік құрылым заңдылықтарына сәйкес дараланып ұйымдасуы тиіс. Мәтінді туғызу барысында мазмұн элементтерінің реттілік тәртібін көрсететін белгілі бір схема болуы тиіс. Мұндай схема мәтін композициясын құрайды. Мәтін композициясы мазмұн элементтерінің жалғасу вариативтілігіне (түрлі болуына) жол береді. Мәтін композициясын талдауда маңызды орын алатын мәселе – мәтіннің типологиясы. Мәтіннің типологиясын тану арқылы ауызекі сөз бен жазба мәтіннің өзара ерекшеліктері ғана емес, сонымен қатар жасалу жолдары, байланыстары мен қатынастары да айқындалады. Негізгі мәселелер қатарында мәтін типтеріне сай болатын тұрақты композициялардың болуы мен олардың сақталу дәрежелері және де ондай типтік композициялардың өзгеруі мен даму жолдары да аталады.

Жоғарыда айтылып өткендей, мәтіннің өзіндік құрылымы мен мағынасы бар, ол ішкі және сыртқы байланыстар мен қатынастарға негізделіп жасалады. Мәтіннің көпқабаттылығын, біріншіден, мәтіннің тілдік қабатын анықтау, яғни сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдерді талдау арқылы көрсетуге болады. Екіншіден, мәтіннің тұтастықты қалай құрып тұрғаны, яғни құрылымдық-композициялық ерекшеліктерін анықтау арқылы көрсетуге болады. Мәтіннің маңызды болып табылатын ерекшелігінің бірі – оның байланыстылығы. Мәтінді түсінуде оның элементтерін тұтас құрылымға біріктіретін байланысты құралдары маңызды болып табылады. Сол себепті байланыстылық мәтіннің негізгі түпкілікті ерекшелігі болып табылады. Мәтіннің байланыстылығы оның ұйымдасуының әр түрлі деңгейлерінде, яғни сөз, сөйлем, мәтіннің жеке бөліктері деңгейінде іске асады. Қолданылатын байланыс құралдары сыртқы және ішкі болып келеді. Байланыстың бұл түрлері көбіне параллельді түрде мәтіннің барлық деңгейінде қызмет атқарады. Байланыстың сыртқы түріне грамматикалық немесе лексикалық құралдармен берілетін формальдық, көрсеткіштері бар байланыс жатады. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыратын грамматикалық құралдар және сөйлемдер мен мәтін бөліктері деңгейінде қызмет ететін мәтін грамматикасы осы байланысты білдіреді. Мәтінде сыртқы байланыстардың болмауы оны қабылдап түсінуге кедергісін тигізбейді,

яғни бұл мәтінде басқа байланыс құралдарының, яғни ішкі байланыстың болатындығын білдіреді. Мәтінді түсінуде ішкі байланыс басыңқы орын алады. Ол мәтінді тұтас құрылым ретінде қабылдауға мүмкіндік беретін негізгі құрал болып табылады. Мәтіннің формальды түрде берілген сыртқы байланысы болғанмен, оның ішкі байланысы болмаса, мәтінді түсіну қиынға соғады.

Ішкі байланыс ұғымы «интеграция» (Гальперин, 1980) және «тұтастық» (Леонтьев, 1979) сияқты ұғымдарға жақын.

Мәтін категорияларының бірі болып табылатын интеграция құрылымдық-семантикалық ұйымдасудың негізін құрайды. Ол жеке бөліктердің біртұтастыққа бірігуінің байланыстылық жағдайын, сол жағдайға жеткізетін процесті білдіреді. Интеграция мәтін тұтастығына жету мақсатында барлық мәтін бөліктерін біріктіреді, осылайша ол мәтіннің ақпараттылығымен, мәтін құрылымымен тығыз байланысты болады.

Мәтіннің тұтастығын анықтау оны бөліктерге даралау арқылы жүргізілетіндіктен, мәтін тұтастығын құраушы элементтердің арасындағы тұтастықты қамтамасыз ететін құралдар ғана мәтінді құрауға мүмкіндік туғызады.

Мәтіннің мағыналық тұтастығы оның құрылымдық тұтастығымен тығыз байланысты екені белгілі. Мәтінді құру процесінде оның бірліктері жеке тізбектерге, яғни мәтіннің денотативтік мазмұнын көрсететін объективтік-семантикалық және әлеуметтік-субъективтік байланыстар негізіндегі принциптер бойынша іріктеледі. Мәтінді коммуникативтік бағыттылығы тұрғысынан зерттелген еңбектерде мәтін құрылымының әртүрлі болып, субъективтік факторларға тәуелді болатыны айтылады. Адам шындықты үздіксіз қабылдамайды, ол белгілі бір «бөліктерді», «кванттарды» қабылдайды. Лингвистикалық әдебиеттерде қабылданатын ақпараттың бөліктері деп анықтап көрсетуге болатын бөліктері «фразадан үстем тұтастық» немесе «күрделі синтаксистік тұтастық» деп аталады.

Лингвистер өз зерттеулерінде «фразадан үстем тұтастық» немесе «күрделі синтаксистік тұтастық» ұғымдарына сипаттама береді. Л.И.Лосеваның айтуынша, сөйлемнің барлығы бірдей күрделі синтаксистік тұтастық құрамына ене бермейді, яғни олардың кейбіреулері оның компоненті бола алмайды. Мұндай сөйлемдер еркін сөйлемдер деп аталады, олардың мәтінде атқаратын рөлі ерекше. Бұл сөйлемдер мәтіннің басталғанын және аяқталғанын

білдіреді. Күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдер мен сөйлем деңгейіндегі байланыстардың арасында айырмашылықтар бар. Күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің байланысы ең алдымен тілдің коммуникативтік бірліктердің арасындағы байланыс болып табылады. Ғалым О.И.Москальская күрделі синтаксистік тұтастық терминінің орнына фразадан үстем тұтастық терминін қолданады. Ғалым фразадан үстем тұтастық пен тұтас тілдік туындының шекарасы сай келуі мүмкін дей келе, қысқа көлемдегі тұтас тілдік туынды (қысқа әңгіме, ауа райы туралы болжау, хабарландыру т.б.) бір фразадан үстем тұтастықтан тұра алады. Ғалым фразадан үстем тұтастық-синтагматикалық және функционалдық ұғым деп атап өтеді. Синтагматикалық тұрғыдан фразадан үстем тұтастық сөйлемдердің арнайы ұйымдастырылған (тұйық) тізбегін көрсетеді, ал функционалдық тұрғыдан анықталатын синтаксистік бірлікті толық айтылым ретінде сипаттайды. Мәтіннің мағыналық тұтастығы оның мәселесінің бірлігінде жатыр. Мәселе мәтіннің мағыналық түйіні, мәтіннің қорытылған мазмұны. Фразадан үстем тұтастықты құруға себеп болатын сөйлемдердің бір тақырып төңірегінде бірігуі мәтіннің мағыналық жағынан тұтастығын көрсетеді. Аталған көрсеткіштер мәтіндерді оқу іскерлігін қалыптастыруда маңызда рөл атқарады.

Сонымен қатар мәтін мәселесін қарастыруда азат жолдың ерекшеліктерін анықтау маңызды. Ғалымдар (Н.И. Серкова, Т.И. Сильман және т.б.) фразадан үстем тұтастық пен азат жол сай келеді деген пікір айтады. Азат жол – ауызша фразадан үстем тұтастықтың эквиваленті болып табылмайтын, тек жазба сөзге ғана тән пунктуациялық таңба. Ол жазушының еркі мен экспрессивтік интенциясымен себептелген субъективтік прагматикамен сипатталады. Ол әрдайым мағыналық жағынан аяқталғандығымен сипаттала бермейді. Азат жол ең алдымен оқырманның назарын аудару, кейде тек бір ғана сөйлемді акценттік анықтаудың тиімді тәсілдерінің бірі. Бір мәтінді әр автор азат жолға әртүрлі етіп бөле алады. Бұл көбіне жазушының шығармашылық ерекшеліктеріне байланысты. Бұл орайда В.Матезиус азат жолға бөлуде шешуші рөлді жазушының нақты ойы атқарады деп көрсетеді. Кейбір авторлар азат жолға сараң болса, қайсыбіреулер мәтіндегі маңызды ақпарат үшін жаңа ойды азат жолдан бастауға дайын тұрады. Өзінің шығармасының мағыналық әуенін, мәнін басқалардан жақсы

түсінетін болғандықтан, оны әрбір нақты жағдайда автор өзі жасауы тиіс.

Тұтастық – бұл ішкі бірлікте байланысқан мәтінді қабылдау нәтижесінің сипаттамасы, ал байланыс – бұл берілген сипаттаманы қабылдауға мүмкіндік туғызатын құрал. Осылайша, ішкі байланыс қисындылықтың негізгі құралы, ал сыртқы байланыс оған қосымша байланыс болып табылады.

Мәтіннің аяқталғандығын білдіретін формальдық көрсеткіштер болмайды, ол мазмұндық деңгейде сипатталады. Бұл толықтық, реттілік, ішкі байланыстылық және т.б. мәтін параметрлері негізінде пайда болатын интегративтік параметр. Олар мәтінді қабылдап түсіну барысында автордың ойына сәйкес келетін мазмұнның тұтас бейнесін қалыптастыру мақсатында қызмет етеді. Егер мәтіндегі барлық негізгі тақырыпшалар мен субподтемалар мәтін тақырыбын жинақтауға мүмкіндік беретіндей толық ашылған болса, мазмұн бейнесінің толықтығына жетуге болады. Мұндай жағдайда мәтін аяқталмаған болып есептеледі. Осылайша, мәтіннің аяқталғандығын білдіретін белгі тақырыппен тығыз байланысты.

Жоғарыда қарастырылған мәтіннің жалпы ерекшеліктерін оның тағы екі спецификалық ерекшеліктерімен толықтырған жөн. Мәтіннің спецификалық ерекшеліктерінің бірі – ол оның тереңдік перспективасы. Егер мәтіннің сыртқы формасына нақты және тұтас мазмұн сәйкестендірілмесе, белгілі бір тілдік құралдардың жиынтығы мәтіннің сыртқы формасын құрағанмен, мәтіннің өзін құрай алмайды, өйткені мәтін – сыртқы формасы міндетті түрде мазмұнның тұтас бейнесін құратын ішкі формаға ауысатын құрылым. Мұндай ауысу – мәтінге тән ерекшелік. Сондықтан мәтінді сыртқы және ішкі формаларының бірлігі ретінде түсінген дұрыс, осыған байланысты мәтін тілдік, сөз, ойлау элементтері бір-бірімен өзара әрекет ете отырып біріккен формасының ішкі формаға ауысуы осы процестің әртүрлі кезеңдері арқылы өтетін тереңдік перспективасын көрсетеді.

Осылайша, мәтін екі қалыпта болады: статикалық және динамикалық. Тілдік ойлау әрекетінің өнімі, нәтижесі ретінде қарастырылатын мәтінге статикалық қалып сәйкес келеді. Мәтінді туғызу, қабылдау және түсіну үрдісі оның динамикалық қалпын білдіреді. Мәтінді статикалық құрылым қарастыратын лингвистикаға тән.

Әрбір жеке мәтін – тілдік қызметтің «тілдік танымның зертханасынан қайнап шыққан нәтиже. Демек, мәтіннің құрылымдық-

мағыналық жүйесін танып білу ойдың құралу жолдарын тануға ұмтылу дегенді білдіреді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдікәрім Т.М. Мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы. Алматы, 2006.
2. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М., Наука, 1981.
3. Москальская О.М. Грамматика текста. М.: Высшая школа, 1981.
4. Льеонтьев А.А. Понятие текста в современной лингвистике и психолингвистике. – В кн.: психолингвистическая и лингвистическая природа текста и особенности его восприятия. Киев, 1979.
5. Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку речи. – Москва: МГУ, 1976-306с.
6. Лосева Л.И. Как строится текст // М.; 1980 – с. 4.
7. Серкова Н.И. Сверфразовое единство как функционально речевая единица. Автореф. Дисс...канд. филол.наук., М., 1968.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫН ЛИНГВОФОЛКЛОРТАНУ ТҰРҒЫСЫНАН БАРЛАУ

Ж.А. ЖАҚЫПОВ,
Филолог. ғыл. докторы, профессор.
Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ.
Астана қаласы.

Бұл жолы біз, негізінен, ғалымның пайымдауларын барлап шығуды мақсат еткен соң талдауға емес, оқып шығуға ден қойдық. Бұл мақаланың жанрын, біздің ойымызша, «ғылыми терме» деп атаса да болады.

А. Байтұрсынұлының фольклор тіліне арнаулы лингвистикалық еңбегі бар деп айта алмаймыз. Алайда тілдің заңдылықтарын мысалдар арқылы көрсетуде ауыз әдебиеті мәтіндерін талқыға тартып отыратын тұстары мол. Бұл – грамматикалық, фонологиялық заңдылықтарды көрсетуде ғалым жадында, зейінінде фольклор тілі ыңғай тапты деген ойға уәж бола алады [1].

Әдебиеттанулық дүниелеріне келгенде, біз А.Байтұрсынұлы есімін лингвофольклортанудың алғашқы бастауларында тұрған есімдер қатарының бас жағына қоя аламыз. Бұған басты себеп – ғұламаның әдебиетке деген ұстанымдық қағидасы. Ол қағидалар мынадай:

-«Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. ... өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады» [2: 138].

-«Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз» [2: 147]

-«Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз? Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз – осылай шығарған сөз» [2: 147-148].

Бұған «Әдебиет танытқышта» нысанға алынған ұғымдар мен санаттардың басым көбі тіл білімі қарауына жататын ұғымдар мен санаттар екенін қоссаңыз, ғалымның көркем шығарманың тіліне (мейлі ауыз әдебиеті шығармасы болсын, мейлі жазба әдебиет шығармасы болсын), әдебиетті сөз өнері санағандықтан барынша зейін салғанын анық көреміз. Олай болса, А. Байтұрсынұлын лингвофольклортанушы деуге хақымыз бар. Тек осы тұста лингвофольклортанушылар көрнекті фольклортанушы академик С.А. Қасқабасовтың «фольклор жанрларын зерттегенде екі нәрсе қатар ескерілуі қажет. Ол: а) фольклордың сөз өнері ретінде әдебиетпен туыстығы, жақындығы; ә) фольклорды әдебиеттен алшақтатын ерекшеліктер», – деген тұжырымын ескергені жөн [3: 23].

Академик Р. Нұрғали А. Байтұрсынұлының фольклорлық әдебиетті былайша бес топқа жіктегенін көрсетеді:

«Ауыз әдебиеті түрлері былай жіктеледі: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш – бұлар бір топ. Батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме – бұлар екінші топ. Мысал, ділмар сөз, тақпақ, мақал, мәтел – бұлар үшінші топ. Тойбастар, жар-жар, некеқияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата – бұлар төртінші топ. Жан шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыр – бұлар бесінші топ.

Сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап, саралауға мүмкіндік беретін сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр» [4: 13]. А.Байтұрсынұлының ауыз әдебиетін жанрларға жіктеуінде де лингвистикалық себеп бар, олай дейтініміз "жанр – шығармадағы сюжеттің баяндалу, бейнелену, өрілу тәсілдері. Бұл, әсіресе,

фольклорлық шығармада айқын көрінеді. ... Яғни, фольклордың поэтикасы мен әлеуметтік-тұрмыстық функциясы оның жанрларын сипаттап, әдебиеттен ерекшелендіріп тұрады" [3: 23]. Мұны А. Байтұрсынұлының өзі де айқын байқатады: «... көркем лебізді шығармаларды үлгілі жұрттар айтыуына қарй үшке бөледі: 1. Өуезеленіп айтылуына қарай; 2. Толғанып айтылуына қарай; 3. Ғамалдап айтылуына қарай. Бұлайша бөлу қазақтың жазба әдебиетінің түрлеріне келсе де, ауыз әдебиетінің түрлеріне келмейді. Сондықтан қазақ ауыз әдебиетінің шығармалары айтылу түріне қарай бөлінбей, тұтыну орнына қарай бөлінеді. Осылай бөлінбесе, ауыз әдебиетінің сөздерінің көбі жоғарыда айтылған үш салаға үйлеспей, далада қалып қояды. Ауыз шығармаларды сөз қылғанда көркем сөзді шығармаларды ғана сөз қыламыз. Қазақ ауыз әдебиетінде көсе сөзді¹⁰ шығармалар жоқ» [2: 225].

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» ауыз әдебиетіне жеке бөлім арнайды. Мұнда фольклорлық туындылардың тіл мен сана үшін аса қажет жадыгер екенін ғылыми проблема етіп алға тартады, ғалымның көрсетуінше:

«Ертегінің керек орындары: 1. халықтың ұмтылған сөздері ертегіден табылмақ, олай болса ертегі – **тіл жағынан керек** (қоюлатқан біз. – Ж.Ж.) нәрсе; 2. бала әдебиеті жоқ жерде ертегі – баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керегі бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді; 3. бұрынғылардың сана саңлау, қалпы-салты жағынан дерек берумен керегі бар нәрсе».

«... рухты ертек жырлар, батыр әңгімелері халықтың рухы көтерілген шақта шыққан сөз болады. Батырлардың рухынан, батырларды жыр қылған ақын сөздерінің рухынан сол жыр шыққан замандағы халық рухы қандай болғанын білеміз. Ертегілер бұрынғының қалпынан, салтынан дерек бергендей, ертек жырлар бұрынғының рухынан дерек береді. Бұл бір. Екіншісі, батырлар әңгімесінің құны **тілге пайда беру жағынан зор** (қоюлатқан біз. – Ж.Ж.).

Батырлар әңгімесі өлеңмен айтылған. Өлеңмен айтылған әңгіменің сөз көпке төзеді, тез өзгере қоймайды. Солай болған соң батырлар әңгімесінде **аталарымыздың сөздері сақталып** келген. Біз сияқты тілі жетіліп болмаған халыққа **аталарымыздың сөздерін сақтаған әңгімелер құнды болмақ** (қоюлатқан біз. – Ж.Ж.)» [2: 238].

Мұнда айтылған деректер мәтіннің тілінде сақталатыны белгілі.

¹⁰Бұл тұста «көсе сөз» дегеннің басқа басылымдарда «көсем сөз» болып жазылып жүргенін ескерте кету керек.

Ғалымның лингвофольклортанулық пайымдаулары көркем шығармадағы троптар мен фигураларды талдаған тұстарында кездеседі. Ғалым белгілі бір айшықтың я көріктеудің, атапайтқанда: теңеудің, дамытудың, шендестірудің – фольклорлықшығармаларға тән екенін ескертіп отырады. Оқиық.

«Теңеудің неше түрлері ескі өлеңдерде көп келеді. Ер Тарғынның Тарланына айтқан сөзінің ішінде мынадай теңеу бар»[2: 156].

«Бір нәрсені өте асырып я өте кемітіп айту әсірелеу болады. «Көп түкірсе, көл болар» деген мақал, «Көзінің жасы көл болды» деген мақал түкірік пен көз жасын өте асырып айтып отыр. «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар» деген мақал, «Бойы бір тұтам» деген мақал арықтың күші мен аласаның бойын өте кемітіп тұр. ... Бұлай айтудағы мақсат – сөздің әсерін күшейту, әсірелеу, әсіресе, ескі сөздерде ескі ақындардың айтысқан я мадақтаған өлеңдерінде, батырлардың жырларында көп ұшырайды» [2: 165].

Шендестіру. Екі нәрсе қатар яки қарама-қарсы келгенде, арасындағы айырым көзге көбірек түседі. ... Сөздің әсерін күшейту үшін табиғаттың бұл заңын сөз шығарушылар көп қолданады. Байдың аса байлығын анық көрсету үшін елін кедей қылып көрсетеді. Батырдың халық үшін қандай бәйгеге басын тігетіндігін көрсету үшін өлдім-талдым дегенде көрген шал мен кемпірдің аяулы баласы қылып, оның үстіне байлығын да қоса көрсетеді. Алпамыс, Қобыланды, Сайын – бәрі де байдың жалғыз балалары. ... Сөзді бұлай әсерлеу әдісі түйістіру деп аталады [2: 172-173].

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр.
Қар сүтіне қан тамар,
Қанды көр де бетім көр.

Ақтың ақтығының нағыз күшті көрінетіні қарамен қатар қойғанда. Бұл ақтың ақ болып көрінуінің ең барып тұрған жері. Қара жер мен қарды қатар қоюындағы мақсат – етінің ақтығы қай дәрежеде екенін көрсету. Еттің ақтығы қар мен қара жерді қатар қойғанда қандай анық көрінсе, беттің қызылдығы қарды қанмен қатыстырғанда сондай анық көрінбекші. Сол ақ пен қызыл қатысқан түсті қар мен қаннан артық еш нәрсе көрсете алмайды. Мұны былай келтіріп отырған – ақынның ақындығы.

Ақжүністің Қартқожаққа әуелі жастықтағы күйін айтып келіп, сонан соң барып қартайғандағы күйін айтуы да ақындықтың әлгі әдісі [2: 173].

Дамыту. Пікіріңді сөйлегенде алдыңғы сөзіңнен артқы сөзіңнің қуаты асып отырса, дамыту болады» [2: 174]. Мысалға «Қобыланды жырынан» Тайбурылдың шабысын келтіреді.

Мұнан соң тіл әуезділігінің жағымды болуының шарттары өрнекті сөйлемдер мен өлеңді сөйлемдердің дұрыстығына байланысты екенін тілдік айғақтарды талдап дәлелдейді. Фольклор тіліне қатысты бұл тұстағы пікірлерін тергенімізде, мынадай жайттарды көрсеткенін байқадық:

«Өлеңнің өзі де қазақта екі түрлі болған: бірі әнді болған, бірі мәнді болған. Әнді өлеңнің сөзіне де, әніне де көбірек құлақ салған. Сондықтан әнді өлеңді айтушы әннің ажарлы болу жағына тырысып, сөздің ажарлы болу жағына онша ыждаһат қылмаған, ал мәнді өлеңде жұрттың құлақ салатыны ән емес, сөз болған соң, айтушы – сөздің ажарлы және мағыналы болу жағына көп тырысқан. Сол себепті әнді өлеңнің сөзінен мәнді өлеңнің сөзі ажарлырақ, мағыналырақ болған. Әні басым, мәні кем, ажары аз өлеңге қара өлең деп ат қойып, әні кем, мәні мол ажарлы өлеңге жыр деп ат қойған.

Бұрынғы заманда қара өлең мен жыр екеуінің арасында ажар мен мағына жағынан қандай бөлектік болғаны «Жар-жар» мен «Беташар» өлеңдерінен көрініп тұр»....[2: 187]

«Жар-жарға» қарасақ, оның ішінде ән үшін болмаса, мән үшін керек емес сөздер толып жатыр. Мәселен: «Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар», – деу сияқты сөздер және сол сөздер қайта-қайта айтылады... «Беташарда» ондай артық сөздер аз. Мұнда бір сөз қайта айтылса, орнымен келісті түрде айтылған. «Жар-жардан» гөрі «Беташар» мағыналы, маңызды да. «Беташар» қасында «Жар-жардың» мағынасы сұйық көрініп тұр» [2: 188].

Өлең өлшемдеріне келгенде ғалым фольклорлық шығармаларға тән, соларда жиі кездесетін өлшемдер мен пішіндерді көрсетіп отырады. Олар мынадай сипатта:

«Қазақтың жыр деп ат қойған ескі өлеңдерінің көбі-ақ екі бунақты тармақ болады».

«Қазақтың қара өлең деп атаған ескі өлеңдерінің бәрінде де үш бунақты тармақ болады» [2: 197]

«... ескі жырларда, «Ер Тарғында» бес буынды бунақтар да келеді. Бірақ ондай буындар тармақтың белгілі бір мүшесі сияқты әман келіп

отырмай, бірде болса, бірде жоқ, тәртіпсіз кез келген түрде болғандықтан, оларды тармақтың тұрлаулы мүшесіне санауға болмайды. Олардың ескі жырларда келетін себебі – ескі жырлардың көбінде тап-тұйнақтай таза өлшеу жоқ, солай болған соң жорғағы да дұрыс келмей, айтуға ауыр соғып отырады. Жырлар кесте кескіні жағынан қарағанда нағыз өлең сөйлемдермен жай сөйлемдердің аралығындағы жорға мен жортақының арасындағы жүріс сияқты, сөйлемнің дүрегей күлдібадам түрі. Сондықтан бес буынды бунағы бар өлең деп санауға болмайды» [2: 204].

«Бұрын саны бір тармақтың ішіндегі буын саны қазақта 2 мен 13 арасында болады

Жар-жар – 13 буынды.

Жай өлең – 11 буынды.

Ескі жырлар – 7-8 буынды.

Жаңа ақын, жаңа жазушылардың өлеңінде бұл түрлердің бәрі де болады» дейді де ақындардан мысалдар алып көрсетеді [2: 206].

«Ескі жырлардың ұйқасуы көбінесе тәртіпсіз болады» [2: 207].

Әрине, мұндағы кейбір сипаттамалар (*дүрегей күлдібадам, тәртіпсіз* деген сияқты сөздер) қазіргі ғылыми оқырманға оғаштау болып көрінуі мүмкін, алайда ғылыми стильдің айырым белгілері қалыптаса қоймаған ол заманда мұндай жайттың болуы заңды деп есептейміз.

«Әуезе жайынан ескертуінде» мифологиялық семантиканың генезисін, когнитік-концептілік заңдылықтарын көрсетеді:

«Жер жүзіндегі жұрттардың түбіндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған. Ол уақытта қай халықтың да болса табиғат баурында болып, табиғат тауқыметінде тұрып, табиғат қабағына қарап өмір шеккен. Ол заманда адам табиғат ісіне өзгеше қарап, табиғат күшін өзгеше ұғып, бәріне өзінше мағына берген. Ол уақыттағы адамның санасын, саңылауын шамалап білігіміз келсе, бала күйгк қайта түсуіміз керек. Сонда ғана дәу, пері, жезтырнақ, жалмауыз кемпір тағысын-тағылар жайынан айтылған ертегілерге ойымыз ұйып, бойымыз балқып тыңдайтын дәрежеге жете аламыз» [2: 228].

«... табиғат ісінің бәрін керметке жори берген» [2: 229]

«Адам анайы шағында бала сияқты жанды, жансыз нәрсені айырмаған. Жандысы да, жансызы да бірдей тіршілік ететін, бірдей өмір сүретін сияқты көрінген. ... Табиғаттан ұзап кеткен жері болмаған соң адамның өзі де табиғатпен қатар, табиғатпен жалғас, сабақтас,

өзектес сияқты күйде өмір шеккен, жансыз нәрселерді жанды деп таныған».

Адамның әлсіздігі күшке бағынуға мәжбүр еткен. Осы себептен «адамнан қадірлеп, құдайдай көретіні батырлар болған». [2: 230]. Оларды осы себептен жыр қылған. Әр жыршы қиялы жеткенше көркейткен. Ғалымның «Әдебиет танытқышында» осы мәселе егжей-тегжейлі мазмұндалады. Фольклордағы мифологиялық сипаттарды зерттегенде бұл мазмұндардың маңызы ескерілуі қажет деп санаймыз.

Сонымен, А. Байтұрсынұлы еңбектерінде фольклор тілінің жалпы сипаты ескерілгенін, ғалымның тілдік айғақтарды демонстрациялық материал ретінде ғана емес, талдаудың арнаулы нысаны да еткенін, фольклор тілінің өзіне тән функциясы да ескерілгенін байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» кітаптары». // Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – Б. 11-235.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989.
3. Қасқабасов С. Шығармалары. – Т. 1. Жаназық. *Әр жылғы зерттеулер.* – Астана: Фолиант, 2011.
4. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек. // Байтұрсынов а. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991.

КОММУНИКАЦИЯ КЕЗІНДЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР КЕШЕНІ - КӨРІНІСТІК-ҚИМЫЛДЫҚ ОЙЛАУ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ

Б. МОМЫНОВА,
Филолог. ғыл. докт., профессор,
А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі
институты. Алматы қаласы.

Қандай да бір ой мазмұны өзгеге толық жету үшін кейбір сәттерде таза тілдік құралдардың толыққандылығы мен мүмкіндігінің аздық ететіні олардың элиминацияға ұшырауынан сезіледі, сондықтан сөйлеу кезінде элиминация жүзеге асқан сәттен экстралингвистикалық құралдар іске қосылады. Осы мезеттен бастап

белгілі бір іске асуға тиісті тілдік актінің нақтылығы артып, айқындала түседі. Ал лингвокреативтік ойлау жүйесіне сәйкес сөз-ұғыммен бірге формалар да жасалады. Әрбір сөйлеушінің яки коммуникатордың тілінде, сөзінде нақты бір сөздің көмегінсіз тыңдаушыға жететін, іс-әрекетті жүзеге асыру барысында жасалатын қимылдар, бет-пішін өзгерістері болады. Бұл - ойдың іс-жүзіндегі көрінісі, ойдың практикадағы көрінісі, практиканың жемісі. Сондықтан ым да, ишарат та, дене қимылдары да – бәрі де ойлаудың нәтижесі болып шығады.

Тіл мен ойлау, сөйлесу процесі де – бір-бірімен өзара байланыстағы категориялар. Бұлардың бірлігі ойлаудың көріністік-қимылдық формасы саналатындықтан, практикалық ойлау түріне жатады. Практикалық ойлау деп тікелей практикалық іс-әрекетке кіріктірілгендіктен, іс барысында көрінетіндіктен солай аталады және ол тікелей жеке мәселелерді шешуге бағытталады, сондықтан бұл ойлаудың түрін **көріністік-қимылдық ойлау** формасы деп атау қалыптасқан. Мысалы: Қара мұрт Ақбілектің жан жарасын әлде көзінен оқып білді ме, әлде басқа бір сезім кернеді ме, кім білсін, жирен сүйем деп тағы кезеніп, Ақбілек *сырт беріп тыжырынып еді, ашуланған адамша анаған ажырая қарап, бірдеме деп шорт кесті.*

Жирен орыс та қыңбады, *ежірейіп, басын сілкіп*, бірдеме деп тастады. Бірақ енді қайта сүйеге қызға ұмтылмады. Өзгелері үндемей шылымдарын тартып болып, тысқа шығып кеткенде, қара мұрт Ақбілекке жылы қарап, бір күрсінді де, жирен орысқа әлгідей емес, *жайраңдап сөйлей бастады. Алғашқы кезде нәресте шақырғандай, алақанын қармай, мойнын бұлғай, көзін тұнжырата, ернін шошайта сөйлеп, жирен орыс басын шайқап болмаған соң иығын қысып, көзін тікірейте, ернін кезерте, ызбарлана сөйледі. Арс-ұрс еткен иттерше, бірін-бірі қауып алғандай болды. Келте-келте жауаптасып, жұдырықтарын білесіп, қара мұрт өңі сұрланып шығып кетті.* Ол кеткен соң жирен орыс та құшырланып, күнкілдеп, боқтаған іспетті болды да тысқа шықты (Ж.Аймауытов. Ақбілек.). Осы әрекеттерден тұтас бір эпизодтық көрініс шығады, ал қарап немесе бақылап, көріп тұрған адам болса белгілі бір ойға келеді, аталған қимылдарға қарап тұрып өзіндік тұжырым жасайды: қыз жаратпай тұр, оның жаратпағаны *тыжырынудан* байқалады, қара мұрттың *ажырая қарауы* – ашулана бастағанның белгісі, шорт кесе сөйлеу кезіндегі ашу белгісін адамның тоны да, дауысының дірілі сездіреді. Ал екі ер адамның бір-бірімен келісімге келе алмағаны

ишараттарынан, бет-пішіні арқылы жасалған ымдарынан көрініп тұр: *алақанын қармай, мойнын бұлғай, көзін тұнжырата, ернін шошайта сөйлеу* – диалогқа шақыру деп түсінуге болады; ал жирен орыстың басын шайқап болмағаны – көнбегенін, келісімнен бас тартқанын білдіреді; кара мұрттың иығын қысып, көзін тікірейте, ернін кезерте, ызбарлана сөйлеуі – ашуға ашумен жауап бергенін көрсетеді. *Арс-ұрс еткен иттерше, бірін-бірі қауып алғандай* болса – коммуниканттардың дауыс тонындағы ызбарлы ноталар болғанын білдіреді, бұл - кетіскендіктің дәлелі. *Жұдырықтарын білесуі – бір-біріне доқ көрсетуі, ал өңі сұрланып шығып кеткен қара мұрт* – бір нәрсеге бекінген, ашуға бой алдырған адамның кейпі. *Жирен орыстың құшырланып, күңкілдеп, боқтауы* – сөзін түсінбесе де ашулы екенін бақылаушы тарап (Ақбілек) оның дауыс ырғағынан, бет-пішіні мен ишараттарынан сезінеді, ал талас нысанына көңіл бөлмей басқа нәрсеге көбірек *алаңдай бастағаны* далаға *шығып кету қимылынан* байқалады. Бақылаушы тарап осылайша бағалайды. Бұл жерде орыс тілін білмейтін, орыс сөзін түсінбейтін адам (Ақбілек) олардың қимыл-ишараттарына, үн ырғақтарына қарап қана екі адамның жараспай тұрғанын, ашуға бой алдыртқанын сезіп тұр. Яғни екі адам арасындағы қатысымның негативті сезімге тұнып тұрғанын сөз араласпаса да қимыл-көріністен-ақ түсінікті болады, сондықтан бұл сияқты суреттерді **көріністік-қимылдық ойлау** деп атау керек.

«*Көріністік-қимылдық ойлау* практикалық ойлаудың қарапайым формасы, бұл ойлау түріне түрлі элементарлық практикалық тұрғыдан қарапайым мәселелерді шешу жүктеледі», - дейді бұл турасында Б.А.Серебренников [1,С. 194-195]. Осы пікірге қарағанда, сөз болып отырған ым-ишараттар да түптеп келгенде прагматикалық-практикалық ойлаудың тікелей нәтижелері болып шығады. Ал бұларды коммуниканттардың ойланып жатпай, еріктерінен тыс пайдаланатыны мысалдан байқалады, тіпті саналы түрде пайдаланса, пайдаланудағы мақсат – ойды нақты жеткізу, ойды жеткізуде қолайлы, ыңғайлы амалдарды пайдалану, сол арқылы жан дүниені сезім-күйді қасындағыларға түсіндіру, сездіру.

Сондықтан, тілден тысқары құралдардың сөз үшін, сөйлеу тілі үшін маңызы ерекше, олардың тілдік қатысым барысындағы функционалдық қызметі жоғары бағаланады. Ендеше: «Паралингвистика – тілдік жүйе есебінен қалыс қалған қалдық емес, керісінше, сөйлеу жүйесінің функционалды, жекелей алғанда әрбір

нақты сөйлеу қатысымындағы айрықша релевантты компоненті» екені дау тудырмайды [2, С. 17-23].

Тілдік қатынаста тілдік емес коммуникативтік құралдар негізгі қызмет атқармайтыны айтылды. Бірақ тілдік емес элементтердің адамның ойын жеткізуде өзіндік орны бар, ойды тілдік қатысым мүшелеріне түсіндіру барысында адамның ерік-ырқына тәуелсіз түрде, ырықсыз түрде бейвербалды амалдар немесе тілдік емес көмекші амалдар іске қосылып кетеді. Осы көмекші амалдар тілге қалай жақындайды? Оны мына пікірден байқауға болады: “Олар шығу тегінің әрқилы болуына қарамастан, өздерінің қызметіне байланысты тілге жанасады, тіл оларды пайдаланады және олар тілдің көмегімен декодталады» [2, С. 19].

Сондықтан барлық паралингвистикалық құралдар өздерінің материалдық тегі немесе жасалу жолына қарай емес:

а) коммуникативтік актідегі атқаратын қызметі мен

ә) актіге кірігу тұрғысынан,

б) ақпаратты, ойды жеткізуіне байланысты және

в) коммуникативтік функциясына қарай - негізгі қызмет атқаратын тілдік құралдарға ұқсас болып келеді. Осыған байланысты оларды тілдік құралдармен деңгейлестіре отырып зерттеу керек және олар адамзат үшін вербалды элементтер сияқты тілдік қасиеті көрініп тұратын, сапалы элементтерге жатады.

Келесі ерекшелік паралингвистикалық құралдардың бір сәттік тілдік қатысым үшін маңызды коммуникацияның компоненті болуымен байланыстырылады. Ал келесі дәйексөз жоғарыда айтылған осы мәндес ойды жетілдіре түседі: “Коммуникацияға қатысатын тілден тыс құралдар, яки паралингвистикалық шарттар, тілдік қатысымға кірігеді. Бұл мағынасында паралингвистикалық аспект қарапайым экстралингвистикалық фактордан әрбір нақты жеке қатысымдағы, коммуникативтік актідегі нақты бір сәтті анықтауымен, яғни нақты бір синхронды уақыт кесіндісінде ғана күшті мән алуымен ерекшеленеді» [2, С. 17-23]. Сөз дәлелді болу үшін мына бір эпизодқа көңіл аударып көрелік:

«Тұрай бәйбіше соншалық сұлу, аппақ тісін аз ақсита күліп:

- Айналайын Өтеп, қорқа көрме! Скрипкаң, әсіресе, қорықпасын!

Біз өзіміз де соны көріп, тыңдағалы келдік. Қайсың едің жаңағы жақсы үнмен осы ауылды түгел тебіrentкенің! Әбіш қалқам, сенсің бе? Тартшы інім!- деп, бір жағынан әзіл ете және өзі әмір ете сөйледі.

...Қазір Тұрайдың сөзінен соң, Өтегелді орнынан қозғалып жүгініп отырып алып:

- Ал, ендеше алақай! Анам ойна деді. Кел, балалар, тағы ойнайық, тағы да әлгі тәттімізді тартайық! – деп Әбішке қарап, **скрипкада ойнаудың белгісін, шапшаң қозғалыстармен жасады да, үйдің ішін тегіс күлдірді**» (М.Әуезов. 20 томдық шығ. жинағы.). Үзіндідегі скрипка ойнаудың белгілерін жазушы суреттемесе де ишаратпен жасалғанын және оның сол бір коммуникативтік жағдаятта түсінікті екені байқалып тұр. Бұл өз орнымен орындалған ишараттың коммуникацияны нақтылай, анықтай түсуінің көрінісі.

Келесі мысалдағы: «Атсаң ат, басымды кесіп, әкемнің басының қасына көм!» дегенді ол **ымдап, қолымен тамағын бауыздағандай осқылап, қайтадан басын көрсетіп**, кәдімгі мылқау болды да қалды (Бақбергенов С. Бөрте – Шыңғысханның жұбайы) нақ осы ишаратты басқа бір коммуникативтік жағдаятта пайдаланса, мүлде түсініксіз болар еді, тіпті қарама-қайшылықты жағдай тудыруы да, ғажап емес.

Мына бір мысал да айтылған пікірді нақтылай түседі:

- Е, сыртта жүрген балаларды қайдан білейік. Біздің жолымыз былай сызулы, - деп мысық мұрт саусағымен **ауаны сызып, сынық сызық жасады** (Қазыбеков Н. Ағайын.). Тағы бір жағдаятта ишараттың орындалуы сұранып тұрғаны көрінеді: Көзі алақтап қайта тұрғанда, «енді ұрма» дегендей **ишарат белгі берді** (Бақбергенов С. Бөрте – Шыңғысханның жұбайы). Бұл мысалдағы ишарат белгінің берілуі және ол белгінің не үшін берілгені, қалай орындалғаны, білдіретін мағынасы, нені меңзейтіні нақты осы контексте ғана ашылып, аталған коммуникативтік жағдаят барысында ғана анық, мәнді болып тұр.

Ымның да, ишараттың да қалай орындалғанын автор суреттемегенмен, **ым** сөзінің өзін, **ишарат** сөзінің өзін айту//жазу арқылы белгілі бір ым, ишараттың орындалғанын жай ғана атап өтетін жағдайлар көркем шығармаларда, публицистикалық материалдарда орын алады және нақты бір уақыт кесіндісінде ол түсінікті болып шығады:

- Үндеме, сөздің бәрі пісіп жатыр! – деп, бұлар тоқтасқанда, енді аңғарса, Рақыштар **ымдап шақырған** тағы бір үш-төрт болыстың бәрі Дәрмен мен Баймағамбетті сыртынан қоршап алыпты (М.Әуезов. 20 томдық шығ. Жинағы. 5-том. Абай.-383-б.). Мұндағы ымның қандай ым екенін жазушы сипаттап бермесе де, **шақыру ымының** орындалғанын ішкі сезіммен, инерциямен оқырман сезініп отырады, қимыл суреттелмегенмен, қандай да бір болмасын шақыру қимылдары орындалғанын және олардың мәнін түсінеді.

Ол жігіт жүзіне ризалықпен назар салып, **«айта бер, тыңдап отырмын»** дегендей **сәл басын изеп, ишара жасады** (Сегізбайұлы К.

5. Сикалиев А. Оьмирлердинь давысы. Революциядан алдынгы ногай литературасы [Текст] //Труды. Вып. VI. Сер. Филологическая /А. Сикалиев; Карачаево-Черкесский НИИ экономики, истории, языка и лит. – Черкесск, 1970. – С. 105-125. Ногайский яз.
6. Суюнова Н.Х. Ногайская поэзия XX века в национальном и общетюркском историко-культурном контексте [Текст] /Н.Х. Суюнова;

Карачаево-Черкесский ин-т гуманитарных исследований. – М.: ИМЛИ РАН, 2006. – 253 с.

7. Ярлыкапов А.А. Ислам у степных ногайцев [Текст] /А.А. Ярлыкапов; Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая. – М., 2008. – 265 с.

ТАҢЖАРЫҚ СУРЕТТЕГЕН ІЛЕ ТАБИҒАТЫ

С. ЫСҚАҚҰЛЫ,

филология ғыл. канд. ҚХР Іле педагогикалық университетінің доценті. Құлжа қаласы.

Таңжарықтың қай өлеңін оқысаңыз да, көркем Іленің сұлу табиғаты менмұндалап тұрады. Ақын халықтың көңіл-күйін, қуанышы мен жұбанышын табиғаттың ішкі иірімдеріне сіңіре отырып, оны өзінің туған жерге, өскен елге деген терең сүйіспеншілігімен ұштастыра жырлайды.

Академик Р. Нұрғалидың Ілияс Жансүгіровтің табиғат лирикасын талдау барысында “Ілиястың пейзаж лирикасының ішіндегі еуропалық үлгілерге ұқсамайтын, ұлттық бояуы айрықша қанық, қазақ тілінің бейнелеу қуатының керемет қуатын көрсеткен, ерекше бітімді, стильдік-көркемдік тұрғыдан бірегей туындысы – “Жетісу суреттері” [1, 481-482 бб.], – деп жазғанындай табиғат лирикасында Таңжарықтың талғам-талантын танытарлық, шоқтығы биік шығармасы,

Байқасаң Іле жердің ортасындай,

Егерде дене болса қолқасындай.

Тауы алтын, тасы күміс, ағашы жез,

Сулары еркек қойдың сорпасындай, –

деп айрықша ықыласпен суреттеген құтмекен – Іленің көркем табиғатын кестелеген “Іле сипаты” атты туындысы ең тамаша лирикалық толғауы деуге болады. Ақын өлеңдерін бір тау тізбегі десек, оның көк тіреген шыңы осы өлеңі деуге болады.

Ілияс суреттеп отырған Жетісу да, Таңжарық жырлап отырған Іле де шекаралас екі мемлекетке бөлініп қалғаны болмаса, бір аймақ, бір өлке екені белгілі. Таңжарық өлеңмен суретін салған Іле де – жер

жанаты аталған Жетісудің бір бөлігі. Бір-біріне жалғасып жатқандықтан жер бедері де, табиғат көрінісі де бірдей болуы себепті екі ақынның суреттеуінде де ұқсастық, сабақтастық болуы заңды. Бұл жағынан Ілиястың табиғат лирикасымен үндестігі бар екеніне жарқын мысалдар көп. Алайда екі өлеңдегі ұқсастықты, үндестікті кейінгісі алдыңғысын қайталау емес, керісінше бір өлкені, ондағы табиғат көрінісін суреттеудегі жалғастық, бір-бірін толықтыру деп түсінуіміз керек. Қанша ұқсастық бар дегеннің өзінде сөз қолданыс, ұйқас түрі, бейнелеу тілі, суреттеу тәсілі жағынан Таңжарық өзіндік қолтаңбасын таныта білген. Оның өлеңдерінде табиғаттың көркем көрінісі соншалықты дәл, жарасымды, сәйкес бояулармен кестеленеді. Өздерінің туып-өскен балалық, жігіттік, азаматтық шақтарын өткізген, зары мен мұңы, күйініші мен сүйініші, қуаныштарының куәсі болған туған жер табиғаты екі ақынды да тебіrentпей, жүректерін тербемей қоймаған.

Ілияс Жансүгіров “Жетісу суреттерінде”:

Ыстық көл– жер айнасы мөлтілдейді,

Балқашты қамыс қамап желкілдейді.

Аттанған алты өзені Жетісудың

Балқашқа бауырымдап еңкілдейді,—

деп немесе

Қарқара қалың қазақ көбесіндей,

Албанның албырт-ерке енесіндей.

Қарағай қапталдағы, жыныс арша,

Қыдырлы малдың құтты келесіндей.

Текестің көкке өрлеген тік қиясы

Сымпиып сол маңайдың төресіндей.

Мың жылқы мышырая жантайысқан

Өзгесі жүгініскен төрешідей.

Былшықай, Бесжырғалаң, Түптің түрі

Қатықтың жаланбаған тегешіндей.

Қарқара жарасымды жасыл жайлау

Үй – күлше, құрттың жайған өресіндей, –

деп Жетісу аймағына кіретін географиялық мекен, өзен мен көл, тау мен жота, шың мен қия, жайлау көрінісі, сыр-сипаты, өзіне тән ерекшелігі нақтылана суреттелсе, Таңжарық “Іле сипатында”:

Шетен тұр қатарында былқ-сылқ етіп,

Байлардың жаңа өспірім мырзасындай.

Күбірлеп жапырақтар қылады өсек,

Бұлардың жайын білген сырласындай.

Немесе

Тұнжырап түсі суық ұшпа тастар,
Шапаны– арша болып, жалбыр астар...
Итмұрын итиіп тұр сөз аша алмай,

Өмірі қапалықтан көз аша алмай,—деген тәрізді орман ағаштарын, тау-тасты, өсімдік әлемін адам келбетіне келтіре, жан бітіре бейнелейді. Ілияс та, Таңжарық та өздерінің кіндік қандары тамған өлкенің тау-даласын, өзен-көлін, орман-тоғайын, тас қиясы мен майсалы жазығын, жер бедерін, жабайы аң мен жан-жануар әлемін ерекше сезіммен жырлайды. Ондағы өсімдік дүниесін, қарағай мен қайыңның, тобылғы мен тораңғының, шетен мен шеңгелдің, арша мен ырғайдың, итмұрын мен қарақаттың, рауғаш пен таңқурайдың, бүлдірген мен жауқазынның табиғат аясында өскен халықтың өкілі ғана жіті аңғара алатын қасиеттерін аша, сұлулыққа толы табиғат ананың мейірбан кейпін, көркем көрінісін жасай білген.

Біз ақынның табиғат лирикалары мен ауыл өмірін суреттеген өлеңдерін оқығанымызда, одан Іле сынды гүл жамылған сұлу өлкенің жанды да әсем табиғатын көрсек, сол табиғатқа етене араласып, біте қайнасқан қазақ халқының өз тұсындағы тамаша тұрмыс өрнегін көре аламыз. Қысқасы, Таңжарық шығармалары – қазақ халқының сол бір дәуірінің жанды картинасы әрі Іле табиғатының айнасы. “Әдебиетіміз тарихында бұрын-соңды Қытай қазақтарының бір дәуірлік кешулерін, тұрмыс-тіршілігін, сахара табиғатын, салт-санасын, мәдениетін, этнографиясын бәр-бәрін Таңжарықтай шыншылдықпен, терең толғаныспен, қайталанбас даралықпен жырлаған ақын болған емес...” [2,135 б.], – деген пікір орынды сияқты.

Тоқ сенде, семіз сенде, арық сенде,
Күйзеліп, күйбең қағып күн өткізген,
Дүниеде күйсіз жүйрік анық сенде...
Осы жеткен ісіне бойы жетпей,
Айрылған асығынан зарлы сенде.

Бұнда да бүтіннің орнына бөлшек, жалпының орнына жалқы қолданылу арқылы, ауысып келген заттың уәкілдік сипаты, образды ерекшелігі дараланып, тілі көркемдетілген. Мазмұн нақышталып, сезімдік бояуы қоюлана түскен.

Ілені көрмеген оқырман ерен суреткерлікпен жазылған “Іле сипатын” оқығанда, гүлге оранған Іленің көркем табиғатына таңданбай, тамсанбай, тәнті болмай тұра алмайды, бейне Іле

аңғарына барып қайтқандай сезімге кенеледі. Демек, бұл өленді Іленің поэтика тілімен салынған географиялық картасы десек те болғандай. Поэзия тілімен осындай жанды да жалынды сурет салу тек Таңжарықтың қаламына тән. Ендеше өлең шумақтарына зер салып көрейік.

Іленің тауы биік, ені жалпақ,
Жамылған жасыл көрпе, баста ақ қалпақ.
Жіберіп екі бұтын екі жаққа,
Көсіліп жатыр жайға, кеуде шалқақ.

Мұнда ақын екі жағы екі үлкен тау тізбелерімен қоршалған Іленің табиғи көрінісін суреттеп, етегі көкорай шалғын, қалың орманмен көмкеріліп тұрған, басын мәңгі қарлар мен мұз қаптаған Тәңіртауының айшықты образын жасайды. Жансыз табиғатқа адамға лайыққимыл-қозғалыс бере психологиялық кейіптеу тәсілін қолданады. Бірде жасыл көрпе жамылып, ақ қалпақ киіп, аяғын еркін көсіліп, кең кеудесін шалқақ ашып жатқан қазақ жігітіне баласа, енді бірде:

Жамылған түлкі ішігін бәйбішедей,
Шынтақтап жатыр көлбеп, төсін ашып.
Қалқайған қасындағы қара шоқы,

Отырған баласындай етін қасып, – деп түлкі ішігін жамылып, шынтақтап жатқан немесе немерелерін айналасына жиып алып, арқасын қасытып, соны рахат көріп, үрім-бұтағын мақтаныш сезініп, шүкірлік етіп, ауылға ұйытқы болып отырған мейірімді анаға теңейді. Бұл суреттеуден ақынның туған жерге деген терең сүйіспеншілігі, сағынышы мен ыстық ықыласты лебі аңқып тұр, келесі жолдарда кескіндеу, қимыл-әрекет, сезім қуаты басым:

Жартаста жалбыраған жапырақтар,
Жалаудай жалпылдайды қойған асып.
Сылық етіп, сүзе қарап, күлімсіреп,
“Қылық-қылық” деп суы жатыр жылжып басып.
Шым батып, шымыр қағып, шыр айналып,
Көбігін езуінен шетке шашып...

Міне, бұл – сөзбен салған сурет. Бүк басқан ну орманды жартастарда жалаудай жалпылдап тұрған жапырақтар, тау баурайында сынаптай сырғып жатқан мөлдір бұлақтар, ондағы топ-тобымен серуендеп асыр салып жүрген балықтар қатарлы үлкенді-кішілі деталдар осы ортаға тән тамаша жарасымдылық пен үйлесім ақынның жүйрік қаламынан қағыс қалмаған. Әрі әдемі келісім тауып

бейнеленген. Мұндай жасыл пүліш, жұпар гүлдерге бөленген айнакөл, асау өзенді мекенге адам ғана емес, алуан түрлі жануарлар да таңдап келіп тұрақтап, өсіп-өркендеп, өз алдына бір көрік қосатындығы табиғи. Ақын енді бір кезекте құстар дүниесін суреттеп:

Мамырлап жағасында аққу мен қаз,
Жақтырмай жақындасаң қыңқылдасып.
Балпаңдап үйрек пенен сары ала қаз,
Ұрысқан кемпір-шалдай мыңқылдасып.
Таранып қанаттарын қарабайлар,
Күрсініп, науқас шалдай ыңқылдасып.
Әскердей мәрш ойнаған сап-сап болып,
Көкқұтан, тырна көлде сыңқылдасып...
– дейді.

Бұданкөрікті табиғатқа адам емес, жан-жануардың да бауыр басып, өзгеге қимастай терең махаббат орнататындығын байқаймыз. Іле өзені және оның тармақтары бойында тек аққу мен қаз ғана емес, үйрек, сары ала қаз, қарабай, көкқұтан, тырна... қатарлы көп түрлі құстар әр алуан дыбыспен бірі шал-кемпірше сөйлескендей, бірі науқас адамдай ыңқылдап, неше қилы әуендермен өз алдына бір дүние болып үндестік тауып көрсетіледі. Бұндай табиғи сұлулық төрт тұрманы сай Іле сияқты мекендерде болады. Кез-келген жерде бола бармейді. Ақын осыны мақтанышпен жыр етеді.

Өлеңнің ендігі бір бөлігінде Іле өзені мен оны құрап, оған құйып жатқан тарауларын:

Іленің басы Күнес жылжып аққан,
Сарқырап құйған бұлақ әр тараптан.
Қасында Шақпы деген бір тарауы,
Ағыны артығырақ шапқан аттан.
Қас деген сол жағында бір сіңлісі,
Баладай асау мінген жалбаң қаққан.
Жырғалаң, Көксу, Текес оң жағында,
Текіртіп мас адамдай атқа шапқан.
Қосылып бәрі келіп бір Ілеге,

Аптығын сонда басып, тыным тапқан ,–
деп Іленің сабырлы ағатын негізгі тұлғасы – аптығып шапқылайтын бұлақтар мен өзеншелерден құралатындығын бір қырыннан әдемі етіп, жанды бейнеде суреттейді [3,27 б.].

“Іле сипаты” – бастан-аяқ төгіліп тұрған сөз маржаны. Ізгілік пен сұлулыққа бөленген, көркем теңеулердің алқасы.

Өлкесі бәйбішенің денесіндей,
Мұхиттың кеудесі бар кемесіндей.
Барлығын бауырына алып, тұр тербетіп,
Өсірген өз қолымен енесіндей.
Екі тау – екі жақта білегіндей,
Аспанның ағаштары тіреуіндей...

Мұндағы тізбектелген теңеулер ақынның буырқанған сезімінен, толқын атқан қиял қанатынан, көрікті ойдың елегінен, дария көңілінен, толғауы тоқсан қызыл тілінен сорғалаған. Толғауда тұтас Іле өңірі адам денесіне ұқсатылады. Одан соң соған жалғас ілгерілей түсіп, Іле алқабындағы тау мен дала, жоталар сол адамның дене мүшелеріне келісімді теңеліп, біртұтас тұлғалы бейне қалыптастырады. Бұл тек теңеулік тәсілдермен бейнеленген көркем көрініс қана емес, **кейіптеу, эпитет, әсірелеу (ұлғайту, кішірейту)** формасына келтірілген неше түрлі көріктеудің тоғысуынан туған алып адам тұлғасы екені айшықты образымен айқын білініп тұр.

Бестөбе, Бестамақтар – бүйрек, бауыр,
Қатесіз Аралтөбе – жүрегіндей.
Көк көрпе жатыр бойға өлшенілмей,
Есептің бұлақтары бөлшегіндей,
Көрінген көк жазықтан көк төбелер –
Бұлтиған жас қыздардың емшегіндей... –

деп теңеу дәнекерлігінде тауды білегіндей, Аралтөбені жүрегіндей, бұлақтарды есептің бөлшегіндей, жоталарды жас қыздың емшегіндей деп мейлінше кішірейтіп әсірелеп тұр. Демек, “Іле сипатында” Іленің бүкіл жер түзілісін, табиғатын, байлық қайнарын жағрафиялық картаға ұқсас көз алдына жайып салады. Көрініс пен көңіл-күй нақты қабысқан, кейіптеу мен теңеу орынды қолданылған, психологиялық мінез бен қимыл-әрекет әдемі астасқан табиғат лирикасын тудырған.

Таңжарық – нені суреттесе де, жеріне жеткізіп, жан дүниені күшті ықпал етерліктей, айрықша талғампаздықпен, табиғи әрі образды етіп бейнелейтін суреткер ақын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғали Р. Арқау. – Алматы: Жазушы, 1991. 2-том. – 576 б.
2. Ахметов О. Сөнбес алау //Сөнбес алау. – Күйтің: Іле халық баспасы, 1994. – 322 б.

3. Тұтқабекұлы Ж. Іле сипатына талдау // Іле педагогикалық институты ғылыми журналы. – 1988. – № 1.– 36 б.

ЖАЛАЙЫР ЭТНОНИМИНЕ ТАЛДАУ

*Т. ТҰРСЫНӘЛІҰЛЫ,
ҚХР Іле педагог. институты
филология факултеті. Құлжа
қаласы.*

Қазақ халқын құраған әрқайсы ежелгі ру-тайпалардың тарихы қазақ ұлтының ертедегі тарихының құрамдас бөлімі. Қазақ ру-тайпаларының тарихын, әсіресе ертедегі тарихын білу мен оны тереңдей зерттеу қазақ ұлтының ілкі тарихын, мәдениетін, тілін түсіну мен зерттеуде ерекше маңызға ие. Біз сөз етпекші болған Жалайыр тайпасы – дәл осы тұрғыдан ерекше талқылап-зерттеуге татитын, Қазақ халқын құраған көне тайпалардың бірі.

Тарихи жазбалардан Жалайыр тайпасының Моңғұл үстемдігі мен одан бұрынғы кездерде терістікте, кейіндеп Орта Азия өңірінде дәурендеген күшті тайпалардың бірі болғандығын аңғарамыз. Мұңғұл үстемдігі кезінде Жалайыр тайпасы мұңғұл қосынымен бірлікте Мұңғұл империясының әрқайсы жеріне шашырай орналасады. Елхандар хандығы ыдыраған соң, Жалайырлар күшейіп 1330 жылдары Ирақ, Батыс Иран және Әзербайжан өңірлерінде әйгілі Жалайыр хандығын құрады. Жалайыр хандығы 14-ғасырдың соңындағы Әмір Темірдің жойқын жорығында қысқа мезет үстемдігін жойса да, Әмір Темір өлімінен кейін қайтадан үстемдігін орнатады. Соңынан 1430 жылы Қара Қойлылар хандығының құрамына кіреді. Қазіргі күнде, Қазақ, Өзбек, Башқұрт, Моңғұл, Бұрыт секілді ұлттардың арасында Жалайыр атымен аталатын тайпалар бар.

Жалайыр атауы мен төркіні туралы ең әуелі төл әдебиетіміз бен тарихи зерттеулерімізден бастап сөз қозғар болсақ, қазақ арасында кеңінен тараған шежіре-аңыздарымызда, тіпті жақынғы кездегі кейбір әдеби жазбаларымызда Жалайыр этнонимі жөнінде қызықты деректер кезігеді. Онда: «Жалайырдың шын аты – Жансақал (немесе Жанпоз), өзі батыр, балуан адам екен. Аңшылыққа шыққан бір сапарында құланның үйіріне кезігіп, Оны қуып жеткен ол, айғырының кекілінен ұстап тоқтатпақ болғанда ілгері тартқан

айғырдың жалы сыдырылып шоқтығына жетеді. Осыдан кейін, Жансақал «жал айырған» яғни «Жалайыр» атанып кеткен»[1] - деп жазылып жүр. Жалғыз Жалайыр тайпасы емес, Қазақ шежірелерінде жалпы Қазақ құрамындағы ежелгі тайпалардың тегін тектеуде ылғи да бұл тайпаның бір ғана Қазақ ұлты емес басқа да ұлттар құрамында болуына қарамастан, Оны жеке бір адамнан тарату әдет болып қалыптасқан. Бізше бұндай көзқарас – өте жадағай, шындықтан бұрмаланған, ғылымилықпен отаспайтын пікір. Қойшықара Салғараұлы: «Бұл әрине, этнонимнің халықтық этимологиясы. Шын мәніндегі «Жалайыр» атауының шығу төркінін ғылым әлі анықтаған жоқ»[2] – деп атап көрсетеді.

Жалайырдың төркіні жөнінде «Қазақтың Қысқаша Тарихында» Қазақ совет энциклопедиясындағы деректер бойынша: «Жалайыр тарихы жайында ғалымдардың негізгі сүйенері – Қадырғали Жалайырдың «Жамих Ат-Тауарих» атты еңбегі. Автордың шыққан тегі Жалайыр болғандықтан, Оны Оғыз ханнан бастап Шыңғыс дәуіріне дейін жеткізген. Жалайырлар Оғыздың Дулұ, Чүмугүн руларымен бірге Түрк қағандығының құрамында болған» [3] - деп жазылған. Біздің қарауымызша Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» жалайыр тайпасын емес, Қайта Шыңғыс хан шыққан боржігін тайпасын Оғыз ханнан бастап Ондан Сұлтанның ұлы Оразмұхаммет ханға дейін жеткізген, Жалайыр жайлы өте аз тоқталған. Ал, Жалайырдың Оғыздың Дулұ, Чүмугүн руларымен бірге Түрк қағандығының құрамында болғандығына келсек, аталған кітап пен энциклопедияда бұл пайымдау жөніндегі нақты фактілер мен сенімді дереккөздері ортаға қойылмаған немесе егжей-тегжейлі түсіндірілмеген. Сонымен бұл пайымдаудың да ақиқаттығы бізге еріксізден күдік тудырады.

Жалайыр этнонимі әсте «жылқының жалын, жаудың жағын айырған» деп жай ұйқастыра салғандай оңай болмаса керек. Жалайыр этнонимі әлі де иланымды лингвистикалық және тарихи ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Қойшығара Салғараұлы Жалайырлардың төркіні жөніндегі бұрынғы-соңғы тарихшылардың көзқарасын былайша жинақтайды: «Ғылымда Жалайырлардың тегінің кім екені жөнінде талас көп. Олардың бір тобы: Рашид-Ад-Дин, Махмұт Қашқари, Жувеини, В.Бартолд, Ш.Уалиханов, Г.Е.Грум-Гржимайло және басқалары Жалайырды Моңғұл тілдес халық десе, Н.А.Аристов, Н.Румянцев, Н.А.Абырамов, С.Аманжолов, В.В.Восторов, М.С.Мұқанов және басқалары Түркі тілдес халық деп дәлелдейді» [4].

Ертедегі Жалайыр тайпасының тарихын зерттеумен айналысып жүрген еліміздегі Моңғұл тарихшысы Шие йұңмей доктордың ең жаңа зерттеу еңбегінде ел-іші сыртындағы бұрынғы ортаға қойылған Жалайыр тайпасының төркіні туралы көзқарастарды төмендегідей үш түрге топтастырады: (1) Моңғұл Алтын ұрығымен, яғни Боржігін тайпасымен тектес тайпа, (2) Ақ Татар тайпасы, (3) Түркі текті тайпа [5]. Осындағы алдыңғы екі түрлі көзқарасты бүкілдей теріске шығаруға болады. Өйткені, ең әуелі, Жалайыр тайпасының Боржігін тайпасымен тектес тайпа еместігі анық. Ақ Татар тайпасына келсек, Ақ Татар ертедегі Оңғұт тайпасына қаратылған атау екендігі де дәлелденіп болған. Ал, Жалайырлар Түрк текті тайпа деген көзқарасты Шие йұңмей доктор былайша теріске шығарады: Франция оқымыстысы Рене Грусет – Жалайырлар тегінде Түрк тайпалары еді, Кейін Қайду хан бойсұндырып алған соң Моңғұлдарға қосылған деп қарайды. Рене Грусет «Сахара Имперясы» атты кітабында бұл көзқарасының Д.Оссанның «Моңғұл Тарихы» кітабынан алынғандығын байқатады. Ал, Д. Оссан Рашид-Ад-Диннің «Жамиғ-Ат-Тауарих» кітабындағы «Жалайырлар қазіргі күнде Моңғұл атанған Түркі тайпалары» – деген деректеріне негізделгені айдан анық. Өйткені, Рашид-Ад-Дин көбінде төркіндері ұқсас болмаған Орта Азя көшпенді тайпаларын жалпылай Түрк тайпалары деп атаған. Тіпті, Ергунакүннан шыққан кейбір Моңғұл тайпаларын да Түрк сахара тайпалары деп атаған. Сондықтан, Рашид-Ад-Диннің түсінігіндегі «Түрк» сөзі - этностық және тілдік жақтағы қолдану емес, қайта «көшпенділер», «сахара тайпасы» деген кең мағынада қолданған сөз [6].

Шие йұңмей доктор жоғарыдағы үш түрлікөзқарасты бүкілдей теріске шығарып, Жалайырлар - ертеректе батысқа жылжыған Шығұй-Татар тайпалары болуы керек деген ойын ортаға қояды. Еліміздегі Моңғұл-Юан тарихын зерттеушілер негізінен осы көзқарасты ұстанады. Олардың басты уәкілдерінен Чын дыжы, Лю йыңшың, Жаң жюхы, Шие йұңмей қатарлыларды айтуға болады. Олардың қарауынша: «Жамиғ-Ат-Тауарихта» жалайырларды қазіргі күнде Моңғұл атанған Түркі тайпалары қатарына кіргізгенімен, осы кітаптің «Тудүн Менен» тарауында жалайырларды Ергунакүннан шыққан Моңғұлдар, Керулен өңіріне орналасқан Дарлыкын Моңғұлдарына жатады – деп жазғандығы. Тарихи жазбалардағы деректер бір-біріне қайшы болғандықтан, зерттеушілердің көзқарастары да әр түрлі. Сүйоухи Мұраками: «Жалайырлар Моңғұл

үстіртіндегі Шығыс Ұйғұр қағандығы кезінде, Ұйғұрларға ел болып, батысқа орналасқан. Кейін Онон өзенінің шығысына қоныс аударған» – деп қарайды. Пehrуз (Лю йыңшың): Жалайырлар екі үлкен тармақтан құралған, Дарлыкын Моңғұлдарына жататын Жат қатарлы тайпалар Ергунакүннен шыққан соң, оларды Қаракорымда қоныстанған Ұйғұрлардың боданы болған Жалайыр тайпалары бойсұндырып, «Ялайыр» атын өздеріне тайпа аты етіп қабылдаған [7] - деп қортындылайды.

Жинақтап айтқанда, Жалайыр тайпасын Моңғұл текті деп қараушылар: Жалайыр тайпасының тарихын 7-8-ғасырлар аралығында батысқа қоныс аударған Шығұй-татар тайпаларынан қарастыру керек. Жалайыр тайпасы ертеректе батысқа қоныс аударған Шығұй-Татар тайпаларымен бірлікте Ұйғұр хандығына ел болған, сондай-ақ, Қаракорым өңіріне қоныстанған. Кейін біртіндеп күшейген Керей тайпасының қысымымен, шығыстағы Онон өзені мен Керулен өзені арасына көшуге мәжбүр болған. Сондай-ақ, Ергунакүннен батысқа жылжып келген Дарлыкын Моңғұлдарымен тоғысып бір тұлғаға айналған [8] - деп санайды.

Жалайырлардың ертедегі тарихы туралы тарихи жазба деректер кемшіл болғандықтан, кейінгі кездегі зерттеушілер ішінде бұрынғылардың тарихи зерттеуіне негізделіп, олардың көзқарастарын дамытқандары да, кейде өздерінің субъективтік топшылауларын ортаға қойғандары да болды. Аталған аумақтағы еліміздегі тарихи зерттеулерде дәлелді фактілер ортаға шықпағандықтан, Жалайыр этнонимі мен төркіні жөніндегі кейбір түйіндерді әлі де субъективтік болжамдар ғана деп қарауға болады. Алайда, бұл түйіндерді шешуде тарихи зерттеу мен лингвистикалық талдауды ұштастыра талқылағанымызда көп мәселенің басы ашылатындығын аңғарамыз.

Ежелгі Жалайырлар жайлы ең алдымен егжей-тегжейлі жазған Рашид-Ад-Дин болса керек. Ол «Жамйғ Ат-Тауарихтың» тайпалар тарауында, сол кезде Мұңғұл аталған Түркі тайпалары қатарында Жалайырды Ойрат, Татар тайпаларының алдына қойып баяндайды. Онда: «Бұл тайпаның ертеде жан саны мол, әрқайсы руларының әмірлері мен ақсақалдары болған. Шыңғыс хан кезі мен бұл күнде Иран мен Тұран жерінде көптеген әмірлер осы тайпадан шыққан. Онон өңірінде олардың бір бөлім жұрттары бар» [9] - деп жазады. Бұл «Юан тарихы. Мұқали баянындағы»: Оның ата жұрты ежелден Онон өзенінің шығысында еді деген сөзбен бірдей шығады. Рашид-Ад-Дин және бір жерде Жалайыр атты Мұңғұлдардың қонысы Керулен өзені

аумағы деп жазған екен. Бұлай болғанда, Жалайырлардың негізгі тұрған жерлері Онон өзенінің түстігінен Керулен өзенінің жоғары ағысына дейінгі жерлер болып шығады. [10].

Рашид-Ад-Дин «Жамиғ Ат-Тауарих. Жалайыр тайпасы тарауында» Жалайырларға қатысты сол дәуірдегі қол жеткен деректерді дерліктей жазып қалдырған. Сондықтан да, бұл деректер Жалайыр тайпасының ертедегі тарихына қатысты қазірге дейінгі сақталған ең маңызды тарихи материал саналады. Кеңестер Одағы ғалымдары «Жамиғ Ат-Тауарихтың» дәуірімізге жеткен 7 түрлі нұсқасынан пайдаланып қазірге дейінгі ең кемелді салыстырма жұмысын істеді. 1952 жылы, олар Хтагоровтың «Тайпалар Тарауының» жаңа орысша аудармасын, 1965 жылы Москвада «Тайпалар Тарауының» парсыша салыстырмалы нұсқасын баспадан шығарды. [11] Дәл осы салыстырмалы нұсқада Жалайыр тайпасының төркініне қатысты ең маңызды дерек былай жазылған: *«...میگویند بورت ایشان قدیما در قراقورم بوده است و ایشان را تعصب انست کی شتران نر کورخان را کی پادشاه اویغور بوده روغن میداده اند بدان سبب نام ایشان بلاغه نهاده است...»*

Иұй дажұн, Жоу жянчйлар орысша нұсқасына негізделген хытайша аудармасында: «Айтуларға қарағанда, олардың жұрты Қарақорымның Қадима деген жері екен, олардың надандығы соншалық сары майларын Ұйғұр Горханының атандарына берген. Сол себептен оларға BΛAQH деген ат қойылған» [12] - деп аударылған. Ал, профессор Лю йыңшың парсыша салыстырма нұсқасына негізделіп бұл дерек сөздерді қайталай: «Айтуларға қарағанда, олардың жұрты қадымнан (ежелден) қарақорым екен. Олар адал да бойсұнғыш болғандықтан Ұйғұр Горханының атандарын сары маймен жемдейді екен. Сол себептен оларға BΛAQH деген ат қойылған» [13] - деп дұрыстап аударарды.

Профессор Лю йыңшың тек қана орыс тіліне аударушылармен қытай тіліне аударушылардың қателігін көрегендікпен байқап қалмастан, Парыс тіліндегі түп нұсқадағы көшірме ағаттықтарына да батылдықпен талдау жасай білді: Осындағы BΛAQH сөзі, Доррефердің әйгілі «Жаңа Парсы тіліндегі Түрк тілі мен Моңғұл тілі элементтері» деген шығармасында да кездеспейді. Рашид-Ад-Дин бұл жерде Жалайыр тайпа атының шығу төркінін айтып отырған сияқты. Сондықтан бұл атаудың мәнісін тереңдей талқылауымыз өте қажетті. Егерде Түрік тілдерінің үндестік заңына негізделгенде BΛAQH сөзіндегі Q әріпінің жуан дауысты дыбыс екендігін топшылауымызға болады. Егер де осындағы B әріпін Y әріпінің қате жазылуы деп

қарайтын болсақ, онда бұл сөз бізге көне Түрік тіліндегі *yalgha-* етістігін еске салады. Ал, «жалау, жұқтау» мағынасындағы *yalgha-* сөзіне Мұңғұлша көптік жалғау *-ir* қосымшасын қоссақ *yalgha+ir > yalghair > yalyir > yalair* болар еді. Тілдегі диалектілердің себебінен сөз ортасындағы *-q-* дыбысы *-y-* дыбысына алмаса алады, яғни *yalyir > yalair* болып, «жағатсу», «жағымсу» мағыналарын береді[14] - деп қорытынды шығарады.

Ал, Ю.В.Зуев Жалайыр атауын басқаша талдайды. Ол тарихи жазбаларда ұшырастатын Ялайыр, Жалайыр, Жалар, Жалайыт атауларынан басқа және өзгеше бір атау ұшырасатынын тілге тиек ете: Армян бітікшісі Степанос Епископ Персиядағы Арғұн хан мен Бұға әмірдің қарым-қатынасын сөз еткенде «Ол адам (яғни Бұға ноян) - ең көп санды әрі ең күшті Жалакир тайпасынан шыққан еді -деп жазады. Дәл осы дерек «Жамиғ Ат-Тауарихта» да кезігеді. Аталған варианттарды салыстыру арқылы Жалайыр атауының Моңғұл дәуірінен бұрынғы формасын *yalakir** деп топшылауға болады - дей келіп, Зуев: Жалайыр атауының морфологиялық құрылымы мен тілдік тәуелділігі анықталмағандығы себепті Жалайыр, *yalakir** атауының семантикасы зерттеу объектісіне айнала алмады. Оның шешімі Рашид-Ад-Дин айтып өткен Жалайырлардың атандарына май беретін әдеттерінен туындаған этнотермин «*بلل غه*» атауында жасырынып жатқан сияқты. Бұл атауды Жалайырдың ең алғашқы атауы деп қарауға болады. Бұл атау тек «Жамиғ Ат-Тауарихтың» Ташкенттегі қолжазба нұсқасында ғана сақталған. Осы нұсқадағы этникалық терминдердің басым көбі қате жазылғаны көпке аян. Біз бұл сөздің басқаша түсіндірулерін есепке алмағанымызда бұл атауды «*يال غر*» (*yalayar**) деп реконструкциялауымызға болады. Ал, бұл Жалайыр атауының жазылуымен сәйкес келеді [15]. Жинақтап айтқанда, автор Жалайырларды тарихта Моңғұл үстіртінде хандық құрған күшті Ұйғұр хағандығының билеуші тайпасы яғлақар тайпасымен бір тайпа деп қорытынды шығарады.

Хытай тіліндегі жазбаларда ұшырайтын «*药罗格*» этнонимін, Ф. Хырс көне байырғы оқылуы бойынша «*Jolgor*» деп, Г. Шлегел «*Yarakar*» деп оқиды, ал, Ф.У.К.Муллер болса «*Yaglakar*» деп оқылуы керектігін ортаға қояды. У.Б.Хеннің аталған этнонимді «**iak-lâ-kât*» деп реконструкциялайды. Минорскидің көрсетуі бойынша «Махрнамагтың» 62-жолында «*ygl'xg ïnal*» формасында кездеседі. 1283-номерлі Пеллиот жазбасында Бүг-чордың батысында Тыбеттер

Тоғыз Дру-Гу тайпасы деп атайтын тайпалар кездеседі. Бұл тоғыз тайпаның басшысы Ұйкор-Дотоғ қаған болып, тайпа бастығын яғлекер деп атайды екен.

Шындығында, көне Түрік руникалық жазбаларында Ұйғұр хағандығының билеуші тайпасы «яғлақар» формасында кезігеді. Бұл күнде, дәл осы есіммен аталатын тайпа сары Ұйғұрларда сақталып отыр. Ал, Жалайыр атауы «Моңғұлдың Құпия Тарихында» «Жалайыр», Лубзанданзан «алтын дәптерінде» «Жалайырдай», «Әулиенің Жорық Естелігінде» «Жалар», «Юан Тарихында» Жалайыр, Ялайыр, жалар формасында, «егістен қол ұзу естелігінде» «Жалайырдай» деп әр түрлі хатқа түскен. Әрине, кейбір қытай иероглифінің көп дыбыстылығы бұл атауларды «Ялар», «Ялайыр», «Ялайырдай» деп оқуға әбден мүмкіндік береді. Бұл тұжырымымызды басқа жазбалардағы «Ялайыр» формасындағы деректер онан ары дұрыстай түседі. Сондықтан, біз Ю.А. Зуйевтың Жалайырлар — Ұйғұр қағандығының құрушысы яғлақарлар деген тұжырымына дерліктей қосыламыз. Алайда, оның «*بلاغه*» сөзін «*بلاغه*» дың қате жазылуы деген топшылауына әрқашан сенуге келмейді. Бұл сөздің олай қате жазылу мүмкіншілігі жоқ деп қарауға болады.

Біздің қарауымызша, жоғарыда айтылған «Жамиғ Ат-Тауарихтың» тайпалар тарауы, Жалайыр тайпасы бөліміндегі «*بلاغه*» болса «*بلاغه*» сөзінің қате жазылған формасы. Рашид-Ад-Диннің бұл сөзді қолданудағы мақсаты — Жалайыр атауының этимологиясын түсіндіру болса керек. Өкінішке қарай, Рашид-Ад-Диннің бұл этимологиялық түсіндіруі қазіргі көзбен қарағанда айтарлықтай ғылыми емес. Ол бұл деректі басқалардан естіген қариялар сөзі бойынша осылай жазса керек. Сол себепті, бұл түсіндірмені сол кездегі халық арасындағы халықтық этимология деп қарауға болады. Әр өтіріктің артында бір шындық бар дегендей, бұл жердегі ең үлкен шындық — Жалайыр атауының яғлақар атауынан өзгеріп келуі. Біздің тұспалдауымызша, Рашид-Ад-Дин Жалайыр атауын Моңғұл тілі тұрғысынан талдаса керек. Егерде, «*بلاغه*» сөзіне Моңғұлша көптік жалғау «*-ير*» жұрнағын қоссақ, онда бұл сөз «*بلاغير*» болар еді. бұл бізге Рашид-Ад-Дин сол кездің өзінде-ақ Жалайыр атауының «ялайыр» немесе «ялағыр» атауынан өзгеріп келгендігін танып жеткендігін білдіреді.

Қыпшақ тілдері группасындағы Түрік тілдеріндегі ең үлкен ерекшелік-басқа Түрік тілдерінде сөз басында келетін «й» дыбысы «ж»-ға өзгеріп отырады. Бұдан сырт, Түрік тілдерінің тарихи даму

барысында сөз ортасындағы «ғ» дыбысының «й»-ға алмасу құбылысы қазіргі Түркі тілдерінде көп кездеседі. Мысалы: көне түркі тілінде «соғұк», әзербайжан тілінде «сойұк», көне түрік тілінде «сығыр», қазақ тілінде «сйыр», көне түрік тілінде «ағыл», қырғыз тілінде «айыл». Сондықтан, «яғлақар» атауы «ялағыр», «ялайыр», «жалайыр» болып өзгеруі Түрк тілдері дыбыстарының тарихи даму заңдылығына бүкілдей үйлеседі деп айтуға болады. Міне, бұл - «Жалайыр» атауының «яғлақар» атауынан келгендігін дәлелдейтін ғылыми факті.

Жалайыр атауының «яғлақар» атауынан келгендігіне көзіміз жеткендей болды. Ендеше, Жалайыр, яғни яғлақар атауының дұрыс этимологиясын қалай түсіндіру керек. Хамилтонның қарауынша: яғлақар немесе яғлақыр — Ұйғұр қағанатының билеуші тайпасы болып, 8-11 ғасырлардағы қытай тілді, Түрк тілді және Хотан жазбаларында анық хатқа түскен. Бұл атау «-қар,-қыр» жұрнақтары жалғану арқылы жасалған сияқты. Ол яғла - (майла-) етістігінің байырғы есімшеленген формасы, мағынасы — «майланған адамдар, майшыл адамдарды» білдірсе керек. Шындығында, Түрк-Моңғұл көшпенді тайпалары майды бақыт-байлықтың символы ретінде санайды. [16] Алайда, кейінгі зерттеушілер: Хамилтон мен Граудтардың ортаға қойған «майланған адамдар, майшыл адамдар» дейтін түсіндірмелеріне ешқашан сенуге болмайды [17] - деп қарайды. Біздің қарауымызша да бұл көзқарас тым сенімді емес. Сондай-ақ, осы ұстанымдағы қатысты түсіндірулер мен тұжырымдар да шындыққа жанаспайтын пайымдар.

Егер де «яғлақар» атауының этимологиясына Түркі тілдері тұрғысынан талдау жасар болсақ, бұл сөздің түбірі көне Түркі тіліндегі жау, дұшпан мағынасындағы «яғы» сөзі болуға тиісті. Бұл есім сөзге етістік туындататын «-ла» жұрнағы жалғанса, «жаула» мағынасындағы «яғла-» сабақты етістігі жасалады. Клаусон: «8-ғасырдан бұрынғы Түркі сөздерінің жұрнақтары» атты мақаласында: есімдерден салт етістік тудыратын «-ла, -ле» жұрнақтары 11-ғасырдан бұрын немесе одан да ертерек жарыққа шыққан, Жалғасты туындатуға болады [18] – деп атап көрсетеді. Екінші Түрк қағандығы құлпытас жазбаларында кезігетін осындай сөз құрау амалы бұл көзқарастың дұрыстығын дәлелдейді. Мысалы: *ab ablasar ärmälä täg ärti...* [19].

Ендеше, «яғлақар» атауы «-қар,-қыр» жұрнақтары жалғану арқылы жасалған яғыла - (жаула-) етістігінің байырғы есімшеленген формасы ма, жоқ па? Клаусон жоғарыда аталған мақаласында: «-ғар, -гер, -кар,

-кер» — есімдерден салт етістік және сабақты етістік тудыратын жұрнақтар аз ұшырайды, орта ғасыр кезеңіне дейін жалғасты туындатуға болатын жұрнақ. Мысалы: <от> отғар-(жегізу), көңүл> көңүлгер-(ойлау)[20] - деп жазады. Алайда, <-ғар, -гер, -кар, -кер> жұрнақтарының етістіктен есімше тудыратын жұрнақ түрі 8-ғасырдан бұрын болған-болмағандығы бізге беймәлім. Өйткені, ертедегі жазбалар шекті болғандықтан, бір тілдегі барлық морфологиялық өзгерістердің кез-келген жазбаларда түгелдей қолдануға түсуі мүмкін емес. Қазіргі тілімізден алып қарағанда, бұндай сөз құрау формасы тілімізде көптеп кезігеді. Мысалы: жаулағыр, жайлағыр, сайлағыр, майлағыр, т.б.

Алайда, яғлақар атауының соңғы буынын парсы тілімен байланыстырып түсіндіру тіпті де иланымды болар еді. Егер де яғлақар этнонимінің алғашқы формасын яғлақар немесе яғлағар деп жорамалдасақ, бұл атаудың соңғы буыны «-кар» немесе «-гар» жұрнағын үнді-еуропа тілді жұрнақ деп қарауға әбден болады. Қазіргі парсы тілінде «кар» - сөз жасаушы жұрнақ болып келгенде белгілі бір іспен, кәсіппен шұғылданушыларды білдіреді. Ал, парсы тіліндегі «гар» сөзі - арнайы сөз жасайтын қосымша болып, қазақ тіліндегі есім тудыратын «-шы», «-ші» жұрнақтарымен атқаратын қызметі бірдей [21]. Сонымен, қалай айтсақ та, яғни Түркі тілді <яғла-> есімшесіне парсы тілді сөз жасаушы жұрнақ <-кар> немесе<-гар> қосылып, <яғлақар> немесе <яғлағар> болғанда, <жаулаушы>, <жауынгер> мағынасындағы есім сөз болады.

Тарихи жазбалардан бұл жорамалымызды одан ары дәлелдей түсетін жанама деректерді де кездестіруге болады. Тарихшы Чын шу ертеде-ақ қытай тіліндегі жазбалардағы 药落葛,拽落河, 曳落河,夜落纒,夜落隔 ,迭刺葛 атауларының ұқсас есімнің түрліше баламасы екенін атап көрсеткен [22]. «Жаңа Таңнама», «Ән Лушан баяны», «Билік Ғибыратнамасы» қатарлы еңбектерде ұшырасатын жауынгер, ержүрек мағынасындағы Ән Лушанның жауынгер қосыны атауын Ұйғұрша аудармаларда «ертіш» деп, ал қазақша аудармаларда «ераға» деп баламалап келген еді. Қазірге қарағанымызда, бұл баламалардың дұрыс еместігі айдан анық болды. Біздің қарауымызша, «曳落河» атауын «яғлақар» деп аудару дұрыс, сондай-ақ, шындыққа да үйлеседі. Руй чуанмйң: «яғлақар» атауы тегінде тайпа атауы да, жер атауы да емес, қайта әр тайпадағы батыр ерлерден құралған әскери құраманың арнаулы атауы. ... қазірге

«яғлақар» түзімін Ән Лушанның Түркілерден қабылдағандығына кесім айта алмасақ та, «яғлақар» құрамындағылардың басым кобының Тоңра секілді көшпенді тайпалардан келгендігін тұрақтандыра аламыз [23] - деп қарайды.

Жинақтап айтқанда, біздің қарауымызша, Жалайыр тайпасының төркіні Моңғұл тілді дейтін көзқарас иланымды емес. Жалайыр атауының көне формасы - яғлақар немесе яғлақар. Яғлақар атауы тегінде, әскери құрама атауы болып, кейіннен саяси бірлестік атауына, одан тайпа атауына айналуы шындыққа сай келеді. Яғлақарлар - екінші Түрк қағандығынан кейінгі терістікте күшті қағандық құрған Ұйғұр қағандығының негізгі билеуші тайпасы. Ұйғұр қағандығы 840-жылы Қырғыздар (黠戛斯) жағынан аударылғаннан кейін, билеуші тайпа яғлақарлардың бір бөлімі қарауындағы тайпалармен бірлікте батысқа және түстікке қоныс аударады. Ал, ата мекенінде қалған немесе шығысқа немесе терістікке қоныс аударғандары бірте-бірте сол өңірдегі 10-ғасырдан кейін күшейген Моңғұл тілді ұлыстардың құрамына кіре бастаған. Осы кезден бастап олар Моңғұл тілді ру-тайпалар жағынан Жалайыр атала бастаған. Осыдан кейінгі Моңғұл билеушілерінің күшейіп шығып, Батысқа қарай жылыстап ірге кеңейтуіне байланысты Жалайырлар Моңғұл тілдене бастаған деп қарауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

[1] Сәбит Мұқанов. Қазақ қауымы. «Ана тілі» баспасы, 1995 ж. 21-бет.

[2], [4] Қойшығара Салғараұлы. Қазақтың қилы тарихы. — Алматы: «Жалын» баспасы, 1992 ж. 190-бет.

[3] Ниғымет Мыңжанй қатарлылар құрастырған: «Қазақтың қысқаша тарихы», 264-бет, Шинжян Халық баспасы, 1986-жыл.

[5], [6], [8]

谢咏梅：《蒙元时期札刺亦儿部研究》，第2~4、第5页，第11页；沈阳，辽宁民族出版社，2012年。

[7],[11],[13],[14]

皮路思：《〈史集·部族志·札刺亦儿传〉研究》，《蒙古史研究》第四辑，第1~4页；呼和浩特，内蒙古大学出版社，1993年。

[9],[12]

余大钧，周建奇译《史集》，第一卷，第一分册，第148页，第149页；北京，商务印书馆，1983年。

[10]

韩儒林：《元朝史》，第一册，第18页，北京，人民出版社，2007年。

[15] Ю.А.Зуев.Ранние тюрки: Очерки истории и идеологии.— Алматы: "Дайк-Пресс", 2002, стр. 294.

[16] (法) 哈密顿著，耿昇译：《九姓乌古斯和十姓回鹘考》，《敦煌学辑刊》，1984年，第一期，133页。

[17] Aydın, Erhan: Uyğur kağanlığı yazıtları, kömen yayınları, könya, 2001, 18 s..

[18],[20] Sir Gerard Clauson, Turkish and Mongolian Studies, London, The Royal Asiatic Society of Great Britain and Ireland, 1962, p156, p157.

[19]

耿世民：《古代突厥文碑铭研究》，第179页，北京，中央民族大学出版社，2005年。

[21] 波斯语汉语词典，商务印书馆，1981年，北京

[22]

陈述：《曳落河考释及其相关诸问题》，载《国立中央研究院历史语言研究所集刊》，第七本，第四分册，1938年。

[23]

芮传明：《“曳落河”与“柘羯”的基本特征》，载《西域研究》，1991年第3期。

T. Tұрсынәліұлы мақаласының төте жазумен берілген нұсқасы

تالداۋ

تالپجان تۇرسنالې
۱۲۰۱۲

پەدینستیتۇتى
فیلولوگیا فاکۇلتەتى،
قۇلجا، شۇار، قحر

قازاق حالقن قۇراغان ءارقايسى ەجەلگى رۋ-تايپالاردىڭ تارىخى قازاق
ۇلتىنىڭ ەرتەدەگى تارىخىنىڭ قۇرامداس ءبولمى. قازاق رۋ-تايپالارنىڭ
تارىخىن، اسرەسە ەرتەدەگى تارىخىن ءبىلۋ جانە ونى تەرەڭدەي زەرتتەۋ قازاق
ۇلتىنىڭ بلكى تارىخىن، مادەنىيەتنى، ءتىلنى ءتۇسىنۋ مەن زەرتتەۋدە ەرەكشە

^{۱۲}تالپجان تۇرسنالې ۇلى مەرگەنبايەۋ (1979-).، فيلولوگيا علمدارىنىڭ
دوكتورى، لەكتور. زەرتتەۋ باعىتى - تۇركولوگيا، قازاق ءتىلى جانە قازاق تارىخى.

ماڭزغا يە. ۶بىز ۶سوز ەتپەكشى بولغان جالاير تايپاسى ۶دال وسى تۇرعدان ەرەكشە تالقلاپ-زەرتتەۋگە تاتىتىن، قازاق حالقىن قۇراغان كونه تايپالاردىڭ ۶بىرى.

تارىحي جازبالاردان جالاير تايپاسىنىڭ موڭغۇل ۇستەمدىگى مەن ودان بۇرىنغى كەزدەردە تەرىستىكتە، كەينىدەپ ورتا ازيا وڭىرىندە داۋرەندەگەن كۇشتى تايپالاردىڭ ۶بىرى بولغاندىن انڭارامز. موڭغۇلۇستەمدىگى كەزىندە جالاير تايپاسى موڭغۇل قوسنىمە نىبىرلىكتە موڭغۇل ئىمپەرياسىنىڭ ۶ارقايسى جەرىنە ش اشرايورنالاسادى. ەلحاندار حاندىغى ىدراغان سوڭ، جالايرلار كۇشەيىپ 1330- جىلدارى يراق، باتىس يران جانە ازەربايجان وڭىرلەرىندە ايگىلى جالاير حاندىن قۇرادى. جالاير حاندىغى 14-عاسردىڭ سوڭىنداغى ۶امىر تەمىردىڭ جويقىن جورىغىندا قىسقا مەزەت ۇستەمدىگىن جويسادا، ۶امىر تەمىر ولىمىنەن كەيىن قايتادان ۇستەمدىگىن ورناتادى. سوڭىنان 1430-جىلى قارا قويىلار حاندىغىنىڭ قۇرامىنا كىرەدى. قازىرگى كۇندە، قازاق، وزبەك، باشقۇرت، موڭغۇل، بۇريات سەكىلدى ۇلتتاردىڭ اراسىندا جالاير اتمەن اتالاتىن تايپالار بار. جالاير اتاۋى مەن توركىنى تۇرالى ەڭ اۋەلى ۶تول ادەبىيەتمىز بەن تارىحي زەرتتەۋلەر بىمىزدەن باستاپ ۶سوز قوزغار بولساق، قازاق اراسىندا كەڭىنەن تاراعان شەجىرە-اڭىزدار بىمىزدا، ۶تىپتى جاقىنغى كەزدەگى كەيىبىر ادەبىي جازبالار بىمىزدا جالاير ەتنونىمى جونىندە قىزىقتى دەرىكتەر كەزىگەدى. وندا: «جالايردىڭ شىن اتى جانساقال (نەمەسە جانپوز)، ۶وزى باتىر، بالۋان ادام ەكەن. اڭشىلىققا شىققان ۶بىر ساپارىندا قۇلاننىڭ ۇيىرىنە كەزىگىپ، ونى قۇپ جەتكەن ول، ايعىرىنىڭ كەكىلىنەن ۇستاپ توقتاتپاق بولغاندا ىلگەرى تارتقان ايعىردىڭ جالى سىدىرىلىپ شوقتىغىنا جەتەدى. وسىدان كەيىن، جانساقال «جال ايعىرغان» ياعنى «جالاير» اتانىپ كەتكەن»^[1]- دەپ جازىلىپ ۶جۇر. جالعىز جالاير تايپاسى ەمەس، قازاق شەجىرەلەرىندە جالپى قازاق قۇرامىنداغى ەجەلگى تايپالاردىڭ تەگىن تەكتەۋدە ىلغى دا بۇل تايپانىڭ ۶بىر عانا قازاق ۇلتى ەمەس باسقادا ۇلتتار قۇرامىندا بولۇنا قاراماستان، ونى جەكە ۶بىر ادامنان تاراتۋ ادەت بولپ قالپىتاسقان. بىز شە

بۇنداي كوزقاراس - وتە جاداى، شىندىققا جاناسپايتىن، علمىلىقپەن وتاسپايتىن پىكىر. قوشىقارا سالعارا ۇلى: «بۇل ارىنە ەتونىمنىڭ حالقتىق ەتىمولوگياسى. شىن مانىندەگى «جالاير» اتاۋنىڭ شىعۋ توركىنىن علمى ەلى انقتالغان جوق»^[2] - دەپ اتاپ كورسەتەدى.

جالايردىڭ توركىنى جونىندە «قازاقتىڭ قىسقاشا تارىخىندا» قازاق سوۋەت ەنتىسىكلوپەدىياسىندا دەرىكتەرى بويىنشا: «جالاير تارىخى جايىندا عالمىداردىڭ نەگىزگى سۈيەنەرى - قادىرعالى جالايردىڭ «جامىح ات - تاۋارىخ» اتتى ەگبەگى. اۋتوردىڭ شىققان تەگى جالاير بولغاندىقتان، ونى وعىز خاننان باستاپ شىغىس داۋىرىنە دەيىن جەتكىزگەن. جالايرلار وعىزدىڭ دۋلۇ، چۇمۇگۇن رۋلارمەن بىرگە تۇرىك قاعاندىغىنىڭ قۇرامىندا بولغان»^[3] - دەپ جازىلغان. ەبىزدىڭ قاراۋىمىزدا قادىرعالى جالايردىڭ «جىلنامالار جىناعى» جالاير تايپاسىن ەمەس، قايتا شىغىس خان شىققان بورجىگىن تايپاسىن وعىز خاننان باستاپ وندان سۇلتاننىڭ ۇلى ورازمۇحاممەت خانغا دەيىن جەتكىزگەن، جالاير جايلى وتە از توقتالغان. ال، جالايردىڭ وعىزدىڭ دۋلۇ، چۇمۇگۇن رۋلارمەن بىرگە تۇرىك قاعاندىغىنىڭ قۇرامىندا بولغاندىغىنا كەلسەك، اتالغان كىتاپ پەن ەنتىسىكلوپەدىادا بۇل پايىمداۋ جونىندەگى ناقتى فاكتتەر مەن سەنىمدى دەرىك كوزدەرى ورتاغا قويىلماغان نەمەسە ەگجەي - تەگجەيلى تۇسىندىرىلمەگەن. سونىمەن بۇل پايىمداۋدىڭ دا اقيقاتتىغى بىزگە ەرىكسىزدەن كۇدىك تۇدىرادى.

جالاير ەتونىمى استە «جىلقىنىڭ جالىن، جاۋدىڭ جاعىن ايرىغان» دەپ جاي ۇيقاستىرا سالعانداي وڭاي بولماسا كەرەك. جالاير ەتونىمى ەلى دە يلىنىمدى لىنگۋەستىكالىق جانە تارىخى علمى زەرتتەۋلەردى قاچەت ەتەدى. قوشىقارا سالعارا ۇلى جالايرلاردىڭ توركىنى جونىندەگى بۇرىنغى - سوڭغى تارىخىشلاردىڭ كوزقاراسىن بىلايشا جىناقتايدى: «علمىدا جالايرلاردىڭ تەگىنىڭ كىم ەكەنى جونىندە تالاس كوپ. ولاردىڭ ەبىر توبى: راشىد - اد - دىن، ماحمۇت قاشقارى، جۇۋەينى، ۆ. بارتولد، ش. ۋالىحانوۋ، گ. ە. گرۇم - گرجمايلىو جانە باسقارلار جالايردى موعول تىلدەس حالقى دەسە، ن. ا. ارىستوۋ، ن. رۇمىانسەۋ،

ن.ا. ابراموۋ، س. امانجولوۋ، ۆ.ۆ. ۆوستوروۋ، م.س.مۇقانوۋ جانە باسقارلار تۇركى تىلدەس حالق دەپ دالەلدەيدى»^[4].

ەرتەدەگى جالاير تايپاسنىڭ تاريحىن زەرتتەۋمەن اينالسىپ جۇرگەن ەلىمىزدەگى موڭغۇل تاريحشىسى شيە يۇڭمەي دوكتوردىڭ ەڭ جاڭا ەڭبەگىندە ەل-ئىشى سىرتىنداى بۇرنىعى ورتاغا قويىلغان جالاير تايپاسنىڭ توركىنى تۇرالى كوزقاراستاردى تومەندەگىدەي ۇش تۇرگە توپتاستىرادى: (1) موڭغۇل التىن ۇرىمەن ياعنى بورجىگىن تايپاسمەن تەكتەس تايپا، (2) اق تاتار تايپاسى، (3) تۇركى تەكتى تايپا^[5]. وسىنداى الدىنى ەكى ۇرلى كوزقاراستى بۇكىلدەي تەرسكە شىعارۋعا بولادى. ويتكەنى، ەڭ اۋەلى، جالاير تايپاسنىڭ بورجىگىن تايپاسمەن تەكتەس تايپا ەمەستىگى انىق. اق تاتار تايپاسىنا كەلسەك، اق تاتار ەرتەدەگى وڭغۇت تايپاسىنا قاراتىلغان اتاۋ ەكەندىگى دە دالەلدەنىپ بولغان. ال، جالايرلار تۇرك تەكتى تايپا دەگەن كوزقاراستى شيە يۇڭمەي دوكتور بىلايشا تەرسكە شىعارادى: فىرانسىيا وقىمىستىسى رەنە گرۋسەت - جالايرلاردى تەگىندە تۇرك تايپالارى ەدى، كەيىن قايدۇ خان بويسۇندىرىپ العان سوڭ موڭغۇلدارغا قوسىلغان دەپ قارايدى. رەنە گرۋسەت <ساحارا يىمپەرياسى> اتتى كىتابىندا بۇل كوزقاراسنىڭ د. وسساننىڭ <موڭغۇل تاريحى> كىتابىنان اللىنغاندىن بايقاتادى. ال، د. وسسان راشىد-اد-دىننىڭ <جامىع-ات-تاۋارىخ> كىتابىنداى <جالايرلار قازىرگى كۇندە موڭغۇل اتانغان تۇركى تايپالارى> - دەگەن دەرەكتەرىنە نەگىزدەلگەنى ايدان انىق. ويتكەنى، راشىد-اد-دىن كوپىندە توركىندەرى ۇقساس بولماغان ورتا ازيا كوشپەندى تايپالارىن جالپىلاي تۇرك تايپالارى دەپ اتاعان. ۇتپىتى، ەرگۇناكۇننان شىققان كەيىر موڭغۇل تايپالارىن دا تۇرك ساحارا تايپالارى دەپ اتاعان. سوندىقتان، راشىد-اد-دىننىڭ تۇسىنىگىندەگى <تۇرك> ۇسى - ەتنوستىق جانە تىلدىك جاقتاعى قولدانۇ ەمەس، قايتا <كوشپەندىلەر>، <ساحارا تايپاسى> دەگەن كەڭ ماعىنادا قولدانغان ۇسى^[6].

شيه يۇگمەي دوكتور جوعارىداغى ۇش تۇرلى كوزقاراستى بۇكىلدەي تەرسكە
 شىعارىپ، جالايرلار- ەرتەرەكتە باتىسقا اۋعان شىعوي- تاتار تايپالارى بولۇي
 كەرەك دەگەن وىپن ورتاغا قويادى. ەلىمىزدەگى موغۇل- يۋان تارىخىن
 زەرتتەۋىشلەر نەگىزىنەن وسى كوزقاراستى ۇستانادى. ولاردىڭ باسقى
 ۋاكىلدەرىنەن چىن دىجى، لىۋ يىڭشىڭ، جاڭ جىۋى، شيه يۇگمەي قاتارلىقلاردى
 ايتۇغا بولادى. ولاردىڭ قاراۋىنىشا: <جامىع- ات- تاۋارىختا> جالايرلاردى قازىرگى
 كۈندە موغۇل اتانغان تۇركى تايپالارى قاتارىنا كىرگىزگەنمەن، وسى كىتاپنىڭ
 <تۇدۇن مەنەن> تاراۋىندا جالايرلاردى ەرگۇناكۇننان شىققان موغۇلدار، كەرۋەن
 وگىرىنە ورنالاسقان دارلىكىن موغۇلدارىنا جاتادى - دەپ جازغاندىغى. تارىخى
 جازبالاردى دەرەكتەر ەبىر- بىرىنە قايشى بولغاندىقتان، زەرتتەۋىشلەردىڭ
 كوزقاراستارى دا ەار ەتۇرلى. سۇيوۋى شىعوي مۇراكامى: جالايرلار موغۇل ۇستىرىندەگى
 شىعسى ۇيغۇر قاندىغى كەزىندە، ۇيغۇرلارغا ەل بولپ، باتىسقا ورنالاسقان.
 كەيىن ونون وزەننىڭ شىعسىنا قونىس اۋدارغان- دەپ قارايدى. پەھرۇز (لىۋ
 يىڭشىڭ): جالايرلار ەكى ۇلكەن تارماقتان قۇرالغان، دارلىكىن موغۇلدارىنا
 جاتتىن جات قاتارلى تايپالار ەرگۇناكۇننەن شىققان سوڭ، ولاردى قاراقورىمدا
 قونىستانغان ۇيغۇرلاردىڭ بودانى بولغان جالاير تايپالارى بويسۇندىرىپ،
 <يالاير> اتىن وزدەرىنە تايپا اتى ەتىپ قابىلداغان^[7] - دەپ قورتىندىلايدى.

جىناقتاپ ايتقاندا، جالاير تايپاسىن موغۇل تەكتى دەپ قاراۋىشلار: جالاير
 تايپاسىنىڭ تارىخىن 7- 8- عاسىرلار ارالىغىندا باتىسقا قونىس اۋدارغان شىعوي-
 تاتار تايپالارىنان قاراستىرۇ كەرەك. جالاير تايپاسى ەرتەرەكتە باتىسقا قونىس
 اۋدارغان شىعوي- تاتار تايپالارىمەن بىرلىكتە ۇيغۇر خاندىغىنا ەل بولپ، قاراقورىم
 وگىرىنە قونىستانغان. كەيىن بىرتىندەپ كۇشەيگەن كەرەي تايپاسىنىڭ
 قىسمىمەن، شىعستاعى ونون وزەنى مەن كەرۋەن وزەنى اراسىنا كوشۇگە ەماجبۇر
 بولغان. سونداي- اق، ەرگۇناكۇننەن باتىسقا جىلچىپ كەلگەن دارلىكىن
 موغۇلدارىمەن توعىسىپ ەبىر تۇلعاغا اينالغان^[8] - دەپ سانايدى.

جالايرلاردىڭ ەرتەدەگى تارىخى تۋرالى تارىخى جازبا دەرەكتەر كەمشىل بولغاندىقتان، كەينىگى كەزدەگى زەرتتەۋىشلەر ئىشىندە بۇرىنقىلاردىڭ تارىخى زەرتتەۋىنە نەگىزدەلىپ، ولاردىڭ كوزقاراستارىن دامىتقاندارى دا، كەيدە وزدەرىنىڭ سوبىيەكتىۋىتىك توپشىلاۋلارنى ورتاغا قويغاندارى دا بولدى. اتالغان اۋماقتاعى ەلىمىزدەگى تارىخى زەرتتەۋىلەردە دالەلدى فاكتتەر ورتاغا شىقپاندىقتان، جالاير ەتونىمى مەن توركىنى جونىندەگى كەيىر تۇيىندەردى الەدە سوبىيەكتىۋىتىك بولجامدار عانا دەپ قاراۋعا بولادى. الايدا، بۇل تۇيىندەردى شەشۋە تارىخى زەرتتەۋ مەن لىنگۋەستىكىلىق تالداۋدى ۇشتاستىرا تالقىلاغانىمىزدا كوپ ماسەلەنىڭ باسى اشلاتىندىغىن اڭغارامىز.

ەجەلگى جالايرلار جايلى ەڭ الدىمەن ەگجەي-تەگجەيلى جازغان راشىد-اد-دىن بولسا كەرەك. ول «جامىع ات-تاۋارىختىڭ» تايپالار تاراۋىندا، سول كەزدە مۇڭغۇل اتالغان تۇركى تايپالارى قاتارىندا جالايردى ويرات، تاتار تايپالارىنىڭ الدىنا قويىپ باياندايدى. وندا: «بۇل تايپانىڭ ەرتەدە جان سانى كوپ، ەرقايسى رۋلارنىڭ امىرلەرى مەن اقساقالدارى بولغان. شىڭغىس خان كەزى مەن بۇل كۈندە يران مەن تۇران جەرىندە كوپتەگەن امىرلەر وسى تايپادان شىققان. ونون وڭىرىندە ولاردىڭ ەبىر ەبولىم جۇرتتارى بار»^[9] - دەپ جازادى. بۇل «يۋان تارىخى. مۇقالي بايانىنداغى»: ونىڭ اتا جۇرتى ەجەلدەن ونون وزەنىنىڭ شىعىسىندا ەدى دەگەن سوزبەن بىردەي شىعادى. راشىد-اد-دىن جانە ەبىر جەردە جالاير اتتى مۇڭغۇلداردىڭ قونىسى كەرۋەن وزەنى اۋماعى دەپ جازغان ەكەن. بۇلاي بولغاندا، جالايرلاردىڭ نەگىزگى تۇرغان جەرلەرى ونون وزەنىنىڭ تۇستىڭىنەن كەرۋەن وزەنىنىڭ جوعارى اعىسىنا دەينىڭى جەرلەر بولپ شىعادى.

[10]

راشىد-اد-دىن «جامىع ات-تاۋارىخ. جالاير تايپاسى تاراۋىندا» جالايرلارغا قاتىستى سول داۋىردەگى قول جەتكەن دەرەكتەردى دەرلىكتەي جازىپ قالدىرغان. سوندىقتان دا، بۇل دەرەكتەر جالاير تايپاسىنىڭ ەرتەدەگى تارىخىنا قاتىستى قازىرگە دەينىڭى ساقتالغان ەڭ ماڭىزدى تارىخى ماتەريال سانالادى.

كەڭەستەر وداعى عالمدارى «جاميع ات-تاۋاريختىڭ» داۋىرىمىزگە جەتكەن 7 تۇرلى نۇسقاسىنان پايدالانىپ قازىرگە دەينىڭى ەڭ كەمەلدى سالىستىرما جۇمىسىن سىتەدى. 1952-جىلى، ولار ختاگوروۋوتىڭ «تايپالار تاراۋىنىڭ» جاڭا ورسشا اۋدارماسىن، 1965-جىلى موسكۋادا «تايپالار تاراۋىنىڭ» پارسشا سالىستىرمالى نۇسقاسىن باسپادان شىعاردى.^[11] ەدال وسى سالىستىرمالى نۇسقادا جالاير تايپاسىنىڭ توركىنىنە قاتىستى ەڭ ماڭىزدى دەرەك بىلاي جازىلعان: «... مىگويىند يورت ايشان قدىما در قراقورم بودە است و ايشان را تعص بانستكىشتراننركورخانراكىپادشاەويغوربودەروغن مىدادەاند بدان سبب نام ايشان بلاغە نەهادە است...» .

يۇي داجۇن، جوۋ جيانچىلار ورسشا نۇسقاسىنا نەگىزدەلگەن قىتايشا اۋدارماسىندا: «ايتۇلارعا قاراعاندا، ولاردىڭ جۇرتى قراقورمىنىڭ قادىما دەگەن جەرى ەكەن، ولاردىڭ ناداندىعى سونشالىق سارى مايلارنى ۇيغۇر گورخاننىڭ اتاندارىنا بەرگەن. سول سەبەپتەن ولارعا BLAQH دەگەن ات قويىلعان»^[12] - دەپ اۋدارىلعان. ال، پروفەسسور ليۋ يىڭشىڭ پارسشا سالىستىرما نۇسقاسىنا نەگىزدەلىپ بۇل دەرەك سوزدەردى قايتالاي: «ايتۇلارعا قاراعاندا، ولاردىڭ جۇرتى قادىمان (ەجەلدەن) قراقورم ەكەن. ولار ادال دا بويسۇنەش بولعاندىقتان ۇيغۇر گورخاننىڭ اتاندارىن سارى مايەن جەمدەيدى ەكەن. سول سەبەپتەن ولارعا BLAQH دەگەن ات قويىلعان»^[13] - دەپ دۇرىستاپ اۋدارادى.

پروفەسسور ليۋ يىڭشىڭ تەك قانا ورس تىلىنە اۋدارۇشلارمەن حانزۇ تىلىنە اۋدارۇشلاردىڭ قاتەلىگىن كورەگەندىكىەن بايقاپ قالماستان، پارس تىلىندەگى ەتۇپ نۇسقاداعى كوشىرمە اعانتىقتارىنا دا باتىلدىقپەن تالداۋ جاساي ەبىلدى: وسىنداغى BLAQH ەسوزى، دوررەفەردىڭ ايگىلى «جاڭا پارسى تىلىندەگى تۇرك ەتىلى مەن موڭغۇل ەتىلى ەلەمەنتتەرى» دەگەن شىعارماسىندا دا كەزدەسپەيدى. راشىد-اد-دىن بۇل جەردە جالاير تايپا اتىنىڭ شىعۇ توركىنىن ايتىپ وتىرعان سىياقتى. سوندىقتان بۇل اتاۋدىڭ ەمانسىن تەرەڭدەي تالقىلاۋىمىز وتە قاجەتتى. ەگەردە تۇرك تىلدەرىنىڭ ۇندەستىك زاڭىنا نەگىزدەلگەندە

BLAQH سوزىندەگى Q ۋارپىنىڭ چۇن داۋىستى دىبىس ەكەندىگىن توپشلاۋىمىزغا بولادى. ەگەردە وسىنداعى B ۋارپىن Y ۋارپىنىڭ قاتە جازىلۇى دەپ قارايتىن بولساق، وندا بۇل ۋسوز بىزگە كونه تۇرك تىلىندەگى -yalgha ەتستىگىن ەسكە سالادى. ال، (جالاۋ، جۇقتاۋ) ماعىناسىنداعى -yalgha سوزىنە مۇڭغۇلشا كوپتىك جالعاۋ -ir - قوسمىشاسىن قوسساق > yalghair > yalgha+ir > yalair > yalyir بولار ەدى. تىلدەگى دىيالەكتتەردىڭ سەبەبىنەن ۋسوز ورتاسىنداعى -q- دىبىسى -y- دىبىسىنا الماسا الادى، ياعنى > yalyir > yalair بولپ، (جاعاتسۇ)، (جامىسۇ) ماعىنالارىن بەردەدى^[14] - دەپ قورتىندى شعارادى.

ال، يۇ. ا. زۇەۋ جالاير اتاۋىن باسقاشا تالدايدى. ول تارىخى جازبالاردا ۇشراستاتىن يالاير، جالاير، جالار، جالايت اتاۋلارىنان باسقا جانە وزگەشە ۋبر اتاۋ ۇشراستاتىن تىلگە تىەك ەتە: ارمىان بىتىكشىسى ستەپانوس ەپىسكوپ پەرسىياداعى ارعۇن خان مەن بۇعا امردىڭ قارىم-قاتىناسىن ۋسوز ەتكەندە (ول ادام (ياعنى بۇعا نويان) - ەڭ كوپ ساندى ۋارى ەڭ كۇشتى جالاكىر تايپاسىنان شىققان ەدى- دەپ جازادى. ۋدال وسى دەرەك «جامىع ات- تاۋارىختا دا» كەزىگەدى. اتالغان ۋارىانتتاردى سالىستىرۇ ارقىلى جالاير اتاۋىنىڭ موڭغۇل داۋىرىنەن بۇرىنغى فورماسىن *yalakir دەپ توپشلاۋعا بولادى- دەي كەلىپ، زۇەۋ : جالاير اتاۋىنىڭ مورفولوگىيالىق قۇرىلىمى مەن تىلدىك تاۋەلدىلگى انىقتالماعاندىغى سەبەپتى جالاير، *yalakir اتاۋىنىڭ سەمانتىكاسى زەرتتەۋ وپىەكتىسىنە اينالا المادى. ونىڭ شەشمى راشىد- اد- دىن ايتىپ وتكەن جالايرلاردىڭ اتاندارىنا ماي بەرەتىن ادەتتەرىنەن تۇنىداعان ەتنوتەرمىن (بلل غە) اتاۋىندا جاسرىنىپ جاتقان سىياقتى. بۇل اتاۋدى جالايردىڭ ەڭ العاشقى اتاۋى دەپ قاراۋعا بولادى. بۇل اتاۋ تەك «جامىع ات- تاۋارىختىڭ» تاشكەنتتەگى قولجازبا نۇسقاسىندا عانا ساقتالغان. وسى نۇسقاداعى ەتنىكالىق تەرمىندەردىڭ باسىم كوبى قاتە جازىلعانى كوپكە ايان. ۋبىز بۇل ۋسوزدىڭ باسقاشا تۇسىندىرۇلەرىن ەسەپكە الماعانىمىزدا بۇل اتاۋدى (يىل غر) (*yalayar) دەپ

رەكونستروكسىيالاۋىمىزغا بولادى. ال، بۇل جالاير اتاۋىنىڭ جازىلۇمىن سايكەس كەلەدى^[15]. جىناقىتاپ ايتقاندا، اۆتور جالايرلاردى تارىختا موڭغۇل ۇستىرتىندە خاندىق قۇرغان كۇشتى ۇيغۇر خاغاندىغىنىڭ بىلەۋشى تايپاسى ياعلاقار تايپاسىمەن ەبىر تايپا دەپ قورتىندى شىعارادى.

قىتاي تىلىندەگى جازبالاردا ۇشرايتىن «药罗格» ەتونىمىن، ف. خىرس كونه بايرىغى وقىلۇى بوپىنشا «Jolgor» دەپ، گ. شىلەگەل «Yarakar» دەپ وقىدى. ال، ف. ۋ. ك. مۇللەر بولسا «Yaglakar» دەپ وقىلۇى كەرەكتىگىن ورتاغا قويادى. ۋ. ب. خەنىنىڭ اتالغان ەتونىمىدى «iak-lâ-kât*» دەپ رەكونستروكسىيالايدى. مىنورسكىدىڭ كورسەتۋى بوپىنشا «ماخرناماگىنىڭ» 62-جولىندا «ygl'xr ĭnal» فورماسىندا كەزدەسەدى. 1283-نومەرلى پەللىوت جازباسىدا بۇگ-چوردىڭ باتىسىندا تىبەتتەر توغىز درۋ-گۇ تايپاسى دەپ اتايتىن تايپالار كەزدەسەدى. بۇل توغىز تايپانىڭ باششى ۇيگور-دوتوغ قاعان بولپ، تايپا باستىغىن ياعلەكەر دەپ اتايدى ەكەن.

شىندىغىندا، كونه تۇرك رۇنىكالىق جازبالارنىدا ۇيغۇر خاغاندىغىنىڭ بىلەۋشى تايپاسى «ياغلاقار» فورماسىدا كەزىگەدى. بۇل كۇندە، ەدال وسى ەسىمەن اتالاتىن تايپا سارى ۇيغۇرلاردا ساقىتلىپ وتىر. ال، جالاير اتاۋى «موڭغۇلدىڭ قۇپيا تارىخىندا» «جالاير»، لۇبزاندىانان «التىن داپتەرىندە» «جالايرداي»، «اۋلىيەنىڭ جورىق ەستەلىگىندە» «جالار»، «يۋان تارىخىندا» «جالاير»، يالاير، جالار فورماسىندا، «ەگىستەن قول ۇزۇ ەستەلىگىندە» «جالايرداي» دەپ ەار تۇرلى خاتقا تۇسكەن. ارىنە، كەبىر قىتاي يەروگلىفىنىڭ كوپ دىبىستىلىغى بۇل اتاۋلاردى «يالار»، «يالاير»، «يالايرداي» دەپ وقۇغا ابدەن مۇمكىندىك بەرەدى. بۇل تۇجىرىمىزدى باسقا جازبالاردى «يالاير» فورماسىندا ەرەكتەر ونان ارى دۇرىستاي تۇسەدى. سوندىقتان، ەبىز يۋا. زۋيەۋتىڭ جالايرلار— ۇيغۇر خاغاندىغىنىڭ قۇرۇشى ياعلاقارلار دەگەن تۇجىرىمىنا ەرلىكتەي قوسىلامىز. الايدا، ونىڭ «بلاغە» ەسوزىن «يىل غىر» دىڭ قاتە جازىلۇى دەگەن توپشىلاۋىنا ەارقاشان سەنۇگە كەلمەيدى. بۇل ەسوزدىڭ ولاي قاتە جازىلۇ مۇمكىنشلىگى جوق دەپ قاراۋغا بولادى.

ەبىزدىڭ قاراۋىمىزدا، جوعارىدا ايتىلغان «جامىع ات-تاۋارىختىڭ» تايپالار تارۋى، جالاير تايپاسى بولمىنىدەگى «بلاغە» بولسا «يىلاغە» ەسوزىنىڭ قاتە

جاذىلعان فورماسى. راشيد-اد-ديننىڭ بۇل ۋىزىدى قولدانۋىداعى ماقساتى— جالاير اتاۋىنىڭ ەتىمولوگياسىن تۇسىندىرۋ بولسا كەرەك. وكىنىشكە وراي، راشيد-اد-ديننىڭ بۇل ەتىمولوگىيالىق تۇسىندىرۋى قازىرگى كوزبەن قاراغاندا تىمىلىمى مەمەس. ول بۇل دەرەكتى باسقالاتدان ەستىگەن قارىلار ۋىزى بويىنشا وىسلاي جازسا كەرەك. سول سەبەبتى، بۇل تۇسىندىرمەنى سول كەزدەگى خالىق اراسىنداعى خالىقتىق ەتىمولوگىيا دەپ قاراۋعا بولادى. ۋار وتىرىكتىڭ ارتىندا ۋىزى شىندىق بار دەگەندەي، بۇل جەردەگى ەڭ ۇلكەن شىندىق— جالاير اتاۋىنىڭ ياعلاقار اتاۋىنان وزگەرىپ كەلۋى. ۋىزىنىڭ تۇسىپالداۋىمىزشا، راشيد-اد-دين جالاير اتاۋىن موڭغۇل ۋىزىلى تۇرىسىنان تالداسا كەرەك. ەگەردە، «يىلاغە» سوزىنە موڭغۇلشا كوپتىك جالعاۋ («-يىر» جۇرناعىن قوسساق، وندا بۇل ۋىزى «يىلاغىر» بولار ەدى. بۇل ىزىگە راشيد-اد-دين سول كەزدىڭ وىزىندە-اق جالاير اتاۋىنىڭ «يىلاير» نەمەسە «يىلاغىر» اتاۋىنان وزگەرىپ كەلگەندىگىن تانىپ جەتكەندىگىن بىلدىرەدى.

قىشاق تىلدەرى گرۇپپاسىنداعى تۇرك تىلدەرىندەگى ەڭ ۇلكەن ەركەشەلىك-باسقا تۇرك تىلدەرىندە ۋىزى باسىندا كەلەتىن «يى» دىبىسى «جى» غا وزگەرىپ وتىرادى. بۇدان سىرت، تۇرك تىلدەرىنىڭ تارىخى دامۇ بارىسىندا ۋىزى ورتاسىنداعى «جى» دىبىسىنىڭ «يى» غا الماسۋ قۇبىلىسى قازىرگى تۇركى تىلدەرىندە كوپ كەزدەسەدى. مىسالى: كونه تۇرك تىلىندە «سوعۇق»، ازەربايجان تىلىندە «سويۇق»، كونه تۇرك تىلىندە «سەغىر»، قازاق تىلىندە «سىير»، كونه تۇرك تىلىندە «اعىل»، قىرغىز تىلىندە «ايىل». سوندىقتان، «يىلاقار» اتاۋى «يىلاغىر»، «يىلاير»، «جىلاير» بولپ وزگەرىۋى تۇرك تىلدەرى دىبىستارىنىڭ تارىخى دامۇ زاڭدىلىغىنا بۇكىلدەي ۇيلەسەدى دەپ ايتۋعا بولادى. مىنە بۇل - «جىلاير» اتاۋىنىڭ «يىلاقار» اتاۋىنان كەلگەندىگىن دالەلدەيتىن عىلمى فاكت.

جالاير اتاۋىنىڭ «يىلاقار» اتاۋىنان كەلگەندىگىنە كوزىمىز جەتكەندەي بولدى. ەندەشە، جالاير ياعنى يىلاقار اتاۋىنىڭ دۇرىس ەتىمولوگياسىن قالاي تۇسىندىرۋ كەرەك. خامىلتوننىڭ قاراۋىنشا: يىلاقار نەمەسە يىلاقىر— ۇيغۇر قاعاناتىنىڭ بىلەۋشى تايپاسى بولپ، 8-11 عاسىرلارداعى قىتاي ۋىزىلى، تۇرك ۋىزىلى جانە خوتان جازبالارىندا انىق خاتقا تۇسكەن. بۇل اتاۋ («-قار»، «قىر» جۇرناقتارى جالعاۋ ارقىلى جاسالغان سىياقتى. ول يىلا- (مايلا-) ەتىستىگىنىڭ

بايىرىعى ەسىمشەلەنگەن فورمىسى، ماعىناسى — «مايلانغان ادامدار، مايشىل ادامداردى» بىلدىرسە كەرەك. شىندىغىندا، تۈرك-موڭغۇل كوشپەندى تايپالارى مايدى باقت-بايلىقتىڭ سيمۋولى رەتىندە سانايدى. ^[16] الايدا، كەينىڭى زەرتتەۋشىلەر: حامىلتون مەن گراۋدتاردىڭ ورتاغا قويغان «مايلانغان ادامدار، مايشىل ادامدار» دەيتىن تۇسىندىرمەلەرنە ەشقاشان سەنۋگە بولمايدى ^[17] - دەپ قارايدى. ەبىزدىڭ قاراۋىمىزدا دا بۇل كوزقاراس تىم سەنىمدى ەمەس. سونداي-اق، وسى ۇستانىمداعى قاتىستى تۇسىندىرۋلەر مەن تۇجىرىمدار دا شىندىققا جاناسپايتىن پايمىدار.

ەگەردە «ياغلاقار» اتاۋىنىڭ ەتىمولوگىياسىنا تۈركى تىلدەرى تۇرغىسىنان تالداۋ جاسار بولساق، بۇل ەسوزدىڭ ەتۈبىرى كۈنە تۈركى تىلىندەگى جاۋ، دۇشپان ماعىناسىنداعى «ياغى» ەسوزى بولۇغا ەتىستى. بۇل ەسىم سوزگە ەتستىك تۇنىداتاتىن «-لا» جۇرناغى جالعانىسا، «جاۋلا» ماعىناسىنداعى «ياغلا-» ساباقتى ەتستىگى جاسالدى. كلاۋسون: «8-عاسىردان بۇرىنغى تۈركى سوزدەرىنىڭ جۇرناقتارى» اتتى ماقالاسىندا: ەسىمدەردەن سالت ەتستىك تۇدىراتىن «-لا، -لە» جۇرناقتارى 11-عاسىردان بۇرىن نەمەسە ودان دا ەرتەرەك جارنىققا شىققان، جالعاستى تۇنىداتۇغا بولادى ^[18] - دەپ اتاپ كورسەتەدى. ەكىنشى تۈرك قاغاندىغى قۇلىپتاس جازبالارىندا كەزىگەتىن وسىنداي ەسوز قۇراۋامالى بۇل كوزقاراستىڭ دۇرىستىغىن دالەلدەيدى. مىسالى: *ab ablasar ärmälä täg* ^[19]arti...

ەندەشە، «ياغلاقار» اتاۋى — «-قار، -قىر» جۇرناقتارى جالعانىۋارقىلى جاسالغان ياغلا- (جاۋلا-) ەتستىگىنىڭ بايىرىعى ەسىمشەلەنگەن فورمىسى ما، جوقپا؟ كلاۋسون جوعارىدا اتالغان ماقالاسىندا: «-عار، -گەر، -كار، -كەر» — ەسىمدەردەن سالت ەتستىك جانە ساباقتى ەتستىك تۇدىراتىن جۇرناقتار از ۇشرايدى، ورتا عاسىر كەزەڭىنە دەيىن جالعاستى تۇنىداتۇغا بولاتىن جۇرناق. مىسالى: «وت» وتعار- (جەگىزۋ)، كوڭۇل، كوڭۇلگەر- (ويلاۋ) ^[20] - دەپ جازادى. الايدا، «-عار، -گەر، -كار، -كەر» جۇرناقتارىنىڭ ەتستىكتەن ەسىمشە تۇدىراتىن جۇرناق ەتۈرى 8-عاسىردان بۇرىن بولغان- بولماعاندىغى بىزگە بەيمالىم. ويتكەنى، ەرتەدەگى جازبالار شەكتى بولغاندىقتان، ەبىر تىلدەگى بارلىق مورفولوگىيالىق وزگەرىستەردىڭ كەز-كەلگەن جازبالاردا تۇگەلدەي قولدانۇغا ەتۈسۋى مۇمكىن ەمەس. قازىرگى

تېلىمىزدەن الپ قاراعاندا، بۇنداي ەسوز قۇراۋ فورمىسى تېلىمىزدە كۆپتەپ كەزىگەدى. مىسالى: جاۋلاغر، جايلاغر، سايلاغر، مايلاغر، ت.ب.

الايدا، ياعلاقار اتاۋىنىڭ سوڭى بۇنىڭ پارىسى تېلىمەن بايلانستىرىپ تۇسىندىرۇ تېپتە يىلانمىدى بولار ەدى. ەگەردە ياعلاقار ەتونىمىنىڭ العاشقى فورمىسى ياعلاقار نەمەسە ياعلاقار دەپ جورامالداق، بۇل اتاۋىنىڭ سوڭى بۇنى «-كار» نەمەسە «-گار» جورنامىنى ەيندى-ەۋروپا ەتلىدى جورنامى دەپ قاراۋعا ابدەن بولادى. قازىرگى پارىسى تېلىمەن «-كار» - ەسوز جاساۋشى جورنامى بولپ كەلگەندە بەلگىلى ەبىر سېپەن، كاسىپەن شۇغىلداۋىشلاردى بىلدىرەدى. ال، پارىسى تېلىمەن «-گار» ەسوزى-ارنايى ەسوز جاسايتىن قوسىمىشا بولپ، قازاق تېلىمەن «-سوز تۇدىراتىن» - شى، «-ەشى» جورنامىقتا قارىمەن اتقاراتىن قىزمەتى بىردەي^[21]. سونمەن، قالاي ايتساقتا، ياعنى تۇركى ەتلىدى «-ياعلا» ەسىمىشەسەنە پارىسى ەتلىدى ەسوز جاساۋشى جورنامى «-كار» نەمەسە «-گار» قوسىلىپ، «-ياعلاقار» نەمەسە «-ياعلاقار» بولعاندا، «-جاۋلاۋشى»، «-جاۋىنگەر» ماعنامىسى ەسىم ەسوز بولادى.

تارىخى جازبالاردان بۇل جورامالدى ودان ارى دالەدەي تۇسەتىن جاناما دەرەكتەردى دە كەزدەستىرۋگە بولادى. تارىخىشى چىن شۇ ەرتەدە-اق قىتاي تېلىمەن «-جاۋىلاردى» ەسومىنىڭ تۇرلىشە بالامىسى ەكەننى اتاپ كۆرسەتكەن^[22]. «-جاڭا تاڭناما»، «-ان لۇشان بايانى»، «-بىلىك عىبىراتنامىسى» قاتارلى ەگبەكتەردە ۇشراساتىن جاۋىنگەر، ەرجۇرەك ماعنامىسى ەن لۇشاننىڭ جاۋىنگەر قوسىنى اتاۋىن ۇيغۇرشا اۋدارمالاردا «-ەرتىش» دەپ، ال قازاقشا اۋدارمالاردا «-ەراعا» دەپ بالامالاپ كەلگەن ەدى. قازىرگە قاراعانىمىزدا، بۇل بالامالاردىڭ دۇرسى مەستىگى ايدان انىق بولدى. ەبىزدىڭ قاراۋىمىزدا «-曳落河» اتاۋى «-ياعلاقار» دەپ اۋدارۋ دۇرسى، سونداي-اق، شىندىققا دا ۇيلەسەدى. رۇي چۇنىمىڭ: «-ياعلاقار» اتاۋى تەگىندە تايپا اتاۋى دا، جەر اتاۋى دا مەس، قايتا ەر تايپادى باتىر ەلەردەن قۇرالغان اسكەرى قۇرامانىڭ ارناۋلى اتاۋى. قازىرگە «-ياعلاقار» تۇرمىنى ەن لۇشاننىڭ تۇركتەردەن قابىلداغاندىن كەسىم ايتا الماساقتا، «-ياعلاقار» قۇرامىندا ەلەردىڭ باسىم كۆبىنىڭ توڭرا سەكىلدى كۆشپەندى تايپالاردان كەلگەندىگىن تۇراقتاندىرا الامىز^[23] - دەپ قارايدى.

جىناقتاپ ايتقاندا، ەبىزدىڭ قاراۋىمىزدا جالايىر تايپاسىنىڭ توركىنى موڭغۇل ەتلىدى دەيتىن كوزقاراس يىلانمىدى مەس. جالايىر اتاۋىنىڭ كۆنە فورمىسى-ياعلاقار نەمەسە ياعلاقار. ياعلاقار اتاۋى-تەگىندە اسكەرى قۇراما اتاۋى بولپ، كەيىنەن ساياسى بىرلەسپە اتاۋىنا، ودان تايپا اتاۋىنا اينالۋى شىندىققا ساي كەلەدى. ياعلاقارلار- ەكىشى تۇرك قاعاندىن كەيىنگى تەرىستىكتە كۆشتى قاعاندىق قۇرغان ۇيغۇر

قاعاندىننىڭ نەگىزگى بىلەۋشى تايپاسى. ۋيغۇر قاعاندىغى 840-جىلى قىرغىزدار (黠戛斯) جاعنان اۋدارىلعاننان كەيىن، بىلەۋشى تايپا ياعلاقارلاردىڭ بىر بولمى قاراۋىنداى تايپالارمەن بىرلىكتە باتىسقا جانە تۈستىككە قونىسى اۋدارادى. ال، اتا مەكەنىندە قالغان نەمەسە شەخسقا نەمەسە تەرىستىككە قونىسى اۋدارعاندارى بىرتە- بىرتە سول وڭىردەگى 10-عاسىردان كەيىن كۈشەيگەن موڭغۇل تىلدى ۇلىستاردىڭ قۇرامىنا كىرە باستاغان. وسى كەزدەن باستاپ ولار موڭغۇل تىلدى رۋ-تايپالار جاعنان جالايىر اتالا باستاغان. وسىدان كەيىنگى موڭغۇل بىلەۋشىلەرنىڭ كۈشەيىپ شەخىپ، باتىسقا قاراي جىلىستاپ بىرگە كەڭەيتۈنە بايلانىستى جالايىرلار موڭغۇل تىلدەنە باستاغان دەپ قاراۋعا بولادى.

پايدالانغان ماتەريالدار

- [1] سابىت مۇقانوۋ: «قازاق قاۋىمى»، 21-بەت، انا تىلى باسپاسى، 1995-جىل.
- [2]، [4] قویشقارا سالعارا ۇلى: «قازاقتىڭ قىلى تارىخى»، 190-بەت، جالنى باسپاسى، الماتى، 1992-جىل.
- [3] نىعمەت مىڭجانى قاتارلىلار قۇراستىرعان: «قازاقتىڭ قىسقاشا تارىخى»، 264-بەت، شىنجياڭ حالق باسپاسى، 1986-جىل.

[5]، [6]،

[8]谢咏梅：《蒙元时期札刺亦儿部研究》，第2~4、第5页，第11页；沈阳，辽宁民族出版社，2012年。

[7]،[11]،[13]،[14]

皮路思：《〈史集·部族志·札刺亦儿传〉研究》，《蒙古史研究》第四辑，第1~4页；呼和浩特，内蒙古大学出版社，1993年。

[9]،[12]

余大钧，周建奇译《史集》，第一卷，第一分册，第148页，第149页；北京，商务印书馆，1983年。

[10]

韩儒林：《元朝史》，第一册，第18页，北京，人民出版社，2007年。

[15] Ю.А.Зуев. Ранние тюрки: Очерки истории и идеологии. — Алматы: "Дайк-Пресс", 2002, стр. 294.

[16] (法) 哈密顿著，耿昇译：《九姓乌古斯和十姓回鹘考》，《敦煌学辑刊》，1984年，第一期，133页。

[17] Aydın, Erhan: Uyğur kağanlığı yazıtları, kömen yayınları, könya, 2001, 18 s..

[18],[20] Sir Gerard Clauson, Turkish and Mongolian Studies, London, The Royal Asiatic Society of Great Britain and Ireland, 1962, p156, p157.

[19] 耿世民：《古代突厥文碑铭研究》，第179页，北京，中央民族大学出版社，2005年。

[21] 波斯语汉语词典，商务印书馆，1981年，北京

[22]

陈述：《曳落河考释及其相关诸问题》，载《国立中央研究院历史语言研究所集刊》，第七本，第四分册，1938年。

[23]

芮传明：《“曳落河”与“柘羯”的基本特征》，载《西域研究》，1991年第3期。

САЛЫСТЫРМА МӘНДІ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚҰРМАЛАСТЫРУШЫ ТӘСІЛ

А.К. АЛТАЕВА,

*Филолог. ғыл. докт. «Тұран»
университеті Журналистика және
аударма ісі кафедрасының доценті.
Алматы қаласы.*

Ақиқат әлемді тану заңдылықтары, сол арқылы қалыптасатын адам тәжірибесі «қарама-қарсылықтан» тыс бола алмайды. Нысандарды қарама-қарсы қою синтез және анализбен, заттардың арасындағы ұқсастықтарды тауып, оларды ажыратумен тығыз байланысты. Адам бұндай нәтижелерге салыстыру процесі арқылы ғана жете алады. Осыған орай біздің мақсатымыз да салыстырма мәнді сөйлемнің мағынасын ашудағы белсенді құрмаластырушы тәсіл – шартты райдың жұмсалыу ерекшелігін анықтау.

Категориялардың нақты танымдық мәні зат пен құбылыстың ішкі байланысы мен мағыналарын түсінуге жетелейді. Біз салыстыру үшін қажет категория ретінде логикалық категория – «қарама-қарсылықты» аламыз. Категориялар адамның іс-әрекетіне

байланысты туындайтын заңдылықтарды, олардың мәнін, сипатын түсіндіреді.

Қарама-қарсылыққа зат тұрғысынан келу бар да, логикалық тұрғыдан келу және бар. Бұл екеуі диалектикадағы әр түрлі қатынастарға қарама-қарсылықтар. Бірақ бұл қарама-қарсылықтар арасында бірлік те бар. Бұны ашуға негіз болатын қарама-қарсылықтың әдіснамалық сипаты. Ол субъекті-объектімен, антологиялық және гносеологиялық аспектілердің бірлігімен, эмпирикалық және теориялық біліммен тығыз байланысты. Қарым-қатынастың мәнін ашу үшін эмпирикалық және теориялық білім тұрғысынан қарап көрейік.

Эмпирикалық білімнен теориялық білімге көшу «құбылыстан мәнге» қарай бағытталған. Ауысу барысында эмпирикалық білім жойылады, яғни эмпирикалық тәуелділіктің негізіндегі бірлік жоғалады. Сөйтіп «қарама-қарсылыққа» ауысу жүзеге асады.

Эмпиризмнен теорияға көшу қарама-қарсылықты әр түрлі бағытта танудан «бір бағытта» тануға қарай бағытталады. Эмпирикалық тұрғыда ішкі қарама-қарсылық – заттың өз ішіндегі қарама-қарсылық, ал сыртқы қарама-қарсылық заттар арасында болатын қарама-қарсылық. Ал философиялық тұрғыдан келгенде, ішкі қарама-қарсылық мәндегі «қарама-қарсылық», ал сыртқы қарама-қарсылық – құбылыстағы қарама-қарсылық. Сыртқы қарама-қарсылық әр түрлі бағытта антиномияда көрініс табады.

Таным сыртқы қарама-қарсылықты антиномиямен байланыстыра отырып сипаттайды. Сыртқы антиномия ізденіске қарай бағытталады. Ізденіс нәтижесінде қарама-қарсылық әшкереленбейді, керісінше, антиномия негізіндегі бірлік айқындалады.

Бірлік анықталғанда әр түрлі бағыттағы қарама-қарсылық бір бағыттағы қарама-қарсылыққа қарай жүріп отырады. Әр түрлі бағыттан бір бағытқа қарай ауысудың өзі қарама-қарсылықтың бірлігі, соңғы нүктесі. «Разрешенное противоречие есть, следовательно, основание, сущность как единство положительного и отрицательного. Поэтому противоположность и ее противоречия столь же сняты в основании, как и сохранены» [1, 298 б].

Олай болса, диалектикалық қарама-қарсылық теориялық білімнің көмегімен, мәнді танудың нәтижесінде шешіледі. «В собственном смысле диалектика есть изучение противоречия в самой сущности предметов» [2, 215 б]. Диалектикалық қарама-қарсылық – бұл

теориялық білімдегі зат не құбылыстың мәнін ашу үшін қажет ішкі форма.

Заттың, құбылыстың даму, танылуға дейінгі өзгерісін түсіндірудің ішкі көзі, бастауы – ол заттың, құбылыстың қарама-қарсылығы. Даму үстіндегі заттың тараптарын, қасиеттерін, белгілерін, ағымдарын тереңірек зерттеу арқылы ғана заттың қарама-қарсылығын тани аламыз. Оның бастапқы кезеңі зерттеуге алынған қарама-қарсылықтың теориялық моделі түрінде болады. Бұл модельге қарама-қарсылықтың деңгейі және олардың бірлігі мен өзіндік даму ұстанымы енеді. Деңгейі мынадай сызба түрінде танылады: сәйкестік – айырмашылық – қарама-қарсылық – қарама-қайшылық – негіз. Алдымен қарама-қарсылыққа талдау жасау арқылы қарама-қайшылықтың бірлігі айырмашылық және қарама-қарсылық түрінде жіктеліп қарастырылады. Содан соң біріктіру арқылы қарама-қарсы тұстардың бірінен-біріне өтуі және бірлігі анықталады.

Диалектикалық қарама-қарсылықтың теориялық моделінің тағы бір тармағы – қарама-қарсылықтың бірлігі мен өзіндік даму ұстанымы. Ол үшін абстрактіден нақтыға қарай процессуалдық жүйемен жүріп отыру қажет. Процессуалдық жүйеде қарама-қарсылықтың пайда болуы, ілгері дамуы және шешілуі жүзеге асады. Қарама-қарсылықтардың бірлігінің көрінісі – антиномия. Антиномия теориясы бір категориядан екінші категорияға ауысудың түйінін шешіп, себебін түсіндіруге негіз болады. Ал антиномияның өзі – салыстырудың нәтижесі, яғни салыстырудан туады.

Қазақ тіліндегі салыстырма мәндегі құрмаластардың ерекшеліктері мына сипатта келеді:

1) Екі түрлі субъектінің іс-әрекеті, жай-күйі, қасиеті не антитеза түрінде қарама-қарсы суреттеледі, не аналогия түрінде ұқсастығы айқындалады.

а) Мысалы: «Балам, бақыт дегенің базардан сатып алатын зат, дүние емес, ол бейне бір асыл қасиет. Біреулер оны сарыла іздеп әне жетем, міне жетем деп *күн кешсе*, біреулер қолына тез қондыра қояды. Ал қадір қасиетіне жетпей, табанымен таптап жүргендер де жоқ емес-ау» (Б. Иманғазина). Біреу бақытты сарыла іздесе, біреу тез табады, ал үшінші біреу қадіріне жетпейді: бір объектіні иеленудегі үш түрлі субъектінің жай-күйі салыстырылып тұр.

– Осында мен туралы неше түрлі алып қашпа әңгімелер тарап жүр. *Біреу асырып айтса*, біреу жасырып айтады (Қ.Жұмаділов) – екі субъектінің қарама – қарсы әрекеті суреттелген.

ә) *Машанов болса*, шеттен келген жігіт, Таубай осы ауылдың өз адамы (Қ.Жұмаділов). Баяндауышы *болса* түрінде келіп, келесі сындардағы оймен салыстырылады. Сен жаңа көктеген *шыбық болсаң*, ол тамыры тереңде жатқан бәйтерек (Қ.Жұмаділов). Әдетте, қыз бала анасына жақын келеді ғой, *ал Маржан болса*, әкесімен етене сырлас (Б. Иманғазина). Бұл сөйлемдерде салыстыру арқылы антитеза қолданылған.

б) Салыстыру аналогия түрінде де беріледі: Адам *неғұрлым алыста, қол жетпес биікте тұрса*, соғұрлым құдіретті, сұсты болып көрінетінін біледі (Қ.Жұмаділов). Ұқсатуда *неғұрлым, соғұрлым* сөздерінің де семантикалық үлесі бар.

2) Аналогия 2 субъектінің ортақ қасиетін сипаттау түрінде де беріледі: *Әсемнің қасында Мәрия қандай кексе көрінсе*, ол үйдегі заттар да сондай ескі, сондай өңсіз еді (Қ.Жұмаділов). Қасиет-сапаны салыстыруға *қандай – сондай* сөздері де белгілі бір дәрежеде семантикалық өң беріп тұр.

Осынау табиғат қандай көне, қандай мәңгілік болса, жақсылық пен жамандық арасындағы талас-тартыс та сондай көне, сондай мәңгілік сияқтанады (Қ.Жұмаділов).

Қаратайды мен *қандай жексұрын көрсем*, жағал мотоциклді де сондай жексұрын көрем (Б. Соқпақбаев).

Сөйлемнің салыстырма мәнін ашуда *қандай, сондай, болса, сияқтанады* сөздерінің, жақсылық – жамандық антонимдерінің семантикалық салмағы басым түсіп тұр. Ал шартты рай формасы – тек бағыныңқы сыңарларды құрмаластырушы тәсіл ғана.

Біреулер тым қазымыр, қатал кісі десе, екінші біреулер турашыл, әділетті адам деп сүйсінеді (Қ.Жұмаділов).

Өкпесі кетсе – адам да өлгені, *жапырағы бітсе* – ағаш та солғаны (Ж.Аймауытов). Шарт-нәтиженің бұл сөйлемде мағыналық үлесі жоқ, адам мен жапырақтың ұқсас жай-күйі аналогиямен берілген.

3) Қимыл-әрекеттің объектісі де салыстырыла беріледі: *Біреулер аудандық газетті, екіншісі аудандық мәдениет бөлімін лайықтаса*,

тағы біреулер мектеп-интернаттың директорлығын икемдеп, гу-гу еткен көріпкелдер көбейіп кетіп еді (Қ.Жұмаділов).

Антонимдердің белсенді жұмсалуды салыстыру мәнін аша түседі: *Біреуге қуаныш-бақыт сыйласа*, енді біреуді қайғының қара баранымен қалтыратқан қу тіршілік-ай! (Қ.Жұмаділов) (қуаныш-қайғы – антонимдер).

Кейде антоним, синонимдер қоса жұмсалады: Шындығында, құрылыс жұмысшының қиындығы мен бейнеті *қандай көп болса*, адамға сыйлайтын рахат, ләззаты да аз емес-ті (Қ.Жұмаділов). *Қиындық, бейнет және рақат, ләззат* сөздері өзара синонимдер болса, бағыныңқы сыңарларда антонимдер болып тұр. «Көп және аз емес сөздері логикалық тұрғыдан антоним бола алмайды. «Көп-аз» – антонимдер, «көп-көп емес» – антоним емес, қарама-қайшы ұғымдар. Ал «көп-аз емес» – ұқсас ұғымдар. Осыған байланысты логикалық тұжырым М. Мусиннің сөздігінде келтірілген» [3, 5 б].

Қазақ тілінде салыстырма мәнді сөйлемдерді жасауда жатыс формалы есімше формасы да жиі қолданылады. Мысалы: Сен жаңа көктеген *шыбық болсаң*, ол – тамыры тереңде жатқан бәйтерек// Сен – жаңа көктеген *шыбық болғанда*, ол – тамыры тереңде жатқан бәйтерек. Соңғы қолданыстан сөйлемдегі салыстыру схемасы өзгерді: алғашқы сөйлемде салыстыру мәнге «болжалдық» тән болса, соңғы сөйлемде «айқындық» тән болып тұр.

Өкпесі кетсе – адам да өлгені; *жапырағы бітсе* – ағаш та солғаны // *Өкпесі біткенде*, адам да өлгені; *жапырағы біткенде*, ағаш та солғаны (болжалдық, айқындық).

Біреуге қуаныш-бақыт *сыйласа*, енді біреуді қайғының қара баранымен қалтыратқан қу тіршілік-ай // Біреуге қуаныш-бақыт *сыйлағанда*, біреуді қайғының қара баранымен қалтыратқан қу тіршілік-ай!

Осында мен туралы неше түрлі алып қашты әңгімелер тарап жүр. Біреу *асырып айтса*, біреу жасырып айтады // Біреу *асырып айтқанда*, біреу жасырып айтады.

Демек, жалпыдан нақтыға қарай, процессуалдық жүйемен жүру арқылы «болжалдық / айқындық» оппозициясы құрылады.

Сондай-ақ, салыстырма мәндегі *-ғанда/-генде* формасы, *болғанда* түрінде халық әндерінде жиі айтылады. Мысалы:

Көзіңнен айналайын, қарақтарым,

Секілді ақ қазине тамақтарың.

Болғанда біз бір лашын, сіз бір сұңқар,

Білмеймін қай жеріңе қонақтарым.

(Халық әні «Әсем әнім сырнайдай»).

Жатыс формалы есімше формасы шартты салыстырма мәнін мезгіл мәнге өзгертеді: Біреу аудандық газетті, екіншісі аудандық мәдениет бөлімін *лайықтаса*, тағы біреулер мектеп-интернаттың директорлығын икемдеп, гу-гу еткен көріпкелдер көбейіп кетіп еді // Біреу аудандық газетті, екіншісі аудандық мәдениет бөлімін *лайықтағанда*, тағы біреулер мектеп-интернаттың директорлығын икемдеп, гу-гу еткен көріпкелдер көбейіп кетіп еді.

Адам неғұрлым алыста, қол жетпес *биікте тұрса*, соғұрлым құдіретті, сұсты болып көрінетінін біледі // Адам неғұрлым алыста, қол жетпес *биікте тұрғанда*, соғұрлым құдіретті, сұсты болып көрінетінін біледі.

Егер салыстыруды ғалымдар айтқандай, *компаративтер* және *интенсивтер* деп қарасақ, онда мына сөйлем компаративке жатады, себебі онда образдылық бар: Сен жаңа көктеген шыбық болсаң, ол – тамыры тереңде жатқан бәйтерек. Компаратив 4 сыңардан тұр: *салыстыру заты* – сен, ол; *салыстыру образы* – шыбық, бәйтерек; *салыстыру негізі* – жаңа көктеген, тамыры тереңде жатқан; *m* -ген, -қан [4, 80 б]. Ал *болсаң* сөзі тек екі сыңарды құрмаластырушы тәсіл ғана. Егер *болсаң* сөзі болмаса, сөйлем салаласқа жатқан болар еді. Демек, шартты райдың салыстырма мәнді сөйлемдерде грамматикалық үлесі ғана бар екен.

Ал мына сөйлемдерде сапа белгісі интенсивті дәрежеде көрінеді. Оларда компаративтердегідей салыстыру образы жоқ. Әсемнің қасында Мәрия қандай кексе көрінсе, ол үйдегі заттар да сондай ескі, сондай өңсіз еді. *A* – Мәрия, заттар; *C* – кексе, ескі, өңсіз; *m* – қандай, сондай.

Осынау табиғат қандай көне, қандай мәңгілік болса, жақсылық пен жамандық арасындағы талас – тартыс та сондай көне, сондай мәңгілік сияқтанды. *A* – табиғат, талас-тартыс, *C* – мәңгілік, көне, *m* – қандай, сондай.

Жоғарыда айтылған *кексе, өңсіз, ескі, көне, мәңгілік* сөздері, егер де оларды морфологиялық шырай категориясының ауқымында қарасақ, теңдік шырайға (эквативке) жатады. Ал компаратив – салыстырмалы шырай. Сын дәрежесін морфологиялық категорияның аясынан ауқымдырақ етіп, жалпы тілдік категория деп қарастырсақ, онда ол «сын-белгі дәрежесінің семантикалық категориясы» болады. Олай болса, сын-белгі дәрежесінің семантикалық категориясының аясында шартты рай формасы сабақтас құрмаластағы сыңарларды байланыстыру үшін қажет құрылымдық элемент болып табылады. Ал сөйлемдегі семантикалық мүмкіндігі шектеулі болып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Философиялық дәптерлер. Т.29. – М., 1970.
- 2 Аристотель. Соч., т.1. – М., 1976.
- 3 Мусин М. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – А.: Мектеп, 1984. – 176 б.
- 4 Рысалды Қ.Т. Функционалды грамматика және контенсивті типология // Тілтаным. - №4. - 2004.

Резюме

В статье рассматривается функция формы условного наклонения в сложноподчиненном предложении с сравнительным значением. Условность охарактеризована с когнитивно-функциональной точки зрения. Условие определено как многоядровая структура, причем само «условие» является грамматическим ядром и в ряд его микрополя входят компаратив, причина, следствие, время, цель, залог и др.

Resume

Based on dialectic categories, for the first time conditionality from the methodic point of view has been characterized. Condition will be determined as malty kernel structure, the “condition” itself will be grammatical basis and into his micro field will contain the reason, consequence, goal, time, comparative, voice and etc.

БАҒАЛАУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ғ. ТҮСІПБЕКОВА,

*филолог. ғыл. кандидаты,
Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті.
Астана қаласы.*

Бағалаудың тілдік бірліктерінің табиғатын тануда когнитивтік бағыттың қызметі ерекше. Когнитивтік лингвистика – ғаламның тілдік бейнесінің концепциялары тұрғысынан тіл білімін жүйелеу мен құрудың құралы екендігі белгілі. Когнитивтік қызметтен тілдің танымдық, затдеректік (денотаттық), референция қызметтері бірге танылады. Когнитивизмнің басты зерттеу нысанасы – адамзаттық когниция. Демек, адамның когнитивтік әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады.

Қазақ тілін когнитивтік зерттеуге арнаған алғашқы жұмыстардың бірі ретінде Қ.Ә.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясын атауға болады. Бұл жұмыста тілдік сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер, мұң концептісі т.б. когнитивтік мәселелер қарастырылған [1].

Профессор Ж.Манкееваның «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты мақаласында М.Бирвиш, Хомский, Лакофф, Коок, Г.В.Колшанский, Ю.Д.Апресян және тағы басқалардың есімдерімен байланысты когнитивтік лингвистиканың пайда болуы мен дамуына қысқаша шолу жасалады [2].

Өзіміз байқағандай, қазақ және салыстырмалы тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың түрлі мәселелері мен проблемаларын зерттеу белсенді түрде жүргізілуде, екі не одан да көп нәрселер мен құбылыстардың артық-кемдігі сарапқа салынуда, өйткені когнитивтік әдіс «тілдің адаммен, оның ақыл-ой, рухани жағынан күшті дамуымен, барлық ойлау және ақиқат дүниені, өмірді танып білу жөніндегі білім процестерімен, сондай-ақ соның негізін құрайтын механизмдер және құрылымдармен алуан түрлі байланысындағы тілдің жарқын болашағын көре білуге жол ашады» [2, 42-б.].

Әр адамның қоршаған орта, құбылыстар, іс-әрекеттер, мінез-құлық туралы түсініктері әр түрлі болады. Бұл жайында Б.Қасым: «Қоршаған ортаны түрлі адам бірдей қабылдап, таниды деп айту қиын. Әр адам өзінше танып, өзінше қабылдайды және ол сол

адамның белгілі тәжірибесіне, қабілетіне, біліміне, ерекшелігіне байланысты», - деген еді [3, 21-б.].

Әркім іс-әрекеттерге, мінез-құлыққа, құбылыстарға өзінің ойлау өресі жеткенше, өз түсінігі шеңберінде баға береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтіре кетейік. Мәселен, *құралайды көзге атқан* деген тұрақты сөз тіркесі адамның мергендігін, яғни бағыттталып айтылған адамға жағымды баға беріп, мақтау мәнінде қолданылады. Сол сияқты *төрт түлігі сай адам* немесе *мал біту* деген сөз тіркестері байлық, бай, баю мағыналарын береді. Бұдан қазақ халқы байлықты төрт түлік малмен өлшегендігін көруімізге болады.

Қазіргі лингвистикада когнитивті бағытқа сай нәтижеге жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады:

- ғаламды тану мен пайымдау, іс-әрекеттің даму барысы;
- ғалам туралы ақпарат алу, қайта өңдеу және беру процесіндегі тілдік білімдер;
- білімді концептілеу мен категориялау процестері, мәдениет тұрақтылығын тілдік тұрғыдан категориялау мен концептілеудің құралдары мен тәсілдерін суреттеу;
- концептілік аймақты ұйымдастыратын және оның мүшеленуінің негізгі болып табылатын әмбебап концептілер жүйесін суреттеу;
- ғаламның тілдік бейнесі мәселелері [2].

Сонымен қатар когнитивтік тіл білімі тілдік құбылыстар арқылы концептуалдық жүйені де зерттейді. Концепт сөздерінің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. А.Исламның айтуынша «әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Әр қоғамдық даму кезеңдерге сәйкес тіл және мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып-түсінуде өзгерістер болғанымен, негізгі дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [4, 78-б.].

Бағалаудың концептуалдық құрылымын анықтау барысында қазақстандық белгілі философ Д.С.Раевтың қазақ халқының дүниені танып білу әдіс-тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері, ұлттық дүниетанымы, әдеп және адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы туралы философиялық пайымдауларын, С.К.Сәтенованың [5] қазақ тіліндегі жануарлар атауларымен байланысты фразеологизмдердің сипаттамасы туралы айтқан тың ойларын негізге алдық. Д.С.Раев

атап көрсеткендей, табиғат – көшпелі қазақ халқының дүниетанымының, адамгершілік, әдептік пайымдауларының түп негіз бастауларының бірі болып табылады, себебі қазақ ұлты мал шаруашылығымен айналысып, жаз жайлауға, күз күзеуге, қыс қыстауға, көктем көктеуге көшіп-қонып табиғат аясында өмір сүргендіктен оның сырын жақсы біледі деп айта аламыз. Бұған дәлел – қазақ халқы адамның жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарын табиғаттың алуан түрлі құбылыстары мен қоршаған ортаға баламалай отырып сипаттама беруі. Мысалы, бейқам адам: *жағасы жайлау, төбесі қыстау*; адал: *судан таза, сүттен ақ*; мақтаншақ: *жел өкпе, көбік өкпе*; қатал: *тастан қатты*; мейірімсіз: *тас жүрек, тас бауыр*; сұлулық: *айдай аузы, күндей көзі бар*; тез, шапшаңдық: *жұлдыздай ағу*; қара құйын т.б. *Қалжың құмар жел өкпе жігіттер өздерінің тілегін орындамай кетпейтіндерін айтып, тұрып алғаны* (І.Есенберлин). *Әрине, әкем бұл пәниден қателеспей, сүттен ақ, судан таза өмір кешуде десем, онда ол тіпті де адамнан гөрі періштеге ұқсар еді* (О.Бөкей). *«Дос келіншек әкеле жатыр, қырмызыдай құлпырған бізді көзіне ілмеп еді, Керейден алған қызы ай мен күндей сұлу шығар, көрелік» деп алдынан шықса....* (О.Бөкей).

Мына – жүрек, мына – көз, мына баста,

Ненің барын біледі мына қасқаң...

Сезгіштігін білдіріп алам ба деп,

Тас жүрегін жасырар қына басқан (М.Мақатаев). Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазақ халқы адамның жақсы және жаман мінездерін табиғаттың жанға жайлы құбылыстарымен салыстыра отырып бейнелесе, теріс мінез-құлықтарын табиғаттың сүрең құбылыстарымен сипаттаған.

Қазақ халқында бағалау барысында адамның мінез-құлқының жақсы-жаман жақтарын жан-жануарлар мен қазақтар үшін тіршілік көзі болған төрт түлік малдың жақсы – жаман мінездерімен салыстыра отырып сипаттау басым. Осы ретте С.К.Сәтенованың пікіріне тоқталғанды жөн көрдік: «... халық малды тек бағып қана қоймай, оған тән мінез-құлықты, ерекшеліктерді байқап, адамдардың бет-пішінін, мінез-құлқын, іс-әрекетін сипаттау кезінде ұтымды пайдаланып отырған: *қойдан жуас, жылқыдан торы; жылқы мінезді (жігіт); теке сақал; бұзау тұмсық; қошқар мұрын; бота көз; түйе табан; бес биенің сабасындай; сиыр сипағанды білмейді; ешкінің асығындай; қой аузынан шөп алмайтын; тойған қозыдай т.б.*» [5, 14-б.]: *Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала*

болып көп ойнамайтын жасқаншақ еді (О.Бөкей). Қыздардың томпақ, толық, жұқа, жұмсақ еріндері сәл ашылғанда олардың ауыздарынан **ақ маржан** ақтарылып кеткендей көрінді. «Ал енді не айтасың?» дегендей, жазық маңдай, қыр мұрын, аққұба, **аққу мойын**, аршын төс, қара торы, қиғаш қас, ақ сары қыздар әлі маған жаудырап қарап тұр (Ә.Нұршайықов). Бірінші көрген оқытушым болған соң ба, әлде жүзінде есте қалар ерекше белгілері бар ма, білмеймін, көмірдей қара, **қозыдай бұйра шашы** мен бірден **бүркіттің тұмсығын көзге елестететін үлкен имек мұрыны бар, қоңырқай өңді келген отыз үш-отыз төрттер шамасындағы сабырлы кісі өмір бойы ойымда сақталып қалды** (Ә.Нұршайықов). Биік қабақ, **бота көз** осынау ақ сары қыз маған барлық қыздардың сұлуы сияқты боп көрінді (Ә.Нұршайықов).

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, адамның мінез-құлқының жақсы-жаман жақтары жан-жануарлармен салыстырыла отырып сипатталғанын байқауға болады. Яғни, қазақ халқының төрт түлік малдың жағымды-жағымсыз мінездерін адамның жағымды-жағымсыз мінез-құлықтарымен баламалай отырып бағалау жүйесін қалыптастырғандығын, сонымен қатар ұлттық тәрбие жүйесін жасағандығын да көруімізге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. -140 б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері// Тілтаным. – Алматы, 2001. - № 4. - 39-43-б.
3. Қасым.Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері. Филол. ғыл. док.авторефераты. – Алматы, 2002. – 50 б.
4. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингво-мәдени сараптама): филол.ғ.д.... дисс. – Алматы, 2004. - 228 б.
5. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты: Филол.ғыл.докт. дисс. – Алматы, 1997. - 260 б.

ТЕРМИНДЕНГЕН ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕР

Х. Ә. ҚАРАБАЕВА,

филолог. ғыл. кандидаты,

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ доценті

Алматы қаласы.

Зерттеушілер терминжасам: «қоғам мүшелері тарапынан жасалатын саналы әрекет», «қолдан жасалатын творчестволық іс» дей отырып, *«жалпы халықтық тілдегі көптеген сөздердің қашан, қалай пайда болғанын біле бермейміз. Ал терминдердің, тіпті бүкіл бір терминдік жүйенің неге байланысты, қалай, қай мезгілде жасалғанын дәл айтып беруге болады. Бұл жағынан терминдердің ономастикалық лексикамен (кісі аттарымен) ұқсасатын жері бары рас»* [1: 126], - дейді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тіл білімі терминдерінің қалыптасуы мен даму тарихына қоса, олардың авторларына қатысты ізденістердің аса қажеттігін көрсетеді.

Терминология саласына қатысты қазақ тіл білімінде соңғы кездері қолданыла бастаған, алайда лингвистикалық сөздіктерге ене қоймаған пән сөздерінің бірі – *авторлық термин* немесе *авторлық терминдер* атауы. Авторлық термин орыс тіл біліміндегі терминдерді авторларына қарай жіктеу үлгісі негізінде алынған. Бұл жіктелім түрі орыс ғалымдарының еңбектерінде *классификация терминов по авторству* деп аталады, яғни терминдерді *авторларына қарай жіктеу*. Ғалымдарының айтуына қарағанда, бұл жіктелім терминдерді әлеуметтік тұрғыда зерттеу мақсатын көздейді. Аталған жіктелім үлгісі терминдердің жасалуында белгілі бір автордың немесе ұжым мүшелерінің рөлін ескеруді міндеттейді. Ғылым тарихында көптеген терминдердің шығуы жекелеген тұлғалардың атымен тығыз байланыста қарастырылады. Мәселен, *геликоптер* терминінің жасалуы Леонардо да Винчи, *промышленность* (өнеркәсіп) термині Н. М. Карамзин, *социология* термині О. Конт есімдерімен байланысты айтылса, тіл білімінде *семантика* терминінің авторы француз ғалымы Мишель Бреаль деп танылады. Сондықтан соңғы жылдары орыс ғалымдары тарапынан бұл жіктелім үлгісіне жіті көңіл аударыла бастағаны байқалады. Мысалы, 2003 жылы А. П. Дьяченко «Словарь авторских терминов, понятий и названий» атты 375 беттен тұратын көлемді сөздікті жарыққа шығарған. Интернет жүйесінде келтірілген мәліметтер бойынша,

аталған сөздікте авторлары нақты немесе біршама нақты анықталған авторлардың түрлі ғылым салаларында қолданылатын 3700 ғылыми ұғымдар мен атаулар қамтылған. Сонымен қатар Л.В. Попованың 2004 жылы Омскіде «Проблема качества лингвистического термина (На материале авторских терминосистем функциональной грамматики)» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғалған.

Міне, осы деректерді негізге ала отырып, қазақ тіл біліміндегі жалқы есімдердің негізінде терминденген пән сөздерінің авторларын анықтауға болады. Қазақ тілі грамматикасының төл тілімізде оқытылып, ғылыми тұрғыда жүйеленуі «XX ғасырдың ұлы реформаторы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тікелей байланысты. Қазақ тілі оқулығын жазып, грамматика негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық тілдің негізінде термин жасау мәселесіне ерекше мән бере отырып, тың жол салды. Сол кезеңде қазақ зиялылары:

а) термин ретінде ұғымның мән-мағынасын ашып бере алатын қазақ сөздерін алу;

ә) мұндай сөздер қазақ тілінен табылмаған жағдайда, оны туыстас тілдерден қабылдау;

б) танымал халықаралық терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгеріске ұшырауы тиіс;

в) қазақ тілінің табиғатына жат сөздердің бәрі қазақ тілінің ерекшелігіне сай өзгертіліп алынуы тиіс деген қағидаттарды басшылыққа алды.

А. Байтұрсынұлы лингвистикалық терминдерді жасау барысында қазақтың байырғы төл сөздерін (*буын, сөз, түбір, жалғау, жұрнақ, бастауыш, баяндауыш*), сонымен қатар кірме сөздерді (*әріп, әліппе, есеп*) детіліміздің ерекшелігіне бейімдеп терминдік мәнде қолданудың озық үлгісін танытты.

Озық ойлы замандастары А. Байтұрсынұлының халық үшін жасаған игі істерін үлгі тұтып, жоғары бағалады. Соның бір дәлелі – кеңестік тіл білімінде «Байтұрсуновский алфавит» [2: 59] эпонимінің қалыптасып, лингвистикалық терминге айналуы. Байтұрсынұлы жазуы халық арасында «төте жазу» деп аталып, 1929 жылға дейін ресми түрде қолданыста болғаны тарихтан белгілі. Алайда XX ғасырдың басында қазақтың саяси-әлеуметтік өмірінде орын алған өзгерістер салдарынан қазақ әліпбиі бастапқыда латын, кейін кириллица негізінде жасалған әліпбимен алмастырылды. Осыған байланысты бір кездері А. Байтұрсынұлы есімімен тікелей

байланысты қалыптасқан қазақ тіл біліміндегі бірден-бір эпонимнің лингвистикалық терминдер қатарынан ығыстырылып, пәрменсіз терминдер қабатына өткені белгілі. Соған қарамастан, А.Байтұрсынұлы негіздеген қазақ жазуы бүгінгі таңға дейін Қытай Халық Республикасын мекендейтін қазақтардың әліпбиі болып келе жатқандығы «Байтұрсынұлы әліпбиінің» өміршеңдігін, демек сапалы жасалғандығын айғақтайды.

А.Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты *Байтұрсынұлы әліпбиі* деп аталған жалқы есім негізді эпонимдер қатары бүгінде *Ахметтану*, *ахметтанушы* эпонимдерімен толығып, қолданысқа енді.

Ескере кететін жайт А. Байтұрсынұлы өз кезегінде неміс ғалымы Гедике, француз әдіскері Жакото тәжірибелерін талдап, артық-кем тұстарын өзара салыстырып, жалқылау және жалпылау әдістері негізінде сауаттылыққа қол жеткізудің оңтайлы жолдарын ұсынғанда *Жакотоша үйрету* деп аталатын эпонимнің қолданысына жол ашты. Сонымен қатар А. Байтұрсынұлы еңбектерінде *латыншылдар* эпонимі жиі кездеседі.

Жалпы жалқы есімдердің терминденуіне қатысты мына бір тарихи дерек те жақсы мысал бола алады. Түркі халықтарының тарихында араб әліпбиін реформалай отырып, заманауи мақсатта қолдану орта ғасырдың өзінде де орын алған. Атап айтқанда, Үндістандағы Ұлы моғол империясының негізін қалаған Захираддин Мұхамед Бабырдың (1483-1530) «Хатта Бабури» атты әліпбиді жасағандығы туралы дерек «Бабыр наме» шығармасында кездеседі. Бабыр бұл туралы 1504-1505 жж. Кабул оқиғасын баяндау барысында: *«Осы кезде мен құсни бабури жазуын ойлап таптым» [3:170]*, - деген ақпарат қалдырған. 1505-1506 жылдары оқиғаларда тағы: *«Мен мырзамен Мұрғабта жолыққанымда, онымен бірге келген Қази Ықтияр, Мұхамед Мір Жүсіптермен де кездестім. «Бабуридің» жазылу мәнері жайында әңгіме етістік. Қази Ықтияр менен жекелеген әріптерді жазып беруімді өтінді, мен жазып бердім, дәл осы мәжілісте ол әріптерді оқып, жазу тәсілім меңгеріп, өзі де жазып көрді» [209]*, - деген құнды мәліметтер жазып қалдырған. Демек, хатта бабури әліппесінің атауы жалқы есімі негізінде жасалған көне эпонимдердің бірі. Бұған қоса тарих ғылымында Бабыр есімімен байланысты *бабуридтер әулеті* эпонимі де жиі қолданылады.

Эпоним грек тілінен аударғанда «ат беруші» деген мағынаны білдіретін көрінеді. Яғни тіл білімінде эпоним деп терминдік атауға

айналған жалқы есімдер аталады. Әдетте эпонимдер медицина, химия, математика, физика ғылымдарының салаларында жиі қолданылады деген пікір кеңінен орын алған. Мысалы: *алгоритм (Әл-Хорезми), медицина (Ибн Сина), Ұлықбек обсерваториясы, Менделеев кестесі, Гиппократ анты, Ом заңы, Боткин ауруы, Рентген сәулесі* және т.б. Алайда бергісі қазақ тіл білімінде, арғысы түркологияда жалқы есімдер негізінде жасалып қолданылатын эпонимдердің аз еместігіне де көз жеткізуге болады. Мысалы мұндай фактілер ретінде *Абайтану, Абай тілі, алтайтану, алтай ата тілі, алтай тілдері, ата түркі тілі, армян жазулы ескі қыпшақ ескерткіштері, армян қыпшақтарының тілі, Ахметтану, ахметтанушы, Байтұрсынұлы жазуы, Байтұрсынұлы әліпбиі, Білге қаған ескерткіші, Бұғұт жазба ескерткіштері, готика жазулы ескі қыпшақ ескерткіштері, «Кодекс куманикус», Күлтегін ескерткіші, қыпшақтану, Енесей ойма жазулары, Ертіс ойма жазулары, Есік ойма жазулары, ескі қазақ тілі, ескі қазақ әдеби тілі, ескі қыпшақ жазба ескерткіштері, ескі қыпшақ тілі, жалпытүркілік сөздер, көне түркі әліпбиі, көне түркі жазба ескерткіштері, көне түркі жазу, көне түркі тілдері, көне ұйғыр тілі, Күлі Чор ескерткіші, қазақизм, қазақ тіл білімі, қазақ тілі, қазақ әліпбиі, қазақ жазуы, қазақ тілі сөйленістері, Құтлығ қаған ескерткіші, Құтылық қаған жазуы, Могилян ескерткіші, Мойын Чор ескерткіші, Орал-Алтай теориясы, орал-алтай тілдері, орта түркі тілі, Орта Азия түркі әдеби тілі, Орхон-Енесей жазбаларының тілі, Тоныкөк ескерткіші, түркизм, түрки, түркология, түркітану, түркі тілдері, шағатай тілі, Фарабитану, Қорқыт сарыны, хатта бабури, ұлы моғол империясы, Түркі қағанаты, манасшы және т.б. эпонимдер қатарын толықтырып нақтылау, ерекшеліктерін саралау, түгендеп ғылыми мақсатта қолдану, берісі қазақ халқының, арғысы күллі түркі халықтарының адамзат мәдениеті мен ғылымына қосқан үлесін айшықтай түсуге үлес қосады.*

Қорыта айтқанда, эпонимдерді терминжасамның маңызды түрі деп танып, қазақ тілі білімінде жан-жақты зерттеу алдағы уақыттың еншісінде.

Әдебиеттер тізімі

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының даму мен қалыптасуы. – Алматы, 1988.
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998.

З.Бабыр З.М. Бабырнама. – Алматы, 1993.

Резюме

Целью данной статьи является определение малоизученного в казахской языкознании понятия эпоним. Рассмотрение эпонимов как одного из способов терминообразования. А также о роли эпонимических терминов в сохранении имен ученых, исторических личностей, выдающихся мыслителей внесших значительный вклад в науку и культуру.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЕТІСТІКТІҢ РАЙ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

С.С. ШОҚАБАЕВА,

*филол. ғыл. кандидаты
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
доценті. Астана қаласы.*

Жалпы тіл білімінде рай категориясы көне дәуірден бері қолданылып, дамып отырған. Түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің тарихын зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде рай қосымшалары сандық жағынан да, мағыналық жағынан да бай болғандығына назар аударылады. Қазақ тіліндегі етістіктің рай категориясының мағыналық түрлерін топтастыруда тілші ғалымдардың пікірі бірізді бола бермеген.

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы тарихында ХХ ғасырда жасаған қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің еңбектерін, қалдырған мұраларын сөз еткенде, ең алдымен, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев т.б. сынды ірі тілші ғалымдардың есімі тілге оралады. Олардың ішінде сан қырлы ғалым, М.Әуезов сөзімен айтсақ, қазақтың «рухани көсемі» Ахмет Байтұрсынұлының орны бір төбе.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің көптеген мәселелеріне қалам тербеп, тілдің қазірде қолданылып жүрген салаларына қатысты сан алуан ғылыми терминдер енгізгені белгілі. Біз мақалада ғалымның «Тіл – құрал» еңбегінен қазақ тіл білімінің морфология саласына, атап айтқанда, етістіктің райына, оның қызметіне, берілу сипатына қатысты ой-пікірлеріне тоқталмақпыз.

Автор «Тіл – құрал» еңбегінде етістік райының 15 түрін көрсетеді: 1) тұйық рай, 2) билік рай, 3) ашық рай, 4) шартты рай, 5) ереуіл рай, 6) реніш рай, 7) қалау рай, 8) сенімді рай, 9) сенімсіз рай, 10) болжал рай, 11) мұң рай, 12) көніс рай, 13) қайрау рай, 14) азалы рай, 15) теріс рай».

Тұйық райға мынадай анықтама береді: «Тұйық рай дейміз – істің беті белгісіз тұйық күйінде тұрғандағы айтылатын сөз түрін» [1; 234].

Бұдан әрі ғалым райдың 14 түрінің әрқайсысына анықтама беріп, жеке-жеке тоқталады.

Сол кезде етістік райының мағыналық түрлерін жіктеуге қатысты ғалымдардың пікірі бір ізді болмады. Мәселен, академик Н.Сауранбаев етістік райының 5 түрін көрсетеді: «Етістіктердің субъектімен, мезгілмен және басқа жағдаймен байланысты жаққа, шаққа, шартқа байланысты түрленіп құбылуы рай болады. Қазақ тілінде етістіктердің 5 түрлі райы бар: 1. Бұйрық рай, 2. Ашық рай, 3. Шартты рай, 4) Тұйық рай, 5) Қалау рай» [2; 225].

Қазіргі қазақ тіліндегі етістік райының ашық рай, бұйрық рай, қалау рай, шартты рай сияқты төрт түрінің қарастырылып жүргені белгілі. Ал қазіргі уақытта Ахмет Байтұрсынұлының «ашық рай», «шартты рай», «қалау рай» терминдерін, ал билік рай терминінің орнына бұйрық рай деп қолдану қалыптасқан [1; 234].

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегінде райдың берілуі мәселесіне келейік. «Тіл – құрал» еңбегінде автор рай түрлерінің әрқайсысына мысалдар келтіріп, әр райдың ерекшелігіне тоқталған. Мысалы, тұйық райға *қарамақ, саумақ*, бармақ, жанбақ, атпақ, үймек, жүрмек т.б.; билік райға жаз, жазайын, жазсын, жазайық, жазыңдар, күрес, күресейін, күресейік, күрессін, күресіңдер т.с.с.; ашық райға жаз, жазамын, жазасың, жазады т.с.с. үш жақта жекеше және көпше түрде жіктелетін етістіктерді жатқызады. Шартты райға етістік түбіріне -са, -се жұрнақтары жалғанып, жекеше және көпше түрде үш жақта жіктелген етістіктерді жатқызады (Мысалы, жыла, жыласам, жыласаң, жыласа т.б.). Ереуіл райға етістік түбіріне -са, -се жұрнақтары жалғанып, жекеше және көпше түрде үш жақта жіктелген етістіктерге да, де сияқты шылаулар тіркескен сөздерді (мысалы, жуынбасамда, жуынсаңда, жуынсада т.с.с.) жатқызады. Бұған қатысты айта кететін жайт – қазіргі қазақ тілінде етістік түбіріне -са, -се жұрнақтары жалғанып, жекеше және көпше түрде үш жақта жіктелген етістіктерге да, де сияқты шылаулар тіркескен

жуынбасамда, жуынсаңда, жуынсада т.с.с. сөздерді қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының жасалу жолы ретінде арастырамыз. Бұл – бір. Екіншіден, қазіргі қазақ тілінің емле ережесі бойынша да, де шылауларын бөлек жазып жүрміз. Ал Ахан еңбегінде күрес, күресемші, күрессеңші, күрессейші деген етістіктерді реніш рай деп қарастырылған. Ғалым сенімді райға алғаймын, алмағаймын, болғай, болмағай деген сияқты синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздерді топтаса, ал сенімсіз райға барар ма екем, бармас па екем, көрер ме екенсің, көрмес пе екенсің т.с.с. аналитикалық тәсіл арқылы жасалған етістіктерді қарастырады. Сол сияқты болжал рай деп оқыр едім, ішер едің, барар еді т.б., мұң рай деп айтар ма едім, айтпас па едім, жүрер ме едің, жүрмес пе едің т.т. аналитикалық тәсіл арқылы жасалған етістіктерді қарастырады. Көніс райға кетемін-та, кетпеймін-та, барамын-та, бармаймын-та, кетемін-тағы, кетпейді-тағы сияқты етістіктер берілген. Бірақ бұл етістіктердің құрамындағы -та, -тағы демеуліктері бүгінде тілімізде қолданылмайтыны белгілі. Азалы райға жүрсейші, қалсайшы, барсайшы сияқты сөздерді мысалға келтірген. Ғалым теріс райға біріне-бірі қарама-қарсы қолданылатын етістіктерді жатқызады. Мысалы, барса игі едім, бармаса игі едім, алса игі едің, алмаса игі едің т.б.

Сонымен қатар, автор етістік райларына тән белгілерді де атап көрсетеді. Бұған қатысты «Райларда үш жақ болады: 1-ші жақ (айтушы), 2-ші жақ (тыңдаушы), 3-ші жақ (бөгделік), екі айырыс бар: 1) жекелік айырыс, 2) көптік айырыс, үш шақ бар: 1) осы шақ, 2) өткен шақ, 3) келер шақ.

Етістіктер райлармен өзгергенде екі түрлі айтылады: 1) дара түрде 2) қосар түрде. Қосар түрде сөйленгенде көмекші етістіктер қосыла айтылады. Көмекші етістіктер дегеніміз: тұрмақ, жүрмек, отырмақ, жатпақ, бармақ, болмақ, алмақ, бермек, келмек, кетпек, көрмек, өтпек, тастамақ, қоймақ, қалмақ, имек. Мұнан басқа етістіктер жай етістік болады» деп жазады [1; 234].

Ғалым етістік райларының алғашқы алтауының (тұйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай) болымды және болымсыз түрлерінің жіктелу үлгісін көрсетеді.

А.Байтұрсынов етістік райларының жазылу емлесіне де тоқталған. Мәселен, ғалым олардың жазылу емлесі жайлы былай дейді: «... Осы үш жақ, екі айырыс, үш шақ бойынша сөз түбірінің аяқ дыбысына қарай өзгереді. Етістік өзгеруі турасында дыбыстар

екі-ақ тапқа бөлінеді: 1) дауысты дыбыс, 2) басқа дыбыстар (дауыссыз һәм жарты дауысты дыбыстар). Сөз түбірінің аяғы дауысты дыбыс болса жалғау мен түбір арасына «и» дәнекер болады; дауыссыз яки жарты дауысты дыбыс болса «а», «е» дәнекер болады [1; 234].

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінде етістік райларын мынадай сипатта қарастырған:

- 1) анықтамасы, орны
- 2) етістік райының қолданылу ерекшелігі, белгілері
- 3) қызметі
- 4) жазылу емлесі
- 5) құрамы (дара, қосар).

Бұдан шығатын қорытынды, *біріншіден*, Ахмет Байтұрсынов еңбектерінде «категория» деген термин қолданылмайды. Ғалым райды сөздің түрі ретінде таниды. Бұны оның райдың әрбір түріне берген анықтамасынан байқауға болады. *Екіншіден*, ғалымның етістік райының қосар түрі деп отырғаны қазіргі қазақ тіл білімінде «күрделі етістік» деп, ал «жай етістік» дегені негізгі етістік деп аталып жүр. «Жай етістіктерге» тіркесетін көмекші етістіктерге тұрмақ, жүрмек, отырмақ, жатпақ, бармақ, болмақ, алмақ, бермек, келмек, кетпек, көрмек, өтпек, тастамақ, қоймақ, қалмақ, имек сияқты етістіктерді жатқызады. Кезінде А.Байтұрсынов еңбегінде қолданылған «көмекші етістік» термині осы күнге дейін қолданыстан шыққан жоқ. Демек, қазірде етістік райларына қатысты айтылып жүрген кейбір пікірлер Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерінде айтылған. Ғалым еңбектерінің құндылығы, өзектілігі соншалық, бүгінгі күнге дейін ғылыми еңбекке, тұжырымға ден қойғанда, Ахаңның еңбектерін басшылыққа алатын тұстар баршылық. Бұның өзі тілші ғалым қалдырған мұралардың өміршеңдігін, кең өрістілігін дәлелдей түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі. 1992.
2. Сауранбаев Н. Академик Нығмет Сауранбаевтың еңбектері. – Алматы, 2000. – 392 бет. II том.

Резюме

В статье рассматривается категория наклонения глагола в трудах А.Байтұрсынова.

Summary

The article considers the category of verb in the works of A.Baiturssynov.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІНІҢ НОРМАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б. ӘБДУӘЛИҰЛЫ,

филолог. ғыл. докторы

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ профессоры,

Г. АЛПЫСБАЙ, *ЕҰУ қазақ тіл
білімі кафедрасының манистранты.*

Астана қаласы

Антропонимдік норма – қазір тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Және бұл антропонимика немесе жалпы ономастика теориясының аясымен ғана шектеліп қалмайды, бір ұлттың өткені, бүгіні мен болашағында өзіндік орны бар қолданбалық бағттарды да қамтиды.

Сәбиге қойылған әрбір есім қазақ антропонимиясының қалыптасуына әсер етеді. Ономастиканың жеке бір саласы ретінде алғаш логик, философ ғалымдар назарына іліксе, кейін тіл білімінің зерттеу нысанына айналды. Тілдік элемент ретінде танылып, лингвистиканың ережелеріне бағынғанымен, антропонимиканың жеке сала ретінде өзіндік заңдылықтарын қалыптастыру қажеттігі заман талабына сай туындап отыр. Бұл сала көптеген ғалымдар назарын аударып, зерттеліп жүр. Дегенмен әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстары да аз емес. Өйткені ол мәдениеттің өркендеуімен, заманның өзгерісіне тікелей тәуелді. Есімдерді зерттеуде шешімін таппай жүрген мәселелердің аз еместігін айтылып келеді. Солардың бірі әрі өзектісі – антропонимдік норма.

«Норма» мәселесі тіл білімінде қашаннан айтылып, қарастылып жүр. Норма – ең алдымен, заң. «Норма деп тану үшін «әлеуметтік бағалау», яғни сол тілде сөйлейтін қалың жұртшылықтың «дұрыс не дұрыс емес, жағымды, әсем не жағымсыз, орынды не орынсыз» деген танымы, бағасы болуы керек» [1, 47] - деп, ғалым Рабиға Сыздық норма мәселесін қарастыруда біршама келелі пікірлер білдірген. Антропонимдік норма да осы танымдар негізінде бағаланады. Қазақ есімі өзіндік дәрежесінде дамуы үшін ол «дәстүрлі құралдарға, амал-тәсілдер мен тәртіптерге» [1, 47] бағынуы тиіс. Қазақ есімдері ең бірінші өзге тілдегі есімдерден өзінің ұлттық сипатымен ерекшеленеді. Туыстығы жақын тілдердегі шығу тегі бір және туыстығы жоқ өзге тілдерден енген есімдерді пайдалануы жағынан

қазақ тілінің өзге біршама тілдермен ортақтығы бар. Бұл орайда олардан өзгешелігі дыбыстық сипатынан, мағынасындағы қазақы ұғым элементтерінен және құрылымдық сипатынан т.б. көрінеді. Сөйтіп, ол ұлттық санада қазақ есіміне тән норма ретінде өмір сүреді. Норма екінші жағынан «қазақ есімдері» деген ұғыммен тығыз байланыста өмір сүреді. Қазақ есімдерінің негізгі белгілері өзіндік нормасы болып табылады. Нормадан ауытқыған жағдайда есім ұлттық сипатынан да, қазақ есімі деген ұғым аясынан да алшақтай береді. Бұл ойлар қазіргі қазақ есімдерінің табиғатындағы өзгерістерге байланысты туындап отырғаны рас.

Антропонимика саласы ғалымдар назарына ерте іліккенімен, норма мәселесі ХХ ғасырдың екінші жартысынан қарастырыла бастаған еді. Алпысыншы жылдардан бастап орыс тіл білімінде орыс есімдерін жүйелеу мақсатында зерттеу жұмыстары қолға алынған. Осыған байланысты «антропонимдік норма» (антропонимическая норма) ұғымы енгізілгенін ілгеріде атап өттік, енгізген ономаст ғалым В.Никонов болатын. Осы ұғым аясында кісі есімдерінің өзіндік жүйесі мен ерекшеліктері туралы көптеген мәселелер қарастырылды. Орыс тіліндегі негізгі қордағы есімдермен бір реттік (разовый) есімдердің айырмашылықтары, қойылу себептері, ұлттық белгілері және т.б. талдаулар жасалып, ыңғайсыз есімдердің мағынасындағы ерсіліктер, айтылуындағы қиындықтар сыналды. Кірме есімдердің игерілуі де арнайы сөз болды. Осындай зерттеулердің нәтижесінде қазіргі сөздіктерде қамтылған есімдер бір жүйеге келтіріліп, орыс есімдерінің (русские имена) өзіндік сипаты қалыптастырылды. Сөздікте берілетін есімдерге қойылатын талап мәселесі де басты назарға алынды. Орыс есімдерінің біртұтас сипатын қалыптастыру мақсатында көтерілген бұл мәселе қазақ тіл білімінде енді ғана қолға алынып отыр.

«Норма – тәртіп» дейтін болсақ, бүгінде сол тәртіпке есімдерді бағындыру қиын. Оған кезінде сырттан жасалған саяси, мәдени ықпалдар мен ұлттық сана, ұлттық құндылықтар мәселесінің күн тәртібіндегі кемшіліктер бір себеп болса, екіншіден бүкіл әлемдік кеңістіктегі ақпараттар айналымы нәтижесінде қазір «сәнге» айналған жат мәдениеттің жастарды еліктіріп алуы да үлес қосып отыр. Антропонимикаға норманың қажеттілігі уақыт күттірмейтін мәселе екенін ономаст ғалым Қыздархан Рысберген былай көрсетеді: «...Аты-жөнін қазақ орфографиясына, антропонимдік нормаларына сай дұрыс жазылуы туралы анықтама алу үшін келетін жеке

азаматтар өтініші әлі толастар емес. Оларды бөлімге ЗАГС орындары жіберіп отырады, яғни, бұрмаланған аты-жөнді жөндеу үшін арнайы біліміміз жоқ дейді. Кейбір бұрмалаулар тіптен өрескел келіп, фамилия, кісінің аты-жөнінің семантикасын танымастай өзгертіп жіберген. Мысалы, Дауылбаев деген азаматтың фамилиясындағы -уы графемасы жазылмай кеткендіктен ол туылғаннан бері Далбаев болып жүрген. Әрдайым психологиялық қолайсыздық сезініп келген. Ал Хантөрин, Қожабеков фамилиялары Конторин, Кожебеков болса, Джакин мен Илиуф деген (американдық Давидофф сынды) фамилиялардан қазақ есімін тану қиын. Джакинді түбіріндегі қай жақ, беттің жағы ма деп, немесе Жак Ширактың атынан қойылған ба деп қаласың. Шындығында олар, Жақия+ев, Елеуов деген қазақ есімдерінен жасалған фамилиялар. Немесе Жексембі, Дүйсенбі есімдеріне екі бірдей -ин, -ов орыс аффикстерін жалғағанда Жексембинов, Дүйсембинов деп аталып жүрген қаншама қазақ бар» [2, 50-52].

Антропонимдер – ең алдымен, сөздер. Өзге сөздер секілді олар да тіл заңдылықтарына бағынып, лингвистикалық әдістер арқылы қарастырылады [3, 3]. Ал сөздер жазуда орфографиялық ережелерге бағынатыны белгілі.

«Жазба түрде жеткізу үшін сол халық пайдаланып отырған жазу (жазу деген терминнің графика, әліпби деген балама синонимдері бар) түрімен қоса белгілі жазу тәртібі, яғни нормалары болуы керек... Ұлттық тілдің емле нормалары көпшілікке ортақ әрі міндетті сипатта болуы шарт» [1, 178].

Қазақ тілі Ахмет Байтұрсынов түзеген араб таңбалары негізіндегі қазақтың тұңғыш графикасы төте жазу, одан соң он жыл көлемінде қолданылған латын жазуы, 1940 жылдан бастап қазақ әліпбиінің кириллицаға көшуі жазудағы ұлттық ерекшеліктердің әлсіреуіне әсер етті. Жетпіс жылдан астам уақыт барлық жағынан тәуелді болған ұлтымыз «орыс» жазуын ұлттық жазу тәртібіне бейімдей алмады. Сондықтан айтылу мен жазылудағы айырмашылықтар, төл дыбыстарымызды қолданудағы шектеулер бүгінге дейін келелі мәселелер қатарында.

Кісі есімі дайын сөздерден жасалатын болғандықтан, сол сөздердің антропонимдерге айналу процесінде де белгілі бір шарттар мен заңдылықтардың болуы қисынды. Яғни, антропонимдердің орфографиялық нормалары негізгі жүйеден ерекшеленеді.

Антропонимдік тұлғалардың байланысу шегіндегі дыбыстық өзгерістер есімдердің әртүрлі жазылуына әкелуде. Ал егер антропонимдерге қатысты орфографиялық жүйе енгізілсе, бұл келеңсіздіктен құтылуға болар еді. «Шындығында, антропонимжасамның дербес сала ретіндегі басты сипатын айғақтайтын белгілерінің бірі – тұлғалардың тілде кісі есімі ретінде танылуы. Антропонимжасамдық норманың тілдік нормадан негізгі қағидаттары тұрғысынан еш айырмашылығы жоқ. Керісінше антропонимжасамның өзіндік ерекшеліктері норма ретінде тілдік норманың құрамынан бөлініп шығады. Сондықтан басты белгілерін айқындауда тілдік нормаға қатысты зерттеулердің тұжырымдары басшылыққа алынады. ...Осы пікірлерге сүйене отырып, антропонимжасамдық нормаға «қазақ есімі» деген ұғымға тән белгілерді жатқызуға болады. Бұл белгілердің аясында кісі есімдерінің мәдени сапасы – мағыналық көркемдігі, ықшам, жеңіл айтылуы, тілде тұрақты қолданысы т.б. ерекшеліктері қамтылады.

«Сөздердің бірізді айтылуы (сондай-ақ бірізді жазылуы) тілдік қатынасты жеңілдетеді. Керісінше, белгілі бір мағынада қолданылатын сөздің (сөзформаның) дыбыстық құрамының бірдей болмауы түсінікті ауырлатып, көңілді алаңдатады. Сөздерді жазылуынша айту әсіресе жастардың үйреншікті машыққа айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Мұның тіліміздің табиғи дамуының нәтижесі деп қарауға болмайды» [4, 181]. Бір қызығы, жаппай сауаттылыққа соңғы жарты ғасыр көлемінде ғана ие болған тілімізде алғашқы кезде жазу нормаларын қалыптастыруға көп көңіл бөлінді де, орфоэпия мәселесі елеусіз қалып келді. Ол заңды да еді. Ғасырлар бойы ауызша дамып келген тілдің айту нормалары ол кезде аса алаңдата қоймаса керек [4, 182]. Туыстас ноғай тілімен салыстырғанда, қазақ тілінің орыс орфографиясынан ұтылған тұстары көп. Ноғай тілі де кириллицаға ауысқанымен сөздердің дыбысталуы мен таңбалануында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ.

Қазақ тілі латын қаріпін қолданғанда мұндай мәселелер болған жоқ еді. Қазақтың төл сөздері тұрмақ, кірме сөздері халықтың танымына сай өзгертіліп айтылды. Сөз ішіндегі дыбыстарда ала-құлалық болмады. Үндесім жайында сингармонизм заңын алғаш зерттеуші Халел Досмұхамедұлы: «Қазақ тілінің өзіне меншікті түпкі сөзінің қайсысын алсаң да, түбір сөз болсын, туынды сөз болсын, сөздердің ішіндегі көп өзгерістерден қай қалағаныңды алсаң да, бәрінің сингармонизм заңымен жүріп, осы заңды қолданып, бұл

заңнан титтей шетке кетпейтінін көресің. Қазақ тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгеріс жоқ» - деген [5, 92].

«...Бұл әсіресе жалқы есімдердің айтылуында жиі кездеседі. Әйтбек (Айтбек), Әйімкүл (Айымкүл), Әйкүл, Әйгүл (Айгүл), Шірінкүл (Шырынкүл), Дәнекүл (Данакүл), Тәшкен (Ташкент), Шімгент (Шымкент), Мәңгент (Манкент), Жәргент (Жаркент)[5, 150].

Халел Досмұхамедұлы: «Жазба әдебиет жоқтық бізді сақтады» деп, қазіргі тілдік қолданыста еріксіз таңбалы тілге бағынудың қаупінен сескенсе керек. Ол: «Ел тілінің бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады», - деген еді.

«Тіпті, жалқы есімдер де жатсынбаған: Мәксім Гөркій (Максим Горький), Әбістірие (Австрия), Қапқаз (Кавказ), т.б. Міне, сингармонизмнің күші – тіл үндестігі. Бұлай айту, жазу қазіргі ұрпаққа жат көрінері сөзсіз. Тіліміздің табиғаты осыны талап етеді. Өктемдіктің салдарынан өз тіліміз өзімізге өгей болып көрінетініне көнбеске амал не?» [5, 151].

Есімдерді дұрыс жазу, дұрыс оқу өте маңызды. Мағынасы терең есімдерді жазуда немесе айтудағы қателік есім мағынасын мүлдем өзгертіп жіберуі әбден мүмкін. Орыстандыру саясатының қазақ тілінің дамуына кері әсері болғаны белгілі. Бұл зардаптан қазақ антропонимдері де тысқары қалмады. Қазақ азаматтарына орыс есімдерінің қойылуы туралы сын айту былай тұрсын, төл есімдеріміздің өзін жазу нормасын қалыптастырып, жіберіліп жатқан қателер мен қателіктерге тоқтау сала алмай келеміз. Жазылуда кеткен кешегі қателергебүгінде бойымыз үйреніп алған, елең етпейміз. Ал ертеңге қалса, ол дағдыға айналуы мүмкін. Сондықтан жазылу нормасы бүгінгі таңда өте өзекті мәселелердің бірі ретінде күн тәртібінде тұруы тиіс.

Қазақ есімдері іштей төл есімдер және кірме есімдер деп мағынасына және құрылымына қарай бөлінеді. Төл есімдер қазақтың төл немесе қазақ тілінің сөздік қорына ертеректе еніп, баршаға түсінікті болып, бекіген, төл сөздермен астасып қолданыла беретін дайын антропотұлғалардан жасалса, кірме есімдер баршаға бірдей түсінікті емес, мағынасы көпшілікке танымал емес, дыбыстық, құрылымдық жағынан да ерекшеленетін сөздерден жасалған. Олардың біршамасы бүгінге дейін тіліміздің өзіндік жүйесіне бейімделіп, нормаға айналған болатын, алайда сыртқы ықпалдардан қорғайтын бірізді жазу ережесінің жоқтығынан қазіргі қоғамдағы

түрлі көзқарастардың ықпалына түсіп, елеулі өзгерістерге ұшырап отыр.

Қазіргі қазақ есімдерінің қолданысында нормадан ауытқушылық көп кездеседі. Ең алдымен ауытқулардағы лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың біріне қысқаша ғана тоқтала кетелік. Лингвистикалық факторлар – кісі есімдерінің арнайы бекітілген жазылу ережесі болмай отыр. Экстралингвистикалық факторға қазіргі қоғамдық санадағы батысқа еліктеу әдеттерін немесе құжатты толтырушы мамандардың қазақша сауатының төмендігі, тілдің табиғатын түсінбегендіктен, аты-жөнді балаға бергенде де бұрынғы құжатқа сүйеніп, сондағыдай қате күйінде қалдыру т.б. толып жатқан себептерді жатқызуға болады.

Есімдердегі негізгі ұлттық сипатты беруші элементтердің бірі – дыбыстар. Дыбыстарды жазуда дұрыс қолдану есімдердің төл болмысын сақтауына қызмет етеді. Дыбыстық құрамы өзгергенде есім өзінің болмысынан жаңылады. Айта кететін бір жайт – егер түбірге норма ретінде қабылданған антропонимжасамдық элементтер жалғанып, сондай-ақ кейбір дыбыстар немесе бүтіндей буын қысқарып қалып жатса, мұндай өзгерістер есімнің ұлттық болмысына ешқандай нұқсан келтіре алмайды. Антропонимдік тұлғалардың шегінде дыбыстық өзгерістер орын алып, жазуда тұлғалар негізгі түбір қалпын сақтамауы мүмкін. Бұл есімдердің атауыштық қызметі мен тұтастығымен түсіндіріледі. Мысалы, Ұлболсын есімінің Ұлбосын, Аманкелдінің Амангелді болуы қателік емес, керісінше дыбыстардың өзара игерілуі нәтижесінде антропонимдік қорды толықтырады. Дыбыстық тұлға бірінші кезеңде қарапайым зат не құбылысты атаса, екінші сатыда адамды атайды, яғни антропонимге айналады, сонымен қатар, бастапқы мағынаға қарағанда, кісі есіміне айналғаннан кейінгі мағына өзгеріске түсетіні белгілі. Есімдердің айтылуы мен жазылуын өзара жақындатып, біріздендіруі қазіргі қазақ антропонимдік нормасының алдында тұрған келелі мәселелердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 бет.

2 Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары // «Қазақ ономастикасының кейбір мәселелері». – Астана: «Ақжол-баспа» 2004. – 224-226 бб.

3 Никонов В.А, Суперанская А.В. «Антропонимика». Наука Москва. 1970. – 360 бет.

4 Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. Оқу құралы. – Алматы: «Дәуір-Кітап», 2013 ж. – 220 б.

5 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 173 бет.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЫДЫРЫС МҰСТАМБАЙҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІН ОҚЫТУ

Т.Қ.ТӨЛЕГЕНОВ,

филолог. ғыл. кандидаты

*Тұран университетінің аға
оқытушысы. Астана қаласы.*

Жоғары оқу орындарында қазақ тілін тереңдетілген деңгейде оқитын оқу топтарына Алаштың абзал азаматтары туралы мәліметтер берілуі тиіс. Алаштың тарихына аттары алтын әріппен жазылған ұлтымыздың біртуар ұлдары жайында өскелең ұрпақ тереңірек білулері үшін олардың есімдері, шығармашылығы бағдарламадан өз орнын тапқаны дұрыс.

Жиырмамыншы жылдары қазақ әдебиеті сынының өркендеп қанат жаюына қоғам қайраткерлері де өздерінің айтарлықтай үлестерін қоса отырып, дарындары жағынан кәсіби қаламгерлерден кем түспейтін деңгейде көрінді. Олар – Смағұл Сәдуақасов, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Нәзір Төрекұлов, Ілияс Қабылов, Сұлтанбек Қожанов, Шәймерден Тоқжігітов сынды азаматтар. Бұлар негізінен мемлекеттік қызметте болғандықтан сынға жиі араласуға мүмкіндіктері аз болды.

Солардың ішінен өзінің мақалаларының мәнділігімен, өміршендігімен, терең ойлылығымен жарқырай көрініп, аса белсенділік танытқан, ірі қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы Ыдырыс Мұстамбайұлының еңбектеріне ерекше тоқталуды жөн көрдік.

Ыдырыс Мұстамбайұлының өзі де түрлі заң, кеңес қызметінде лауазымды міндеттер атқарғанымен, әдебиет, мәдениет, саясат төңірегінде болып жатқан оқиғаларға сын тұрғысынан белсене араласып, соның ішінде әсіресе, Абай мұрасын үнемі назарында ұстап, сол кездің қасаң саясатынан қызғыштай қорғады. Ұлы ақынды

халық санасынан өшіріп, шығармаларын жоққа шығаруға тырысқан шенеуніктер мен кейбір қаламгерлер әрекеттеріне аяусыз тойтарыс беріп, дәлелді түрде қарсылық білдірді, ескі атаулы мен көне мұраға тыйым салған Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе қаһарынан еш қорықпай ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы ерекше орны мен мән-маңызын жете ашып берді. Қайтпас қайсар өр мінезі үшін де «таймас қара» атанып, 1920-жылдардағы Абай төңірегіндегі әдеби айтыс тартыста ұлы ақын өмірімен шығармашылығы жайлы терең білімділігін танытып, биіктен көрінді.

1926 жылдың маусымында Қазақстандағы ҚазАПП-тың құрылуына Мәскеуде пролетариат жазушыларының бүкілодақтық ассоциациясының (ВАПП) құрылуы себеп болды. Алайда, бұл ұйым қазақ жазушыларының арасында іріткі туғыздырып, олардың жік-жікке бөлініп, топ-топ болып бір-бірімен айтысуына түрткі болды. Қазақ әдебиетінде де пролетариат әдебиеті атанған жаңа ағымның пайда болуы сол кездегі айтыс-тартысты одан әрі қыздыра түсуге себін тигізді.

Ыдырыс Мұстамбайұлы «Сын мен баспасөз туралы» [112] мақаласында сол кездегі «өзара сынды күшейтудің бір жолы баспасөз арқылы істеген істің жөнін айтып еңбекшілер жұртшылығының алдына салып таныстырып отыру» екендігін айта келіп, қазақ газеттерінің кемшіліктеріне тоқталады: «Біздің ішімізде қазақ газетінің аттарын білмейтін «сабаздар» да жоқ емес. «Менің білгенімнен артық нені жазады» деп қазақ газеттерін оқымайтынын «мақтаныш» қылып, «білгендігін» көрсететіндер де табылып қалады. «Мені біреу не мақтап, не боқтап жазған, болмаса, менің мақалам басылған санды жіберіңдер» деп жүретіндер де табылады... Қазақша білмеймін ғой, орысша жазайын деп өтінетіндер де бар. Тіпті кейде сол орысша жазғандарын орыс газетіне бере салып, ертең онда басылып шаққан соң, «ана мақаламды аударып басыңдар» деп қолқа салып түстен кейін мөңірейтіндер де бар... «Өз тілін өзі ұмытып кетіп, қазақша сауатын ашуды міндетім» деп білмейтін сауатсыздар да бар. Керек десе, жарнама байланыстарын орыс газетіне ғана бастырып «үнем» қылатындар да бар. Баспасөзге қатынасу – жұртшылыққа қатынасу... Бұл жұмысымызға кіресерде мұндай қылықтарды жіпке тізе айта отыру керек» дей келе, «не көп газетке басылып жатқан жолсыздықтар көп» [112] екенін айтады.

Ыдырыс сол жылдардағы газет басқармалары не болса, соны ойдан шығарып, не біреуді мұқату үшін, көрінген хабарды қойып

қалып отырмауын, тілшілердің жазғанын, қолға түскен мәліметтердің сөлін алып отырып жазуын, басуын ескертеді. Уездік, губерниялық, өлкелік газеттердегі жолсыздықтарды атай келіп «бұл шен сыйлағандық салдары» екендігін баса айтады.

Ол кездегі алаш ұлдарының қазақ ұлтының мүдесіне қатысы бар қандай ірі мәселелер болмасын, бел шеше араласып, белсенділік танытқанын қазір көптеген зиялыларымыз жазып, зерттеп жатыр. Солардың бірі, ұлтының біртуар азаматы Ыдырыс Мұстамбайұлы да өзінің «Түркістан – Сібір жолы» [118, 2] атты еңбегінде сол кезде жүргізілген ірі құрылыстың бірі «Түркісібке» жан-жақты экономикалық талдаулар жасайды.

Ыдырыс, басқа да кемшіліктерді атай келіп, баспана мәселесіне де арнайы тоқталып өтіп, құрылыс материалдарын үнемдеуге, тиімді жақтарын қарастыруға да көп көңіл бөлген.

Сондай-ақ, тағы бір кемшілік мынау деп Ыдырыс: «Жұмыста ешқандай жүйелілік жоқ екендігін, қолда бар құрал жабдықтарды, техникалардың дұрыс пайдаланылмайтындығын, жұмыстың өнімсіздігін, оның себебі қолдағы барлық нәрсенің есебін білмегендік» екендігін, оның барлығының атасы «бассыздық, тәртіпсіздік» [118] деп тұжырымдайды.

«Қандай шаруашылық болмасын, әсіресе Түркісіб секілді үлкен өндіріс жұмысында есеп жұмысының тәртібі нығаймай іс өнбейді. Ақша ұстау мәнісі де осындай» деп Ыдырыс істің бетін аша отырып, заңсыздықтарға тоқталады.

«Балық басынан шіриді» демекші, енді Ыдырыс «Түркістан-Сібір» темір жолының басқару әкімшілігі ретіндегі, кеңсе тәртібіндегі кемшіліктерге баса назар аударады. Қазақ елінің келешегі үшін, барлық істерге бел шеше кірісіп, халқының болашағы жолында жан аямай еңбек еткен елінің нағыз ұлтжанды ұлдарының бірі Ы. Мұстамбайұлының қай еңбегі болмасын терең зерттелініп келешек ұрпаққа ұсынылуы тиіс. Өйткені оның қазіргі таңдағы экономикамыз үшін маңыздылығы, құндылығы жағынан да қымбат екендігі даусыз. 20-жылдардағы қазақ әдебиетіндегі сыни пікірталастарға кеңестік идеология қаншама араласып, өзіндік ықпалын жүргізіп бақса да, Ыдырыс нағыз зиялы ретінде ұлт мүддесін барынша қорғап бақты.

Әдебиет сыншысы ретінде Ыдырыс Мұстамбайұлы ақын-жазушылардың ойшылдығы туралы пікірталасқа да белсене араласып, өзіндік ой-талғамымен терең білімділігін таныта білген тарихи тұлғалардың бірі.

Сыншының 1920 жылдардағы әдеби айтысқа белсене қатысып, батыл пікір білдіруінен оның үлкен дайындықпен келгеніне қоғамдық ой мен әдебиет ғылымынан мол хабардар екендігіне оның «Н.Г. Чернышевский» [119] деген мақаласы айғақ бола алады.

Ұлы ойшыл, сыншының туғанына жүз жыл толғанына арнап жазылған бұл мақаланың бас жағында: «Біздің бар нәрседен кенже қалатын мешелдігіміз бар ғой, сонда да жас жұртшылығымызға Чернышевскийдің кім екендігін, азырақ болса да, тойға қарсы айтуымыз қажет» деп алып, жалпы Чернышевскийдің өмірбаянына шолу жасаудан бастайды: «Орыс мәдениетінің тарихы, орыс елінің салт-санасының, өсіп-өнуін Россияда болған өзгеріс толқындары Россия елінің қоғам тұрмысының күйіне қарай, дәуірге бөлінеді» деп алып, былайша жіктейді: «Өткен ХІХ ғасырдың 40-30-ыншы жылдарында Николай I патшаның зор қысымшылдығына қарамастан жаңа туып келе жатқан жас жұртшылықтың көсемдері болған Белинский, Гоголь, Пушкиндер. Бұлардың ізін басып, бұлардан соңғы жаңа дәуірде жас жұртшылықтың көсемдері болып 40-60 жылдарда Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Бакуниндер шықты», дей келе солардың ішінен «Бұларға бас көсем болған адам, бұл 60-шы жылдардағы және онан кейінгі өзгеріс толқындарына да марксизм негізі тарағанша, ту болған адам Чернышевский» деп, Чернышевскийге ерекше тоқталады.

Бірақ Чернышевскийлердің қателері болса да, заманына қарай сөзсіз ірі кісі екендігін, Чернышевскийдің пікірін тексеру үшін Маркс әдейілеп орыс тілін үйренгенін, Маркс Чернышевскийдің ірілігін айтып бұрынғы пәлсапашылардың көбінен артық көріп мақтап кеткенін айта келіп, Чернышевскийдің Маркстен бұрын өткендігін, Фейербахты, Гегельді әбден жақсы білгендігін, бұлардан тәлім алғандығын, әсіресе өле-өлгенше Чернышевский Фейербахтың шәкірті затшылдық негізін қолдағандығын ескереді.

Халықшылдардың біруақытта Чернышевскийді өздерінің ұстазы қылып, өздерінің жолына ту қылып жүргендігін басты назарға ұстанған Ыдырыс Чернышевскийдің жеке өзіне: «60-жылдардан бергі Россияда болған өзгеріс толқындарға, марксизм орнағанша, туы болған адам – Чернышевский. 90-жылдарда Плеханов, Лениндер шығып, пролетариат жұртшылығы туғанша бұрынғы жұртшылықтың айнасы болған адам – Чернышевский.

Әдебиет мәселелерінде Чернышевский Белинскиймен қатар адам. Чернышевский Белинскийдің келіп тоқтаған жерінен ары

шығып озып кеткен адам. Чернышевский өзінің заманындағы өнер үшін болған өнер таза нәрсе, өнер рухтың (дух) жемісі дейтін пікірден аулақ болған, содықтан да, ескі профессорларға ұнамай университетке оқытушы бола алмады» деп баға береді.

Өз ортасынан озық шығып, өз заманындағы ұлы тұлғалардың біріне айналған Чернышевскийдің философиялық еңбектерімен қатар, әдебиет мәселелеріндегі туындылары да құндылығымен бағалы.

Қорыта келе, ХХ ғасырдың 20-жылдарында кеңестік идеологияға сай келмейтін туындылар қатты сынға ұшырағандықтан, Абай дәстүрінің дамуы, жалпы адамзаттық ортақ мәселелер әдебиет тарихында өз шешімін таба алмады. Әдеби туындылар, жеке қаламгерлердің көзқарасы әдебиеттің партиялығы туралы В.И. Лениннің теориясы шеңберіндегі өлшеммен өлшенгендіктен, қазақ әдебиеті өзінің табиғатынан, даму заңдылықтарынан айырылып, жаппай науқаншылдық өріс алды. Десек те, кеңестік дәуірде қазақ әдебиетінің тарихы күрделі де, қайшылықты жағдайларға толы болғанымен, сонымен бірге бұл дәуір қазақтың ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің өсу, өркендеу жолында айтарлықтай жаңалықтар әкелген кезең болғаны да даусыз.

Соның ішінде, жиырмамыншы жылдары екі дүркін айтыс болған абайтану ғылымында да әдебиеттанушылардың, қоғам қайраткерлерінің айтарлықтай қосқан табыстары болды. Абай мұрасын қорғап қалуда үлкен қажыр-қайрат танытқан көрнекті қоғам қайраткері, әдебиеттанушы, сыншы Ыдырыс Мұстамбайұлының да абайтанушылардың қатарында өз орнын алары сөзсіз. Оның әсіресе, Абай мұрасына қарсы шыққан І.Қабылұлының мақаласына екі тілде бірдей жауап жазған мақаласының әдебиеттану ғылымындағы орны ерекше.

Ақтаңдақтар – қазақ әдебиетінің бүкіл даму жолын түгел қамтыған күрделі мәселе. Социалистік қоғамға дейін жасалған сол кездегі халықтың дүниетанымын танытатын әдеби туындылар социалистік, коммунистік көзқараспен сұрыпталып, көптеген шығармалар ескілікті уағыздайды деген сылтаумен қолданыстан шығып қалды. Елдің тәуелсіздігін, сыртқы отаршылдыққа қарсы

күрес идеясын жырлаған әдебиет «ұлтшыл» атанды. Әдебиет жасаушы ірі қаламгерлер «ұлтшыл», «халық жауы» деген атақтарға ілінініп, жазаға тартылды. Ұлттық тәуелсіздігін алған, қазіргі кездегі қазақ халқына ұзақ ғасырлар бойы жасаған мәдени мұрасын түгендеу, оны осы күнгі заманның игілігіне жарату жалғасын тауып келеді.

1920-жылдар қазақтың әдеби-көркемдік даму процесіндегі бір күрделі кезең болды. Көркемдік өркендеу барысында әрқилы ағымдардың тууына сол кездегі марксизм, ленинизм іліміне сүйенген тапшылдық көзқарас себепкер болды. Көп мәселеде адамзаттық түсінік деңгейінен өзгеше саясат тұрғысынан қарастырылған көзқарас ықпал етті.

Қазақ әдебиеті өзінің идеялық-шығармашылық мақсат, тілегіне қарай екіге бөлінді. Сол кездегі жаңа саяси жағдай халықты тапқа, жікке бөлмей, арман-тілегін тұтастай жырлауға ниеттенген алашшыл ақын-жазушыларды шеттетті. Кедейдің жоғын жоқтаған төңкерісшіл ақын қаламгерлер де олармен тіл табыса алмады. Қазақ әдебиетінде сын өнері кәсіби жанр ретінде қалыптаса бастады.

20-жылдардың бірінші жартысында қазақ әдеби сыны өзінің идеялық-эстетикалық деңгейін анықтау үшін талай талпыныс жасады. Қазақ әдеби сынының жанрлық жағынан қалыптасуына, көркем туындылардың деңгейі қандай өреде екендігіне баса назар аударылып, сол кездегі қаламгерлердің жалпы бағдарын айқындап алуға жағдай жасалды. Қазақ әдебиетінің болашағы кімдердікі, ол қандай көркемдік әдісті негізге алуға тиіс деген мәселені шешу қазақ әдеби сынына жүктеліп, оның келешек деңгейін анықтаудың бір саласы болды.

Көркем туындының тағдыры «пролетариат», «партия», «кеңес», «кедей» деген сияқты сөздердің бар-жоғына қарай шешіліп, сынның басты міндеті саяси бағытты ашу деп ұғындырылды. Көркем шығармаларды бағалағанда, ол ақын-жазушылардың таптық шығу тегімен байланысты қаралып, тек «таза» пролетар жазушылар ғана пролетариат әдебиетін жасай алады деп түсіндірілді. ҚазАПП сынының өктемдігі соншалық – сыналған қаламгерлерден жіберілген қателіктерін мойындауын талап етті. Оның басшылары

шығармашылық жұмысты әкімгершілікке бағындырып, әрбір қаламгерден жоспар бойынша орындау талап етілді. Мұндай өрескел жағдайлардың орын алуына солақай саясаттың ықпалы болды.

Оның үстіне әдебиет сыны мамандарының аздығы өз алдына, білімді әдебиетшілердің барлығы дерлік әдебиет ортасынан шеттетілген болатын. Сын мақалаларда әдеби мәселелермен бірге сол кездегі саяси өмірге байланысты туған әдебиеттегі саяси қырағылықтың кесірінен өрескел қателіктерге де жол берілді.

Кеңестік билік тұсында сөзі мен ісі биіктен табылған Ү.Мұстамбайұлы қоғам қайраткері, заңгер, әдебиеттанушы, сыншы ретінде елге кеңінен танылды. 1920-жылдары баспасөз бетінде біраз пікір бостандығы болып, қазақ зиялылары ұлттық әдебиет пен мәдениетке, көркемөнер туралы өз ой-топшыларын көпшілік талқысына салып отырғанымен, бірте-бірте әдебиетке құрсау бола бастаған таптық қисын, партиялық идеологияға телінген қағидалар, 30-жылдар басында билік құра бастаған социалистік реализм ұстанымдары пайда болды. Сол жылдардағы солақай саясаттың ыңғайына бейімделген, бүкіл адамзаттық ізгілік мән-мағынасынан айрылған қазақ әдебиетіне, көркемөнеріне тек бірыңғай сарында үн қатуына бұйрық, жарлық берілді. Өйткені, әдебиеттің басқаша бағыт алуы төңкеріс идеясын әлсіретіп, оның түпкі, пролетарлық мақсатына зиян келтіреді деп ұғылды.

Жиырмамыншы жылдардағы қазақ әдебиетіне саясат мәселесінің кірігуі себебі ел басындағы қоғам қайраткерлерінің көпшілігі әдебиетпен айналысқандығынан болса, бір жағы ұлт-азаттық қозғалысының басшыларының өзі әдебиетшілер еді. Сол себепті, саяси майданда да негізгі тақырыптардың бірі әдебиет мәселесі болды. Сол кездегі кейбір солақай саяси жағдайларға бейтарап қарай алмаған алаш азаматтарының бірі ретінде қоғам қайраткері Ү.Мұстамбайұлы да белсене араласты. Семей қаласында өткен атаман Анненковтың сотында қоғамдық айыптаушы ретінде қатысқан Ү.Мұстамбайұлы шешендігімен көзге түскендігі өз алдына, тіпті зұлматты жылдарда бірінші хатшы болған Голощекинге де қаймықпастан өз

пікірін айта білген, қашанда болсын ұлт мүддесін бәрінен де жоғары қойған.

Әсіресе, 1920-жылдары көркем әдебиет жайлы болған пікірталаста өзінің құнды пікірлерімен көзге түсіп, әділ көзқарасымен танылды. Айтар болсақ, қаламгер «Біздің таластарымыз» атты мақаласында көркем айтыс жайындағы өзіне баға беруден бастап, пікірталасқа қатысушылардың ойлау жүйесі мен ойын жеткізу қабілетінің қай деңгейде болғандығын, олардың айтыс кезіндегі мінез-құлықтарына да баға береді. Бұл жердегі басты себеп кейбір әдебиетшілеріміздің сол кездегі қызыл идеологияның жетегінде кетуінде еді. Олар өздерінің қарсыластарына тойтарыс беру үшін, сол жылдардағы ресми идеологияның барлық қаруларын түгелдей жұмсап бақты. Олар өздеріне сын айтқан адамдарға «ұлтшыл-байшыл» деген саяси айып таға салуға дайын тұрды. Ал, ол кездері халық баспасөз бетіне жарияланған мақалаларға қатты сенетін. Дегенмен, жиырмамыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихындағы әдеби пікірталастар тек әдебиеттің ғана емес, қазақ қоғамының барлық саласына да өз әсерін тигізді.

Сондай-ақ, Ыдырыс Мұстамбайұлы өзінің «Көркем әдебиет туралы» атты мақаласында «қазақ елінің көркем әдебиеті қашаннан басталатындығы» туралы пікірталасқа қатыса отырып, нағыз ұлт әдебиетінің тууын Абайдан бастайды да, орыс әдебиеті Пушкиннен басталса, қазақ әдебиеті Абайдан басталуға тиіс деген дұрыс шешімге келеді. Сол кездегі әдеби ағымдар жайлы пікірлерінен де өзгелерден өзгеше өзіндік көзқарасты анық байқаймыз.

Ы. Мұстамбайұлының көркем әдебиет, өнер туралы, жалпы мәдениет жайында жазған мақаларынан оның жан-жақты терең білімді, аса парасатты, кең ақылды, алғыр ойлы, әділдік, шындық жолынан таймайтын қажырлы, қайсар қайраткер екенін көреміз.

Әсіресе оның, абайтану мәселесіне сіңірген, мол еңбегін ешқашан маңызын жоймайтын баға жетпес құнды мұра деп білеміз. Ы. Мұстамбайұлы өзі де түрлі лауазымды қызметтер атқарғанымен, Абай мұрасын үнемі назарда ұстап, сол кездің солақай саясатынан жанын сала қорғады, ұлы ақынның асыл қазынасын халық санасынан

өшіріп, шығармаларын жоққа шығаруға тырысқан, шолақ белсенділер мен қасаң саясат жетегінде кеткен кейбір қаламгерлер әрекеттеріне батыл тойтарыс беріп, дәлелді түрде қарсылық білдірді, ескілік атаулы мен көне мұраға тыйым салған Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе қаһарынан еш сескенбестен, ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы ерекше орны мен мән-маңызын жете ашып берді. Ыдырыс Мұстамбайұлы ақын шығармаларын жан-жақты талдай келіп, Абайдың ұлылығын танып қана қоймай, батыл түрде тұңғыш рет қазақ поэзиясының биік шыңы деп бағалады.

1920-жылдары халық санасынан Абай мұрасын өшіріп тастауға бағытталған саяси теріс жолға түсіп кеткен кейбір қаламгерлеріміз ақынның шығармашылығына айтарлықтай қауіп төндіріп, ақынның әрбір өлеңдерінен қызыл идеологияға жат пиғыл іздеп қана қоймай, өз басына тиісе келе, бүкіл шығармашылығын мансұқ етуге тырысқан кезде, озық ойлы алаш азаматы ретінде Ыдырыс Мұстамбайұлы да бұған немқұрайлы қарап қалмай Абай мұрасын қорғауда ерекше атсалысып, белсенділік танытты. Өзінің дәлелді туралы пікірлерімен терең білімпаздықтың, асқан парасаттылықтың, кемеңгерліктің биігінен көрінді. Ешқашан мән-мағынасын, маңызын жоймайтын құнды еңбектерін қалдырды.

Сондай-ақ, Ы. Мұстамбайұлы поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, аса көрнекті ақын Мағжан Жұмабаевтың басына қауіп төнген жылдарда да басын бәйгеге тігіп, ақынды пәле-жаладан арашалап қалуға араласып, мақала жазуы да ерлікпен пара-пар еді.

Қорыта айтқанда, Ыдырыс Мұстамбайұлы біріншіден, сыншы ретінде 1920-жылдардағы көркем әдебиет туралы пікірталасқа белсене арасып қана қоймай, сол жылдардағы солақай саясаттың ықпалына түспестен, ұлттық мүддені жоғары қоятын берік ұстанымынан таймай, өзіндік батыл пікірлерімен көзге ерекше түссе, екіншіден ұлтымыздың рухани байлығы, әдебиетіміздің темірқазығы Абай шығармашылығын жоққа шығаруға тырысқан кейбір қаламгерлердің теріс пиғылды мақалаларына батыл түрде тойтарыс беріп қана қоймай, абайтануға қосқан өзіндік салиқалы да, салмақты ойлары мен зерттеу мақалаларының үлесі зор. Үшіншіден, Ыдырыс Мұстамбайұлының зұлматты жылдарда алаштың саңлақ ақыны М. Жұмабаевты кеңестік идеологияның айыптауынан арашалап алып қалуға тырысып жазған мақаласының да мағжантануда алар орны бар деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұстамбайұлы Ы. Көркем әдебиет туралы //Қызыл Қазақстан, 1927, – №2.
2. Мұстамбайұлы Ы. Біздің таластарымыз //Жаңа әдебиет, 1925, –№5-6.
3. Мұстамбайұлы Ы. Джумабаев и «Девяносто» (В порядке постановки вопроса) //Советская степь, 1929, 24-мая.
4. Мұстамбайұлы Ы. Сын мен баспасөз туралы //Еңбекші қазақ, 1928, 12-шілде.
5. Мұстамбайұлы Ы. Түркістан – Сібір жолы //Еңбекші қазақ, 1929, 26-апрель.
6. Мұстамбайұлы Ы. Н.Г.Чернышевский (1828-1889), (Атақты төңкерісшіл Чернышевскийдің туғанына жүз жыл толды) //Еңбекші қазақ, 1928, 26-ноябрь.
7. Мұстамбайұлы Ы. Ұлы ақын – Абай //Қазақ тілі, 1924, 1-қаңтар.
8. Мұстамбайұлы Ы. Абай //Жаңа әдебиет, 1928, – №7-8.
9. Мұстамбайұлы Ы. Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы //Еңбекші қазақ, 1929, 10,11-қаңтар.
10. Қабылұлы І. Философия казахского поэта Абая и ее критика //Еңбекші қазақ, 10-сентябрь.

Резюме

В 20-годы XX века был провозглашен лозунг о том, что литература должна защищать только классовые интересы пролетариата и на многих талантливых литераторов того времени, отличившихся иным собственным мнением, был навешен ярлык «левых феодалистов». Одним из ярких литераторов того времени, который подвергся жесткому идеологическому прессингу и чье имя долгое время незаслуженно было забытым, является видный общественный деятель, юрист, литературный критик Ыдырыс Мустамбайұлы. На сегодняшний день изучение его литературного наследия является актуальным для дальнейшего развития казахского литературоведения.

Summary

In 20s of XX century the slogan that the literature should defend only proletariats' interests was proclaimed and the name of "left feudalists" was given to many talented writers of that time, who had their own opinion. One of those bright literal people was Ydyrys Mustambayev, who was under the ideological pressure and whose name was undeservedly forgotten for a long period of time. Nowadays, the studying of his literary heritage is very actual for future development of Kazakh study of literature.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫҢ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫ ТУРАЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

А.Н. ДОҒАЛОВ,

эконом. ғыл.кандидаты

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті.

А. БҰЛАНҚАН, *Л.Н.Гумилев
ат. ЕҰУ-дың 2 курс студенті.*

Астана қаласы.

Қазақ халқының ХХ-ғасырдың басындағы Ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ғылыми еңбектерінде, поэтикалық және публицистикалық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық өмірін жан-жақты қарастырған.

Ұлт ұстазының экономикалық көзқарасында, Ұлы дала тұрғындарының негізгі өндірістік саласы – ауыл-шаруашылық сектор мәселелері орталық орын алған.

Қазақ қоғамындағы ауыл-шаруашылық өндірісінде, тарихи мал шаруашылығы басым орын алған (көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы).

Біздің халқымыз атам заманнан бері төрт-түлік малмен күн көрісін көріп, мінсе көлік, ішсе тамақ, кесе киім ретінде қоғамдағы барлық материалдық игіліктерді қамтамасыз ете білген. Қазіргі нарықтық экономикаға құрылған қоғамда материалдық емес игіліктеріміз ұмытылып бара жатқан заманда, артқа бір сәт көз жүгіртіп, Алаш қайраткерлерінің күн-көріс, пайда көзі, өнім алу туралы жазған еңбектері мен зерттеулерін зерделей өткен жөн болар.

Ахмет Байтұрсынұлының «Бес томдық шығармалар жинағының» 2-томында, Қазақ халқының тұрмысына тән мал шаруашылығы, төрт-түлік туралы терең әрі жан-жақты мағлұмат берген. Мәтіндерінде әр малдың өкіліне толық тоқталып, олардың пайдасы, олардан өндірілетін шикізаттардың шығу тегі, өндірілуі, жасалу жолдарын сөз еткен.

Төрт-түліктің ішінде, қой өсіру саласы басым орын алған. Қой шаруашылығының пайдалы қырларын ұлы ұстаз келесідей дәлелдеген: «Қой қай түрінің де болса, адамға пайдасы көп: етін жейді, сүтін ішеді. Терісінен тон тігіледі, бөрік істеледі, жарғақ

жасалады, мес қылынады, жүнінен киіз басылады, шекпен, қап тоқылады, пабірікте (фабрика) неше түрлі қымбат маталар істеледі: аяқ киімдер, қалпақтар жасалады, мүйізінен пышаққа сап, шақша, тарақ, түйме сияқты ұсақ – түйек нәрселер істеледі, тұяқтарынан желім қайнатылады. Сүтінен ірімшік, құрт, май алынады, сүзбе жасалады. Майына нан пісіріледі, сабын істеледі» [1, 49 б].

Тарихи қазақ халқы үшін үй жануарлары ішінде, жылқы – ерекше орын алған. Біздің ата-бабаларымыз тарихи алғашқы болып, жылқыны баптаған. Сондықтан, қазіргі қазақ тіл білімінің негізін қалаушы өз еңбектерінде, жылқының адамға пайдалы қасиеттерін толық және жан-жақты көрсеткен. «Жылқы адамға нағыз пайдалы хайуанның бірі. Көлік орнында жылқы салт мініледі, арба, шанаға жегіледі, соқаға салынады. Жылқының күші мол, жүрісі өнімді. Жылқы сүтінен әрі сусын, әрі тамақ, әрі дәру қымыз істеледі. Еті дәмді, қуатты. Терісінен былғары, қайыс сияқты нәрселер істеледі. Жал құйрығын сатсаң пұл, ессең – арқан – жіп болады, тұяғынан түйме сықылды нәрселер жасалады, желім қайнатылады. Сүйегі сабын мен қант зауыттарында ұсталады. Қысқасы пайдаға асыра білгенге, жылқы бойындағы бар заттарың іске аспай қалатыны жоқ» [1, 54 б.].

Қазақ қоғамындағы мал шаруашылығында, түйе шаруашылығы маңызды орын алады. Кең-байтақ жерімізде, шөл-далаларымызда түйенің қажеттілігі орасан зор. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтардың шаруашылық өмірінде түйенің пайдалы тұстарын жіті түсінген. Бұл малдың барлық пайдалы жақтарын былайша пайымдаған: «Түйе көбінесе көлік есебінде ұсталады. Шөлсіз асу жерлердегі жүріске түйеден басқа мал төзбейді. Темір жол жоқ жерлерде бұрын да, бұл күнде де түйенің қызметі зор. Тізбек-тізбек түйе жетелеген кіркестер сулы, сусыз жерлерді талғамай, кезіп жүре береді. Сондықтан түйеге «қыр кемесі» деп ат қойылған. Шөлге төзімді, жүрісі өнімді, күші көп болғандықтан көлік орнында түйе өгіздерден көп артық.

Түйенің көліктен басқа да көп пайдасы бар. Еті жылқы мен сиыр етіндей дәмді болмағанымен жеуге жарайды. Сүтінен «шұбат» деген түйе қымызы істеледі. Түйе сүті қою, қаймақ сияқты болғандықтан өте жұғымды болады, кісіні тез семіртеді. Жүнінен күпі істеледі, шекпен шұға, кілем, бау-шу тоқылады, арқан жіп есіледі. Терісінен

былғары, қайыс, таспа, көк, көн, ыдыс істеледі. Майы балауыз шам жасауға ұсталады. Табанынан түйме, тарақ, оқшантай сияқты нәрселер жасалады, желім қайнатылады. Тезегі отқа жағылады, сүйегі қант зауыттарында ұсталады» [1, 52 б.].

Ірі қара малды өсіру көшпелі және жартылай көшпелі қазақтардың мал шаруашылықтарында үлес салмағы айтарлықтай емес екені тарихта белгілі.

Негізінен ірі қара малды өсіруімен, отырықшы мал шаруашылықтары және жерді игеру шаруашылықтары айналысқан. Ахмет Байтұрсынұлы Қостанай облысының тумасы болғандықтан, осы өңірдің тұрғылықты мекен етуші қазақ жұртшылығы отырықшы өмір сүру қағидасына негізделгендіктен, ірі қара малды өсірудің пайдалы тұстарын толық түсінген. «Сиырдың адамға пайдасы көп. Еркегі көлік, ұрғашысы сауын. Өгіздің күші көп, бірақ жүрісі шабан. Сондықтан жүк тасуға, жер жыртуға салынады. Сиырдың сүтінен қатық істеледі, ірімшік, құрт, сүзбе жасалады, май алынады, сүттей де ішіледі. Еті дәмді, бойға сіңімді болады. Терісі жылқы терісінен қалың, бұлдырақ болады. Өгіз терісінен былғары, ұлтан және қалың қайыстар істеледі. Сүйегімен жер тыйландырады. Тұяғынан желім қайнатылады. Сүйегі қант зауыттарында ұсталады. Тезегі отқа жағылады» [1, 56 б.].

Төрт-түлік малмен қатар Ахмет Байтұрсынұлы ешкі малының өсуіруінің пайдалы тұстарын толық көрсеткен: «Есі кеткен ешкі жияды» деп қазақ дұрыс айтқан. Ешкі уақ малдың сүттісі. Екі ешкі сүті бір сиырдікіне жете қаба болады. Ашаршылықта, сасқанда, есі кеткенде ешкі қол береді: тамағынды асырайды. Соның үшін ешкіні «іші толған лақ болар, бұты толған бұлақ болар», - дейді. Еті қой етінен төмен болғанымен жеуге жарайды. Ешкінің еті мен майы салқында тез тоңазиды. Сүтінен ірімшік, құрт, май алынады. Майы шам зауыттарында ұсталады. Жүнінің түбітінен қымбат бөкебай, шәл, қолғап сияқты нәрселер тоқылады. Терісінен жақсы жарғақтар, былғарылар, местер істеледі. Мүйізі мен тұяқтары қойдікіндей түрлі нәрселерге ұсталады.

Ешкі басқа малдан өсімтал келеді. Көбінесе егіздетіп, кейде үштеп, төрттеп те табады. Ешкі сүтті және сүті жақсы болғандықтан сауын үшін ұстауға қолайлы мал. Ешкінің еркегі көсем келеді. Қоралы қойды серке бастайды» [1, 50 б.].

Қазақ көсемінің мал шаруашылығы саласына деген экономикалық көзқарасына жоғарыда көрсетілген талдау нәтижесіне сүйене отырып, мынадай қорытынды шығаруға болады.

Халық көсемі қазақ халқының мал шаруашылығындағы жануарлардың негізгі түрлерінің пайдалы қасиеттерін толық білгендігін көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы осы төрт-түліктің ерекшелігі туралы мәлімет бере отырып, ұлттың ежелден бергі күн-көрісіндегі біз елемеген табыс пен пайданың көзін нұсқаған. Біз осынау кең-байтақ еліміздің құнарлы топырағы мен суынан нәр алып өскен төрт-түлік малдан өнім алып, ұлттық ерекшелікті білдіретін табиғи таза өнім ала аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-томы. – Алматы: «Алаш», 2004 ж.

Аннотация

В данной статье авторы исследуют экономические взгляды выдающегося казахского просветителя первой трети XX века Ахмета Байтұрсынова о проблемах развития отраслей скотоводства – основной производственной отрасли казахского общества того периода. Анализ его произведений свидетельствует о его глубоких познаниях в данной области и ее значимость для современного поколения.

Resume

In this article, the authors examine the economic views of Ahmed Baitursynov – the outstanding Kazakh educator of the first period of the XX century about problems of development of livestock industry – the main production industry of the Kazakh society of that period. The analyzes of his works indicates to his deep knowledge in this field and its importance for modern generation.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛАРДЫҢ ҒАЖАЙЫП ТУЫЛУ МОТИВИ

*Г.Т.ЖИЕМБАЕВА,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
түркітану кафедрасының
докторанты. Астана қаласы.*

Түркі халықтары дастандарында ең көп таралған бастапқы мотивтерден бірі «батырдың ғажайып туылу» мотиві. Мысалы, Ұйғыр аңыздарында ұйғырлардың бес атасы көктен түскен нұрмен ағаштан пайда болғандығы туралы баяндалады. Оғыз дастанында Оғыз дүниеге келгенде таңғажайып ерекшеліктердің орын алғандығын көреміз. «... Бұл баланың жүзі аспан түстес, аузы оттай қызыл, көздері қоңыр, шашы және қасы қара еді. Әдемілігі перілерден де өткен. Бұл бала анасының кеудесін бір рет еміп, екінші рет ембеді. Шикі ет, сорпа және шарап сұрады. Сөйлей бастады, қырық күннен кейін ер жетті. Жүрді, ойнады... » деп [1, 17] оны елден ерек сиқырлап, артық қасиеттерге бөлеп, көктен түскен күн сәулелі жарық нұрдан пайда болды деп сипаттайды.

Дастандарда кездесетін батырлардың көктен түскен нұрдан жаралуы кеңінен таралған мотивтерден бірі саналады. Қырғыздың «Манас» дастанында басты кейіпкер Манастың жолдасы Алмамбет, «Қобыланды батыр» жырындағы Қобыланды да жарқыраған нұрдан, сәуледен жаралған. Ғұндар патшасы Еділ (Атилла) да шешесінің күн сәулесінен жүкті болуы салдарынан дүниеге келген. Негізінен алғанда күн нұрынан жаралу мотиві көнемысыр фольклорында көрініс тауып ортағасыр әдебиеті мен фольклорына жеткендігін көруге болады.

«Көрұғлы» жырындағы батырдың көрде туылғанын ғажайып туу мотиві ретінде негізге алуға болады. Қазақ нұсқаларында Көрұғлының көрде туылуы туралы көптеп кездесе, түрік нұсқаларында Көрұғлының дүниеге келуі туралы жыр жолдарын кездестірмейміз. Көрұғлы өлі шешеден туып, молада елден саяқ жерде жүріп өсіп жетіледі. Жалпы, қазақ эпостарында батырдың көрде тууы тек осы «Көрұғлы» жырында ғана кездеседі.

«Көрұғлының Қызылбас Қалдарханның баласы Райханмен соғысы» нұсқасында Мұңлықбек патша Қызылбаспен соғыста шәйт болады. Жары Алтыншаш жүкті болып жесір қалады. Алтыншаш бір

күні ауырып бауыры Бозұғланды жанына шақырып алып түсіне қырық шілтеннің енгенін «Көргенім өтірік болмаса, Ертеңгі күн бесінде. Дүниеден өтермін...» [2, 17], Текежәуміт халқына данышпан, атқа мініп ер жетер, маңына еш дұшпан келмес бала бір айдан соң дүниеге келер. Сол кезде «ұмытып кетпей көрді ашып көр» деп тапсырады. Құдайдың рақымымен көр ішінде туған Көрұғлыға ғаусыл, ағзам, қырық шілтен шәрбат іштіріп, анасының төсінен шыққан сүтті емізіп өсіреді.

Ал «Көрұғлы» нұсқасында Қаждембектің қызы, Раушанбектің жары Ақалайға шілтендер келіп «Жазуы осы Жаратқанның Ақалай, Ертең түсте шаһит болып өлесің. Қамқұн болма Аллаға шет боларсың, Көр ішінде сәбиінді көресің» деп аян береді. Сәби дүниеге келгеннен кейін ғайып ерен мен қырық шілтендер жиналып «Көрден туған Көрұғлы» деп атын қояды.

Қорқыт Ата дастанында, Байындыр хан үлкен той жасап Дирсе ханның перзенті жоқтығын желеу етіп оны «қара отауға кіргізілсін, қара қойдың еті алдына тартылсын» деп жазалауға бұйрық береді. Бұған ренжіген Дирсе хан әйеліне келіп болған оқиғаны айтады. Әйелі «үлкен той жасап, аш-жалаңаштарды тойдырып, киіндіріп, жұрттың ризашылығын алып Тәңірден бала тілеуіміз керек» дейді. Бұл істерді орындағаннан кейін ханның әйелінің аяғы ауырлап бір ұл (Бұқаш) туады [3, 3-6].

Түркі эпостарында болашақ батырлардың міндетті түрде ғажайып туу сарыны бойынша дүниеге келгендігін көруімізге болады. Алпамыс батыр жырында зарығып перзент күткен қарттар Құдайға, әулие, пірлерге жалынып жалбарынып, қиындықтар көргеннен кейін ғана тілектері қабыл болады. Жоғары күштер араласқаннан кейін пайда болған бала бір ғана адамның баласы емес, бала батырлардың қысылғанда Құдайға, әулие, пірлерге жалбарынудың синкреттілігі олардың міндетті түрде жебеушілік қызметінің қатар көрінуімен де байқалады [4, 86].

Жалпы түркі-моңғол эпикалық дастандарындағы көне де тұрақты сарындардың бірі – қартайған жалғыздікті адамдардың баласыздық зары болып келеді. Бұл туралы ғалым Ш.Ибраев «Баласыздыққа қайғыру екі түрлі ситуацияға байланысты: 1. Руы мен мал-мүлкін жаудан /озбыр құлдан/ қорғайтын, артынан ізін басар ұлдың жоқтығына қарт әкенің өз - өзінен қайғыра бастауы; 2. Кемпір мен шалдың баласыздығына қайғыруларына құлдан, жамағайын туыстан, жауыз ханнан қорлық көріп, «қу бас» деп кемсіткен сөзі себеп

болады» [5, 279-280]. Құрбандық кесіп, діни жоралғыларды жасап аш-жалаңаштарды, кедей-кепшіктерді тойдырғаннан кейін әкешесінің балалы болуы ең ежелгі мотивтерден бірі саналады.

Мал-мүлікке ие болатын, ұрпақты жалғастыратын перзентті аңсау, «әулиелерден» бала тілеу түркі дастандарының көбінде ұшырасатын көрініс. Ғалым М.Жолдасбеков айтқандай «... қартайғанша сүймеген перзенттің ащы зары, сол перзент жолында көрген есепсіз мехнат-азап» [6, 124] көптеген жырларға тән. «Алпамыс батыр», «Шора батыр», «Ер Сайын», «Манас», «Қорқыт Ата» секілді дастандардан осыны көруге болады. Қобыланды батыр жырында осы жағдай былай жырланады: «Барлық әулиені аралап, Етегін тікен тырмалап, Жеті перімен сөйлесті, Әулиеге зарын баяндап. Қабыл болды тілегі...» [7, 79]. «Алпамыс» жырының С.Жанбыршин нұсқасында «Байбөрі деген бай екен, Төрт түлікке сай екен. Кемдігі жоқ дүниеде. Бір перзентке зар екен» [8, 1] деп Байбөрінің баласыздық зарын білдіреді. Қыдыр Ілмес ата, Диуана Бүркіт баба, Шақпақ ата әулие, Бибі Патима, Құрабы әулие сияқты әулие әмбелердің басына жырда айтылғандай «Әулиенің басына, Шырағын жанып түнеді» [8, 4]. Содан кейін тілек-дұғалары қабыл болып, ақ сәлделі адам аян беріп Байбөріге «Қарғаса қарғыс өтпеген, Алысса әлі жетпеген» [8, 6] бір ұл береді, артынан тағы бір қыз береді. Осындай аталар әруағының жәрдемі, әулие-әмбиелердің, пірлердің көмегімен кейіпкерлердің дүниеге келуі көптеген эпостарымызға тән құбылыс.

Түркі халықтарына кең таралған көне эпостардың бірі «Көрұғлы» жырының қазақ нұсқаларында «баласыздық» мотиві жиі кездеседі. Көрұғлы перінің қызына, адамның қызына үйленсе де перзентсіздік зарын тартады. Көрұғлының перзент көрмеуіне бала күнінде оған ғайып ерен қырық шілтендер «Құдайдан тілек тіле» дегенде перзент сұрамауы себеп болады [2, 102-103]. «Көрұғлы» нұсқасында Көрұғлы ғайып ерен қырық шілтендерден «жүз жиырма бес жас өмір сүруді және өле-өлгенше жаудан бетінің қайтпауын» тілейді. «Қабыл айла тілегім менің екеуі, Әйел жолда, бала менің белімде» деп қырық шілтендер үш рет айтса да «екі тілегім ғана бар» деп айтқанынан қатпайды. «Көрұғлының Қызылбас Қалдарханның баласы Райханмен соғысы» нұсқасында «Аға сұлтан, патша болсам түрікменге, Ұзақ ғұмыр жүз жиырма жыл бас берсе. Сұр бұлтпен аспандағы ойнасам, Дұшпандарды бір шыбықпен айдасам, Атса мылтық өтпейтұғын ер болсам, Жүз мың жауды айдаһардай

жалмасам. ... Көкке ұшырып мінсем сонда Ғиратты. ... Ел-жұртыма он екі де хан болсам» [2, 17] деген Көрұғлының тілегі орындалады. Көрұғлының қырық шілтендерге «Перзент тумас перизаттан қатын бер, Оймақ ауыз, құралай көз періден. ... Перзент тумас қатын алсам бір сұлу, Болса дәйім оның он төрт жастары. ... Күнде қыздай перизаттан қатын бер, Бала тапқан қатын ерге жараспас» [2, 17] деген тілегі де қабыл болып перзентсіз өтеді.

Жүз жастан асса да бала көрмеген Көрұғлы Қызылбас елінен Қалдарханның ұлы Хасанды, Хұнқар елінен Бұлдырық қасапшының ұлы Ғауазды тартып алып өзіне бала қылады. Көрұғлы жырында баласыздық зарын бас кейіпкер Көрұғлының өзі тартса, қазақ эпостарының басым көпшілігінде баласыздық зарын кейіпкердің әкешесінің тартқандығын көруге болады. Түрік нұсқаларында Көрұғлының Гүл Нигардан туған Хасан және асырап алған Әуез деген екі ұлы болады [9, 46-57].

Манас дастанында да Батталғазының тууына байланысты белгілер түсінде аян арқылы беріледі. Көрген түсін Жігіт атты көріпкелге жорытады, ол да батыр ұл туатындығын айтып сүйінші сұрайды. Манас бір қолында май, бір қолында қан ұстап туады. Май - байлықтың символы, ал қан - батырдың келешекте бүкіл өмірін соғыс майданында өткізетіндігіне, дұшпандарының қанын судай ағызатындығының белгісі екендігін білдіреді. «Моңғолдың құпия шежіресінде» Шыңғысхан осылайша қан шеңгелдеп туған деген аңыз айтылады. Бұл көріністі өзбек дастаны «Рүстемханнан» да табамыз. Абылай ханның қыпшақ әйелінен туған Қасымхан да қан уыстап туған деген аңыз ел ішіне кең таралған [10, 15]. Балалардың бойында болатын алақандағы қан немесе сүт тамшысы, денесіндегі мең сикты нышаналар олардың болашақта таңғажайып батыр болатындықтарының белгісі саналған. Батталғазы дастанында батыр дүниеге келгенде қолында, денесінде мұндай белгілер болмаған. Алайда, өте әдемі болғандығы және құшағына алған адамның оны жібергісі келмейтіндігі айтылады. Керісінше Исламнан бұрынғы түркі халықтарының дастандарында батырдың сыртқы әдемілігіне аса мән берілмеген, әдеміліктің орнына ірі, күшті және ақылды екендіктеріне тоқталынған. Оғыз Қағанды суреттеген кезде оны күшті жануарларға ұқсатып: «денесі басынан аяғына дейін түкті, кеудесі аюдың кеудесіндей, аяғы өгіздің аяғындай, белі бөрінің беліндей» дейді [11, 3]. Манас дастанында оның тәбетін жырда «үш қарынның майларын, үш сағатқа қоймай жалмады» деп бейнелейді.

Манастың дүниеге келуі қазақ халқының «Алпамыс», «Қобыланды» эпостарындағы батырдың дүниеге келулерімен ұқсас келеді. Кейбір дастандарда батырлардың дүниеге келуі ұзақ баяндалса, енді бірінде қысқаша ғана түйінделгенін көруге болады.

Алтай-түркі дастандарында қаһармандар дүниеге келгенде таңғажайыптар орын алған. Қаһарман туар тумас жүре бастайды, қысқа уақытта батыр болып, дұшпандарына қарсы шығады. Ғажайып туу сарынымен дүниеге келген батырлардың ерекше болып келуі түсінікті жәйт.

Алпамыс отқа салса жанбайды, суға салса батпайтын қасиеті бар Құдайдан тілеп алған бала. Ерекше бала жасынан алып күш иесі ретінде танылатындығы сөзсіз.

Атса, мылтық өтпеді,
Шапса, қылыш кеспеді ...
Суға салса, батпады [8, 33].

Едіге батырдың «Мырза Едіге» нұсқасында өзі дәулетті, өзі кеменгер әулие адамның баласыздық зарын баяндайды. Бай түс көргеннен кейінмал жанын тастап кезіп кетеді. Бұлақ басында тынығып жатса үш аққу ұшып кеп қонайын дейді. Алайда, «адамзаттың иісі білінеді» деп қонбастан ұшып кетеді. «Бұлар перінің қыздары болар, мұнын мәнісін білейін» деген бай қолымен жер қазып сыртынан шөп жауып жасырынып қалады. Біраз уақыттан кейін үш аққу қайта келіп қонып, аққу кебіндерін жерге тастап суға шомылады. Олар шомылып жатқанда бай кебіндерін ұрлап алады. Шарасыз қыздар «кұс кебімізді беріп, қоя бер» дегенге көнбеген соң «үшеуіміздің біреуімізді таңдап, қалған екеуімізді қоя беріңіз» [12, 17], - дейді.

Ең кенжесі Кенжекей сұлуды таңдап алған бай екеуін қоя береді. Екі қыз байға «Кенжекей сұлудың басына, аяғына, өкпесіне көз салмаңыз» деп ұшып кетеді. Бай мен Кенжекей ерлі-зайыпты болып тұрып жатады. Күндердің күні қыздардың айтқаны есіне түскен бай Кенжекей сұлудың басына, аяғына, өкпесіне қарап шошып кетеді. Кенжекейге «кете бер» дейді. Кетіп бара жатқан қыз оған пері қызы перизат екенін, ішінде тоғыз айлық бір еркек бала бар екендігін айтып кетеді. Осы адам баласы мен перінің қызынан туған бала Едіге болатын. Яғни, «Едіге батыр» жырындағы Едігенің зат нәсілі – пері. Әкесі – адам баласы, шешесі – пері қызы болатын.

Қорытындылай келе, дастандардағы кейіпкерлердің барлығының да дүниеге келуінде ғажайыптардың орын алғандығын көреміз.

Өйткені, мифтік дәуірде батырлардың ғажайып туылатынына сену орын алған. Ата-аналардың баласыздық зары, соның кесірінен айналасының оларды кемсітуі, перзент меһнатын тартқан ата-аналардың әруақтарға сиынып, әулие әмбелерге, пірлерге жалынуы, түстеріне ғайып ерен қырық шілтеннің аян беріп ерекше бір баланың дүниеге келуі, атасының адамзаттан, анасының пері қызынан болуы, көктен түскен нұрдан жаралуы, көрде тууын түркі халықтарының дастандарынан көптеп кездестіруге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Nihat Sami Banarlı, Resimli Türk Edebiyatı Tarihi, Cilt 1,–İstanbul, 1971.
2. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры/Құраст.: Т.Әлібеков, С.Қосан, С.Сакенов, Б.Тұрлымбеков. – Астана: Фолиант баспасы, 2008. 49 том. – 416 б.
3. Orhan Şaik Gökyaу, Dede Korkut Hikayeleri, – İstanbul: Kültür Bakanlığı Yayınları, 1976.
4. Әлмұханова Г.Т. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 320 б.
5. Ш.Ибраев. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы (қазақ батырлық жырлары негізінде). – Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. – 336 б.
6. Жолдасбеков М. Асыл арналар: Зерттеулер, мақалалар.–Астана: Күлтегін, 2012. – 344 б.
7. Қазақ халық әдебиеті. Батырлар жыры. – Алматы, 1986.
8. Бабалар сөзі.Жүзтомдық. Батырлар жыры/Құраст.: Б.Әзібаева, А.Ақан. – Астана: Фолиант баспасы, 2008.48 том. – 536 б.
9. Mahir B. Köroğlu. – Ankara: Sevinç Matbaası, 1973. – 613 s.
10. Фольклор шындығы.– Алматы: Ғылым, 1990.
11. Muharrem Ergin, Oğuz Kağan Destanı, 100 Temel Eser Serisi, İstanbul, 1972.
12. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры/Құраст.:– Астана: Фолиант баспасы, 2008. 39 том. – 536 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются мотив чудесного рождения богатыря в эпосах тюркских народов в сравнительно-сопоставительном аспекте.

Abstract

In this article are concerned the motives of naming and birth of heroes in the legends of Turkic peoples.

-ДАЙ/ -ДЕЙ ҚОСЫМШАСЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

***А.Т. РАХЫМБАЕВА,**
С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ-дың
аға оқытушысы. Алматы қаласы.*

Қазақ тілінің негізгі байлығы – оның сөздік қоры. Сөз жасауға қатысатын негізгі тұлғаларға түбір сөздер мен қосымша жататыны мәлім. Қазақ тіл білімінде қосымшалардың шығу төркіні, қалыптасу жолдары бар. Қосымшалардың өзіндік ерекшелігі, түрлері туралы ғылымда сан түрлі пікірлер айтылады. Мағыналық ерекшелігі мен қызметіне байланысты пікірталастар мен ғылыми ойларға арқау болып келе жатқан қосымшалардың бірі – -дай/-дей жұрнағы.

Бұл қосымша туралы бірқатар зерттеушілер сөзжасамдық жұрнақ ретінде таныса, бірқатары тұлғажасамдық қосымша ретінде түсіндіреді. Мәселен, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов, К.Аханов, Н.Сауранбаев аталған қосымшаны сын есім тудырушы жұрнақ десе, Ғ.Әбіханов, Ғ.Мұсабаев т.б. зерттеушілер оны әрі сын есім, әрі үстеу тудырушы жұрнақ ретінде көрсетеді. П.Мелиоранский, еңбектерінен бастап, М.П.Дыренкова, Г.И.Рамстедт, М.З.Закиев, Н.А.Баскаков еңбектерінде ол септік жалғауы (салыстыру-ұқсастыру) деп айтылады [1]. -дай/-дей жұрнағының өзіндік ерекшелігін зерделегенде, ғалымдар пікірлерінде анықталған мәселенің байыбы жатқанын көреміз. Яғни, бұл қосымша есім сөздерге жалғанып, сын есім немесе үстеу тудырады, кей жағдайларда тұлғажасамдық, сөз түрлендірушілік қызметі де айқын байқалады. Ғалым Ы.Маманов бұл қосымшаны әрі сөз тудырушы, әрі форма тудырушы деп түсіндіреді. Бұл тұжырым Қ.Шаяхметов еңбектерінде жалғасын тауып, оны -лық/-лік, -ша/-ше, -ғы/-гі аффикстерімен қатар қос қызметті жұрнақ ретінде дәлелдеген.

-дай/-дей жұрнағының сөз тудырушылық қасиеті есім сөздерге қосылып, сын есім тудыруда ерекше айқын көрінеді. Мысалы: Сонда осы толқынды торғын желек астындағы жас сұлудай, жанындағы жарындай, осының нәркес көз, бұлбұл нақыс үніндей, ақ тамақ, ақгүл жүзіндей жас жарастық, жарқын өнер төгілер еді өзімен! (М.Әуезов).

Осыған байланысты Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов сынды әдебиеттанушылар да, Т.Қоңыров, Ж.Шәкенов, Ғ.Мұсабаев сынды тіл

мамандары да теңеудің жасалу жолдарының бірі осы жұрнақ арқылы жүзеге асатынын айтады [2].

Алайда -дай/-дей қосымшасы сөз тудырушы жұрнақтарға қойылатын шарттарға толық жауап бере алмайды. Себебі, біріншіден, жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертіп, жаңа мағыналы сөз тудыра алмайды. Мәселен, аталған қосымшаның орнына сияқты, тәрізді, секілді т.б. жалғаулықтарды қоюға болады: таудай – тау сияқты, тотыдай – тоты тәрізді, т.с.с. -дай /-дей жұрнағын сөз тудырушы қосымша ретінде таныған жағдайда онымен жарыса қолданылатын жоғарыда аталған жалғаулықтарды да сөз тудырады деу қажет болады. Екіншіден, -дай /-дей жұрнағы барлық есімдерге жалғана береді. Ал сөз тудырушы қосымша болу үшін түбірге ұйытқы сөздерге тандап жалғануы керек. Үшіншіден, -дай /-дей жұрнағы жалғанған есім сөздер ешбір сөздікте лексикалық бүтін ретінде берілмейді. Осыған байланысты бұл жұрнақты сөз тудырушы қосымшалар қатарында қарастыру дұрыс бола қоймайтын сияқты.

-дай /-дей жұрнағының тұлғажасамдық қызметі оның көптік, тәуелдік жалғауларынан кейін келуінен де көрінеді. Мысалы:

Тәңірдей табыңдырсаң да,
Анамдай сағындырсаң да,
Жарымдай жалыңдарсаң да,
Баламдай сабылдырсаң да,
Толқыды халық, расында.

(М. Әлімбаев)

Қолға түскен ақ бөкеннің құралайындай жаңа түскен сұлу келіншекті Қошқарбайдың қисық, шақар, мақау ұлы қожандап сабай берген (С. Сейфуллин).

Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей,
Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей.

(Айтыс)

Ол тастың Сүлейменнің жүзігіндей. Мұсаның асасындай, дәуіттің қоржынындай қасиеті бар. (Х. Есенжанов)

Мұның көбісі таудың аршаларындай қыста да, жазда да бір қалыпты көктеп тұрады.

(Ә. Шілтерханов)

Сонда осында баяғы ертегі қалаларындай қатып тұрған, қарлыған күштің бәрі қайта оянар.

(Абай жолы).

-дай /-дей жұрнағын сөз тудырушы қосымша ретінде танитын болсақ, бұл мысалдардағы көптік, тәуелдік жалғауларынан кейін келуін де сол үлгіде қарастырауымыз қажет. Ал бұл қазақ тілінің сөзжасымдық негіздеріне қайшы келеді.

Сондай-ақ -дай /-дей жұрнағының тұлғажасамдық қызметі оның жалқы есімдерге жалғауынан да байқалады.

Ісләмнің шамшырағы, Сүлеймендей дана, Наушаруандай ғаділ, Ескендірдей сайыпқыран Ораз-Мұхаммед сұлтан өзінің күнәкар құлдарын бір мәрте кешті! деді Қадырғали дауыстап.

(М. Мағауин)

Алатау тұр Жамбылындай жалғанның.

Бейнесіндей биіктегі арманның.

Жетісудай жерім тұрғанда, басқаның елін қайтем?!

(Ә. Тәжібаев)

Бұл мысалдарда -дай /-дей жұрнағы жалғанған сөзін жаңа лексикалық бүтінге айналдырмай, грамматикалық салыстыру, ұқсастыру мәнін үстеп, келесі сөзбен байланстырып тұр.

Оның сол күйінде лексикалық бүтін ретінде сөздікке енбейді. Ендеше, бұдан да -дай /-дей жұрнағының сөзжасамдық қосымша бола алмайтын көреміз.

-дай /-дей жұрнағы есімдіктерге жалғанда да, тұлғажасамдық қызметі айқындала түседі. Мәселен: Мендей ағаң тұрғанда, ештеңден қорықпа

(Батырлар жыры).

Мен де бір кезде тап сендей, сенің осы күйіңдей айналаға көз таймастай қарайтынмын, қырды көзіммен жейтінмін.

(Х.Есенжанов) Олар келіп сүзіскенде, дыбысының қаттылығы сондай: күркірген күндей, көшкен таудай жаңғырды.

Ол қоңыраулы бұйра Нарындай, көпке пайда көп еткен көктемдігі жауындай жақсымыз болатын! – дегенде тағы осындай құрмет, мадақтау сөздің Серке де іле жөнелді.

(Абай жолы)

Келтірген мысалдарда -дай /-дей жұрнағы жіктеу, сілтеу, өздік есімдіктеріне жалғанып, форма тудырушылық қызмет атқарып тұр.

-дай /-дей аффиксі мезгіл, мөлшер, мәнді сөздерге жалғанғанда да, тұлғажасамдық қызметі айқындала түседі. Мысалы: комдивтің бұрынғыдай емес, беті қайтып білініп тұрды.

(Қ. Қамбарұлы)

Қыстыкүнгідей емес, көктем шығып, жұрт аяғы саябырсыңқырған кезде Бәтима баласын көруге бір-екі рет мүмкіндік алды (А. Хангельдин). Сол сияқты -ғы/-гі жұрнағының жатыс септік жалғауымен келуі арқылы жасалған негізге қосылғанда да, -дай /-дей жұрнағының тұлғажасамдық қызметі көрінеді. Мысалы:Еламан тойды көңілдегідей өткізбек боп, шыр көбелек айналады. Әйтеуір, жігіттің үйлену қызығына дайындық ойдағыдай жүріп жатты (І. Есенберлин).

-дай /-дей жұрнағы сан есімге жалғанғанда да, жаңа мағына тудыра алмайды. Грамматикаларда -дай /-дей жұрнағының қатысуымен жасалған сан есім болжалды сан есім деп беріліп жүр. Бұл орайда Ы. Мамановтың пікірі өзгешелеу. Ғалым шығыс септігі, көптік жалғауы жалғанған сан есімдері жағына бағындырып, сан есімнің бір түрі ретінде берудің ғылыми тұрғыдан негізсіз екенін айтады.

Ы. Маманов тұжырымдарын толық қуаттай отырып -дай /-дей жұрнағы сан есімдерді жеке топтастыруға келмейтінін айтқымыз келеді. -дай /-дей жұрнағы сан есімге жалғанғанда, сөзін мағынасын өзгертіп, жаңа мағыналы сөз тудыра алмайтындықтан, екіншіден, -дай /-дей жұрнағы барлық сан есімге жалғанып, грамматикалық абстракция жасайтындықтан, үшіншіден, осы жұрнақтың қатысуымен жасалған туынды сөз (жиырмадай, қырық-елудей) сөздікте жеке реестр ретінде берілмейтіндіктен, бұл жұрнақты сөз тудырушы қосымша қатарына қосуға болмайды.

-дай /-дей жұрнағының ерекшелігі – ол тек есім сөздерге жалғанады да, етістіктің түбірі, етіс, рай, көсемше, болымсыздық жұрнақтарынан кейін келе алмайды. Есім орнына қолданыла алатын етістіктің есімше түрі ғана бұл жұрнақты қабылдайды. Мұнда да форма тудырышылық қызметі айқындала түседі. Мысалы:Өзі де қатты шалдығып, жүдегені кәдімгідей байқалады, көтеріңкі мұрны сорайып, жақтары суалған, түтіккен қуаң жүзі өткірленіп кеткендей (Қ. Қамбарұлы).

Ендеше, -дай /-дей қосымшасы өзіндік ерекшелігі мол, контекске қарай түрліше мәнге, түрлі қызметке ие болатын көп қырлы жұрнақ екенін көреміз.

Резюме

В статье говорится о функциональных особенностях суффикса -дай /-дей

Resume

In this article we can see about functional features of suffix “-day/-dey”

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

А.Н.ДОҒАЛОВ,

*эконом. ғыл. кандидаты, Л.Н.Гумилев
ат. ЕҰУ-дың доценті.*

Г.Ә.ЫҚЫЛАСОВА *Л.Н.Гумилев ат.
ЕҰУ филолог. фак. 2 курс студенті.
Астана қаласы.*

Қазақтыңұлы ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тілбілімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алашорда өкіметінің мүшесі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол өзінің ғылыми еңбектерінде, поэтикалық және публицистикалық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық өмірін жан-жақты қарастырған.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың экономикалық және тұрмыс жағдайларында жазған шығармаларында жер мәселесі туралы ойлары өте маңызды мәселелердің бірі ретінде орын алған. Жер мәселесін көптеген мақалаларына арқау еткен («Қазақ жерін алу турасындағы нұсқа» (1913 ж.), «Жер жалдау жайынан» (1913 ж.), «Көшпелі әм отырықшы норма» (1913 ж.), т.б.). Себебі, жер – біздің ең басты байлығымыз. Батырларымыз қазақ жерін талай ғасырлар бойы ат үстінен түспей, найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен, білектің күшімен, көзінің қарашығындай қарап, ешқандай жауға бермей қорғап сақтаған. Қазақ халқының басынан талай қиыншылықтар өтті. Бірақ өр мінезді, намысшыл бабаларымыз ешбір жаудан тайсалмады. Қасықтай қандары қалғанша туған жерлерін қорғай білді. Сондықтан бабаларымыздың еткен еңбегін еш кетірмей бүгінгі ұрпақ – біздер сақтап қалуымыз керек.

Патша үкіметі қысымының әсерінен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының ішінде туған жердің қадіріне жете алмай, ата-бабаларымыз аманат етіп кеткен жерімізге салғырттықпен қарап, өз басының қамын ойлады. Соның кесірінен ұлан-байтақ жерімізге көз тігушілер көбейді. Сөйтіп, жерімізден айырыла бастадық. Өз басының қамын ойлағандардың бұл ісі

А.Байтұрсыновтың шамына тиіп, ашу-ызасын туғызды. Бұл жөнінде «Жер жалдау жайынан» мақаласында қатты ренішпен былай сөз етеді: «Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы қазақта, екінші ұшы орыста. Әдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айырылып қалып жатыр. Жерді қолында қатты ұстау, бос ұстау қазақтың өздерінен. Оған біз не істерміз?» [1, 160 б.].

Бұл мақаласында автор бейшара күйге түскен халықты осы жағдайға итермелеген қандай себептер екенін іздестіреді. Іздестіре келе, себепкер – қазақтардың өзі деп көрсетті: «Қазақ жеріне мұжықтарды шақырып кіргізген, үкіметтен бұрын, қазақтардың өздері емес пе еді? Қазақты бағып тұрған кәкімдердің көбі келген мұжықтарды орнықтырмай, көшіргендері де болған. Дала уәләятының генерал-губернаторы Колпаковский қазақ жері өздеріне де тар, мал жайуға жер жетпеген соң, қазақ орыстардан әм Тобыл губерниясындағы орыс жерлерін жалдап, мал жайып отыр деп көрсеткен. Бірақ қазақтардың өздері келген мұжықтарға жерін беріп, құшағын жайып, қойнын ашып, қабыл алып отырған соң, Колпаковскийдің қазақ жерін қорғап, қызғанғаны босқа қалған. 1882-ші жылы Жалғызкөл деген жерге түскен қаланы...* отырсың деп, Колпаковский көшірген. 1888-ші жылы 17-ші мартта шыққан генерал-губернатордың бұйрығында Семей облысында еш жерге мұжықтар қала салушы болмасын деген» [1, 161 б.].

Сонымен қатар, сол кездегі ауыл басшылары – ауылнайлардың өз пайдасын ойлап, жер сату арқылы байлыққа қол жеткізгісі келді. Солардың ісі қарапайым қазақтарға үлгі бола бастады. Осы туралы ұлы ұстаз ашына былай суреттеді: «... жұрт қамын ойлайтын қазақтың бас адамдарына жұрт пайдасынан гөрі өз пайдалары жақынырақ болды. Жұрт келер зарарға қарамай, өздерінің жер сатып, байып алғанын артық көрді. Бір жағынан, кәкімдер қазақ жерін қорып бұйрық шығарып жатқанда бір жағынан, мұжықтар мен қазақтар кәкімдерден жасырын жерді бірі сатып, бірі алып жатты. ... атқа мінерлер пысықсынған адамдарының жер сатуды кәсіп қылмағаны бар ма екен? Болса, ауылнайлардың жұртты сыртынан сатып, іс қылатындарын былай қойып, жай қазақтарды алғанда да жер сатпайтындары аз болса керек. Жер сату қазаққа әдет болып кетті. «Ауру қалса да әдет қалмайды» деген, сол жер сату әдетін жер мол болса да, жер тар болса да тастамайтын көрінеді» [1, 161-162 б.].

Осы ойын жалғап, қарастырып отырған мақалада жерді жалға беру мәселелерін де жан-жақты қамтыған. Ресми деректерге сүйене

отырып, ұлт жанашыры патша үкіметінің жергілікті өкілдерінің қулықтарын әшкере етеді. Мысалы, «Қостанай уезінде Кеңарал болысында Шербина нормасы бойынша «излишке» (артық жер) жоқ еді. Артық жер болмаған соң, жер жалдау болмасқа керек еді. Қазақтар, жері артық болмаса да, жалдаудан тоқталған жоқ. Шербина есебінше, бір мұжық қондырарлық жер болмасқа тиіс, қазақ ол жерге екі поселка қондырып отыр. Каменский әм Белойрайский поселкалар, Шербина есебі бойынша, жер жоқ кезінде келіп түскен. Оған орын тауып беріп қондырып отырған переселен шенеуніктері емес, қазқтардың өзі. Каменский поселка болған жерге 1891-ші жылы бір үй орыс қазақтан жер жалдап келіп отырған. 1891-ші жылы және бір үй келіп қосылған. 1897-ші жылы бұрынғыларға екі үй келіп қосылған. 1889-шы жылы 24 үй келген, 1900-шы жылы 179 үй келген. Белойрайский поселка тұрған жерге 1899-шы жылы 10 үй келіп, қазақан жер жалдап орныққан, 1900-шы жылы 63 үй келіп қосылған. Осы күнде сол екі поселкада 700 шамалы үй бар, бұлардың бәрі де «излишке» жоқ кезінде келіп орнағандар. Переселен шенеуніктері бұларға жер кесіп берерде, қалай берерін білмей, қысылған. Мұжықтарға беруге норма бойынша «излишке» жоқ. «Излишке» болмаса, қазақ жерін алуға жол жоқ. Орнығып қалған екі поселкадағы 700 үйді көшіру ретін тағы табайды. Ақырында жолдан тысқары жан басына 5 десетинадан жер кесіп берген. Қазақтар өздері қондырмаса, сол екі поселкаға берілген жерлер – даусыз қазақта қалатын жерлер.

Қостанай уезінде Меңдіғара болысында норма бойынша «излишке» жоқ еді. Оған да орыс зайымкаларын қазақтардың өздері түсірді, мысалы, Гребенкин зайымкасы оғайрилары. Оларға да жоғарғы екі поселке сияқты жер берілді» [1, 162 б.].

Ахаңның бұл еңбегінде тағы бір қатты өкінер жайы жазылған. Ол – қазақтардың еңбек етпей, пайда табу жолдарын көздеуге тырмысуы. Бұл хақында былай деп айтылған: «Қазақтарға еңбексіз табылған мал керек» [1, 164 б.].

Алаш зиялысы А.Байтұрсыновтың аталған еңбектеріндегі ең басты мақсаты және шешілмей жатқан даулы мәселелерді шешу жолы – қарапайым қазақ қауымының сауатын ашып, кезіндегі қабылданған заңдармен, бұйрықтармен таныстыру: «Жалпақ жұрттың бәрі болмаса да, жалғыз-жарым болса, пайдаланар деген ниетпен қазақтың жерін алутурасындағы шыққан низам, бұйрықтарды қазақшаға аударып, бірте-бірте жұрттың құлағына тигізбек ойым бар» [2, 151 б.]. Мысалы, осы еңбектерінде ол 1909-шы

жыл, 9-шы иуінде министрлер соуетінің бұйрығымен, 1882-ші және 1888-ші жылдардағы генерал-губернатор Колпаковскийдің бұйрықтарымен таныстырады [1, 161 б.; 2, 152 б.].

Сонымен бірге, қазақтарға жер дауына қатысты көшпелі және отырықшы нормалармен өмір сүру турасында да ойланарлық сөздер айтады және сол нормалардан туған қиындықтарды шешу жолдарын айқын көрсетеді: «Отырықшы нормамен күн көрерлік болсын, болмасын, отандас орыстарға қарасалық десеңдер, отырықшы нормамен алып, жерлеріңді орысқа көбірек қалдырыңдар. Жоқ, оны алып күн көре алмаспыз десеңдер, көшпелі нормасын алыңдар. Берушіге бес көп, алушыға алты да аз. Жағымдысын ойлаңдар.» [3, 166 б.].

Қорытындылай келе, Ахаңның айтқысы келген ойы: «Өркім жалғыз өзім демей, өзгелер жайын да ойлап, пейілін кеңге салып іс етпесе, жұрт жұмысы түзелмейді» [1, 164 б.], және халықтың ауызбіршілікте, ынтымақта өмір сүргенін қалайды. Ол туралы былай қамығып, ұрандата жазады: «... қазақтың бас адамдары! Әуелі, сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер» [3, 167 б.].

Алаш ардақтысының сонау ХХ ғасырда қозғап отырған жер дауы қазіргі заманда егеменді Қазақстан Республикасында маңызды мәселелердің бірі болып отыр. «Жер мәселесі – қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі» деп Ахаң өз сөзінде айтып кеткендей, бабаларымыздан аманат боп жеткен ұлтарактай жерімізді қорғау, аялау, сақтау - әрбіріміздің борышымыз.

Аннотация

В научной статье рассматриваются экономические идеи Ахмета Байтурсынова по одной из самых острых экономических проблем – земельных отношениях. Основоположник современного казахского языка и один из лидеров Алаш-Орды уделял данной проблеме самое пристальное внимание. Его мысли по земельному вопросу не утратили свою актуальность

на современном этапе развития Республики Казахстан.

Resume

In the scientific article discusses the economic ideas of Ahmet Baitursynov in the one of the most pressing economic problem-land relations. The founder of modern kazakh language and one of the leaders of Alash paid a great

attention to this theme. His thoughts on the land problem has not lost its relevance in the present stage of development of the Republic of Kazakhstan.

Әдебиеттер тізімі:

1. А. Байтұрсынов. «Жер жалдау жайынан» мақаласы.-1913 жыл. Бес томдық шығармалар жинағы.-4-т. Әліппелер мен мақалалар жинағы.- Алматы: «Алаш», -2006.-320 бет.

2. А. Байтұрсынов. «Қазақ жерін алу турасындағы низам» мақаласы.- 1913 жыл. Бес томдық шығармалар жинағы.-4-т. Әліппелер мен мақалалар жинағы.-Алматы: «Алаш», -2006.-320 бет.

3. А. Байтұрсынов. «Көшпелі әм отырықшы норма» мақаласы.-1913 жыл. Бес томдық шығармалар жинағы.-4-т. Әліппелер мен мақалалар жинағы.-Алматы: «Алаш», -2006.-320 бет.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

А. Д. СМАИЛОВА,

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары
санатты мұғалімі, №22 мектеп.*

Астана қаласы.

Ұлттық әдебиет классигі ең бірінші өз заманының сыншысы ретінде, болашақтың жаршысы, халқымыздың рухани өміріндегі жетекші тұлға ретінде көрінуі тиіс.

Абайдың ұлылығы қазақтың рухани жан-дүниесіне сәйкес ерекше қабылданады. Адамның жан-дүниесіне деген бұндай көзқарас түрлі даулар туғызып, тұтастай қабылданбады, ақыннан көбісі теріс бұрылды. Бұл Абайдың трагедиясы еді. Ол оның бүкіл шығармашылық ғұмырында еріп жүрді.

Ақын ХХ ғасырдың басында дүниеден озды. Бұл ғасыр адамзат үшін ұлы жеңістер және жеңілістерден тұратын кезең болмақ. Қазақ тарихында ешбір жүзжылдық мұндай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірмеген еді: соғыс, төңкеріс, репрессия, миллиондаған халықтың қырылуы, жерінен айырылу, табиғатты қорлау, т.б.

Сөйте тұра бұл кезең халықтың батылдығын, жойқын күшін көрсетті. Көктем сайынғы дауылды жел мен жаңбырға, қыстағы аяз бен боранға, қар мен мұзға қарамастан қатты топырақты жарып мәңгі

шөп өсіп шығады. Осылайша, барлық желкүз арқылы халық жаны қайта тіріледі, сөйтіп Абайдың өшпес өлеңдеріне, табиғатқа, Аллаға жүгінеді. XX ғасырдың 10-20 жылдары дана Абай қазақ халқының рухани ұстазы ретінде танылып, оның ұлылығын танып-білу кезеңі болды. Солай бола тұра, егер орыс әдебиеті классиктерінің шығармашылығына «Хрестоматиялық жинақ» арналса, қазақ ғұламасына халықтық болу да бұйырмады.

20-30 жылдары Абай мұрасының халықтығы жөнінде ғылыми дискуссия басталып, ол тек 1945 жылы аяқталды. Ақынның 100 жылдық мерейтойына орай көп жапа шеккен Абай сөзі ресми түрде поэтикалық, халықтық, тәрбиелілік мәні бар деп табылды. Осы кезден бастап (40 жылдардан) Абай өлеңдері хрестоматиялар мен оқулықтарға енді. Бірақ бұл өлеңдердің өзін толығымен бермей, классикалық шығарманы кесіп тастап, өңдеп отырды.

1933 жылы М.Әуезов Абайдың тұңғыш ғылыми өмірбаянын жазып, Абайтанудың негізін салуды бастап берді. Бірақ 30 жылдардың аяғына дейінгі кезеңде жазылған сын мақала, зерттеулерде бұл мұраны танып, бағалауға сол тұстың әдеби атмосферасында орын тепкен тұрпайы социологиялық, компоративистік негіздегі теріс танымдардың салқыны тимей қалған жоқ.

Әдебиетші ғалымдардың Абай шығармаларын толық санамызға сіңіру үшін күресі 50-жылдардағы Абайдың ақындық мектебі туралы болған атақты дискуссиясына дейін жалғасын тапты. «Ұстазсыз оқушы тұл» деп Абайдың өзі айтқандай, оның ақындық шығармашылығы өзінің замандастары, сонымен қатар ұрпақтары арасындағы диалогтары арқылы тірі. Абай шәкірттерінің қай-қайсысы да ұлы ұстазының басқан ізін қайталамай, өнер көгінде өздерінше соқпақ салуға ұмтылды. Абай өз шәкірттерінің өлеңдерін үнемі қадағалап отырған. Өзі тақырып беріп жаздырғандары да аз емес. Ұлы ақын жастардың туындыларына сын көзбен қарап, бағыт-бағдар беріп отырған.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі ағартушылық, демократиялық идеялар қоғам өміріндегі ілгерішіл ізденістерге орай кең өріс алғандықтан Абай дәстүрін жалғастырушылар тобы да молая түсті.

Ақындық орта әрқашанда дана ақынның ерікті, еріксіз түрде түсіндіріп береді, негізгі идея, тақырып, жаңа бейнені көрсетеді. Кейбір ерекше таланттылар дәстүрді өз бетінше дамытып, жаңалық

ашуға, жаңа білім мен фольклор ғана емес, классикалық дәстүрді жаңартуға өз бетінше әрекет етеді. Мұхтар Әуезов «Абай шәкірттері туралы» атты мақаласында: «Абайдың өзі тірісінде, оның айналасына жинаған талапкер, өнерлі жастардың саны көп болған. Бұлардың ішінде әншілер, композиторлар, халық фольклорын жинаушылар, әнші ақындар емес, орыс мәдениетін білуге талпынған жай көзі ашық жастар аз емес еді. Бұлар әр буыннан шыққан болатын. Іштерінде жас шағынан Абайға тетелес: Көкбай, Мұқа сияқтылардан бастап, Абайдың балалары: Ақылбай, Мағауия және інісі Кәкітай сияқты көп адамдар болды», – дейді [1].

Абай сөзін жалғастырушы Шәкәрім, Кәкітай, Ақылбай және Мағауия ғана емес, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Б. Майлин қазақ әдебиетіндегі Абай бағытының керемет үлгісін құрды. Абайдың шығармашылығы ғана емес, оның адамдық бейнесі М. Әуезовтің ғылыми еңбектерінде көрініс тапты. Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген М. Әуезов болды. Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясымен ұлы ақын, ағартушының алып тұлғасын дүние жүзі оқырмандарына толық танытып, әдеби бейне қатарына жеткізсе, ғылымда да сондай күрделі еңбек етті. М. Әуезовтің Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылымның мызғымас негізі болып табылады. М. Әуезов 1933 жылдан 1957 жылға дейін ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда орасан зор еңбек етті. Бұл басылымдар ақынның 1909 жылғы жинағы мен Мүрсейіттің бірнеше қолжазбасы негізінде жүзеге асырылды. Әсіресе, 1957 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген, М. Әуезовтің басшылығымен және тікелей қатысуымен дайындалған Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының абайтану ғылымындағы елеулі табыс болғанын атап айту қажет. Алдағы уақытта осы ғылыми басылым үнемі негізге алынуға тиіс. М. Әуезов ұзақ жылдар бойы ізденіп, сан алуан деректерді зерттеп, жүйеге түсіріп, Абайдың ғылыми өмірбаянын жазып шықты [2].

Қазақ әдебиетінің үлкен бір саласы - абайтанудың негізін салған «Абай» трагедиясында ұлы ақынның трагедиялық бейнесін сомдап шығармашылығы жайында күрделі мәселелерді қозғаған драматург классиктің жеке бейнесі арқылы бүкіл әлемге оның халқының бет-бейнесін көрсеткен жазушы өлмейтін дәстүрдің негізін қалады:

1. Орталық Азия мен Қазақстан әдебиетіндегі шығармашыл тұлғалар бейнесін көрсету;

2. Абай шығармаларын ғылыми түрде сіңіру.

М.Әуезовтің абайтану саласындағы ғұмыр бойғы ізденістері екі салада қатар жүргізіледі: ғалымның ұлы ақын мұрасын ғылыми негізде тану бағытындағы зерттеулері жиырма жылға жуық мерзімді қамтыса, Абайдың көркем бейнесін әр түрлі жанрда сомдауға он екі жыл өмірін арнады. М.Әуезовтің бұл кітабында абайтанудың негізін салу жолындағы мол мұрасы жүйеленіп берілген. Енді осы жүйелеулердің үлгісін көрсете кетейік.

I. Абай өмірбаяны. II. Абай шығармаларының текстологиясы, III. Абай мұрасының рухани көздері. IV. Абайдың ақындық дәстүрі. V. Абайтанудың арнаулы курсы. VI. Баяндамалар, сөздер, пікірлер. VII. Абайтану жайлы еңбектерге пікірлер. VIII. «Абай жолы» эпопеясының жүргізілу тарихынан. IX. Түсініктемелер. Комментарии.

Орыс және қазақ тілдерінде, тоғыз бөлімнен тұратын, төрт жүз қырық екі беттен тұратын бұл еңбектің әрбір бөлімі, әр бөлімдегі алуан-алуан еңбектердің қай-қайсысы болса да абайтану ғылымының бір бөлесіндей, абайтану ғылымының өнегелі, өркениетті беттеріндей белгі береді. Абайтануға барар жолдың кілті I бөлімде, бұл бөлімде «Абайдың өмірбаяны», «Абай Құнанбаев (1845-1904)», «Құнанбаев Абай (Ибраһим)», «Абайдың өмірі» т.б. тараушаларды қамтиды.

Мұхтар Әуезов осы айтқандарын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, 1950 жылы «Абай шәкірттері туралы» атты әдеби зерттеу мақаласын жазып, онда Ақылбай, Мағауия, Көкбай ақындардың шығармаларына талдау жасап, өмір тарихтары жөнінде мағлұмат берген болатын. Қайым Мұхамедханов Абайдың ақын-шәкірттері тақырыбын 1940 жылдардан бастап зерттеп, ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Абайдың ақын шәкірттері» деп аталатын 4 кітаптан тұратын зерттеу еңбегін жазды.

2015 жылы тәуелсіз Қазақстан және бүкіләлемдік қоғам Абайдың 170 жылдығын тойлап, оның шығармасының әлемдік мән-мағынасын айқындайды.

Абай іс-әрекеті адамзатқа ортақ және ұлттық әлемдегі, адам дамуындағы идеялармен тұтастай байланыста.

*Сен де-бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан! –*

деп айту үшін де соншалықты адамға сену қажет.

Абай өлеңдері түгел дерлік лирикадан құралады, поэма жанрына көп бой ұрмағаны байқалады. Қысқа өлеңдерінде табиғат бейнесін,

адамдар портретін жасауға, ішкі-сыртқы қылық-қасиеттерін, мінез-бітімдерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер. Қай өлеңінен де қазақ жерінің, қазақтың ұлттық сипатының ерекшеліктері көрініп тұрады. Абайдың дүниетанудағы көзқарасы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ халқының экономикасы мен ой-пікірінің алға ұмтылу бағытта даму ықпалымен қалыптасты. Дүниетану жолында орыстың төңкерісшіл демократтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірін қорытып, басқаларға қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданады. Дүниетану өңірінде екі қасиеттің — сезім мен қыйсынның, түйсік пен ақылдың қатынасын таразылайды. Сондықтан да: «Ақыл сенбей сенбеніз, Бір іске кез келсеңіз» деп жазады. Кез келген халықтың тарих сахнасына шығуы — жүйеге бейімделген біртектес өмір салттың ғана нәтижесі емес, сонымен бірге қасиеттік деп саналатын — арман-аңсардың да біртұтастығына айғақ. Олай болса Абай сынының тәлкегіне түскен еріншектік, дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілік, өсекшілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік сияқты қасиеттер қазақ баласының кейбірінің бойындағы туа біткен кемшілік емес, сол Абай өмір сүрген қоғамдағы саяси әлеуметтік қатынастардың нәтижесі екеніне ден қою қажет. Сонда, Абай бұрынғы бабаларымыздың бойынан көрген «кемшіліктерді» себеп ретінде емес, сол замандағы саяси-әлеуметтік қатынастардың салдары ретінде қарастыруға жол ашқан.

Кейінгі жылдарда абайтану ғылымы көптеген әдебиетшілер, тіл зерттеушілері, музыка мамандары және басқа да ғылым салаларының өкілдерінің еңбектерімен толыға түсті. «Қазіргі кезде әдебиеттану және басқа қоғамдық ғылымдар идеологиялық қатаң қағидалардың тар шеңберінен шығып, кең құлаш жаюға мүмкіндік алған жағдайда абайтану ғылыми жаңа белеске көтеріліп жалғаса, толыға беруі керек. Абай шығармашылығының танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін жаңа қырларынан қарап, терең ашып көрсететін еңбектер ғана абайтану ғылымын байыта түспек.

Абайтану ғылымының тарихы бай, кемел, іргетасы мықты ғылым десе де болғандай. Осының бәрін ескере келгенде келесі бір жағдаяттарды толық аңғаруға болады.

Абай есімі — қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы.

Ғасырлар бойы қалыптасқан экономикалық жағдай, тұрмыс-салты үлкен өзгеріске түсіп жатқан аумалы-төкпелі заманда қоғам көшінің ендігі бағытын айқындау, қалайда елдің елдігін, тұтастығын, халықтың ұлттық рухының тазалығын сақтай отырып, жаңа жағдайға бейімделу – бұлар дәуірдің, әлеуметтік өмірдің өзі туғызған тарихи қажеттілік болды.

Осы қажеттілік бүкіл қоғамдық ой-санаға, әдебиет пен өнерге жаңа серпін берді. Нағыз халықтық, реалистік принциптерге негізделген жаңа жазба қазақ әдебиеті, Абай шығармалары осы қоғамдық сұранысқа толық жауап берді [3].

Ақын шығармаларын оқи отырып, біз оның адам жаны мен уақыт талабын жете түсінген дарын иесі болғандығына көз жеткіземіз.

Абай өзінің адамгершілік, гуманистік, қоғамдық, эстетикалық ізденістерін бүкіл дүниежүзі мәдениетінің жетістіктерімен ұластырып, өзі де жаңа биік деңгейге көтеріле түсті, сол арқылы бүкіл адамзаттық идеяларға жол тапты.

Ол қазақ поэзиясының, халық даналығының барша жақсы тәжірибесін бойына сіңіре отырып, ұлттық поэзияны, өнерді, қоғамдық ойды байытты, жаңа сапалық биікке алып шықты.

Абайдың әдеби мұрасының дүниежүзілік мәні оның өз шығармаларында туған халқының мүддесін, түпкі мақсат-мұратын айқын көрсете отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды жете бағалай білгенұлы ақынға тән суреткерлік дарындылығынан, кемеңгер ойшылдығынан айқын танылады.

«Абайтану – ұлы ақын мұрасын жан-жақты, терең зерттеуді мақсат ететін қазақ әдебиеті тарихы салаларының бірі. Совет өкіметі орнасымен-ақ, өткендегі мұраға қамқорлық жаңа дүниетаным негізінде жүргізіле бастады. Ал Абай мұрасын тану, таныту, насихаттаудың алғашқы белгілері революцияға дейін-ақ көрінгенімен, оны шын мағынасындағы ғылыми тұрғыдан танып бағалау ісі біздің заманымызда ғана жүзеге асты. ХХІ ғасырда Абайдың ақындық жолын оқыту, оны көркемдік және философиялық тұрғыдан түсіну қазіргі ғылымда өте маңызды мәселе. Тек республикадағы атақты ғалым-академиктер Зәки Ахметов, Жұмағали Ысмағұлов, Ғарифулла Есімов, Мекемтас Мырзахметов сынды профессорлар, сонымен қатар бірқатар олардың ізбасарлары мен тұтастары абайтанудың дамуына үлес қосуды өздерінің қарызы деп біледі [4].

Абай образы әдебиетте көрініс тапты – поэзияда, прозада, драматургияда, музыкада, ескерткіш тастарда, сахнада көрсетілді. Абай әлемдік көркем ойдың алтын қазынасына, ұлттық өнердің үлкен бір

тақырыбына айналды. Абай көтерген мәселелер әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ, осы кезге дейін өзекті.

Неге ескі әдет-ғұрыптарды дәріптейміз немесе жаңалыққа ұмтыламыз; керек емес не болмаса өзіңе жақын нәрсені не үшін жақсы көреміз; не үшін оқимыз – тек өзіңнің жақсы өмір сүруің үшін білімді қару қылу үшін бе, әлде шындықты іздеу үшін бе, не үшін Құдайға жалбарынамыз – о дүниеде күнәмізді кешіріп, не болмаса өмірде өзіңнің әрбір аттаған қадамыңның қайырымдылық пен әділдіктің мәңгі идеалы болу үшін бе?

Бұл мәселелер адамзат үшін және адам үшін қашан да өзекті. Ендеше Абай – біздің замандасымыз.

Аннотация

В данной статье автор пытается донести до читателя, что ответы на многие вопросы, которые возникают в нынешнее время, можно найти в трудах Абая, хотя прошло больше века.

Абай является мыслителем современного мира. Великий гений является самой яркой звездой не только казахской земли, но и во всем мире. Молодое поколение должно и дальше углубляться в его философию, передавать из поколения в поколение.

Annotation

In this article, the author tries to convey to the reader, that the answers on many questions which arise at nowadays, can be found in the Abay's work, although it had passed more than a century.

Abay is a thinker, a sage of the modern world. Great genius is the brightest star not only of Kazakh land, but also all around the world. The younger generation should continue to delve into his philosophy and pass it from generation to generation.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұқамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: Дәуір, 1994. – 335 б.
2. Әуезов М. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1957. – 53-54 б.
3. Ауэзов М. Народность и реализм Абая. О литературе. – Алматы, 1997. – С.178-185.
4. Бейбитова К. Традиция Абая в казахской поэзии начало XX в. – Алматы, 1997. – 28-31.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ПЕН БАҒАЛАУЫШТЫҚ

Ә.Ж. РАЕВА,

*Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі
кафедрасының магистранты. Ғылыми
жетекшісі: филолог. ғыл. докторы,
профессор Т.Ә. Әбдіғалиева.*

Астана қаласы

Сөздер мен фразеологиялық оралымдардың мағынасындағы эмоционалды семалар бағалаушы семалармен тығыз байланысты. Себебі бұлардың ара жігін ажырату көп жағдайда қиындық тудырады. Сондықтан да лингвист ғалымдар бағалаушы және эмоционалды бағалардың арасына дефис белгісін қойып, оларды біріктіріп қолданады (эмотивті-бағалауыштық, эмоционалды-бағалауыштық). Бұдан көретініміз, тіл білімінде бағалағыштық семаның табиғаты жайлы түсінік біркелкі емес.

Ғалым Р.А.Авакова бағалағыштық семаның табиғаты туралы жалпы тіл білімінде үш түрлі көзқарастың қалыптасқандығын көрсетеді. Оларды қысқаша сипаттап көрейік.

- Коннотация денотаттың белгісін емес, сөйлеушінің оған қатысын және қарым-қатынас жасау ситуациясын сипаттаса, онда ол бағалағыштық коннотативтік сема болып табылады; салыстырыңыз: *ерсі, сорақы, өрескел, жалқау, жатып ішер (жағымсыз баға), батыр, қыран, қаһарман, көгершін, ботақан* (жағымды баға)

- Бағалағыштықты модальдықтың бір түрі ретінде қарастыру. Коннотация негізі болып табылатын экспрессивтер қос модальдық мағынаға ие: бірінші – таза бағалағыштық, олар номинация атауын (денотатты) сипаттайды, екінші – эмотивті-бағалағыштық, мотивтенетін (уәжденетін): а) сөздің немесе фразеологизмнің ішкі формасы арқылы көрінетін адамның сол бейнедегі күйзелісі; б) сөйлеушінің күтпеген, таңсық ситуацияға эмоционалды реакциясы.

- Олардың бейнелейтін белгілері таңбалатынын атауға болғандықтан, мағынаның бағалағыштық семасы ұғымдық болып табылады. Осыған орай, бағалағыштық семаны денотативті деп жіктеген жөн. Мәселен, *алаяқ, сұғанақ* – «өте қу адам; басқа біреулер арқылы өзінің ісін тындыратын адам», *мысқылдау* – «біреуді кекетіп,

жақтырмай, төмендетіп, қызғаныңқырап сөйлеу», *бөспе* – «ақыл-парасаты төмен, көп мақтанып, түк тындырмайтын адам» және т.б. Бағалағыштық сема табиғаты жағынан өте ұтымды, бірақ оның құрамындағы эмосема оған эмоционалды реңк беретіні сөзсіз. Бірақ оның мұндай табиғаты денотативтік қасиетін жоя алмайды. Екінші жағынан, эмоционалды реңк денотаттың бойында коннотацияның туындауына түрткі болады [1,35].

Демек, жоғарыда сипатталған көзқарастар тіл білімінде бағалауыштық сема табиғатын тануда түрлі пікірдің орын алғандығын көрсетеді. Ал қазақ тіл білімінде бағалауыштық сема эмоционалды мағынамен қатар айтылып, оларды бір ұғымдық категория ретінде танитындар да немесе жеке семантикалық категория ретінде қарастыратын көзқарастар да бар.

Қазақ тіл білімінде фразеология саласын түрлі бағытта зерттеп, ұтымды пікір айтқан Г.Смағұлова, С.Сәтенова, Р.Авакова және Б.С.Уызбаева, Э.М.Сәмекбаева, Ш.Қ.Құрманбаева, Қ.Қ.Сарекенова, С.И.Жапақов т.б. сынды ғалымдарды атап өтуімізге болады.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің мағыналас қатарларын антропоцентрлік және тілдегі адамдық фактор тұрғысынан зерттеген ғалым Г.Смағұлова эмоционалдық пен бағалауыштыққа қатысты ойын былайша жеткізеді: «...мағыналас фразеологизм қатарында, әсіресе, коннотативті компоненттер түгелге дерлік бағалағыштық, сипаттағыш қасиетіне ие болып, эмоционалды жағы тым жоғары болады. Мұндай қатарларда адамға қатысты қасиеттер: жақтырмау, ұнатпау, менсінбеу сияқты ішкі сезімді бейнелейтін тіркестер бар» ,– деп ғалым мынадай тұрақты тіркестерді көрсетеді: *адамға санамау-адам қатарына қоспау-кісі (адам) құрлы көрмеу – көзіне ілмеу, қонышына теңгермеу-қор тұту – төмен санау- нысқырып та қарамау - ернін шүйіру – кекиіп қалу* . Мақтан сүйетін менмен адамның бүкіл қасиетін мынадай мағыналас қатар арқылы көрсетеді: *демiне нан пісу – көзіне шел біту – көңілі көкте, басы жерде – мейманасы асу – мұрнын көкке көтеру – аспанға қарау, аспанға қолы жеткендей – есек құрты мұрнынан түсу – көзінің еті өсу – Құдайын ұмыту – ханға сәлем бермеу – асып-төгілу – көкірек керу- жал біту – зор кеуде – шекесінен қарау – танауымен көк тіреу – ұртын көптіру* т.б. [2,49]. Ғалым жоғарыдағы тіркестердегі компоненттердің мағыналық коннотацияларында айтушы немесе сөйлеушінің кекесін эмоциясы бағалауыштық қасиетте көрінетіндігін айтады.

Фразеологиялық коннотация туралы ғалым Р.Авакова коннотацияның негізгі белгілерінің бірі – олардың эмоционалды, экспрессивтік және бағалағыштық информацияны білдіруі екенін баса көрсетеді. Ол «...коннотация дегеніміз – эмотивтік, ассоциативтік бейнелі және стилистикалық семалардың жиынтығы болып табылатын, таңбалайтын объектілердің белгілерінен гөрі сөйлеушінің таңбаланушыға және сөйлеу шартына қатысын білдіретін номинативтік бірліктер мағынасы. Мысалы, *түймедейді түйедей ету, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу, шыбын жаны шыққанша* және т.б. Бұл номинативті бірліктердің міндетті микрокомпоненті эмосема болса, оған қосалқы, жанама қызметті ассоциативті-бейнелі және стилистикалық микрокомпоненттер атқарып отыр. Осы жанама компоненттердің болуы коннотация бояуын күшейте түсіп, оларды денотативті мағынадан алшақтатады» - деген пікір айтады [1,104].

Фразеологиялық тіркестердің тақырыптық топтары ішінде адамның эмоциялық күйін білдіретін сөздерден жасалған қос тағандылар ерекше жүйе құрайтынын және солардың көпшілігі эмоционалды баға түрінде қолданылатындығын ғалым С.К.Сәтенова мынадай тіркестермен дәлелдейді: *аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен; қолтықтан кіріп, қоныштан шығатын; аттының аяғын, жаяудың таяғын алған; әпер бақан, ұр да жық; атсаң оқ, айтсаң сөз өтпейтін; өлі болып көрде жоқ, тірі болып төрде жоқ; құнанын құдайындай, тайын тәңіріндей көреді т.б.* [3,114].

Түрік және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау жасаған Ш.Қ.Құрманбаева эмоциялық көңіл-күйді білдіретін етістікті фразеологизмдерді жағымды және жағымсыз эмоциялық фразеологизмдерге ажырата келіп, қос тілде кездесетін етістікті фразеологизмдер ашулану, ыза болу, қорқу, шошу, ренжу тәрізді жағымсыз эмоциялармен қатар қуану тәрізді жағымды эмоциялы көңіл-күйге байланысты туындағанын айтады [4].

Фразеологизмдерінің стильдік саралануын зерттеген ғалым Қ.Қ.Сарекенова «...фразеологиялық тұлғалардың эмоционалдығы дегеніміз бұл олардың түрлі сезімдерді, эмоцияларды білдіру мүмкіндігі»-деп сипаттай отырып, фразеологиялық тіркестердің ерекше бір қасиеті – оның эмоционалдығы», – дейді. Сонымен қатар ғалым «фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті мағынасы фразеологиялық тұлғалардың функционалды-стилистикалық

ерекшеліктерін анықтауда маңызды рөл атқарады. Себебі фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті реңктері олардың функционалды стильдік қабаттарының қайсысына жататынын анықтайтын белгісі бола алады, – дей келіп, зертеуші қарапайым және ауызекі сөйлеу тілдеріндегі фразеологизмдерге төменгі эмоционалды-экспрессивті реңктер тән болса, кітаби фразеологизмдерге жоғары, яғни көтеріңкі, поэтикалық эмоционалды-экспрессивті реңктер тән. Ал бейтарап стильдік қабаттағы фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті мәні болмайды» - деген тұжырымға келеді [5,61].

Кез келген эмоциялардың астарында бағалауыштық сипат жататындықтан, ол эмоционалды іс-әрекет экспрессивті-коннотативті сипат алатындықтан эмоционалдылықтың лингвистикалық категориясы тілдің бағалауыштық, қарқындылық, бейнелілік, экспрессивтілік сияқты категорияларымен байланысты зерттелетіндігін ғалым К.Сарышова атап көрсетеді. Ғалым «Қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер» деп аталатын зерттеуінде бағалауыштықты эмоцияға жуық тілдік категория ретінде қарастырады. Автор «дәстүрлі түрде эмотивті лексика тілдің бағалауыштық, қарқындылық, образдылық, экспрессивтілік сияқты категорияларын ескере отырып зерттеледі, ал оның бағалаумен тығыз байланысты екені даусыз. Тіпті эмоцияларды жағымды, жағымсыз, бейтарап деп бөлудің өзі бағалау емес пе? Солай бола тұрса да психологтар бағаның белгілі бір жағдайға, ситуацияға байланысты шартты және жылжымалы болып келетінін ескертеді. Мысалы, «жек көру» тіркесі семантикасында жағымсыз сезімді білдіреді. Ал жауға, сатқынға деген жек көру сезімі жағымды болады да, керісінше оған деген аяныш сезімі жағымсыз эмоция тудырады», – дейді [6,34]. Зерттеу жұмысында эмоция проблемасы құндылық теориясымен тікелей байланыстырылады. Мысалы, құндылық теориясы–аксиология–жалпы тұрмыста құндылықтың қаншалықты мүмкін болатынын және оның ақиқат фактілеріне қатысы қандай екенін көрсетуді басты міндет етіп қоятындығын айтады. Осы орайда ғалым: «Философия, логика, лингвистикадағы бағалау туралы түсінік «жақсы», «жаман» деген бағалауыштық предикаттармен байланысады. «жақсы/жаман» аксиологиялық предикаттары адамның кез келген болмыс объектілеріне деген қарым-қатынасын сипаттайды. Ал эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер логика заңдылықтары мен аксиологиялық заңдылықтар және тілде көрініс тапқан бағалау

нәтижесін талдау үшін бай материал болып табылады», – деген қорытындыға келеді [6,34].

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбегінде экспрессивті-бағалағыштық мағына деп көбіне бірге қарастырылғандығын көреміз. Ғалымдар экспрессивтілік пен эмоционалдық мағыналарға жақын реңктердің қатарына бағалағыштық қасиет те жатады деген ұстаныммен қараған тәрізді. Себебі экспрессивтілікке анықтама бергенде де тілдің мәнерлілігі, бағалағыштығы, бейнелілігі сияқты семантикалық жағынан бір-біріне жуық, жақын құбылыстар деп қарастырылады. Осылардың ішінде, әсіресе, экспрессивтілік, эмоционалдық және бағалағыштық мағыналардың арасын ашу қиынға соқтырады. Аталған мәселе тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы тіл біліміне ортақ мәселе. Себебі «эмотивтілік» пен «бағалауыштық» ұғымдарының арақатынасы туралы сөз қозғайтын болсақ, лингвистикада бұл тарапта бірқатар көзқарастар кездеседі. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтер болсақ.

Эмотивтілік пен бағалауыштық бөлінбейтін бірлік деп есептейтін көзқарас. Бағалау сөзімен қатысты болып келетін бағалауыштық және эмоция, сезіммен байланысқан эмоционалдық мағынаның екі түрлі компонентін құрамайтындығын және олардың бөлінбейтін бірліктер деп тұжырымдаған ғалым Н.А.Лукиянованың пікірін В.И.Шаховский қолдайды. И.А.Стерниннің көзқарастарынан да эмотивтілік пен бағалауыштықты бөлінбейтін бірлік деп қарастырғанын байқауымызға болады. Ғалым адамның белгілі бір затты бағалауы, әдетте, оның эмоционалды толғанысымен байланысты екендігіне баса назар аудартып, «бағалау» және «эмоция» ұғымдарының арасына шек қою бар уақытта мүмкін бола бермейтіндігін айтады [6,35].

Керісінше зерттеуші Е.М.Вольф эмотивтілік пен бағалауыштықты тұтас дүниенің бөлшегі ретінде қарастырып, компоненттер арасын ашса, ал М.М.Копыленко эмотивтілікті бағалауыштық пен экспрессивтіліктің туыс белгісі деп қарастырады.

Бағалауыштық пен эмотивтілікті бірімен-бірі шамалас, бірақ әр түрлі компоненттер деп есептейтін үшінші көзқарас. Бұл позицияны жақтаушылардың пікірінше, бағалауыштық эмотивті лексикамен тең

дәрежедегі құбылыс емес. Оның дәлелі ретінде ұзақ уақыт бойы сүйіспеншілік, қуаныш, қайғы, ашу сияқты эмоциялар лексиканың бағалау параметрі негізінде зерттелмегенін тілге тиек етеді. Дегенмен соңғы кездері осы сияқты сөздер мен сөз тіркестерінің бағалауыштық сипаты зерттеле бастады.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердегі бағалауыштық коннотация арнайы зерттеу нысанына алынбаса да, ғалымдар еңбегінде аталған мәселе сөз болған. Мәселен, ғалым Г.Смағұлова: «Әрбір жеке адамның өзіндік қабылдауынан туатын сезімдік «дүние суреті» әсерінің көрінісі лексикаға қарағанда, фразеологизмдердегі эмоция мен экспрессияда анағұрлым көбірек қамтылады. Бұл ұғымдық қатыста ғана шоғырланатын тіркестер қатарында мағыналас фразеологизмдердің мағыналық, стильдік реңктерінен толық байқалады», – дейді [2,49]. Демек, сөздіктердегі ұрсу, дөрекі, мысқыл, кекесін, жақтырмау, ұнатпау, менсінбеу, елемеу, жек көру, кемсіту, қарғыс т.б. деген белгілер қойылған фразеологизмдер түгелге дерлік бағалауыштық мәндегі фразеологизмдер болып есептеледі деп айтуымызға толық негіз бар тәрізді. Мәселен, сөздіктердегі мынадай фразеологизмдерге назар аударатын болсақ, *Ауызбен орақ ору – ұнатпау, жел өкпе – жақтырмау, көбік өкпе – кекету, тұяғы қимылдамау – ұнатпау, қолынан боқ келмеу – кемсіту, тышқан мұрнын қанатпау – кекесін, кемсіту, жатып ішер – жақтырмау, ас ішіп, аяқ босатар – мысқыл*. Көрсетілген тіркестердің бәрінде де субъект тарапынан берілген бағаны байқаймыз.

Ғалым Ғ.Түсіпбекова бағалау мағынасын арнайы зерттеу нысаны еткендіктен, аталған еңбегінде тіл бірліктері қызметінде бағалауыштық мән қалай көрінеді деген сұрақтың мәнін аша отырып, бағалауыштық мәнге ие тілдік бірліктер қатарын, олардың құрамын анықтап, мынадай қорытындыға келген: «Бағалау – тілдік қарым-қатынаста өмір сүретін ерекше лингвистикалық категория. Баға – заттың сапасының белгілі бір құндылық критерийлеріне сәйкестігі тұрғысынан бағалылығын тану немесе жоққа шығарумен байланысты жағымды//жағымсыз сипаттама ретінде анықталады» [7, 107]. Демек, жоғарыда сөз еткеніміздей, фразеологизмдердің эмоционалдығы

оның мағыналық коннотациялығымен, яғни экспрессивтілік сапа белгілерімен астасып қолданылады. Фразеологизмдердің метафоралық және стилистикалық экспрессияға байланысты мағыналарымен қатар, коннотация-фразеологиялық мағыналары да зерттеуді қажет ететін сала.

Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерінен байқайтынымыз, бағалауыштық эмоционалдықпен, экспрессивтілікпен тығыз байланыста қарастырылатын құбылыстар екенін көреміз. Алайда олардың табиғаты бір-біріне жақын болса да, зерттеуші ғалымдар бұл құбылыстардың ара жігін ашуға, сипаттауға көңіл бөлген.

Резюме

В данной статье рассматривается эмоциональное и оценочное значения в фразеологизмах

Summary

This article discusses the emotional or estimated value in the phraseologisms

Әдебиеттер тізімі:

1. Авакова Р.Ә. Фразеологиялық семантика. Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 152 б.
2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы: «Елтаным» баспасы, 2010. – 244 б.
3. Сәтенова С. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты: филол. ғ. д. д. Алматы, 1997. – 260 б.
4. Құрманбаева Ш. Түрік және қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау: филол. ғ. к. д. авторефераты. Алматы, 1999. – 24 б.
5. Сәрекенова Қ.Қ. Қазақ фразеологизмдерінің стильдік саралануы: филол. ғ. к. д. Алматы, 2001. – 124 б.
6. Сарышова К. Қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер. Филол. ғ. к. дисс. Қызылорда, 2006. – 155 б.
7. Түсіпбекова Ғ. Қазіргі қазақ тіліндегі бағалау мағынасы және оның құрылымдық жүйесі: филол. ғ. к. дисс. Астана, 2007. – 113 б.

АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

Ф.Е. АБИЕВА,

*Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі
кафедрасының магистранты. Ғылыми
жетекшісі: Ж.А. Жақыпов, филолог.
ғыл. докторы, профессор. Астана
қаласы.*

Қазіргі қазақ тіліндегі жеке бір ғана сөзден немесе сөз тіркесінен жасалатын, сөйлемдік қасиеті бар, мүшеленбейтін, тек затты, болмысты атап қана көрсететін атаулы сөйлемдер – табиғаты ерекше синтаксистік құрылымдар.

1967 жылғы «Қазақ тілі грамматикасында» атаулы сөйлемді жай сөйлемнің бір түрі болғанмен оның басқа бірде бір түріне ұқсамайтыны, тірек мүшенің не бастауыш, не баяндауыш екенін тап басып айту мүмкін емес екендігі айтылған. Негізінде зат есімнен болып, атау септікте тұруы жағынан ғана оны бастауыш ыңғайындағы тұрлаулы мүше деп жалпы жорамал жасалынып жүр, бірақ оны сыртқы ұқсастығына қарап айтқанымыз болмаса, бастауышпен тепе-тең дәрежедегі мүше деп есептеуге келмейді. Сонымен қатар атаулы сөйлемде баяндау қасиетінің болмай, сөйлемде тек интонация, оқиғаның, құбылыстың шындық өмірге, шаққа қатысы сияқты сөйлемге тән айрықша белгілері болады деп берілген[1,138].

Р.Әмірдің еңбегі «Жай сөйлем синтаксисі» – тіл біліміне біршама жаңалықтар әкелген еңбек. Ғалымның жіктеуіндегі атаулы сөйлемдердің түрлері кейінгі зерттеушілердің темірқазығы іспеттес. Ғалым атаулы сөйлемдер коммуникативтік мақсатта қалыптасқан дей келе, жұмсалыуына қарай олардың үш түрін атап көрсетеді:

- 1) бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер. ***Түн. Шалқыған ай.***
- 2) эмоциялы атаулы сөйлемдер. ***Күлуін.***
- 3) сөгіс, тілек мәнді атаулы сөйлемдер. ***Қаңғыған неме! Өркенің өскір!***[2,12]

Атаулы сөйлемде сөйлемнің басқа түрлеріндегі сияқты өзіндік мағыналық құрылым, қызмет бар. Атаулы сөйлемдердің ауызекі сөйлеудің нәтижесінде пайда болып, сөйлеудің эмоциялық әсерін күшейтіп, өзіндік бояу беретін сөйлемдер екенін білеміз. Құрамы

жағынан бір сөзден не сөз тіркесінен тұрып, біртұтас бөлінбейтін мағынаны білдіретін, контекстің негізінде сөйлемнің жүгін арқалайтын, болмысты, затты білдіретін бір құрамды сөйлемдердің функционалдық стильдердегі қызметі – айқындауды қажет ететін мәселелердің бірі.

Ғалым М.Серғалиев өзінің «Стилистика негіздері» атты оқулығында функционалдық стильдердің ішіндегі көркем әдебиет тілін шағын стильдерге ажырату туралы сөз болғанда, олардың жанрлық ерекшеліктеріне байланысты (роман, повесть, өлең, драма т.б.) айтылады дейді. Олай етпей, басқа ыңғайда айтушылық та бар (проза тілі, поэзия тілі, сыни еңбектер тілі т.б.) [3,53-54].

Қайсыбір тілді алмасақ та ондағы көркем әдебиет тілінің орны ерекше. Ол – стильдердің басқа түрлеріне қарағанда өзінің көркемдігімен, тазалығымен, мөлдірлігімен, эстетикалық қызметімен көш ілгері тұрады. Көркем әдебиет стилінің бұл сипаттары оның өзіндік даралығын танытады. Белгілі бір шығармада оқиғаны, шығармадағы кейіпкерлерді, олардың жалпы бейнесін және мінез-құлықтарын көрсету қазақ тілінің бай сөздік қорын мейлінше орынды, еркін пайдалану арқылы жүзеге аспақ. Осыған байланысты, көркем әдебиет стилі өзінің құрамы жағынан басқа стильдерден дараланып тұрады.

Шығармадағы адамдардың арасындағы оқиғаны, кейіпкерлердің әр түрлі эмоциясын беру үшін жазушы сөздің эстетикалық мәніне баса назар аударып отыруы керек, солай болуы тиіс. Сонымен қатар адам бар жерде коммуникативтік қызметтің жүзеге асатыны ақиқат. Олай болса өзінше бір өмір деп бағаланатын кез-келген көркем шығармада адамдардың әр түрлі сенімі, оқиға, тартыс болады, сөз арқылы қарым-қатынас жүзеге асады. М.Серғалиев жоғарыда аталған ерекшелігін ескере отырып: «... коммуникативтік және эстетикалық қызметтердің бірлігінен ғана шын мәніндегі көркем шығарма тілі танылады», – дейді [1, 142].

Ұлттың тілін байыту, жанарту, жаңғырту, жаңа серпіліс әкелу – әр жазушының шығармашылығының жемісі. Сөздің тетігін тауып, сөз маржанын теріп, келісті сөз өрнегін салу – қаламгердің шеберлігі. Көркем әдебиет стиліндегі авторлық даралықты да ескергеніміз абзал.

Кез келген шығарманың құнары, шырайы, мейлі ол проза болсын, мейілі поэзия болсын, оның тілінен көрініп, сол арқылы бағаланады. Яғни көркем туынды тіл байлығын көрсетіп қана

қоймайды, ол сонымен қатар тілді дамытатын, көркейтетін, байытатын негізгі арналардың бірі болып табылады.

Ал енді осы көркем әдебиет тілін қолданыстың ерекше арнасы деп танысақ, мұндағы жаңа қолданыстар мен әдеби норма, ауытқулар, оның себеп-салдарын талдай отырып саралау лингвистикаға жүгінері сөзсіз.

Сөз – тілдегі экспрессивтілікті жеткізуші құралдардың негізгілерінің бірі. Коммуникация барысында сөз сөйлеуші жайында эмоционалды-экспрессивті ақпараттарды жеткізіп тұрады, қалыпты мағынадан басқа қосымша мағынаны да жеткізуге қатысады. Нақты контексте сөз стилистикалық, бағалаушылық, мәнерлегіштік, функционалдық т.б. мағыналарды жеткізудің құралы болады.

Осыған байланысты атаулы сөйлемдердің стильдік сипаты қандай, оның көркем шығармадағы мәні мен өзіндік ерекшелігі неде деген сұрақтарға жауап беруіміз керек.

Атаулы сөйлем – көбінесе көркем шығармаларда оқиғаны құбылысты суреттеу, сипаттау мақсаты қойылғанда, қатысатын, сол үшін қызмет атқаратын жай сөйлемнің ерекше түрі. Жазба әдебиеттің, соның ішінде проза, драматургия жанрының өркендеуімен байланысты қалыптасқан жай сөйлемнің типтік түрі.

Л.Ж.Әзбергенова өзінің «Бір негізді сөйлемдердің қолданымдық ерекшеліктері және жай сөйлем түрлерін оқыту мәселелері» атты зерттеу жұмысында номинативті сөйлемнің біз қарастырмақ болып отырған стильдік қызметіне тоқталып, С.Жұбатырұлының «Абыржы» романындағы бір негізді сөйлемдердің стильдік қызметін талдап көрсеткен. Шығармадағы бір негізді сөйлемдерді талдау олардың жеке тұрып та, мәтін ішінде келіп те қатынас құралы қызметін атқаратынын, ойды стильдік жағынан жүйелеп, көркем түрде берудің құралы екендігін дәлелдеген [4, 14].

Қаламгерлердің қолданысындағы атаулы сөйлемдердің стильдік ерекшеліктері бірден көзге түседі. Көптеген жазушылар өздерінің шығармаларында атаулы сөйлемнің қолданысындағы ерекшеліктерді пайдалана білген.

Көркем шығарма тілінің ұйқасымдылығына, тартымдылығына қызмет ететін синтаксистік-стильдік тәсілдердің бірі ретінде бұл ыңғайда атаулы сөйлемдердің көркем шығармадағы өзіндік орнын, қызметінің ерекше екенін танытуға мәтіндік айғақтар жеткілікті.

Айқай да ұйқай. Жалаңаш кеуде...қызыл тұмсық. Жұдырық. Күрс-күрс. Төбелесуші кім, арашашы кім екенін біліп болар емес (Ж.А.).

Берілген жолдардағы атаулы сөйлемдердің қолданысы қаламгердің өзінің сөз қолдану ерекшелігіне жатады. Атаулы сөйлемдерді бірінен соң бірін келтіріп, жазу арқылы қаламгер болып жатқан қызу төбелесті, ешкім түсініп білмес у-шуды, екпіндетіліп, үсті-үстіне төпеленіп жатқан жұдырық соққыларын суреттеу арқылы оқиғаның соншалықты қызып жатқандығын, кейіпкерлердің қалпын көз алдымызға айнытпастай етіп әкеліп отыр.

Жетішатыр жақсы қала.

Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы – қымыз , ойын-сауық – «кататься». Айт, той, құдалық, ат жары, күрес. Маскүнем. Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шықса пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан гуләйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней...Қызық думан... Қайткенмен сергек қала (Ж.А.).

Көріп отырғанымыздай, бір абзацтың бойында қаншама атаулы сөйлем ұйысып тұр. Бұл сөйлемдерден біз темпоралдылықты байқаймыз, яғни «жақсы қаланың» сергек, қайнаған тіршілігін, қазақтың гуләйт соғып масайраған көңілін дәл бейнелеуде атаулы сөйлемдер легімен қолданылған. Шынымен де, бұл жолдарды оқып отырғанда Жетішатырда, қайнаған өмірдің ортасында жүргендей әсер аларымыз сөзсіз.

Келсе, жардың басына жерошақ қазып, үш ауыл тасаттық беріп жатыр екен. Өлке қан, түтін сасиды. Қартқожаның зауқы етке соқты.

Қара құрық. Түтін. Қазан. Ит. Бала. Ию-қию (Ж.А.).

Мысалда жардың басындағы болып жатқан оқиға бейнеленген. Автор әр болып жатқан істі тәптіштеп баяндамай, бір сөзбен бейнелеу арқылы да сол көріністің дәл қалпын бере білген. Қатар берілген сөйлемдерден бір мезгілде болып жатқан бірнеше оқиғаны да көре аламыз. Қаламгер өз ойын жазуда сөйлемдерін осылай құру арқылы оқиғаның оқырманға әсерлігін арттырып тұрғандай.

Бүркіт емес, қырдың қыраны. Қапсағай, жебелі саусақ, жезтырнақ. Қайқы жауырын, қарашегір, қанды көз, орақ тұмсық, делдең танау, балуан балтыр, еңкіш еңсе, мұз балақ, үш түлеген тас түлек (Ж.А.).

Киімі, киімінде еді гажап ерекшелік. Тарғыл сары. Қызғылтым реңді сары тарғыл жолбарыс терісі (М.М.).

Атаулы сөйлемнің осы реттегі ерекше қолданысы өзі бейнелеп тұрған заттың ерекшелігін даралай алды. Қатар келген сөйлемдердің легі болмаса да, алдыңғы айтылған атаулы сөйлемді кейінгі сөйлем құрамында тағы қолданылуы арқылы жазушы өзі бейнелеп отырған киімнің өзіндік белгісін арттырып тұр.

Қоқаңдаған, дікеңдеген ешкім жоқ. Тып-тыныш. Дұрыс болды, өңшең шуылдақтан бөлек көшкенім. Рахат. Иін қамыс, кең дала (М.М.).

Берілген абзацтағы атаулы сөйлем алдыңғы сөйлемнің құрамдас бір бөлшегі. Бірақ қаламгер оны сөлемнен екшеп, жеке сөйлем ретінде қолдану арқылы эмоциялық реңкін арттырып, стильдік бояуын қанықтырып отыр.

Адыр-адыр елсіз дала. Бозғылт көде, кер бетеге, тобылғы, беткей, төбешік, обашық, қызыл құмай, шөптесін, шүңейт (Ж.А.).

Уа, қарабет басым! Қара басқан қу басым! Ойбай, бауырым! Бауырым, Қодар! (М.Ә). Құнанбайдың Қодарды жазалауынан кейінгі Дәркембайдың сөзі арқылы іс-әрекетке назар аударту мақсатында атаулы сөйлем оқшау сөздер арқылы берілген..

– Ырғызбай! Ырғызбай!

– Топай! Топай!

– Олжай! Олжай! (М.Ә). Оқшау сөздің бір түрі қаратпа сөздерді қолдану арқылы жасалған атаулы сөйлемдер ұрандату, атой салу мақсатында қолданылып, әр рудың аты аталады.

Палау! Палаудан соң үзімсуы, одан соң шай (М.Ә). Бөжейге ас беру сәтін бейнелеуде сол шақтағы қазақтың тұрмыс салтына назарын ерекше аудару мақсатында жұмсалған атаулы сөйлемдер зат есімдер мен шылаудың тіркесуі арқылы жасалып, сол кездегі ас түрінен хабар беріп тұрғандай.

Абай!

Абайжан!

Қарағым!

Қоңыр қозым, Абайжан! (М.Ә).

Оқшау сөздің қаратпа сөз түрі арқылы Абайға деген аналарының сүйіспеншілігін, аналар махаббатын беруде әрқайсысының аузынан айтылған лепті қаратпа сөздер атаулы сөйлеммен өрілген.

Сүттей жарық. Айлы түн (М.Ә.). Сөз тіркесі арқылы атаулы сөйлем белгілі бір уақытқа назар аударып, сол Абай дәуіріндегі ғашықтардың кездесу сәтін табиғатың ерекше түніне қызықтырады.

Таң... жүрек таңы...сол (Сол таңы сенбісің).(М.Ә.) Таң...бұл алғашқы уақыт болса, түннің таңға дейін созылғанға дейінгі арманға ұласқан сәтті сезіммен ұштастыра суреттеуде атаулы сөйлем арқылы жазушы бала Абайдың алғашқы Тоғжанды көріп, ұнатып қалғаннан кейінгі ғашықтығын берген. Сол сезімлі уақыт маңайындағы түн, таң сияқты уақыт өлшемдеріне сыйдырған.

Өңкей ынтымақ. Мол тілек. Жағалай бата (М.Ә.). Абайдың Ділдаға ұрын баруы кезіндегі қазақтың той дастарханын, жарасты отырысты суреттеуге, оқиға барысын сөз тіркестері түріндегі атаулы сөйлеммен жеткізген. Үстеу мен зат есімнің жасалған тіркесінен жасалған атаулы сөйлемге қазақтың көл-көсір қонақжайлығын сыйдырғандай.

Үйірімен үш тоғыз (М.Ә.). Саятшылықты, құсбегілікті өзіне ерекше серік еткен Абайдың аңшылық кезіндегі олжалы сәтін, сол кездегі қуанышын қаламгердің атаулы сөйлемді қолдануы арқылы беруі бұл жағдайдың эстетикалық, эмоциялық қуатын арттырып тұрғандай.

Сонымен, номинативті сөйлемдердің көркем әдебиеттегі қолданысына, қарым-қатынас құралы ретіндегі сөйлемнің стильдік тұрғыдан түрлі-түрлі болып құрылуының, сөйтіп ойды нақты, дәл, түсінікті жеткізудің құралы екендігіне, мәтінтүзімдік қызметі ерекше екендігіне талдау барысында көз жеткізуге болады. Атаулы сөйлемнің мәтіндегі қызметін зерттей түсу – қазақ синтаксистік стилистикасының алдындағы кезекті міндет.

Резюме

В статье рассматривается функции номинативных предложений в художественном стиле.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. – Алматы: Ғылым, 1967. - 236 б
2. Әмір Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1983. – 168 б.
3. Серғалиев М.С. Стилистика негіздері: Оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 273 б.

4. Әзбергенова Л.Ж. Бір негізді сөйлемдердің қолданымдық ерекшеліктері және жай сөйлем түрлерін оқыту мәселелері. Қазақ тілімен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Қызылорда, 2012.

ЖАЛАҢ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ТЕҢЕУЛЕР

А.А. БУДАНОВА,

*Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі
кафедрасының магистранты. Ғылыми
жетекшісі: филолог. ғыл. докторы,
профессор Ж.А. Жақыпов.
Астана қаласы.*

Қазақ әдебиеттануында теңеудің көріктендіруші құрал ретіндегі қасиеті жан-жақты зерттеліп, бірізді пікірлермен негізделген. Алайда тілтанушылар тарапынан теңеудің лингвистикалық сипатын зерттеу мәселесі кенже қалған, бұл мәселе әлі де тереңірек зерттеуді талап етеді.

А.Байтұрсынұлы тіл көрнекілігінің (образдылықтың) 3 түрін көрсетеді: *көріктеу, меңзеу, әсірелеу*. Көріктеуге *айқындау, теңеу, ауыстыруды* жатқызады. Осы көріктеу түрлері *троптар, фигуралар* деп аталып кеткен.

Кезінде А.Байтұрсынов "Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтуынсыз келгенде, ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөзді қосып айтамыз" деп жазған болатын [1,155].

Теңеу категориясы көркем образ жүйесі мен бейнелі сөз тәсілдері өнерінің, әдеби тілдің ұйытқысы. Көрнекті тілші-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қоңыровтың «Қазақ теңеулері» мен «Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі» атты екі кітаптан тұратын бір томдық еңбегі – осы бағытта бірден-бір түбірлі де түбегейлі зерттеу болып табылады. Зерттеуші өз еңбегінде теңеуге мынандай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңы қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы»[2,7].

Батырлық жырдағы қаһармандарға қатысты нақтыланып, түстелген теңеулердің портреттік сипаты басым екендігі жырдан аңғарылады. Мәселен, «жолбарыстай білекті», «арыстандай айбатты», «ақ сұңқардай», «аш бөрідей тиеді», «ителгідей емініп», «бүркіттей қолды салады», «жүрегі оттай», «нар түйедей», «құр аттай», «үркер мен айдай», «аш көзендей бүгіліп», «қабағы түстей түйіліп», «қарт бурадай», «жолбарыс шапқан құландай», «тышқан алған мысықтай», «ақ түйғындай», «қабыландай», «күркіреген күндей» т.б.

Осы теңеулерге қарай отырып, белгілі бір дәуірдің, керек десеңіз ұлтқа тән талғам – талаптары, көркемдік ұғым – түсінікті жазбай тануға болады. Сол арқылы халықтың дүниеге көзқарасының қандай деңгейде екендігін пайымдаймыз. Себебі, халықтың жақсылық пен жамандықты ажырата білу жолындағы көркем өнердегі күресі сұлулық пен жексұрындық, батырлық пен алаяқтық, адамгершілік пен жауыздық, достық пен қастық ұғымдары бейнелі сөздермен өрнектеледі. Соның тамаша айшықты ажары теңеулер арқылы беріледі. Батырлар жайында жоғарыдағы эпитеттік және метафоралық теңеулерден басқа көбірек ұшырасатын гиперболалық және литоталық теңеулер екендігін байқаймыз.

Ғалым З. Ахметов "Теңеуде салыстыра суреттеп отырған нәрсе бар да және соны ұқсатып отырған екінші нәрсе бар. Бірақ олардың арасы жымдасып кетпей әрқайсысы өз алдына дара тұрады" [3,132] деген пікір білдірсе, теңеудің халық шығармаларынан қалыптасып, жазба әдебиетіне ену жолдары туралы М. Базарбаев, Б. Манасбаев, М. Белбаева және т.б. еңбектерінде айтылған.

Қазақ әдебиетінде теңеулердің образдылығы, көркемдігі жөнінде айтылған ғалымдардың зерттеу еңбектері кездесе де, теңеулердің лингвистикалық табиғаты, яғни оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымы жөнінде пікірлер жоқтың қасы. Зерттеуші Т.Қоңыров теңеудің лингвистикалық категория екенін айта отырып, оның категория болуы үшін мазмұнына сай формасы да болуы керек екенін ескертеді. Ғалым теңеулердің табиғатын сипаттаған еңбегін екі бөлімге:

1. Теңеулердің жасалу жолдары
2. Теңеудің синтаксистік құрылымы

бөліп қарастырған.

Қ.Жұмалиев өзінің «Әдебиет теориясы» атты зерттеу еңбегінде қазақ теңеулерінің жасалуы жөнінде мынандай пікірін білдіреді: «Орыс тіліндегі теңеулер «как, так, то что, будто, подобно, сто» арқылы жасалатыны тәрізді, қазақта кейбір теңеулер «секілді» деген сөздер

арқылы жасалынады. Бұл орыс тіліндегі «будто», «подобно» деген сөздер арқылы келетін теңеулеріне келеді. Бірақ орыс тілінде теңеулердің көпшілігі творительный падеж арқылы жасалады. Бұл бізде жоқ. Бізде бұның орнына теңеудің өзіне тән белгілі-белгілі жұрнақтары бар». Осылайша ғалым орыс және қазақ тілдеріндегі теңеулердің жасалу ерекшеліктеріне назар аударады. Қазақ тілінде белгісіз нәрсені белгілі нәрселерге салыстыру жұрнақтар арқылы орындалады (-тай, -тей, -дай, -дей, -дайын, -дейін, -ша, -ше, «дай» жұрнағымен байланысты келетін «мын»). Қазақ тілінде теңеулердің көпшілігі жоғарыда көрсетілген жұрнақтар арқылы жасалады. Қ.Жұмалиев «Теңеулердің көпшілігі зат есімге, есімше, етістікке жалғанған –тай, -тей, -дай, -дей, -ша, -ше және –дайын, -дейін жұрнақтары арқылы жасалды» деп көрсетеді [4,116]. Қ.Жұмалиевтің бұл пікірлері қазақ тіліндегі теңеулердің жасалу жолын дұрыс көрсеткенмен де, теңеудің жасалу тәсілін түгел қамти алмайды. Ал ғалым Т.Қоңыров қазақ тіліндегі теңеулердің жасалуының төмендегідей жолдары бар екенін анықтаған:

- 1) -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтарының көмегімен;
- 2) –ша, -ше жұрнағының көмегімен;
- 3) шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен) көмегімен;
- 4) секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен;
- 5) бейне сөзінің көмегімен;
- 6) тең сөзінің көмегімен;
- 7) ұқсас сөзінің көмегімен;
- 8) параллелизм тәсілі көмегімен;
- 9) аралас тәсілдің (бейне және –дай, -дей; бейне және секілді) көмегімен;
- 10) қосалқы тәсілдің көмегімен [5,12].

Сонымен, қазақ тіліндегі теңеулер 10 түрлі тәсілмен жасалады екен. Бұл жерде бір назар аударатын жәйт Қ.Жұмалиев *бейне* мен *тең* сөздерін метафора жасайтын тәсілдердің көрсеткіші деп дәлелдегенін ғалымның мына тұжырымынан байқаймыз: «Метафораның бесінші түрі «бейне бір» «бейне тең» деген сөздер арқылы жасалынады». Десек те ғалым Т.Қоңыров академик Қ.Жұмалиевтің пікірімен келіспейді. Сол себепті автор өз тұжырымын былайша дәйектейді: «Басқаша айтқанда, метафора мен теңеудің ара қатынасын дәл анықтайтын, соның нәтижесінде бұларды бір-бірінен анық, айқын

ажырататын дәлелі жоқ. Шынына келсек, метафора мен теңеудің бір-бірінен үлкен айырмашылықтары бар. Ол, біріншіден, формалық айырмашылықтар, екіншіден, структуралық айырмашылықтар, үшіншіден, семантикалық айырмашылықтар»[5,13].

Теңеулердің синтаксистік құрылымы деген мәселе бар. Ғалым Т.Қоңыров оларды төмендегідей етіп жіктеген:

- А) жалаң теңеулер,
- Ә) күрделі теңеулер,
- Б) толымды теңеулер,
- В) толымсыз теңеулер,
- Г) бірыңғай теңеулер
- Ғ) болымсыз теңеулер[5,23].

Біз осылардың ішінен эпостық жырларда ең жиі кездесетін жалаң теңеулер мен күрделі теңеулерге тоқталмақпыз.

Жалаң теңеулер тек теңеу құраушы мүшелердің қосындысынан ғана тұрып, белгілі бір заттың яки құбылыстың жалаң суретін жасайтын теңеулер. Мұнда күрделі ой жоқ, сәйкесінше бұл теңеуде күрделі образ да болмайды.

*«Тумаса да туғандай қылайын», – деп,
Ұлтан деп ол баланың атын қойды (Алпамыс батыр жырынан)*

*Шамырқанды, шырқанды,
Буырқанды, бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды.
Алып келді Шұбарды,
Мойнына тақты тұмарды (Алпамыс батыр жырынан)*

*Кеуделері кепедей,
Мұрындары төбедей.
Күрек тісі кетпендей,
Құлақтары қалқандай (Алпамыс батыр жырынан)*

*Байшұбардай тұлпардың
Ойынды еті бұлтылдап (Алпамыс батыр жырынан)*

*– Әй, диуана, ұл болсын,
Жеке басың құл болсын.
Садағың аузы шапшақтай,
Диуана, саған жол болсын (Алпамыс батыр жырынан)*

*«Жалғызың мен мұнда» дегенде,
Дариядай тасып, толыпты.
Шешесіменен көрісіп,
Енді атына мінеді,
Жамбыға таман келеді (Алпамыс батыр жырынан)*

*Томаға көзді қасқа азбан,
Біткен сүйек долантып,
Сауырсын бедеу сулантып,
Дауылдай жалы суылдап,
Құйрығы құйындай шуылдап,
Төскейден төмен желеді(Алпамыс батыр жырынан)*

Омырауы даладай(Алпамыс батыр жырынан)

*Өзің үлкен данасың.
Өрттей қаулап жанасың (Алпамыс батыр жырынан)*

*Қаламдай қасы сүрілген,
Оймақтай аузы бүрілген
Ақжүністей арудың,
Алғанынан айрылып,
Сөнгені ме енді шырағы?(Алпамыс батыр жырынан)*

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы *кепедей, төбедей, кетпендей, көріндей, орнындай, қалқандай, Байшұбардай, шапшақтай, дариядай* деген – жалаң теңеулер. Бұлар құраушы мүшелерімен біріге отырып, жалаң ойды білдіріп тұр. Мұндағы теңеу элементтерінің барлығы да ешқандай анықтауыш, толықтауыш сөздерсіз жалаң түрде алынған. Мәселен, бірінші үзіндідегі «Тумаса да туғандай қылайын» - осындай теңеу. Мұндағы «туғандай» - теңеудің образы, «қылайын» - теңеудің белгісі. Бұл теңеудің «Мен» деген предметі түсіріліп айтылған. Алайда оның бар екені «қылайын» деген белгінің морфологиялық тұлғасынан көрініп тұр. Сондай толық теңеу былай болып шығады: «Мен тумаса да туғандай қылайын». Бұл конструкциядағы теңеулік мағына «туғандай» сөзіне тіреліп, ол «қылудың» сапасын білдіреді.

Қазақ тілінде жалаң теңеулер көп кездеседі. Оларды, жоғарыда талдағанымыздай, ауыз әдебиеті үлгілерінен де, ақын-жазушылар шығармаларынан да кездестіруімізге болады.

Өзінің құрылымы жағынан **күрделі теңеулер** жалаң теңеулерге қарама-қарсы құбылыс. Мұнда образ немесе предмет, немесе екеуі де өздеріне бүтіндей күрделі ұғымды негіз етіп алады да, соның нәтижесінде күрделі ойға негізделген, шытырман суретке құрылған, эмоциялы-экспрессивтік әсері күшті теңеулік жасалады. Осындай күрделі ұғымның нәтижесі жаңа заттар мен құбылыстарды былай қойғанда, бұрыннан белгілі заттар мен құбылыстардың өздері қай сипатқа ие болып, жаңа қырларынан көрінеді. Мұндай күрделі теңеулердің құрылысы өте күрделі болады. Теңеудің предметінің, не образының немесе белгісінің алдынан бір, не бірнеше анықтауыш сөздер қойылады да, олар теңеудің бұл элементтерінің әр түрлі қасиеттерін саралап, бейнелеп, көркемдеп, жан-жақты етіп көрсетеді. Бұған көз жеткізу үшін мына мысалдарға назар аударайық.

Ауызына қарасам,

Сұлуды таңлап сүйгендей.

Келбетіне қарасам,

Қымқапты таңлап кигендей.

Бір түгіне қарасам,

Қырмызы қызыл жібектей.

Ақылына қарасам,

Сарттар соққан түнектей (Алпамыс батыр жырынан)

Төрт тұяқтан шыққан от

Шақпақ тастай жылтылдап.

Құлақ салсаң дабысы,

Тау суындай сыңқылдап (Алпамыс батыр жырынан)

Мұрындары сығымдаған талқандай.

Көздері терең зындандай,

Басқан ізі от орнындай (Алпамыс батыр жырынан)

Қаладан келген қақпандай,

Бұқардан келген мақпалдай.

Ел ішінде еңіреттің,

Қылмысынан тапқандай (Алпамыс батыр жырынан)

Әуеден ұшқан дуадақ,
Ұлтанға жарлық тиген соң,
Иі болмаған қайыстай
Көрсетті қорлық уалап (Алпамыс батыр жырынан)

Ауызыңа қарасам,
Сұлуды таңлап сүйгендей.
Келбетіңе қарасам,
Қымқапты таңлап кигендей.
Мен сияқты гаріптің
Қадірін жақсы білгендей.
Әкекем деп асылсам,
Мойныңа лайық мінгендей (Алпамыс батыр жырынан)

Тышқан алған мысықтай
Тамашасын көреді (Алпамыс батыр жырынан)

Осы үзінділердің мысалында не образ, не предмет (кейде екеуі де) белгілі бір анықтауыштармен қолданылып, теңеудің суретін біршама көріктендіріп жіберген. Ауызының әдемілігі «сұлуды таңдап сүйгендей», келбеті «қыпқапты таңлап кигендей» болып, ақылы «сарттар соққан түнекке» теңеліп, жай сурет конкреттене түскен. Бұл талданып отырған теңеулердің үлгілері етістіктен болған да, предмет пен образдың қимыл-әрекетінің жай-күйін білдірген. Теңеудің белгісі ретінде басқа сөз таптары да қызмет атқара береді. Солардың ішіндегі ең өнімділері ретінде сын есім мен есімшені атай аламыз. Мәселен, «Қырмызы қызыл жібектей», «сарттар соққан түнектей», «шақпақ тастай жылтылдап», «иі болмаған қайыстай», «тау суындай сыңқылдап», «басқан ізі от орнындай», «мұрындары сығымдаған талқандай» және т.б.

Сонымен, теңеулердің структуралық құрылымы сан алуан болады да, әр қилы күрделі ойларды білдіріп, бейнелі суреттер жасаудың құралы ретінде қызмет атқарады. Қазақ теңеулерінің структурасы әлі де жан-жақты (мағынасы, стильдік табиғаты, морфологиясы, синтаксисі) талдауды қажет етеді.

Резюме

В данный статье рассматриваются лингвистические особенности сравнения

The linguistic features of comparison are considered in this article

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. (Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.) - Алматы: Жазушы, 1989.- 320 б.
2. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы: Мектеп, 1981. – 331 б.
3. Ахметов З.А. «Өлең сөздің теориясы». Алматы: «Мектеп», 1973 жылы. – 212 б.
4. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Жазушы, 1984. – 247 б.
5. Қоңыров Т. Теңеулер табиғаты. Оқу құралы. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2005. – 512 б.
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: Фолиант, 2006. Т. 34: Батырлар жыры. — 384 б.

«КҮНЕС» АТАУЫНЫҢ ТАРИХИ-ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ ЖӨНІНДЕ

Ә. ТОҚТАРХАН,

*Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.
Ғылым жетекшісі: Б.Әбдуәлиұлы,
филолог. ғыл .докторы қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры.
Астана қаласы.*

Кез-келген елдің өткені мен бүгінгінің сабақтастығы оның ата-мекен жер-су атаулары арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Осы себепті де және басынан өткен «сан қилы» заманда көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына байланысты да жер-су атауларын зерттеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Адамзат өзі мекен еткен жерлерінің барлығына ат қойып отырған. Ол атаулардың кейбірі заман өзгерістеріне байланысты қолданыстан түсіп, ұмытылып кетсе, енді біреулері көне дәуір элементі екеніне қарамай, осы дәуірге қаз-қалпында жетіп отыр. Сонымен қатар, дыбыстық жағынан елеулі өзгеріске ұшырап, қазіргі көзге мағынасы көмескі тартып белгісіз дәрежеге жеткендері де бар.

Мысалы, «Күнес» атауының тілдік табиғаты бертінгі кезде емес, ерте заманда өмір сүрген тайпалар тарапынан қойылған деген болжам жасауға мүмкіндік береді. Дыбыстық ерекшеліктеріне байланысты бұл атаудың қазіргі сипаты бойынша мағынасы ұқсас сөздермен салыстыра отырып болжам жасасақ, кейбір олқылықтарға жол беріп алуымыз мүмкін. «Күнес» атауының тегіне қатысты зерттеулерді тілдік талдаулармен қатар, тарихи деректерден, оқиғалардан бөле қарауға болмайды, сондықтан бұларды да ескеріп, тіркей отырудың артықтығы жоқ деп ойлаймыз. Біріншіден, Күнес атауының тарихтағы орны туралы Іле өңірінде болған жер атауларымен ұштастырып талдаулар жүргізіп көрелік. Атап айтқанда, Іле Өзені аңғарында «Күнгес» (Қойлық) деп аталатын ірі қала болған. Бұл қаланың есімі тарихи деректерде жазылып, біздің заманымызға дейін өшпей сақталып қалып отыр. Таң хандығы дәуірінде (618 – 917 жылдар) Іле Өзені аңғарында Түркеш тайпалары Текес, Күнес өзендері аңғарында Шығыл тайпалары өмір сүргендігі мәлім. «Жаңа Таңнама» кітабының «Ашына Шері» тарауында: «Таң тайзұң кезінде (647- жылы) Шығылдар Іле өзенінің жоғарғы аңғарын мекендеген, Түркеш Хандығының үлкен астанасы Суяб қаласы болған болса, кіші астанасы Іле өзені бойындағы Күнгес Қаласы болған» делінеді. Трихқа жүгінсек: Түргеш қағанаты 704–756 жылдар аралығында өмір сүрді. Бұл кезде Жетісу аймағында араб басқыншыларына қарсы күрес жүріп жатқан болатын. Жетісуда Түргеш қағанаты билеушілерінің негізін қалаушы Үшелік-қаған. Оның билік жүргізген кезі – 699–706 жылдар. Ол Жетісудан Батыс түрік билеушісі Бөрі шадты қуып, Ташкенттен Турфанға және Бесбалыққа дейін өзінің билігін орнатты. Оның басты саяси орталығы – Шу өзені бойындағы Суяб қаласы. Екінші орталығы – Іле өзені бойындағы Күнгүт қаласы. Үшелік елді 20 ұлысқа бөліп, олардың әрқайсысында 7 мыңнан әскер ұстады. Күнгіт және солай аталатын тайпа Іле өзені аңғарында орналасқан (олар мұнда XI ғасырда да тұрған, мұны Махмуд Қашғариатап көрсеткен) [4].

Бұдан біз Күнгес қаласы түрік тайпалары астаналарының бірі ретінде аты әйгілі болғандығын біле аламыз. Сондай-ақ қытайдың жібегі және жібек тоқыма бұйымдары батыс елдеріне шығарылып отырған. Жібек саудасы арқылы «Жібек жолымен» барынша гүлденген Таң патшалығы дәуірінде Күнгес Қаласы басты сауда орталықтарының біріне айналған, яғни ішкі қытайдан батысқа созылған жібек жолының Шинжияндағы солтүстік тармағы Үлкен

Жұлдыз, Кіші Жұлдыз үстіртінен өтіп, Іле Өзені аңғарындағы Күнгес Қаласына келіп, одан батысқа – Шу Өзені бойындағы Суяб Қаласына барған жібек жолының бір тармағы Көжені (Күшарды) басып өтіп, Мұзарт асуы арқылы Текеске келіп, солтүстік жол бойындағы Күнгес Қаласына жалғасқан. Жуырдағы жылдарда Тұрпанның ерте заман бейіттерінен табылған Таң Хандығы дәуіріне тән бір қолжазбада: «Күнгестен алынған 275 топ торқаны Көжеге ... апарды, ... жөнелтіп, осы Ли Сан екеуі «Күнгестен Көжеге ... барады» деген анықтамалар бар [7]. Күнгес Қаласы өз заманында жан саны мол, саудагерлері көп, шығыс пен батыстың саудагерлерін, керуендерін көп мөлшерде қабылдап отыратын, жібек тауарларын айырбастайтын басты сауда орталығына айналған. Жібек жолының осы тармағы Күнгес Қаласынан созылып, жібек жолы торабының Жетісудағы сауда орталықтарының бірі болған Суяб қаласына жалғасқан. Сондай-ақ аралық жібек жолымен солтүстік сахара жібек жолын жалғастыруда, әсіресе Көже мен Күнгес екі қаланың жібек саудасын жалғастыруда, Көже-Күнгес тармақ жолының маңызды орын алғандығын көреміз.

Күнгес Қаласы қытайдың тарихи деректерінде 7 ғасырдан бастап естелікке түскен. Қытай археологтары Күнгес Қаласы жөнінде зерттеулерін үздіксіз жалғастыруда, олар деректемелерге сүйеніп Іле Өзені аңғарындағы қос өзеннің түйіскен жерінде деп түрлі болжам жасайды. Мұның ішінде Күнгес Қаласының орны Іле Өзені мен Қас Өзенінің түйіскен өңірінде немесе Текес өзені мен Күнес өзенінің түйіскен өңірлерінде болуы мүмкін деген көзқарастар басымдық.

«Іленің тарихи шежіресінде»: «Күнгіт (Күнгес, Күнгеі, Гүңиуе, Күңгіш) көне қаласының орны қазіргі Іле Қазақ Автономиялы Облысы Құлжа ауданының Тұрпанжүзі ауылына қарасты жерде. Оны ұйғырлар Алтұнлық (Алтынды) деп атайды. Бұл қала кезінде Батыс Түрік Қағанатының (582-, 703-жылдары), Түркеш Қағанатының (709 – 766) екінші астанасы болған. Таң Патшалығы дәуірінде салынып, солтүстік жібек жолы торабындағы басты сауда орталықтарының біріне айналған. Қаланың айналасы қорғанмен қоршалған, ортасында әкімшілік басқару үйі, құдықтар болған. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, Таң Патшалығы дәуірінен (581-, 618-жылдар) Юән Патшалығы дәуіріне дейінгі (1271 – 1368 ж.) мезгілдерде балшықтан күйдіріліп жасалған Күбі, түрлі ыдыс-аяқтар мен бақыр ақшалар, 1988 жылы қала орнының маңынан 175 дана бақыр ақша табылған» десе, «Ырысты Іледе»: «Қойлық қаласы – Құлжа Ауданының Тұрпанжүзі ауылына қарасты ежелгі қала

қорғаны. Ол тарихи зерттеулерде «Күнгіт», «Күнгес», «Айжарық» деп те аталып жүр...Сұй, Таң патшалығы кезінде салынып, Сұң, Юән патшалығы дәуірлерінің соңына қирай бастағанынан дерек береді» деп жоғарыдағы көзқарасты дәлелдей түседі.

«Күнес» есімінің өзі ертеде осы өңірде болып өткен Күнгес Қаласының атымен тығыз байланысты секілді. Күнгес Қаласының орны өшіп кеткенімен аты өшпей сақталып, бүгінгі замандағы Күнес өзенінің атымен бізге жетіп отыр. Атауды кейінгі кездегі бұл өңірге қазақтардың көшіп келуімен байланыстыру дұрыс емес, керісінше бұдан неше мың жыл бұрын Күнес өңірін мекендеген түрік тілдес тайпалар қойып, қалыптастырған. Трихи деректерге жүгінсек, осы тайпалардың Іле Өзені аңғарында тайпалық одақ құрған кезінде астанасы Күнгесті салғанын, кейін қала жойылғанымен атауы өзен арқылы сақталып, кейінгі заманға жалғасқанын біле аламыз. Бәлкім сол заманда-ақ өзеннің аты да Күнгес болған шығар?!

Шоқан Уәлиханов «Іле өлкесінің географиялық очеркінде»: «Іле үш тарамнан тұрады: Текес, Қашкөл және Күнгес; олардың біріншісі ең негізгі, Мұзтау жотасынан басталып, Күнгеске қосылғанша, шығысқа қарай ағады. Олардың барлығы қосылған соң, Іле батысқа бағыт алады... Өзіне жан-жақтан барлық тау өзендерін қосып алып, сол атауымен бірнеше саласын қосып алып Балқашқа барып құяды», - деген.

Демек, қазіргі Күнесті ежелгі Күнгес қаласының атауымен сабақтастықта қарау ағаттық тудырмаса керек. Егер олай болса, этимологиясы «күнгей» немесе «күнгей бетте орналасқан қала», – деген мағына береді.

Әр топоним белгілі бір мағынаға, алуан түрліәкіпәратқа ие, семантикасы жағынан жеке объектілерді атайтын жалқы есімдердің ерекше тобына тән. Әрбір географиялық атау тарихи, әрі оның мағыналықөрісі де кең. Олар замана талаптары менөзгерісіне қарай әр түрлі мағлұматқа: түрлі соғыстар, халықтықәдет-ғұрып, салт-сана, халықтардыңқарым-қатынасына және т.б. тарихи оқиғаларға бай.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбілезұлы Ж. Жер тарихы – ел тарихы, – Шинжияң: «Жастар-Өрендер» баспасы, 1999 ж.

2. Жүнісұлы Ж. Іленің тарихи шежіресі. Құлжа: «Іле Халық Баспасы», 2007 ж.
3. Таласбайұлы Қ., Әбілезұлы Ж. Ырысты Іле. – Шинжияң «Жастар-Өрендер» баспасы, 2000 ж.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: «Атамұра», 2010. – 350 б.
5. «Қазақтың қысқаша тарихы», Шыңжаң: «Халық Баспасы», 1986.
6. Мырзаханұлы Ж. Қазақ Мәдениетінің Айдыны. – Шыңжаң: «Халық баспасы», 2006.
7. «Шинжияң тарих ғылымы» журналы 1980 жылғы 1-сан Қытайшасы, 50-бет.

НОҒАЙ – ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКЕШЛІГІ

Д. ОСПАНОВА,

*Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.
Ғылыми жетекшісі: Б. Әбдуәлиұлы,
Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ профессоры,
филолог. ғыл докторы. Астана қаласы.*

Ноғай тілі Карашай – Шеркесавтономиясы мен Ставрополь аймағында тұратын ноғай ұлтының ауызекі сөйлеу және әдеби жазба тілі болып табылады. Ноғай тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Қарақалпақ және қазақ тілдерімен қосылып қыпшақ-ноғай тобын құрайды және ғылыми-зерттеулерде олардың негізгі ерекшелігі ш-ч және с-ш дыбыстарының алмасып қолданылуында екендігі айтылады. Өзінің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы жағынан ноғай тілі қарақалпақ тіліне жақын, ал қазақ тілінен айырмашылығы олардың фонетикалық ерекшелігінде көрінеді. Нақтырақ айтқанда, негізгі ерекшелік ноғай тілінде ұяң және үнді дыбыстардан кейінгі қалыпта л дыбысы келгендегі ассимиляция құбылысының жоқтығы болып табылады.

Мысалы: қазақ тілінде қыз-дар; ноғай тілінде қызлар, тастар – таслар, т.б.

Ноғай әліпбиі 37 жай және күрделі әріптерден тұрады: оның ішінде тоғыз дауысты дыбыс – а, аь (ә), о, оь (ө), ы, и (і), у (ұ), уь (ү), э; 22 әрпі дауыссыз дыбыстарға арналған – б, в (у), г, д, ж, з, й, к, л, м, н, нь (н), п, р, с, т, ф, х, ч, ц, щ, ш және көмекші дыбыстар мен шартты белгілер қатарында: е, ё, ю, я, ъ, ь. Ескере кететін жайт – в әрпі ноғай тіліндегі төл сөздердің құрамында у болып оқылады. Ноғай давсы (Ноғай даусы). Г, к әріптері жіңішке буынды сөздерде г, к, жуан буынды сөздер құрамында ғ, қ болып оқылады. Сонымен қатар, э дыбысы сөз басында ғана орыс тіліндегі мен қазақ тіліндегі е дыбысының аралық сипатында, ал дауыссыз дыбыстардан кейін е түрінде дыбысталады.

Жоғарыдағы фонетикалық жүйе бойынша алсақ, ноғай дыбыстарының қазақ тілінен үлкен айырмашылығы байқалмайды, негізінен таңбалануында ғана бөтендік бар. Екі тілдің де әліпбиі кирилге негізделгенімен, өзіндік ерекшеліктер жоқ емес. Екеуіне ортақ төл дыбыстар басқаша таңбаланады. Мысалы, қазақта ә – ноғайда аь, қазақта ө – ноғайда оь, қазақта ұ – ноғайда у, қазақта ү – ноғайда уь, қазақта ң – ноғайда нь болып таңбаланады.

Осыдан екі тіл арасындағы фонетикалық ерекшелік те байқала түседі.

Ноғай тілінде 9 дауысты фонема бар: а, аь, э (е), о, оь, ы, и, у, уь. Ал бұл дыбыстарды қазақ тіліндегі дыбыстармен салыстырар болсақ, а, ә, е, о, ө, ы, и, у, ү, ұ дыбыстарымен сәйкеседі. Ерекшелік тек қаріптердегі айырмашылықтар мен ноғай тілінде «і» дыбысының жоқтығында.

Дауысты дыбыстардың бөлінуіне келер болсақ, ноғай тілінде дыбыстар үш белгі бойынша:

1) **Тіл қатысына қарай:** а) тіл алды (аь, э/е, и, оь, уь) және б) тіл арты (а, ы, о, у). Бұл бөлініс қазіргі қазақ тілінің грамматикасындағы дыбыстар бөлінісінде жоқ);

2) **Еріннің қатысына қарай:** а) еріндік (о, оь, у, уь) және б) езулік (а, аь, э/е, ы, и);

3) **Айтылу ерекшелігіне қарай:** а) ашық дауыстылар (а, аь, э/е, о, оь) б) қысаң дауыстылар (ы, и, у, уь).

Оь және **Уь** (қазақ т/де: Ө, Ү) сөздің бірінші буынында ғана кездеседі. Қалған буындарда кездесуін орфоэпиялық ерекшелік деп табамыз, яғни ерін үндестігінің әсерінен э/е дыбыстарын басқы буыны Оь-ден басталған сөздерде «ө» деп оқимыз.

Мысалы:

боьл- /бөлу/;

оьл- /өл/;

оьз-/өз/;

суьек /оқылуы: суьйоьк, **сүйек: сүйөк/;**

туье /оқылуы: туьйоь, түйе/

уьз /үз/;

келуьв /келу/;

аь (қазақ тілінде Ә дыбысымен сәйкес келеді)

саьат /сағат/;

аьзирлен /әзірлен/;

Н.А.Баскаков ноғай тілінде бұл дыбыстың көбінесе кіріккен сөздерде кездесетінін айта кетеді. Мысалы: аькел * алып кел (қазақ тіліндегідей); аьпер * алып бер, т.б.

Дауыссыз дыбыстар классификациясы:

Айтылу орнына қарай:

а) еріндік: б, п, м, (в)

б) тіс пен ерін: в, ф

в) тіс пен альвеоляр: д, т, з, с, ц, н, л (л)

г) тіл алды дауыссыздар: ж, щ, ш, ч, р.

д) тіл ортасы : й

е) тіл арты: г, ж

ж) тіл арты (жіңішке) дауыссыздар: (гъ), (къ), х, нь

жасалу орнына қарай:

1. Үнді

а) мұрын жолды: м, н, нь

б) созылыңқы және діріл дауыссыздар: л (л)², р

2. Шуылдауыссыздыбыстар

а) шұғыл: б, п, д, т, г, к, (къ)

б) діріл: в, (в), ф, з, с, ж, ш, щ, й, (гъ), х

в) аффрикатдыбыстар: ц, ч

Ғалым Н.Баскаков дауыссыз **б, п, м, ф, д, т, з, с, ц, н, ж, ш, щ, ч, р, й, х** дыбыстарының барлығы айтылуы жағынан орыс тіліндегі дыбыстармен сәйкес екендігін баса айтады. Ноғай әліпбиіндегі в, л, г,

к дыбыстарының ерекшелігі ретінде олардың жазғанда екі түрлі дыбысқа ие екендігін ескертеді.

Бұлардан басқа ноғай тіліндегі «нъ»-ның (қазақ тіліндегі «ң» дыбысы) күрделі белгісі бар (Н.Баск). Ноғай тілінің сөйлеу ерекшелігіне байланысты енгізілген мұрын дыбысы болып саналады.

Жоғарыда айтып өткен ноғай тіліндегі **в, л, г, к** дыбыстарының екі түрлі дыбыс беру ерекшеліктерін мысал сөздермен көрсетуге болады:

В дауыссызы:

а) орыс тіліндегі **в** дыбысымен сәйкес, кірме сөздерде ғана қолданылады

/вагон, ваза/;

б) ағылшын тілі әліпбиіндегі **w** қарпіне ұқсас. Сөздің басқы буынында аз

кездесетін, негізінен араб тілінен енген сөздерге қолданылады
/сув –су;

тавык-тауык/

Л дауыссызы:

а) орыс тіліндегі **л** қатаң дыбысымен бірдей дыбыс: ал, кол-қол, бала;

б) орыс тіліндегі **л** дыбысының жіңішке варианты болып саналады, ноғай тіліндегі сөздерде ортаңғы немесе соңғы буындарда кездеседі. Мыс.: кел, тил-тіл, куль-күл.

Г дауыссызы:

а) орыс тіліндегі **л** қатаң дыбысымен бірдей, ноғай тілінде сөздің ортаңғы шенінде болады: (бұл дыбыс кірме сөздерде кеңінен кездеседі), буыгуьв-бүгу, боьреги-бөрек, гуьл-гүл.

б) Тіл арты, үнді дауыссыз дыбыс, өте сирек (тек қана кірме сөздерде) кездеседі. Мыс.: колга-қолға, шыгарув-шығару, туягы-тұяғы.

К дауыссызы:

а) орыс тіліндегі **л** қатаң дыбысымен бірдей, ноғай тілінде көбіне сөздің басқы буынында кездеседі: коьйлек-көйлек, куыш-күш, коьл-көл, юрек-жүрек; б) таңдай арқылы айтылатын тіл арты дауыссызы, ноғай тілінде тек тіл арты дауыссыздарымен қолданылады: кол-қол, кара-қара, аяк-аяқ, кызыл-қызыл.

Ноғай тіліндегі сингармонизм заңдылығы басқа түркі тілдеріне ұқсас, яғни аталмыш тілде де: а) дауыстылар үндесімі (ерін, таңдай тартылысы, қысаң дауыстылар); б) дауыссыздар үндесімі: дауыссыздар ассимиляциясы 1) кейінді ықпал (мыс.: теньнинь-достың, бумамнынь – бумамның, кыздынь; 2) ілгерінді ықпал (нд-нн: уйлендим-уйленним, зш-шш: кызша-кышша, сш-шш: русша-рушша (орысша).

Дауыссыздар диссимиляциясы (таяк цынан - таяк бынан /таяқпен/, бараякпын-бараякбын /барамын/.

Дауыссыздар дыбыстың түсіп қалуына байланысты т дауыссызын мысалға келтірейік: 1) сөз ортасында: алпыс – алтпыс; 2) сөз соңында: дос-дост /элек-элгек/.

Ноғай тілінде буынның негізгі екі топтан тұратын алты түрі бар:

а) ашық буын (д/ты-д/ты және д/сыз-д/ты);

б) бітеу буын (д/ты, д/сыз; д/сыз-д/сыз);

Ноғай тілінің қазақ тілімен сабақтастығына тағы бір мысал келтірсек, ол ноғай тілі грамматикасындағы екпіннің қойылу ерекшелігі болар еді. Бұлай дегеніміз – екпіннің сөздің соңғы буынына түсіріліп айтылуы тек қазақ тіліне ғана емес, ноғай тіліне де тән болғандығы. Алайда аталмыш тілдің екпін жөнінде айта кететін өзіндік ескертпе тұстары (исключения) да жоқ емес. *Олар*: есептік сан есімдерде, 2-ші жақта айтылған бұйрық райлы етістіктерде және сұрау есімдіктерінде екпіннің бірінші буынға түсіріліп айтылуы (алты, олтыр /отыр/, кайсы?) [2, 505-508 бб.]. Жоғарыда айтылған мысалдар мен ережелер ноғай-қазақ тілдері арасындағы тілдік сабақтасты нақтылап, дәлелдей түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Языки народов СССР в 5-и томах, II т. Москва -1966, Ногайский язык /280- 299стр./

2. Н.А.Баскаков. Ногайско-Русский словарь. Очерк грамматики ногайского языка (Фонетика, Морфология, Синтаксис). Москва – 1963, 562стр.;

3. Қазақ грамматикасы, Алматы – 2002;

4. Қазақ тілінің фонетикасы: оқу құралы / С.Мырзабеков. – Алматы:

«Қазақ университеті», 1993. – 135 б.

КӨРКЕМ МӘТІН ПРАГМАТИКАСЫ (Д.Исабеков шығармалары негізінде)

А. АҒЫБАЙ,

*Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі
кафедрасының магистранты.*

*Ғылыми жетекшісі: Ж.Қ.Өмірбекова,
Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті, филолог.
ғыл. кандидаты. Астана қаласы.*

XXI ғасырда жаңа теориялық-танымдық әдістемеге сәйкес тілді өз ішінде қарастыру жеткіліксіз болып, оны ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс тәжірибелік қызметімен тығыз байланысты қарастыру қажеттігі туындап отырды. Осы қажеттілік тіл білімінде жаңа ғылыми бағыттың және соның негізінде қалыптасқан антропоцентристік парадигманың дамуын талап етті. Басқаша айтқанда, адамды тіл арқылы және керісінше тілді адам арқылы анықтау мәселесі алға тартылды. Осыған орай, XX ғасырдың екінші жартысында қазақ филологиясының ғылыми үрдісі көркем әдебиет тілін зерттеуге, мәтін, дискурс табиғатын түсінуге, мәтін түзетін тілдік бірліктерге деген қызығушылық пайда болды. Осымен байланысты қазақ тіл білімінде тілдің коммуникативтік қызметінің семасиологиялық, когнитивтік, психолингвистикалық жағымен қатар прагматикалық әлеуеті де қарастырылды.

Бұл сала көркем мәтін тіліндегі адам факторының көрінуіне байланысты туған. Осыған байланысты коммуникативтік лингвистиканың зерттеу тәсілі түбегейлі өзгерді: әрекет теориясынан бөлек шығып, тілге деген басқа көзбен қараған қазіргі лингвистика, негізінен, прагматика, осы сөздің кең мағынасында талдаудың бастау көзі ретінде *адам, оның қажеттіліктері, уәждері, мақсаты, тілегі мен талабын*, оның іс жүзіндегі және коммуникативтік әрекеттерін негізге алды. Ч.Моррис алғаш рет қолданған «прагматика» терминінің өзі коммуникацияның шынайы процесіндегі таңбалардың тәртібін зерттеуді алға қойды. Прагматиканың пайда болуымен бірге «тіл ғана әлем бейнесін (эскизін) (лингвистикалық қатынас гипотезасы) салмайды, сонымен бірге өмір де тіл мен сөйлеудің көптеген құбылыстарын түсінудің көзі болатыны туралы тағы да жаңаша түсінік берілді» [1,5]. Яғни, бұдан прагматиканың басты нысаны «адресант – мәтін - адресат» ұштағаны арқылы көрініс табатындығын байқаймыз.

Көркем мәтінге қатысты «адресат факторы» түсінігі прагматиканың негізгі категорияларының бірі ретінде өзекті болып саналады, өйткені автордың ақырғы мақсаты оқырманға белгілі бір деңгейде ықпал ету болып табылады. Бұл мәтінге прагматикалық ақпараттың қосылу қажеттігін талап етеді. Мәтін туралы қазіргі кездегі түсінікке сәйкес көркем шығарманың тілдік құралдарын таңдау адресант қажеттілігінен ғана емес, сонымен бірге қабылдаушының да қажеттілігінен барып жүзеге асады. Сондықтан В.Н.Телия прагматиканы: «сөйлеушінің ғалам туралы және адресаттың интерпретациялық қызметі туралы ақпаратпен қандай да бір жағдайда байланысты болып келетін факторлардың тілдік негізін бейнелеу барысында ескеру» деп тұжырымдайды [2, 50]. Ғалымның бұл пікірі «сөйлеуші» және «оқырман» ұғымдарын байланыстырады. Яғни, адресаттың қандай да бір мақсатқа бағыттаушылық қызметі сөйлеушінің әрекетімен ғана жүзеге асады.

Осыдан прагматиканың басты мақсаты – сөздің қолданылу сипатын түсіндіру және қалай түсіндірілетінін анықтау екенін байқаймыз. Прагматикалық тұрғыдан зерттегенде тілдік бірліктер маңызды компонент ретінде қарастырылады, ол жалпы жағдаятты, адресанттың әлеуметтік белгілерін ескере отырып, тілдік бірліктерді қатынас құралы ретінде қолданушы адаммен байланысты болып келетіндігін көрсетеді. Автордың қайсыбір құбылысты өзіндік көзбен көруі, оған баға беруі, оған қатысуы, қысқасы, өзін көрсетуі адресатқа ықпал етуі болып табылады.

Соңғы жылдары тіл ғылымының дербес саласына айналған прагмалингвистиканың алғышарттары қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде бастау алғаны белгілі. Атап айтқанда, М.Оразов сөз семантикасының прагматикалық аспектісін қарастырса, А.Алдашева публицистикалық терминдердің прагматикалық ерекшеліктерін, Б.Момынова газеттік лексиканың прагматикалық аспектісін, З.Ерназарова сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісін, Д.Әлкебаева қазақ тілі стилистикасының прагматикасын, С.Аташев бұқаралық ақпарат құралдарының прагматикасын, Б.Хасанов сөздің лексикалық мағынасы мен прагматикасын, Б.Райымбекова қазақ және орыс тілдеріндегі газет мәтінінің прагматикалық аспектісін, Ф.Жақсыбаева газет мәтінінің прагматикалық функциясын қарастырса, Г.К.Ихсанғалиева тақырыпаттарға прагматикалық талдау жасаған. Т.Ш.Мырзахметова тыныс белгілердің, оның ішінде көп нүктенің қолданысын прагматикалық тұрғыдан зерттеулер жүргізді. Г.М. Әзімжанованың көркем проза мәтінін прагматикалық тұрғыдағы

зерттеуін, Қ.Ө.Есенованың қазіргі қазақ медиа-мәтініне байланысты жазған еңбегін атай аламыз.

Қазіргі қазақ мәтінінің прагматикалық ерекшелігіне келетін болсақ. Қазақ тіл білімінің ғылыми негізін салушылар – А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов еңбектерінен мәтін туралы алғашқы ойларды кездестіреміз. Ғалымдар мәтіннің прагматикалық ерекшелігін ойталқы мәселесі аясында қарастырғаны мәлім. А. Байтұрсынұлы мәтіннің тақырыптан, ал мәтін мазмұнының үш мүшеден, яғни: аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратынын және айтушы ойының өзге үшін бағытталатынын, сондықтан ойды өзгелер қиналмай түсінетіндей қылып жеткізу керектігін сөз етеді [3, 244]. Ал Қ. Жұбанов мәтінді сөз бұйымы деп атаған. Мәтінді қарым-қатынасты жүзеге асырудың бірден-бір құралы деп түсініп, ғалым оның ауызша және жазбаша түрлерін бөліп көрсетеді. Сонымен қатар, әр мәтіннің өзіндік жасалу жолдарының болатындығын тілге тиек етеді [4, 148]. Кейінірек қазақ мәтіні мәселесі төңірегінде ғалымдар пікіріне жақын, көркем әдебиет тілін зерттеудің жаңа әдістері пайда болды. Осы тұста Б. Шалабайдың «Көркем мәтінді талдау әдістемесі мен тәжірибесі» атты еңбегінде: «Мәтін прагматикасы оның мағыналық-ақпараттық мазмұнымен, авторлық интенциясымен, мәтін құрудың мотивімен, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, алдымен, қабылдаушығы әсер ету, оның реакциясын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты. Қабылдаушы мәтінді түсініп, мәтін оған әсер етіп, оның жан-дүниесінде белгілі бір өзгерістер пайда болып, оның реакциясын туғызғанда ғана тілдік қарым-қатынас өз мүддесіне толық жетті деуге болады. Кез келген мәтіннің негізгі міндеті – прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан-дүниесіне әсер етіп, оны «ояту», «реакция туғызу» [5, 179]. Әрине, автордың меңзеп тұрғаны мәтін мотиві мен қабылдаушыға берер әсерінің дұрыс болуы. Оның дұрыстығы қабылдаушының мәтінді бар жан-дүниесімен қабылдауында деп ұғады.

Қазіргі қазақ мәтінінің прагматикасын талдауда Г.Ә. Мұратованың «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», Г.М. Әзімжанованың «Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті», Қ.Ө.Есенованың «Қазақ медиа-мәтін прагматикасы» атты зерттеу еңбектерін жатқызуға болады.

Осы аталған еңбектерден қазақ мәтінінің басты прагматикалық ерекшеліктерін былай топтастыруға болады:

- мәтіннің түрлі жанрда болуы;
- мәтіннің прагматикалық әлеуетін көрсететін элементтердің сан алуандығы;
- мәтіннің тікелей оқырманға әсері;
- мәтін түзуші автордың сөз шеберлігі және т.б. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, Д. Исабеков шығармаларына прагматикалық талдау жасауды жөн деп санадық.

Жалпы тіл білімінде проза мәтінінің прагматикалық ерекшелігі қызығушылық тудыратын мәселелердің қатарында. Көркем мәтін – жүйелі ықпал ету қабілеті бар, аяқталған белгісімен сипатталатын, байланыс түрлерімен анықталатын, авторлық танымды, оның прагматикалық ұстанымын білдіретін, сонымен бірге ақпараттың да көзі болатын өнер туындысы [6, 4-8].

Кез келген мәтін дүниетанымдық, прагматикалық аспектіден жасалып, тілдің сан алуан бірлігін құрайды. Соның ішінде прагматикалық аспекті тілдің семиотикалық және композициялық құрылысын қамтиды. Мәтіннің композициялық жағы адам ойы мен көңіл-күйінің көрінісі ретінде сипатталады.

Мұндай прагматикалық әсері мықты прозалық шығармаларды Д. Исабековтен табамыз. «Жазушы неғұрлым қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ», - деген А. Байтұрсыновтың сөздері шығарманың прагматикалық әлеуетінің солғын болмауы тікелей авторға қатысты екендігіне дәлел.

Әдебиетте өзіндік орны бар шебер жазушы Д. Исабеков шығармаларының тілі ой мен сезімге әсер етер айшығымен, сөзді орынды қолдана білуімен дараланады. Мәселен, жазушының «Қарғын» романы, «Бонапарттың үйленуі», «Конфронтация», «Ескерткіш» сынды әңгімелері, «Ертеңді күту», «Әпке», «Алыстан келген ананас», «Мұрагерлер» және т.б. үлкен тартысқа толы драмалық шығармаларының тілі ерекше. Д. Исабеков шығармалары юморға негізделген диалогтық оралымдардан тұрса да, әрбір қаһарманның үлкен әлеуметтік сыр-сипатқа ұласар соқпалы да, күрделі жан дүниесін оқырманға айшықты етіп көрсетеді. Бұны автор тіліндегі эмоционалды-экспрессивті сөздер жиынтығы мысал бола алады. Яғни, автор қолданысындағы сөздердің эмоционалды-экспрессивтілігі - мәтін прагматикасының ең басты көрсеткіші екендігін айтып отырмыз. Бұдан экспрессия мен прагматиканың

арасында тікелей байланыс бар екендігін байқаймыз. Мысалы, жазушының «Ертенді күту» шығармасынан:

Тағай: Өлімнің –бәрі бір. Қабір ешкімді алаламайды. Өмір деген – күрес, әрі-беріден соң – талас. Тіпті бір құрсақтан шыққан он бала он түрлі ғұмыр кешеді. Мына бес саусақтың өзі бірдей емес. Табиғат заңы солай. Әр адам – әр басқа. Әке басқа, ана басқа, екеуінің жүрек қанынан жасалған бала да басқа... Бұл мысалды «адресант-адресат» қостағаны аясында қарастыратын болсақ, мәтіннің оқырманға берер әсері күшті. Жазушы оқырман санасында экспрессия тудыру үшін *өлім, қабір, күрес, талас* сынды сөздерді пайдаланған. Әрине, бұл мәтін адресат бойында жағымсыз әсер, тіпті үрей тудырды десек қателеспейміз. Яғни, автор өзінің көздеген мақсатына жетті. Мақсат деп отырғанымыз қорқыту емес, керісінше, оқырманға өмір шындығын түсіндіру. Бұдан прагматиканың психолингвистикамен байланысы да анық аңғарылады. Себебі, прагматика мен психолингвистиканың таралу аймағы бір екендігін ұмытпау керек. Келесі мәтінге назар аударсақ:

Жас қыздың көкейінде өзі де біліп болмайтын ерекше ынтызарлық, оның қалған беттерінде не жазылғанын білуге құштарлық бас көтерді. Осы бір сезім тереңнен оянуы мұң екен, сол беттердің иесін – бейтаныс жігітті тағы бір көрсем, онымен тым болмаса бір рет тілдесем деген ұры ой қоса көтерілді. Оны бір көруді, бір рет тілдесуді тілеген ойынан ол сескенген жоқ. Бұл мәтіннің де экспрессиялық бояуы анық көрініп тұр. Алдыңғы мәтінге қарағанда, мұнда қорқыныш, үрей, философиялық толғаныс мәселесі емес, махаббат тақырыбы көтеріліп тұрған сыңайлы. Яғни, жап-жас қыздың жүрек тебіренісін, ішкі дүниесін оқырман қауымға ашып көрсеткен. Жай ғана көрсеткен жоқ, қарапайым қолданыстағы сөздерді тізбектей отырып, мәтіннің прагматикалық әлеуетін асқақтата білген. Автордың «Қарғын» романында кездесетін мына бір үзінідге көз жүгіртсек:

Күлкісі де, жанары да салқын екен. Тура қараған адамның өңменін суық жанары жуалдыздай тесіп өтетін секілді. Ашаң тұлғасында ешкімге бас имес паңдық, тәкаппарлық пен ойлылық бір сәтке жалт етіп өткендей болды. Бұл мысалда автор кейіпкер тұлғасын сыртқы бейнесі арқылы суреттеген. Осы бір жолдарды оқи отырып, көз алдымызға адамның портреті елестейді. Бірақ бұл жай ғана сырт бейне емес, кейіпкердің ішкі дүниесін, мінезін, айналаға деген көзқарасын шынайы ашып, көрсетіп тұрған бейне. Мұндай образдың куәсі болу, әрине, автордың сөз қолдана білу шеберлігінің арқасы.

Келесі мысал: *Бағила коридорға шығып, ашық терезеден сағымды маң далаға көз жіберді. Шетсіз де шексіз. Бүкіл дүние тек осындай қырқасыз жазықтан тұратын секілді. Бір көрген адам мына сияқты аптапты далада байлап қойсаң шынжырын үзіп қашуға құмбыл екенін жасыра алмас еді, өзі де сол ойдан аулақ емес-ті.* Мәтінде Бағиланың әдемі табиғатқа деген ыстық ықыласы суреттелген. Бұл мысалдың экспрессивтілігін дәл осы табиғат әдемілігі көрсетіп тұр. Әрине, қаламгерге шығармадағы табиғат сұлулығын қарапайым сөздермен де жеткізуге болар еді. Бірақ ол оны қаламады.

Тағы мысал: *Ермек бұлай үнсіз тұра беруді қолайсыз көріп, басын жоғары көтергенде өзіне тесіле қарап тұрған екі көз – екі найзаны көрді. Сол найза жоғары қараған кезде өңменін тесіп өткендей, жүрегі зырқ ете қалды.* Бұл мысалда экспрессивтік мағына жоқ деуге болмайды. Алдыңғы мысалдарға қарағанда солғындау болғанымен, экспрессия бар. Оны біз *екі көз – екі найза* алмастыруынан көре аламыз. Сонымен қатар, автор шығарма ішінде бір тілдік бірлікті қайталап қолданған. Ол алғашқы сөйлемдегі: *Тура қараған адамның өңменін суық жанары жуалдыздай тесіп өтетін* секілді, соңғы сөйлемдегі: *Сол найза жоғары қараған кезде өңменін тесіп өткендей, жүрегі зырқ ете қалды.* Яғни, «өңменін тесу» сөзі жиі қолданыс тапқанын байқаймыз.

Жазушының «Ай-Петри ақиқаты» әңгімесінде экспрессивтілік таңдану, мадақтау мәнінде келген:

-Адам ұлы қолбасшы, ұлы ақын, ұлы ғалым болуы мүмкін, бірақ мәдениетті бола бермейді. Мәдениеттілік пен ізеттілік – адам бойындағы ең бір асыл қасиет. Мен, жолдастар, Жамал Сағатовнаның бойындағы осындай туа біткен асыл қасиеті сымбаты мен парасатының адам таңғаларлықтай үйлесе біткені үшін тағы бір тос көтергім келеді. Монологтегі сөйлеуші, өз тарапынан Жамал атты кейіпкерге деген таңданысын, сыйластығын жасыра алар емес, бұны осы бір жолдар арқылы аңғарып тұрмыз.

Келесі мысалдар экспрессияға толы болуымен қатар, ерекше құрылымға ие. Мәселен:

... Дәл осылай маңқиып ол қанша уақыт тұрады екен? Қанша мың, қанша миллион, қанша миллиард жыл? Бәлкім ол мәңгілік деген ұғымның тетелесі шығар? Дәл осы қаңқиған ақ тауға дәл осылай, Жамал сияқты кімдер қарамады, кімдер ойға батпады, кімдер қуанбады? Аяғымен жер басып, тоқ жүрген бейғам адам мына жалғанда өзінен өзге құдырет жоқтай, тамның басынан шыққанына мәз болып, өзін бар дүниенің қожасындай сезінетініне бір сәт күлесің,

осы ұлы жаратылысты өзіңе табындырмақ болғаныңа іштей қысыласың.

Дәл қазір ол байғұстың ойына сұрапыл өлім қаупінен басқа не келіп, не кетіп жатыр екен? Тек өлімге бел буу ма? Жо-жоқ, ол мүмкін емес, өлімге өзі тәуекел етпегенше адам өмір үшін күресіп бағады, қараңғы түнде, ұшы-қиырсыз дауылды теңіз үстінде, жападан-жалғыз тақтай құшақтап қана қалған әлжуаз, екіқабат әйелдің өзі өмір үшін арпалысады, адамнан болсын, алладан болсын меңіреу табиғаттан болсын, әйтеуір бір үміт оның кеудесінен өше қоймайды.

Бұл екі мысалда Жамал есімді бас кейіпкердің қайғы-мұңы, жандүниесі ақтарылып, көрініп тұрғандай. Автор мәтінде қаншама риторикалық сұрауларды қатарымен қайталап қою арқылы экспрессивтік мағына тудырып тұр. Сол арқылы кейіпкердің жеке психологиялық жағдайын көрсетуде. Бұл мәтінді оқыған оқырман көңілі «оянып», мәтін кейіпкеріне жанашырлықпен қарамасқа болмайды. Яғни, ғалым Б. Шалабай айтпақшы оқырман санасында «реакция тудырады».

Сонымен, проза мәтінінің прагматикалық ерекшелігі – экспрессивті мағына үстеуінде екендігіне толығымен көзіміз жетті. Бірақ мәтін прагматикасын толық түсіну үшін оны міндетті түрде дискурс прагматикасымен салыстыру жұмыстарын жүргізу керек.

Қорыта келе, қазақ мәтінінің прагматикалық әлеуетін прагмалингвистиканың функционалдық бағыттың бір бөлігі ретіндегі қызметі – адам факторының көрінуіне байланысты туғандығын байқаймыз. Сондықтан мәтін прагматикасының басты нысаны болған тілдің лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары алдағы уақытта зерттеу мен зерделуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Арутюнова Н.Д. Истоки, проблемы и категории прагматики. Москва. Прогресс.1985. – 501 б.
2. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 141 б.
3. А. Байтұрсынұлы. Шығармалары. – Алматы, 1989.-297б.
4. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым,1999. -581б.
5. Б. Шалабай. Көркем мәтінді талдау әдістемесі мен тәжірибесі. –Алматы, 2008. -124б.
6. Алкебаева Дина Ақбергенқызы. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Алматы, 2006, 270 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. – Алматы. 1994, - 405 б.
2. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. 2 том – Алматы. 1993, - 496 б.

ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИНОНИМИЯСЫ

(қазақ және өзбек тілдері негізінде)

Ж. ҚАЙРАТҚЫЗЫ,

*Астана, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ
қазақ тіл білімі кафедрасының
магистранты. Астана қаласы.*

Синонимия дегеніміз – мағыналары бір-бірімен өзара жақын немесе тең, бірақ түрліше дыбысталатын тілдік бірліктерді (сөз, сөз тіркесі, морфема, синтаксистік конструкция) қарастыратын құбылыс.

1998 жылы жарық көрген «Тіл білімі сөздігінде: «Синонимия (грек. *synonymia* – ұқсас атау) – тіл единицалары мағыналарының өзара толық не жартылай сәйкес келуі. Синонимия тілдің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық, сөзжасам жүйелеріне тән» [1,331] деген анықтама берілген. Ендеше, синонимия құбылысы тілдің түрлі деңгейлеріне тән бірліктердің мағыналық ұқсастығын қарастырады.

Морфологиялық синонимияға келгенде алдымен осы құбылысты жасауға қатысатын тілдік бірліктердің қандай болатынын анықтауымыз керек. Морфологиялық тілдік бірліктер мәселесі қазақ тіл білімінің негізін қалаған А.Байтұрсынов зерттеулерінен бастау алатындықтан, қосымша туралы көзқарасты ғалым А.Байтұрсыновтың еңбегінен қарастырамыз. «Қосымшалар дегеніміз сөз емес, сөзге жалғанатын буындар. Бұларда өз алдына мағана жоқ, басқа сөзге жалғанбай бөлек айтылмайды да, сондықтан бұлар қосымшалар деп аталады. Қосымшалар екі түрлі: біреулері жалғанған сөздің тұлғасын ғана өзгертіп, мағанасын өзгертпейді. Екіншілері жалғанған сөздің тұлғасын да, мағанасын да өзгертеді» [2,181-182], – деген ғалымның пікірі қазіргі кездегі қосымшалар мәселесін (форма тудырушы және сөз тудырушы жұрнақтар) жүйелеуге негіз болды. Тіл білімі дамуы барсында ол өз алдына жеке сөзжасам саласымен толығып, барлық сөз мағанасын өзгертетін қосымшалар сөзжасамдық жұрнақтар деп танылды. Ендеше

морфологиялық синонимияны жасаушы тілдік бірліктер ретінде форма тудырушы қосымшаларды аламыз.

Қазақ тіл біліміндегі морфологиялық синонимия мәселесі академик М.Серғалиевтің зерттеулерінен бастау алады. Ғалым қазақ ғалымдарының ішінен алғашқы болып грамматикалық синонимдердің табиғатын өз алдына дербес зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Академик «Морфология мен синтаксис грамматиканы құрайтындықтан, синонимнің екі түрін – морфологиялық және синтаксистік синонимдерді грамматикалық синоним деп жалпы атаушылық бар. Дегенмен бұларды бір-бірінен айыра білудің теориялық та, әдістемелік те елеулі мәні болмақ» [3,40] дей келе, грамматикалық синонимдердің зерттелуіне, тілдегі көрінісіне талдау жасайды. Синонимия құбылысының лексикология, морфология, синтаксис салаларына қатысын қарастырып, олардың бір-бірімен байланысына, арақатынасына, негізгі ерекшеліктеріне тоқталады. Морфологияда кездесетін синонимия құбылысының басты ерекшеліктерін көрсетеді. Сөздердің тұлғалық жағынан мағыналас болып келуін морфологиялық синонимияның негізгі белгілеріне жатқызады.

Морфологиялық синонимия бір сөз табына қатысты болуы керек әрі олардың түбірі бірдей сөз болуы қажет, сонда ғана біз бұл құбылысты қосымшалардың синонимиясы ретінде тани аламыз, яғни морфологиялық синонимия құбылысы, негізінен, осы салада (морфологияда) қарастырылатын қосымшаларға тікелей қатысты болып келеді. Бір түбірге жеке-жеке жалғанатын екі не одан да көп қосымшаның бір мағынаны білдіруге қызмет етуі қазақ тіл біліміндегі морфологиялық синонимиканың басты ерекшелігі болып табылады.

Грамматикалық синонимия туралы профессор Н.Оралбай мынадай пікір білдіреді: «Лексикада синонимдердің көп болуы тілдің сөздік қорының байлығын көрсетеді. Грамматикалық құрылыстан синонимнің кең орын алуының да атқаратын ролі одан кем емес, бұл тілдің орамдылығын, икемділігін, ойды білдірудегі мүмкіндіктің молдығын білдіреді. Ойды өте дәл білдіруде грамматикалық синонимдердің де атқаратын ролі орасан зор.

Грамматикалық синонимия қазақ тілінің грамматикалық құрылысына тән негізгі ерекшеліктерінің бірі деп айтуға толық болады. Бір грамматикалық мағынаның тілде түрлі жолмен жасалуы, түрлі морфемалар арқылы берілуі бұған айғақ бола алады» [4,146-147].

Тіл-тілде морфологиялық синонимия мәселесі түрлі деңгейде қарастырылған. Мәселен, туыстас түркі тілдерінде бұл мәселе

грамматика аясында, атап айтқанда, бір тілдерде таза морфологиялық құбылыс ретінде, ал енді бір тілдерде синтаксистік конструкциялардың синонимиясын тудырушы тілдік бірліктер ретінде сипатталып жүр.

Татар тіл білімін зерттеуші ғалым М.Зәкиев грамматикалық түрлену арқылы жасалатын бір негізді етістіктердің модельдерін көрсетіп, оларды жай сөйлемдердің етістік формаларының өзгере алу мүмкіндігімен түсіндіреді. Мысалы: Ул язачак. Ул язар. Ул язмакчы [5,169-170]. Мұндай грамматикалық формалармен түрлену жүйесі қазақ тіл білімінде синтетикалық тәсіл арқылы синоним модельдердің қалыптасуымен анықталады. Ғалым С.Исаев грамматикалық мағынаны білдірудің бір тәсілі ретінде синтетикалық тәсілді алады. Ғалым: «Синтетикалық тәсілдің қазақ тілінде ең жиі кездесетіні – қосымша арқылы грамматикалық мағынаның берілуі. Әсіресе, форма тудыратын қосымшалар арқылы неше алуан грамматикалық мағына беріледі: көптік, тәуелдік, жақтық мағыналар...» [6,25] – деп, сөз тудырушы жұрнақтардан бөлек форма тудырушы қосымшалардың да тілде сөз мағынасын түрлендіруге қызмет ететінін, сөйтіп синтетикалық тәсілге енетінін айтады.

Грамматикалық қосымшалардың синонимиясын (морфологиялық синонимия) көрсететін бұл тәсілдің басты шартына ішкі семантикалық белгілері бойынша бір-біріне жақын, ал сыртқы тұлғалық белгілері бойынша әртүрлі болып келетін қосымшалардың негізі бір сөздерге (түбір сөздерге) жалғанып, бірдей қызмет атқаруы, сол арқылы бір мағынаны білдіруі жатады. Қазақ тілінде қосымшалардың бір мағынаны беру үшін бірдей қызметте жұмсалуды қосымшалардың жарыспалылығы деп қарау да кездеседі. Өйткені олар бір негізге жалғанады әрі екі түрлі қосымша бір мағынаны білдіруге қызмет етеді. Мысалы: *айтқыз – айттыр, алғыз – алдыр, алдыртқыз – алғыздырт, ашқыз – аштыр, жазғыз – жаздыр, құрған – құрды, тапқан – тапты, сөйлер (ауыз) – сөйлейтін (ауыз)* т.б. Бұл мысалдардағы морфологиялық синонимдер сөздің грамматикалық мағынасын түрлендіріп, грамматикалық мағына үстеуші қосымшалар арқылы жасалынып тұр. Сонда қазақ тіл біліміндегі морфологиялық синонимияны жасауға қатысатын бірден-бір тілдік бірліктер – грамматикалық форма тудырушы қосымшалар.

Өзбек тіл білімінде синонимия туралы зерттеулер сөз түрлендіруші және сөз тудырушы қосымшаларға қатысты жүргізіледі. Қазақ тіл біліміндегі морфологиялық (грамматикалық қосымшалар) синонимия өзбек тіл білімінде аффиксал синонимия деп аталады. Мұнда мағыналық ортақтастықты, жақындықты жасауға негіз болатын аффикстерге ерекше назар аударылады. «Бу ходиса формал томондан хар хил бўлган аффиксасларнинг семантик жихатдан бир хил – ўхшаш бўлишидир. Масалан, *исла* (хидла) ва *иска* феълларидаги *-ла* ва *-ка* аффикслари» [7,99].

Өзбек тіл білімінде қосымшалар форма тудырушы, сөз жасаушы және кірме қосымшалар деп ажыратылады. Ал синонимия тұрғысынан алғанда, олардың ортақ аффикстік қасиеті ескеріліп, барлығы бірдей аффиксал синонимия аясында қарастырылады. Өзбек тіл біліміндегі аффиксал синонимия құбылысы төмендегідей жолдар арқылы жасалады.

«Синоним аффикстерінің» жасалуының бірінші тәсіліне басқа тілден енген кірме аффикстердің өзбек тілі сөздеріне жалғануы арқылы жасалады. Тілдегі *бе-*, *на-*, *но-*, *сер-*, *-дор* аффикстері өзбек тіліне тәжік тілінен енген; бұл префикстер қазақ тілінде де кірме қосымшалар деп есептеледі.

1) *-сиз* және *бе-* аффикстері арқылы: *ўхшовсиз* – *беўхшов*, *соқолсиз* – *бесоқол*;

2) *-ли* және *ба-* аффикстері арқылы: *қувватли* – *бақувват*;

3) *-сиз* және *но-* аффикстері арқылы: *ўринсиз* – *ноўрин*;

4) *-ли* және *-дор* қосымшалары: *қомилали* – *қомиладор*, *унумли* – *унумдор*, *яралли* – *яраддор*, *пулли* – *пулдор*, *байроқли* – *байроқдор*;

5) Өзбек тіліндегі бір ерекшелік, мұнда бір кірме сөзге жалғанған түрлі қосымшалар өзара аффиксал синонимияны құрауға негіз болады. Мәселен, *-ист* және *-чи* аффикстері: *парашиотист* – *парашиотчи*, *футболист* – *футболчи*, *тракторист* – *тракторчи*;

б) *сер-* кірме аффиксі мен *-ли* аффиксі арқылы: *сергайрат* – *гайратли*, *серсоқол* – *соқолли*, *серунум* – *унумли*, *серсут* – *сутли*, мұндағы «*сер-* элементи «кўп» маъносида келади» [6,100-102].

Аффиксал синонимияның жасалуының екінші тәсіліне «бір тілдің өз материалдары арасындағы» мағыналық ұқсастық жатады, яғни бір төл сөзге түрлі төл аффикстердің жалғануы арқылы жасалатын синоним аффикстер: *тилим* – *тилиши* – *тилик* дегендегі *тил* сөзіне жалғанған *-им*, *-иши* және *-ик* аффикстері сөз мағынасын реңктік жағынан түрлендіреді, алайда негізгі семантикалық қабаты

өзгерген жоқ. Сол сияқты *қаттиқ* – *қаттим(-иқ және -им)*, *кийим* – *кийит (-им және -ит)* сөздерінде де мағыналық жақындақ сақталған.

Аффиксал синонимияның үшінші тәсіліне әдеби тілде жарыса жұмсалатын сөздердің синонимдес болу мүмкіндігі жатады. Мәселен, *қапығ, қапқа; туфла, тупир; камай, ками* т.б.

Ғалымдар аффиксал синонимияның жасалу жолдарын осылай жіктей келе, олардың өз ішінде, яғни аффикстеріне байланысты да бөлінетінін атап көрсетеді. Аффиксал синонимия жасауға үш түрлі аффикс негіз бола алады: сөз жасаушы аффикстер (*унумли – унумдор*), форма жасаушы аффикстер (*оқиши – оқимтир, оқиши – оқроқ*), форма өзгертуші аффикстер (*айтинглар – айтингиз, ҳорманлар – ҳормангиз*; диалектілік форма: *бордик – бордимиз*). Мұндағы сөз жасаушы аффикстердің синонимиясы қазақ тіл білімінде сөзжасамдық деңгейде талданады. Себебі қазақ тіл біліміндегі сөз тудырушы қосымшалар сөзжасамда, ал форма тудырушы қосымшалар морфологияда қарастырылады. Ендеше, бұл қосымшалардың өзі синонимия құбылысына келгенде, сөзжасамдық синонимия мен морфологиялық синонимияның аражігін ажыратуға ықпал етеді. Сөзжасам саласында арнайы тәсілдер арқылы пайда болатын жаңа туынды сөздер кеңінен қарастырылатындықтан, жаңа туынды сөздердің синонимдік қабілеттері соған қатысты болады. Сөзжасамдық синонимдерге сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған сөздер және күрделі сөздердің (аналитикалық тәсіл негізінде) мағыналық жағынан бір-біріне жақын немесе сәл болса да жуық болып келуі тән. Мысалы, *қаламгер – жазушы, салмақты – сабырлы, көрікті – келбетті, кәсіпорын – өнеркәсіп, алымшы – алымпаз, байқағыш – байқампаз, борышкер – борышқор, жұмыскер – жұмысшы, кіршең – кіршіл, қызғанғыш – қызғаншақ* т.б. Байқағанымыздай, қазақ тіл білімінде де кірме қосымшалар (*-кер, -паз*) «аффиксал синонимияны» қалыптастыруға қатыса алады. Сол сияқты өзбек тіліне тәжік тілінен енген *-бе* префиксі мен қазақ тіліне араб-парсы тілдерінің ықпалы арқылы енген *-бей* префиксінің мағыналық қатар жасаудағы қызметі бірдей. Мәселен, *бей-қосымшасы* қазақ тіліндегі сын есім тудырушы *-сыз, -сіз* қосымшаларымен (өзбек тілінде *-сиз*) жарыспалы түрде қолданылады: *беймаза – мазасыз, беймезгіл – мезгілсіз, бейшара – шарасыз, бейхабар – хабарсыз, беймәлім – мәлімсіз, бейуақыт – уақытсыз, бейкүнә – күнәсіз, бейәдеп – әдепсіз* т.б. Мұндай синонимдер өзбек тілінде кірме аффикстерге байланысты талданады,

ал қазақ тіл білімінде грамматикалық форма тудырушы қосымшалар мен кірме қосымшалардың жарыспалылығынан пайда болған морфологиялық синонимияның бір көрінісі ретінде қарауға толық негіз бар. Бұл орайда зерттеуші А.Жаңабекованың: «-сыз/сіз қосымшасы әрқашан ұйытқы сөзінің лексикалық мағынасын өзгертпей, кез келген сөзге талғамай жалғанып, сөз бен сөзді байланыстыра алу мүмкіндігі мен сөйлей процесінде қолданылатын сипаттары негізінде форма тудырушы қосымша болып анықталады» [8,18] деген тұжырымы басшылыққа алынады.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі морфологиялық синонимия мәселесі таза грамматикалық формаларға қатысты болады. Ал сөзжасамдық жұнақтардың өзара мағыналас болуы сөзжасам деңгейінде қарастырылады. Өзбек тіл біліміндегі жүйелеу тәрізді біз де қосымшаларға тән синонимиканы «аффиксал синонимия» («қосымшалар синонимисы») ұғымы аясында жалпылама қарастыра аламыз, алайда қосымшалардың мағыналық жақтан байланысына келгенде, оларды атқаратын қызметіне қарай жеке-жеке жіктейміз. Осылайша әрбір тілдік деңгейге тән синонимия мәселесінің жасалуына негіз болатын тілдік амал-тәсілдерді тани аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Серғалиев М. Синтаксистік зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010.
4. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975.
5. Зәкиев М. Татар синтаксисы. – Казан: «Мәгариф» нәшрияты, 2005.
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998.
7. Ўзбек тили грамматикасы. I том. Морфология. А.С.Пушкин номидаги тил ва адабиет институти. – Тошкент: Ўзбекистон ССР «Фан» нашриеге, 1975.
8. Жаңабекова А. Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функционалдық ерекшеліктері. Канд. дис. автореф. – Алматы, 2001.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ МӘТІНДЕРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*М.Н. ҚОШМАҒАМБЕТОВА,
Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл
білімі кафедрасының магистранты.
Ғылыми жетекшісі: филолог. ғыл.
кандидаты, доцент Л.Ә. Еспекова
Астана қаласы.*

Балалар әдебиеті мәтіндерінің тілі баланың тілі дамуымен тығыз байланысты. Онтолингвистика баланың тілі дамуын зерттейді. Балалар жазушылары ана тілін енді меңгеріп жатқан балаларға арнап, мектеп жасындағы балаларға, жоғары мектеп оқушыларына арнап шығармалар жазған онтологияның заңдылықтарына сүйенетіні сөзсіз.

Баланың тілі мен балаларға арналған әдебиет мәтіндерінің тілін зерттеген ғалымдардың айтуынша, баланың тілін дамытуды оның ойлауын дамытудан тыс қарауға болмайды. Өйткені баланың когнитивтік дамуы тілі дамуының негізі болып саналады. Бірақ дамыған тіл сол тірек болып тұрған когнитивтік базаның өзін дамытуға қауқары жететін болады.

С.Н.Цейтлин деген ғалымның айтуынша, баланың тілі шығып келе жатқан кездегі жаңашылдық қызметінің нәтижесі болатын «жаңа сөздер» зерттелуі керек. Оны бала тіліндегі инновациялар деп атай отырып, С.Н.Цейтлин ондай жаңа сөздердің екі тобын атап кетеді:

– біріншісі, ересектер сөйлейтін тіл жүйесіндегі бар сөздер, бірақ бала оны өзінше өзгертіп айтатын сөздер. Мысалы, «Балдырған» (2010 ж., №9) журналынан алынған мына сөздерді қарайық:

*Ыстық ішсе, терлейді,
Жылы ішкісі келмейді.
Сұраймын деп салқын шай,
«Көлеңке шай бер», - дейді.*

- екіншісі, ересектер сөйлейтін тіл жүйесінде мүлде жоқ сөздер. Мысалы, «Балдырған» (2010 ж., №12) журналында осындай «жаңашыл сөздер» көп келтірілген:

*Кен
Қойтасқа бір беттегі,
Қонды таудың кентері.*

*«Қарға» деді Гүлдана,
Арай көріп «**Кеп**» деді.
Мен қарадым Арайға,
«Кептер» деп ол **«кеп» емес**,
Деді ол қалып сәл ойға:
Жалғыз зой ол, көп емес.*

Осы С.Н.Цейтлиннің пікірінше, адам сөйлеу тілінде тілдік жүйенің шамалы ғана бөлшегін қолданып жүр. Тілдің әлеуеті шексіз. Бірақ сөйлеуде ол мүмкіндіктердің барлығы қолданылмайды. (С.Н.Цейтлин. «Язык и ребёнок. Лингвистика детской речи») Бұл ретте А. Байтұрсынұлының: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, көңілдің түюін түйгенінше, қиялдың меңзеуін меңзегенінше айтуға жарау. Айта алатын адамы табылса, тіл шамақадырынша жарайды. Бірақ айта алатын адам табылуы қиын», - деген сөзін келтіру орынды. (А.Байтұрсынұлы. Тіл құрал)

Сонда ересек адамның толыққанды қолдана алмай қалған тұстарын бала өзінің тілінде өзінің «жаңашыл» сөздерімен толтырып жіберетінін көреміз. Оны балалар жазушылары мен ақындары оңтайлы пайдалана алған.

Егер қазақ тіліне баланың тілі арқылы қарай алатын болсақ, онда екінші тілдерді оқытуда ондай зерттеудің зор көмегі болары анық. Бала тіліне тән бір ерекше қателік тұсы – сөздердің қолданылу аясын өрескел кеңейтіп жіберетінінде.

Сөздің мағынасына қолданыс аясынан тым асыра қолдануымен қатар, балалар тілінде мағынаны тым тар етіп қолдану да кездеседі. Мысалы, баланың карусельге отырғысы келген үлкен адамға айтқан: «Бұл адамдар үшін емес, бұл - балалар үшін», - деген сөзі сияқты мысалдарды кездестіруге болады. Бұл жерде «адам» деген сөз окказионалды мағынаның тар аясына түсіп қалды. Ал бір қыз баланың: «Біздің үйге әдемі бір тәте келді. Оның түк шашы жоқ. Бәрі бұйра-бұйра» - деген сөзінде де «шаш» деген сөздің мағынасы тік, бұйраланбаған деген мағынаны ғана білдіретін болып қалғанын көреміз.

Бала тілінің даму ерекшеліктері туралы көп зерттеулер жүргізген А.Н.Гвоздев баланың ана тілін меңгеруіндегі фонетикалық, лексикалық морфологиялық, синтаксистік, мәтіндік деңгейлердің барлығын зерттеген.

Сонымен қатар, бала тілінің ерекшеліктерін зерттеген К.И.Чуковский, С.Н.Цейтлин еңбектерін атауға болады. Қазақ тіл

білімінде бала тілінің синтаксисін зерттеген Т.Аяпованың еңбектерін, бастауыш сынып оқушыларың тілін дамыту жолдарын зерттеген С.Рахметова, Т.Әбдікәрімова, Ә.Жұмабаеваның еңбектерін атай аламыз.

Бірақ қазақ тіл білімінде де, қазақ тілін дамытып оқытуда да балалар әдебиетінің тілінде сөздердің жиілік қолданыс ерекшеліктері әлі де болса қолға алынбаған.

Бала тілінің ерекшеліктері айқын көрініп тұрады, ол ерекшеліктер баланың ойлауымен, олардың өздері танып жинақтаған құндылықтарымен танылады. Балалардың неше түрлі «қызықты сөздер» ойлап табу шеберлігі, сондықтан да «Бала тілі – бал» деген айтылымдар пайда болуы әлі де болса терең зерттелмеген.

Егер баланың тілі осындай ерекшеліктерге толы болса, сөзсіз, бала оқиытн әдеби шығармалардың тілі де сондай ерекшеліктерге ие болаытын анық. Сонда балалар әдебиетінің өзіндік ерекшелігін ол шығармалардың тақырыптары ғана білдірмейді. Әсіресе, балаларға арналған шығармалардың тілдік ерекшеліктері алыстан мен мұндалап көрініп тұрады.

Балалар әдебиеті тілінің өзіндік белгілерін былайша саралап көрсетуге де болады:

- олардағы бейнеліліктің мол болуы;
- метафоралығы;
- әуезділігі;
- динамикалығы;
- ойнақы болуы;
- халық ауыз әдебиеті үлгілеріне жақын келуі.

Қазақ ғалымдары, Р.Сыздық, М.Серғалиев, Е.Жанпейісов, С.Хасанова, Б.Шалабайдың еңбектерінен бастау алатын зерттеулер бала тілінің көркем шығарма түзудегі ерекшеліктерін зерттеумен ұласуы керек. Бұлардың барлығы, түптеп келгенде, қазақ тіл білімінің лингвостилистика, математикалық лингвистика салаларын байытады.

Балаларға арнап шығарма жазатын жазушының әрбір сөйлемі мақсатты ойға, балалар тілімен, ойлау деңгейімен сәйкес келуі тиіс. Балалар үшін эстетикалық ойдың көркем суретін салуға жұмсалатын жазушының амал-тәсілдерінің барлығының да әр қилы бедері, көркемдік кескіні, тигізетін эстетикалық әсері бар.

Балалар шығармасы тілінің құрамында норма болып қалыптасқан жалпыхалықтық деңгейде қолданылатын әдеби сөздермен қатар, сөйлеу тілінде көне тілдің көрінісі ретінде сақталып қалған сөздер де кездесуі мүмкін.

Балаларға арналып жазылған әрбір көркем шығарма – балалардың жан дүниесін, тілін, ойын дамытатын қуатты құрал. Осымен де байланысты, балалар жазушысының тіліндегі әрбір тіл бірлігі баланың даму деңгейін, білімін, ой-арманын, баланың өмірлік болмысынан шынайы ақпарат беретін ерекше бір ақпараттың көзі десе де болады.

Балаларға арналған көркем шығарма тілін және олардың қолданылу жиілігін зерттеу арқылы қазақ тілінің сөздік қорындағы сан алуан тіл бірліктерінің стильдік, мағыналық, функционалдық қызметтерін, ұлтты таныту қасиеттерін анықтауға болады.

Балалардың өз өмірлік тәжірибесіне сай жинақтаған құндылықтары жүйесі, жеке дүниетанымы, қиялдаудағы аса ерекше қабілеті бар. Сөз жоқ, осындай қасиеттер балаларға арналған көркем шығармаларда да орын алып, балалардың рухани қажеттіліктері көркем шығармадан осылай табылады.

Мысалы, «Балдырған» журналындағы (2014 ж., №8) Ш.Күмісбайұлының *«Құмырсқалар патшалығы, бұлбұл, қоңыраулы мысық және мен»* атты әңгімесінде Асқар деген бала кейіпкер ағасымен хат жазысып, қиялдау шеберлігінің арқасында еңбектенудің, бақылау қабілетінің дамуының көріністерін баяндағанын оқимыз.

Асқардың *«Аға! Құмырсқа дегендер нағыз батырлар екен ғой. «Мемлекетін» жаудан қорғапты. Бәрінен де бірлігін айтсаңызшы. Біз де сондай болуымыз керек. Құмырсқадан көп нәрсені үйренсек артық емес»* деген сөздері балаларға жақсы әсер қалдырады.

Мұнда Ы.Алтынсариннің әңгімелерінің желісі байқалады. Бірақ автор ол кейіпкерлерді қиялға бағындыра отырып, сөйлетеді, бірімен екіншісі өзара қарым-қатынасқа түседі.

Осындай әңгіме-ертегілер «Балдырған» журналы үшін тұрақты деуге болатындай жанрға айналған. Бір жағынан, мұндай қиял әлемін

тудырып, балаға қызық болады, екінші жағынан, шынайы нақты өмірмен байланыстырып тұрады.

Ертегілік сипат пен шынайылық сипаттың өзара осылай астарласа келе біртұтастық құруы әңгіме-ертегі жанрының ерекшелігін анықтайды. Осындай екіжақтылық тек сюжетте ғана емес, тілінде де көрініс береді. Әңгіме-ертегіде, әдетте, қазақ ертегілерінің көркемдік сипаты байқалады.

Жалпы осындай әңгіме-ертегі, повесть-ертегілердегі, өлең жырлардағы фольклорлық ерекшеліктердің қатыстырылуы түрліше болып келеді. Жазушылар бұл әдісті түрлі құрылымда, кейіпкердің қалауынша қосып отыратынын көреміз. Бұл ретте А.Естеновтің «Тарихи тілашар» (санамақ) шығармасын қарастыру өте қызықты.

Тарихи тілашар (санамақ)

Бірден – батыр бабамыз

Бөгенбайды табамыз.

Екіміз – Ер Едіге,

Аңыз болған еліне.

Үшіміз – жырау Үмбетей,

Ерлікті жырлар тілге бай.

Төртіміз – Тайлақ, Тауасар,

Тұлғасы көкпен таласар.

Бесіміз – батыр Баян зой,

Ерлігі елге аян зой.

Алтымыз – Абылай ханымыз,

Қастер тұтар бәріміз.....

Мұнда автор қазақтың атақты киелі батыр, хан бабаларын балаларға тағыстыру және санасында жаттату мақсатында санамақ әдісін оңтайлы қолдана алған. Халық ауыз әдебиетінде баланың ойлын, тілін дамытуға арналған «санамақ» әдісін автор өте шебер қолданған. Бұл ескіден келе жатқан әдісті балалар үшін жаңалап қолданған өте тиімді туынды түрі деп санаймыз.

Балалар әдебиетіндегі ертегілік формулаларды қолдану – балалар үшін тұрақты құрылымдарды заманға сай мазмұнын ғана өзгерте отырып пайдаланған сапалы шығармалар тудыратын жол.

Осы автордың тағы бір «Күпия кездесу» атты шығармасы да «Балдырған» (2011 ж. №11) журналының тұрақты оқырмандарының асыға күтетін туындысы деп ойлаймыз.

Мұнда да ертегілік формула ұсталынған. Оны біз әңгіменің «*Ойпыр-ай, балабақшаның біз ойнайтын бөлмесінің көк есігінің осыншама қатты ашуланатынын кім білген?*» деген бастапқы сөйлемінен-ақ көреміз. «Көк есіктің» ашулануы – батырлардың буырқанып, ашуланғаны сияқты көрінеді. Бұл формула фольклордағы батырлар жырынан немесе ертегідегі батырлар бейнесінен таныс.

Ал әңгіме-ертегінің мазмұнындағы түрлі кейіпкерлердің өз мұңдарын шағуы да өте сәтті тілдік қолданыстардың арқасында шынайы өмірмен байланысты берілген. «*Бізге жөндеу стансасы керек. Жүк мәшинелерінің бәрі қирап тұр. Дөңгелектен айрылып, қаңқайып тұрғаны қаншама. «Авария» жасап майысқан «Мазда» мен «Аудилерді» жөндеу керек. Қашанғы ата-аналар балаларына жаңасын сатып ала бермек, - деді қолына балға ұстаған Робот-механик».*

Ертегінің тұрақты формуласына айналған «күндердің бір күнінде» тіркесі Ж.Шәкиннің «Төрт түліктің төрелігі» атты шығармасында «күндердің бірінде» деп ерекше қолданылған (Балдырған, 2012ж.№11).

«Балдырған» журналындағы шығармаларда мұндай ертегі формулалары мол қолданылады.

В данной статье рассматривается языковые различие в текстах
детской литературы

Linguistic features of the texts of children s literature

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р.Сөз құдыреті. Алматы: Ел шежіре.2014
2. Цейтлин С.Н. Детская речь неразрывно связана со всеми аспектами развития ребенка
3. Ш. Ахметова, Қазақ совет балалар әдебиеті., 1976 ж.
4. М. Әуезов, Әдебиет тарихы, Алматы, 1991 ж.
5. «Балдырған» журналы

ҚАЗНЕТТЕГІ ҚАЗАҚ ЖАЗУ ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

М.К. АХМЕТОВА,

*Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ профессоры м.а.,
филолог. ғыл. кандидаты. Астана қаласы.*

Қазақ халқы жазу тарихында көне түркі, ұйғыр, араб жазуларын, А.Байтұрсынұлы ұсынған төте жазуды, латын графикасына негізделген қазақ жазуын қолданып, бірнеше жазу кезеңдерін басынан өткерді. ХХ ғасырда 1929 жылға дейін Қазақстан аймағында араб графикасына негізделген төте жазу, 1929-1940 жылдар аралығында латын жазуы болса, ал 1940 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін орыс әліпбиіне негізделген кириллица қолданылып келеді. Қазақстаннан тысқары мемлекеттерде Қырғызстан, Ресей, Түркіменстан, Өзбекстан, Монғолияның Баян-Өлгей аймағында, басқа да бұрынғы КСРО құрамына енген елдердегі қазақ диаспорасы кирил жазуын пайдаланады. ҚХР, Иран, Ауғанстан, Пәкістанелдеріндегі қандастарымыз төте жазуды, Түркия, Германия, АҚШ т.б. елдерде тұратын қазақтар латын жазуында қарым-қатынас жасайды. Бұдан қазақ жазуының тарихында болған әліпбилердің қазірдің өзінде, жалпы, қазақ тілінде сөйлеушілердің арасында сақталғаны аңғарылады.

Бүгінгі ақпараттық технология заманында аталған жазу үлгілері интернетте де қолданылады және өзінің басты қызметтерінің бірі – интернет желісіндегі коммуникацияны жүзеге асыруға қатысады. Жазу - адамдар арасындағы ақпаратты тарату мен ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ететін құрал болып саналады.

Қазақ жазуының теориялық негіздерін қарастырған Қ.Күдеринаның: «Қазір мемлекеттік құрылыстың дамуы, бұқаралық коммуникацияның қарқындауы және ақпараттар тасқынының күшеюі жазудың қосалқы қызметтерін жоғары деңгейге көтерді» [1, 5] немесе «Қазір адамдар бір уақыт пен кеңістік шегінде өмір сүріп жатса да, бір-бірімен пікір алмасуына, бірінің ойын бірі толық білуіне (тыңдау арқылы ойын білуге) мүмкіндігі (уақыты) жоқ. Осыған орай адамдар тілді екі бағытта қолдануға қалыптанған сыңайлы. Бірі, қауым болып өмір сүруіне қызмет етуші тілдің коммуникациялығы, екіншісі, саналы ойын жарыққа шығару, ойын жүйелеу, бекітуге қызмет етуші тілдің ойжасамдық бағытында.

Екінші бағыттың ерекшелігі саналы ойдың «қағазға түсіп» реалдануында жатыр» [1, 26], - деген пікірлері жазудың қоғамдағы ерекше қызметін атап көрсетеді. «Уақыт тапшылығы», ара қашықтық, ақпараттық технологияның дамуы адамдардың көзбе-көз пікірлесуінен гөрі, интернет арқылы ауызша, жазбаша түрде хат-хабар алмасуын, басқа да ақпараттармен танысуын алдыңғы қатарға шығарып отыр. Сонымен бірге интернетте жазудың бірнеше нұсқаларын пайдалану мүмкіндігі ақпаратты тарату мен алуды біршама кеңейтіп отырғанын айтуға болады.


Қазақстандық сайттардың тілдерін, олардың қолданылуын анықтау барысында, кейбір жекелеген қазақ тілді интернет-ресурстардың және бірнеше тілде қызмет көрсетететін сайт-порталдардың қазақ тіліндегі нұсқаларының кирил жазуымен қатар латын және төте (араб) жазу үлгілеріне транслитерацияланатыны анықталды. «Қазнеттегі» сайттар мен порталдарды қолданушы елдер қатарында *Қазақстан, Ресей, Украина, Европалық одақ елдері, АҚШ, Қырғызстан, Белоруссия, Өзбекстан, Германия, Норвегия, Қытай* және басқалары бар екенін ескерсек, қазнеттегі ресурстар кириллицамен қатар латын, төте жазуларында ақпарат ұсынып, алыс қашықтықты жақындатып, адамдардың қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызатын әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікке айналып отыр.

Осы әлеуметтік-коммуникативтік кеңістік Қазақстанда орын алған оқиғалар, жаңалықтар, білім беру, мәдениет, сауда-саттық, медицина тағы басқа салалар туралы мәліметтердің шекарадан әрі асып, басқа мемлекеттердегі адамдардың да хабардар болуына жағдай туғызуда. Сөйтіп, «Қазнет» ғаламдық интернет желісінің әлеуметтік-коммуникативтік алаңын құруға өзіндік үлесін қосып отыр.

Статистикалық талдау жүргізу барысында, қазнетте zero.kz рейтинг-статистика сайтында берілген, рейтингілері жоғары, ең жиі қаралатын 500 сайттың 14-інің, яғни 3%-ының кириллицамен қатар латын және төте жазуларында ақпарат тарататыны анықталды (талдау 07.2015ж. мәліметі негізінде жасалды). Олардың қатарында <http://www.inform.kz> (қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдерінде ақпарат таратады), <http://bnews.kz> (қазақ, орыс, ағылшын тілді), <http://massaget.kz>, <http://www.baq.kz>, Namys.kz (қазақ тілді), <http://muslim.kz>, <http://muftyat.kz>, <http://www.asylarna.kz> (қазақ, орыс тілді сайттар), <http://adebiportal.kz> (қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілді),

<http://ult.kz>, QazaQ.kz, [Түркістан газеті сайты](http://Tyrkistan.gazeti.saity), kazaitys.kz, <http://www.egemen.kz> (қазақ тілді) сайттары бар.

Қазақ жазуының аталған үлгілеріне транслитерацияланатын 14 сайттың 79%-ы кириллица, латын, төте жазуды; 14%-ы кириллица мен латынды; 7%-ы кириллица мен төте жазуды қолданады (1-диаграмма).



1-диаграмма. Қазнеттегі қазақ жазу үлгілері

Бұл сайт-порталдарда қазақ тіліндегі ақпаратты арнайы батырмалар арқылы үш графиканың біріне ауыстыруға мүмкіндік бар. Оқырман өз қалауымен бір жазу үлгісін таңдап, керекті мәліметін ала алады. «.. Жазу белгілі бір тілде жазылатын-оқылатын әріптік таңбалардың жиынтығы арқылы ойды жарыққа шығарудың, ақпарат алмасудың жүйесі болып табылады» [1, 26]. Сондықтан кириллицаның басқа графикаға транслитерациялануы, әсіресе, шетелдегі қазақтардың көптеген ақпараттарды алуын жеңілдетіп, кириллицаны оқып, түсінудегі кедергілерді жоюға көмектеседі деп есептейміз. Қандасымыздың төмендегі пікіріне назар аударсақ, қазақ тілді ортада осы мәселенің көкейтесті екенін аңғаруға болады: «Мен өзім Қытай халық республикасында туғанмын, елге келгеніме де алты жылдың айналасы болды. Бастапқыда қазақстандық қоғамға үйлесуім түгіл, жазуын игерудің өзі қиынға соққанын жасырмаймын. Көп кедергілер кездесті. Менің басымдағы бұл жағдай Қытайдағы қазақтардың көпшілігінде әлі бар. Қиналады, білгісі келеді. Білейін десе жазуды оқу қиынға соғады. Сөйтіп, «кирил» деп аталатын осы дүниені меңгеруге тырысады» [2].

Қоғамда кездесетін осы секілді кедергілердің азаюына белгілі бір дәрежеде үлес қосып отырған, жоғарыда атап көрсетілген сайт-портал өкілдерінен кейбір мәселелерді анықтау барысында «*Не себепті, қандай мақсатпен қазақ тіліндегі материалдар төте және латын жазуымен берілді?*», «*Осы жазу үлгілері қай жылдан бастап*

сайтта қолданылып келеді?», «Қанша қолданушы төте жазудағы, қаншасы латын жазуындағы ақпараттарды оқиды?» деген сұрақтар қамтылған сауалнама (ауызша, жазбаша) жүргізілді (05-08. 2015). Сауалнама барысында алынған жауаптардың бір-бірімен мазмұндас екені, бірі екіншісін толықтыратыны, сонымен бірге жазудың қоғамдық-әлеуметтік қызметінің маңыздылығы айқындалды.

<http://muslim.kz> «Әзірет Сұлтан мешіті» сайтының редакторы Айдос Имантай: «Біздің сайттың қызметі бір мемлекетпен ғана шектелмейді. Қазақстаннан тысқары, мәселен, Қытай, Монғол т.б. елдерде латын, төте жазуларын қолданатын қандастарға да арналады. Сайт мешіт ашылған 2012 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Қазақ тіліндегі кирил жазуындағы мағлұматтар бағдарлама арқылы автоматты түрде латын мен төтеге ауысып отырады. Бұрын осы жазу үлгілерін қанша адам қолданғандығын анықтайтын сайт болған, сондағы мәліметте төте жазуын пайдаланушылар 20%-дай деп көрсететін».

<http://www.asylarna.kz> "Асыл арна" телеканалы сайтының қызметкері Жанәділ Райымбек: «Қытай қазақтары кириллицаны оқи алмайды. Онда миллионнан астам қазақ бауырламыздың тұратынын білесіз. Асыл құндылықтарымызбен олар да таныссын деген мақсатпен сайтқа 2013 жылдан бастап төте жазу нұсқасын енгізген едік».

<http://muftyat.kz> сайтының өкілдері: «Кириллицаны оқи алмайтын қандастарымыз бар. Қытайдағы қандастарымыз төте жазуды қолданады, сол секілді латын қарпін қолданатын қандастарымыз да аз емес. Оның үстіне, алда қазақ тілінің кириллицадан латын жазуына көшу жоспары тұр. Міне, осы себептермен, яғни бүкіл әлемдегі қандастарымыздың барлығы төл дініміздің асыл құндылықтарынан хабардар болып, рухани азықты дәстүрлі бағытымыздың қайнарынан алса деген мақсатпен төте және латын жазуларында жариялап келеміз. Төте, латын жазуы 2013 жылдан бері қолданылып келеді».

<http://www.inform.kz> «Қазинформ» халықаралық ақпараттық агенттіктің қазақ тіліндегі шеф-редакторы: «Шетелдегі қандастар Қазақстан туралы ақпарат алсын, атамекенінде болып жатқан оқиғалармен танысып, тарихи Отанымен байланыс үзілмесін деген мақсатта, 2008/2009 жылдан төте, латын қарпінтері енгізілді. Бұл графикалардың қай үлгісін енгізу қажет деген бағытта көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді. Кириллицаны төте жазуға

түсірумен айналысатын, бірнеше адамнан тұратын арнайы редакция жұмыс жасайды. Латын жазуына ауысу автоматтандырылған. Төте жазуы күніне 12000-15000 рет қаралады».

<http://massaget.kz> ойын-сауық порталының редакторы Еркебұлан Қайырқан: «Елімізде латын графикасына көшу мәселесі көтерілгеннен кейін, осы бастаманы біз де қолдап, халыққа да насихаттау мақсатында латын жазуын 2014 жылдан бастап енгіздік. Ал төте жазуды 2015 жылдан Қытайда тұратын қазақтар да қолдансын, қазақтар бір-бірімен байланысын деген мақсатта, сонымен бірге сайт оқырмандарының санын көбейту үшін де осы жазу үлгісін енгізген едік».

<http://www.baq.kz> «Ұлттық БАҚ» порталы: «Алдымен, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, екіншіден, жазған ақпараттарымыз төте және латын жазуларын қолданатын шетелдегі қандастарымызға қолжетімді болу үшін, олар арқылы сайттың қолданушылар санын арттыру мақсатында. Латын нұсқасы сайттың ашылу күнінен бастап, яғни 2010 жылдан бері іске қосылса, ал төте жазу 2013 жылы ғана жасалып, іске қосылды. Жалпы төте немесе латын нұсқасын қанша адам қолданатындығын білу мүмкін емес, себебі барлығы да бір сайттың әртүрлі нұсқасы ғана. Дегенмен жалпы географиялық аймақтардан кірген адамдар бойынша анықтауға болады. Мысалы, айына сайтқа кірген адамдардың 1,5-2% Қытайдан, ал 1 %-ға жуығы Түркия, Европа елдерінен».

Түркістан газеті сайтының редакторы Жәнібек Ғалым: «Сайтқа латын жазуы 2011 жылдан, төте жазу 2014 жылдан енгізілді. Мақсат – шетелдегі қазақтарды ана тіліндегі ақпаратпен қамтамасыз ету. Апта сайын сайтқа Қазақстаннан 13000-дай, шетелден, атап айтсақ, Европа, Қытай, Монғолиядан 10000-дай қолданушы кіріп отырады».

Сауалнама нәтижесінде, барлық сайттарда латын, төте жазуды қолданушылардың нақты санағы жүргізілмегендіктен, осы нұсқаларда берілген материалдарды оқитындардың қаншасының Қазақстаннан, қаншасы өзге мемлекеттерден екенін анықтау қиындық туғызды. Себебі шетелдегі қазақтармен қоса, еліміздің тәуелсіздігі жылдарында туған жеріне қайтып оралған қандастар да өздері үйреніп, дағдыланған латын, төте жазуын күнделікті өмірде қолданып келеді.

Респонденттердің жауаптарындағы ойды жинақтап, қорытындылайтын болсақ, интернет ресурстарда төте жазу мен латын графикасының енгізілуін бірнеше себептермен байланыстыра түсіндіруге болады.

- 1) Коммуникацияның толық жүзеге асуы ескерілген;
- 2) Қазақстаннан тысқары тұратын қазақ диаспорасына арналған;
- 3) Қазақ тілінің қызмет аясын кеңейтуге, сайт қолданушыларының санын арттыруға бағытталған;
- 4) Қазақстанның тілдік саясатында айқындалған, келешекте атқарылатын жұмыстардың бірі – латын графикасына көшу мәселесін қолдап, халыққа насихаттау мақсаты көзделген;
- 5) Дүниежүзіндегі қазақ тілді коммуникативтік ортаның саяси-экономикалық, мәдени, әдеби, діни т.б. рухани байланысын нығайтуға бағытталған.

Жазу кеңістігін жазу – мәдениет, жазу – өркениет, жазу – қоғам, жазу - ойлау, жазу - тіл, жазу - коммуникация секілді іргелі ұғымдар оппозициясында қарастыратын болсақ (Қ.Күдеринова), интернеттегі кирил, латын, төте жазу үлгілерін – ұлтты тұтастырып біріктіретін, рухани қатынастарды күшейтетін, әлемде ана тіліміздің қолданылу аясының кеңеюіне, шетелде тұратын қазақ ұлтының ана тілін ұмытпауына т.б. ерекше қызмет ететін жүйе ретінде айқындауға болады. Қазіргі таңда коммуникацияның түрлі тәсілдермен интернетте жүзеге асырылуы негізгі орында екенін ескерсек, қазнеттегі қазақ тілді контенті бар сайт-порталдардың кириллица, латын, төте жазу үлгілерінде ақпарат таратуы аталған мәселелерді шешуде маңызы бар деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Екінші басылым. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы», 2010. – 380 бет.
2. Қуанышбайұлы Қ.Байыпты бастама // [Электронды ресурс].<http://www.astana-akshamy.kz/?p=5956>

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Абиева Ф. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

Ағыбай А. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

Аджиев Я. Түркі халықтары конгресінің вице-президенті, Ресей ноғайлары Жоғары кеңесінің мүшесі

Алпысбай Г. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

Алтаева А. Филолог. ғыл. докторы, «Тұран» университеті Журналистика және аударма ісі кафедрасының доценті

Ауанасова А. Тарих ғыл. докторы, профессор. ҚР БҒМ Мемлекеттік тарих институтының бас ғылыми қызметкері

Ахметова М. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ профессоры м.а., филолог. ғыл. кандидаты

Әбдуәлиұлы Б. филолог. ғыл. докторы Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ профессоры

Әбдікәрім Т. Педагог. ғыл. докторы, профессор Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ

Буданова А. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

Бұланқан А. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ 2 курс студенті

Дозалов А. Эконом. ғыл. кандидаты, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті

Жақыпов Ж. Филолог. ғыл. докторы, профессор

Имаханбет Р. Филолог. ғыл. кандидаты, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ доценті. А.Байтұрсынұлы мұражайының директоры

Кабульдинов З. Тарих ғыл. докторы, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ профессоры

Кукаева С. Филолог. ғыл. кандидаты, ҚШР Үкіметі жанындағы Қарашай-Шеркеш гуманитарлық институты қарашай-балқар және ноғай тілдері бөлімінің аға ғылым қызметкері

Курмансеитова А.Х. Тарих ғыл. кандидаты, Қарашай-Шеркеш гуманитарлық институты ҚШР халықтарының этнографиясы бөлімінің аға ғылым қызметкері

Қайратқызы Ж. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

Қамзабекұлы Д. ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ проректоры

Қарабаева Х. Филолог. ғыл. кандидаты, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ доценті

Қошмағамбетова М.Н. Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

Момынова Б. Филолог. ғыл. докт., профессор, А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты

Оспанова Д. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

Раева Ә. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

Рахымбаева А. С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ-дың аға оқытушысы

Садықова З.Ж. Астана қаласы №48 мектеп-лицейінің директоры

Смаилова А. Д. Астана қаласы №22 мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі

Суюнова Н.Х. Филолог. ғыл. докторы, У.Д.Алиев ат. Қарашай-Шеркеш мемлекеттік университетінің профессоры

Тоқтархан Ә. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

ТөлегеновТ. Филолог. ғыл. кандидаты Тұран университетінің аға оқытушысы

Турсынов И. Алматы қаласы №111 мектептің мұғалімі

Тұрсынәліұлы Т. Қытай Халық Республикасы Іле педагогикалық институты филология факултетінің оқытушысы

Түсіпбекова Ғ. филолог. ғыл. кандидаты, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті

Шоқабаетова С.С. филол. ғыл. кандидаты Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті

Ықыласова Г.Ә. Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ филолог. фак. 2 курс студенті

Ысқақұлы С. филология ғыл. канд. ҚХР Іле педагогикалық университетінің доценті

МАЗМҰНЫ

1. Қамзабекұлы Д. Кіріспе сөз	3
2. Суюнова Н.Х. Современное ногаеведение и проблемы исследования национального эпоса	6
3. Аджиев Я. Язык и ассимиляция	11
4. Жетібайұлы Ү. Ежелгі түрік қағандар шежіресі	16
5. Қамзабекұлы Д. Алаштың Орталық Азиядағы тұлғасы – Мырза Наурызбайұлы	59
6. Имаханбет Р. А. Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын бүгінгі заманауи оқыту жүйесіне енгізу	70
7. Садықова З. Мектептегі ахметтану мәселелері	78
8. Әбдікәрім Т. Лингвистика мәтінінің теориялық ерекшеліктері	83
9. Жақыпов Ж. А. Байтұрсынұлы мұрасын лингвофольклортану тұрғысынан барлау	89
10. Момынова Б. Коммуникация кезіндегі бейвербалды амалдар кешені – көріністік-қимылдық ойлау формасы ретінде	95
11. Ауанасова А. Этапы формирования казахстанской геральдики: исторический экскурс	102
12. Кабульдинов З., Турсинов И. Некоторые особенности и забытые страницы из истории политических репрессии казахов западной сибирей (на основе архивных и полевых материалов по омской области)	110
13. Әбдуәліұлы Б. А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі көне элементтер мен тың жасалымдар	118
14. Кукаева С. Традиционный ногайский костюм: лингвокультурный аспект	125
15. Курмансеитова А. Абдул-Кадыр Губайдуллин о поэтической школеногайцев 40-х годов XIX века	137
16. Ысқақұлы С. Таңжарық суреттеген Іле табиғаты	147
17. Тұрсынәліұлы Т. Жалайыр этнониміне талдау	153
18. Алтаева А. Салыстырма мәнді сөйлемдегі құрмаластырушы тәсіл	176
19. Түсіпбекова Ғ. Бағалаудың концептуалдық құрылымы	183
20. Қарабаева Х. Терминденген жалқы есімдер	187
21. Шоқабаева С. А. Байтұрсынұлы еңбектерінде етістіктің рай категориясының қарастырылуы.	191
22. Әбдуәліұлы Б., Алпысбай Г. Қазіргі қазақ есімдерінің нормалану мәселелері	195

23. Төлегенов Т. Жоғары оқу орындарында Ы. Мұстамбайұлының еңбектерін оқыту	201
24. Доғалов А., Бұланқан А. А.Байтұрсынұлының мал шаруашылық саласы туралы экономикалық көзқарасы	211
25. Жиёмбаева Г. Түркі халықтары дастандарындағы батырлардың ғажайып туылу мотиві	215
26. Рахымбаева А. -дай/ -дей қосымшасының өзіндік ерекшеліктері туралы	221
27. Доғалов А., Ықыласова Г. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі жер мәселесі туралы ойлары	225
28. Смаилова А. Абай шығармаларын мектепте оқытудың әдістемелік жүйесі	229
29. Раева Ә. Фразеологизмдердегі эмоционалдық пен бағалауыштық	236
30. Абиева Ф. Атаулы сөйлемдердің көркем әдебиет стиліндегі қолданысы	243
31. Буданова А. Жалаң және күрделі теңеулер	249
32. Тоқтархан Ә. «Күнес» атауының тарихи-этимологиялық негізі жөнінде	256
33. Оспанова Д. Ноғай-қазақ тілдері сабақтастығының фонетикалық ерекшелігі	260
34. Ағыбай А. Көркем мәтін прагматикасы (Д.Исабеков шығармалары негізінде)	265
35. Қайратқызы Ж. Қосымшалардың морфологиялық синонимиясы (қазақ және өзбек тілдері негізінде)	272
36. Қошмағамбетова М. Фразеологизмдердегі эмоционалдық пен бағалауыштық	278
37. Ахметова М. Қазнеттегі қазақ жазу үлгілері және олардың қызметі	284
38. Авторлар туралы мәлімет	290